

## Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі. Күші жойылды - ҚР 05.07.2014 № 235-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 05.07.2014 № 235-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

### МАЗМҰНЫ

#### ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының 2005.11.22 N 89 Заңымен енгізілген өзгертулер 2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі (2-бапты қараңыз), 2005.11.22 N 90 Заңымен енгізілген өзгертулер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң" Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "әскери комиссариатқа", "әскери комиссариаттың" деген сөздер тиісінше "жергілікті әскери басқару органына", "жергілікті әскери басқару органының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.05.22 N 255 Заңымен.

## 1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

#### 1-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы кодексінен тұрады. Әкімшілік жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске олар енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-деликттік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың құрамдас

б ө л і г і

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару қажет болатын реттерді қоспағанда, тікелей қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### **2-бап. Әкімшілік жауаптылықтың негізі**

Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады.

### **3-бап. Бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерді жергілікті өкілді органдардың белгілеуі жөніндегі өкілеттігі**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың, қалалар мен аудандардың жергілікті өкілді органдары өз құзыреттері шегінде, бұзушылығы үшін адамдардың осы Кодекстің 362 және 363-баптарында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін ережелерді белгілеуге құқылы.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті өкілді органдары да бұзушылық үшін осы Кодекстің 281-1, 300, 310, 311, 387-баптарымен әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерді белгілей алады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 180-IV, 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **4-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы заңдарының кеңістік жағынан қолданылуы**

1. Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам осы Кодекс бойынша жауаптылыққа тартылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғасқан, не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық болып танылады. Осы Кодекстің күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылыққа да қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық суда немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде

әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Тұрған жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының әскери кемесінде немесе әскери әуе кемесінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам да осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылықта болады.

4. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері және қорғанышты пайдаланатын өзге де шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылық жасаған жағдайда, осы адамдардың әкімшілік жауаптылығы туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

#### **5-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы заңдардың уақыт жағынан қолданылуы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам осы құқық бұзушылық жасалған уақытта қолданылған заңдардың негізінде жауаптылықта болуға тиіс.

2. Осы Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген әрекеттің жүзеге асырылған уақыты, салдардың туындаған уақытына қарамастан, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған уақыт болып танылады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01. бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **6-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңның кері күші**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жұмсартатын заңның кері күші болады, яғни осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған құқық бұзушылыққа қолданылады.

2. Заңның әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін немесе құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге түрде нашарлататын кері күші болмайды.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

## **2-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

#### **7-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың міндеттері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың міндеттері - адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен

қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу.

2. Осы міндетті жүзеге асыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар әкімшілік жауаптылықтың негіздері мен принциптерін белгілейді, қандай әрекеттердің әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын және олардың жасалғаны үшін қолданылатын жазалардың түрлерін, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қай мемлекеттік органның (лауазымды адамның) қандай әкімшілік жаза және қандай тәртіппен қолдануы мүмкін екенін айқындайды.

### **8-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар принциптерінің маңызы**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар принциптерінің маңызы мынада: оларды бұзу, оның сипаты мен мәніне қарай, іс бойынша жүргізілген істі жарамсыз деп тануға, осындай іс жүргізудің барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға не бұл орайда жиналған материалдардың дәлелдік күші жоқ деп тануға әкеп соғады.

### **9-бап. Заңдылық**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық, және оны жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары тек осы Кодекспен белгіленеді. Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіптен басқа жағдайларда, ешкім де әкімшілік жазаға, әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына ұшыратылуға т и і с е м е с .

2. Сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Кодекстің, осы Кодекстің 1-бабында аталған өзге нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәл сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заң күші бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Заңмен және Қазақстан Республикасы Конституциясымен белгіленген ережелер арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады.

3. Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінуге міндетті. Сот Конституциялық Кеңестің

шешімін алған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады.

Соттардың және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) конституциялық емес деп танылған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды.

4. Соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу кезінде заңды бұзуына жол берілмейді және заңмен белгіленген жауаптылыққа, қабылданған актілердің жарамсыз деп танылуына және олардың күшінің жойылуына әкеп соғады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **10-бап. Сот құзыретінің ерекшелігі**

1. Соттың құзыреті, оның юрисдикциясының шегі, оның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібі заңмен белгіленеді және өз бетінше өзгертуге болмайды. Қандай атаумен болса да төтенше немесе арнайы соттарды құруға жол берілмейді. Төтенше соттардың, сондай-ақ заңсыз құрылған өзге де соттардың шешімдерінің заңды күші болмайды және орындалуға жатпайды. Кімнің болса да соттың биліктік өкілеттігін иемденуі заңмен көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, өзінің қарауына жатпайтын іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асырып, өз өкілеттігін асыра пайдаланған немесе осы Кодексте көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы принциптерді өзгеше түрде бұзған соттың шешімдері заңсыз және күші жойылуға тиіс.

3. Соттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі шешімдері осы Кодексте көзделген тәртіппен тек тиісті соттарда ғана тексерілуі және қайта қаралуы мүмкін.

#### **11-бап. Адамдардың заң алдында теңдігі**

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдар заң алдында тең және тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, сеніміне, жынысына, тіліне, дінге көзқарасына және істейтін жұмысының сипатына, тұратын жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатысына, сондай-ақ кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **12-бап. Кінәсіздік презумпциясы**

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жеке адам өз кінәсі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденбейінше және өз өкілеттігі шегінде істі қараған судьяның, органның (лауазымды адамның) заңды күшіне енген қаулысымен белгіленбейінше, кінәсіз деп есептеледі.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Кінәлілікке келтірілген кез келген күдіктер өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамның пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолдану кезінде туындайтын күдіктер де оның пайдасына шешілуге тиіс.

### **13-бап. Кінә принципі**

1. Жеке адам тек кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Жеке адамның кінәсіздіктен келтірген залалы үшін объективті кінә тағуға, яғни әкімшілік жауаптылыққа тартуға жол берілмейді.

2. Қасақана немесе абайсыз әрекет жасаған жеке адам әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылады.

### **14-бап. Қайтадан әкімшілік жауаптылыққа тартуға жол берілмеушілік**

Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де екі рет әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **15-бап. Ізгілік принципі**

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданғанда адам жанын күйзелтуді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды жазалау мақсаты етіп қоюға болмайды.

### **16-бап. Жеке басқа қол сұқпаушылық**

1. Ешкімді де осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіптен өзгеше ретте әкімшілік ұстауға, ішкі істер органына (полицияға) немесе басқа мемлекеттік органдарға алып келуге, жеткізуге, жеке басын және жеке адамның заттарын тексеруге болмайды.

2. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен тек судьяның қаулысы бойынша ғана әкімшілік жазалау шарасы ретінде қамауға алу қолданылуы мүмкін.

3. Әрбір ұсталған, ішкі істер органына (полицияға) немесе басқа мемлекеттік органға алып келінген, жеткізілген адамға ұстаудың, алып келудің, жеткізудің негіздері, сондай-ақ оған тағылып отырған әкімшілік құқық бұзушылықтың

заңдық сипаты дереу хабарланады.

4. Мемлекеттік орган (лауазымды адам) заңсыз ұсталған, алып келінген, жеткізілген немесе судьяның қаулысында көзделген мерзімнен артық қамауда отырған адамды дереу босатуға міндетті.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушылардың ешқайсысын зорлық-зомбылық, қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын әрекетке ұшыратуға болмайды.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу процесінде адамның не оның өкілінің еркіне қарсы жеке басқа қол сұғылмаушылықты бұзатын іс-әрекеттер жасау тек осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана мүмкін болады.

7. Өзіне қатысты әкімшілік жаза шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамды, сондай-ақ әкімшілік ұстауға ұшыраған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төнуін болдырмайтын жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

8. Заңсыз қамауға алудың, өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдайларда ұстаудың, оған қатыгездікпен қараудың салдарынан жеке тұлғаға келтірілген залал заңда көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **17-бап. Жеке бастың ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу кезінде іске қатысушы адамның ар-ожданын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сол сияқты ол құпия сақтауды қажет деп есептейтін жеке сипаттағы мәліметтерді осы Кодексте көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға ж о л б е р і л м е й д і .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында соттың, басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерімен адамға келтірілген моральдық залал заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

### **18-бап. Жеке өмірге қол сұқпаушылық**

Жеке өмір, жеке бастың және отбасының құпиясы заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақ ақша, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, поштамен, телеграф арқылы және өзге хабарламалар алысу құпиясына құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында осы құқықтарды шектеуге тек заңмен тікелей белгіленген жағдайларда және

т ә р т і п п е н

ж о л

б е р і л е д і .

**Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **19-бап. Меншікке қол сұқпаушылық**

1. Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Ешкімді де сот шешімінсіз өз мүлкінен а й ы р у ғ а б о л м а й д ы .

2. Мүлік пен құжаттарды алып қою; көлік құралын, шағын кемені басқарудан шеттету; көлік құралын, шағын кемені ұстау; көлік құралдарын, шағын кемелерді тексеру; аумақтарды, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеріп қарау тек осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

### **20-бап. Судьялардың тәуелсіздігі**

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға бағынады.

2. Судьялар мен соттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді өздеріне бөгде ықпал болмайтын жағдайларда шешеді. Соттардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да болмасын араласушылыққа жол берілмейді және ол заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар е с е п б е р м е й д і .

3. Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңмен белгіленген.

### **21-бап. Іс жүргізу тілі**

1. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

2. Судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілін белгілейді. Белгілі бір іс бойынша іс жүргізу соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысымен белгіленген тілдердің б і р і н д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. Іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті дәрежеде білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе өзі білетін тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, өтініштер жасау, шағым беру, істің материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған заңға байланысты қажетті іс материалдарын іс жүргізілетін тілге тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.



5. Құқық бұзушы мен жәбірленушіге тапсырылуға тиісті іс жүргізу құжаттары олардың ана тіліне немесе олар білетін тілге аударылып берілуге тиіс.

6. Аударма жөніндегі шығыстар және аудармашының көрсеткен қызметі мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **22-бап. Куә айғақтарын беру міндетінен босату**

1. Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

2. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақ беруден бас тартуға құқылы және олар бұл үшін қандай да болмасын жауаптылыққа тартылуы мүмкін емес.

#### **23-бап. Білікті заң көмегін алуға құқықтарды қамтамасыз ету**

1. Әркімнің әкімшілік іс жүргізу барысында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

2. Заңмен көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 N 123-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **24-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің жариялылығы**

1. Сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) осы істерді жүргізуді ашық түрде жүзеге асырады.

2. Заңға сәйкес мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар істерге қатысты, сондай-ақ соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) бала асырап алудың құпиясын қамтамасыз ету, жеке бастың, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, жеке тұлғалар өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтерді сақтау қажеттілігіне не ашық қарауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайларға сілтеме жасаған іске қатысушы адамның өтінішін қанағаттандыру кезінде іс жүргізу жабық түрде жүзеге асырылады.

3. Жеке тұлғалардың жеке хат жазысуы мен жеке телеграф хабарламалары тек осы хат жазысу мен телеграф хабарламаларын өзара алмасқан адамдардың келісімімен ғана ашық іс жүргізу барысында жария етілуі мүмкін. Керісінше жағдайда осы адамдардың жеке хат жазысуы мен жеке телеграф хабарламалары

жабық іс жүргізу тәртібінде жария етіледі және зерттеледі. Аталған ережелер жеке сипаттағы мәліметтері бар фото- және киноқұжаттарды, дыбыстық және бейнежазбаларды зерттеу кезінде де қолданылады.

4. Іске қатысушы адамдар мен ашық іс жүргізуге қатысып отыратын жеке тұлғалар іс жүргізіліп жатқан үй-жайдағы өздері иеленген орыннан іс жүргізудің барысын жазбаша түрде немесе аудиожазуды пайдалана отырып жазып алуға құқылы. Іс жүргізу барысында кино- және фотосуретке түсіруге, бейнежазбаға, тікелей радио- және телехабарларды таратуға соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) рұқсаты бойынша, іске қатысушы адамдардың пікірлері ескеріле отырып жол беріледі. Бұл іс-әрекеттер істің қалыпты жүруіне кедергі жасамауға тиіс және оларға уақыт жағынан шектеу қойылуы мүмкін.

**Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **25-бап. Іс жүргізу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу соттың, әкімшілік құқық бұзушылықты қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қалыпты жұмысын және іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайда өтеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында судья, лауазымды адам іс жүргізу кезінде қатысып отыруға тілек білдірген адамдардың жеке бастарын куәландыратын құжаттарын тексеруді, өздерін тексеріп қарауды және олар әкелген заттарды тексеріп қарауды қоса алғанда, оларды тексеру жөнінде өкім бере алады.

#### **26-бап. Іс жүргізу іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы**

1. Соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) іс-әрекеттері мен шешімдеріне осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

2. Іске қатысушы адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды осы Кодексте белгіленген тәртіппен қайта қаратуға құқығы бар.

3. Шағымды шағым берген адамға зиян келетіндей етіп немесе шағым өз мүддесіне орай берілген адамға зиян келетіндей етіп қарауға жол берілмейді.

#### **27-бап. Адамның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сот арқылы қорғау**

1. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Мүдделі адам құқықтары, бостандықтары немесе заңмен қорғалатын мүдделері бұзылғанда немесе дауға түскенде, оны қорғау үшін заңда белгіленген

тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

2. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және жеке тұлғалардың, ұйымдардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қойып (арыз жазып) жүгінуге құқылы.

3. Ешкімге ол үшін заңмен көзделген соттылығы оның келісімінсіз өзгертілуге тиіс емес.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

## **2-бөлім. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ**

### **ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

### **3-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

#### **28-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық**

1. Жеке адамның осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

2. Жеке адамға әкімшілік жаза қолдану заңды тұлғаны осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатпайды, сол сияқты заңды тұлғаның әкімшілік жауапқа тартылуы да кінәлі жеке адамды осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатпайды.

3. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды.

#### **29-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықты қасақана жасау**

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның залалды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайды қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

#### **30-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықты абайсызда жасау**

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ

жеткілікті негізсіз оның алдын алуға болады деп ұшқары ойласа, не тиісті назар салған және ескерген жағдайда оның алдын алуға болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады.

#### **4-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ**

##### **31-бап. Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар**

Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар:

- 1) ақыл-есі дұрыс, осы Кодекс бойынша белгіленген жасқа жеткен жеке адам;
- 2) заңды тұлға.

##### **32-бап. Жеке адамның әкімшілік жауаптылығы туындайтын жасы**

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған жеке адам әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

##### **33-бап. Ақыл-естің кемдігі**

Осы Кодексте көзделген құқыққа қарсы әрекет жасаған кезде ақыл-есі кем жағдайда болған, яғни өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін түсіне алмаған немесе созылмалы психикалық сырқатының, уақытша психикасы бұзылуының, ақыл-ес кемдігінің немесе психиканың өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан ақыл-есі кем жағдайда болған жеке адам әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

##### **34-бап. Лауазымды адамдардың және басқару функциясын орындайтын өзге де тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушылары мен адвокаттардың әкімшілік жауаптылығы**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Лауазымды адам қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылықта болуға тиіс.

2. Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген және заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (бұдан әрі - дара кәсіпкерлер), жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, сол сияқты дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның ұйымдық-билік ету немесе

әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын жұмыскерлері, сондай-ақ заңды тұлғаның басшылары лауазымды адамдар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады.

3. Егер осы Кодекстің нормаларында олардың лауазымды адамдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылатыны көрсетілмесе, осы нормалардың мазмұны бойынша лауазымды адамдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылатын жеке тұлғаларға ғана қатысты және соларға ғана қолданылуы мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, осы нормалар барлық жеке тұлғаларға қатысты қолданылады.

Ескерту. Осы Кодексте тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-билік ету немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар лауазымды адамдар деп танылады.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **34-1-бап. Құқық бұзушылықты арнайы техникалық құралдар тіркеген кездегі әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелген жағдайда, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері (иелері) тартылады.

2. Егер көлік құралының меншік иесінің (иесінің) хабарламасы немесе өтініші бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған адам анықталса не басқа адамдардың құқыққа қарсы әрекеттерінің салдарынан көлік құралы оның иелігінен шыққан болса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Е с к е р т у .

Осы Кодекстің баптарында көлік құралын меншік құқығымен иеленетін жеке тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға тиесілі көлік құралдары уақытша иелену мен пайдалануға берілген жеке тұлғалар көлік құралдарының иелері болып танылады.

Осы Кодекстің баптарында сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу

техникалық құралдары мен аспаптары деп құқық бұзушылықтарды бақылау мен тіркеудің метрологиялық салыстырып тексеруден өткен техникалық құралдары мен аспаптарын, құқық бұзушылықтың жасалу фактісі мен уақытын, көлік құралының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісін, сондай-ақ жүрісінің жылдамдығы мен бағытын тіркейтін фото-, бейне аппаратураны түсіну қ а ж е т .

**Ескерту. 34-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**35-бап. Тәртіптік жарғылардың не арнайы ережелердің күші қолданылатын әскери қызметшінің, прокурордың және өзге де адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылығы**

1. Әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер осы Кодекстің 512-1 – 512-5-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады. Прокурорлар, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, арнаулы мемлекеттік органдардың және экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауаптылықта болады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы және кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасын, өрт қауіпсіздігінің талаптарын, жолда жүру ережелерін, қызмет орындарынан тыс кеден ережелерін, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын, Қазақстан Республикасының бюджет және салық заңнамасын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын, аң аулау, балық аулау ережелерін, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғаудың басқа да ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықта болады. Аталған адамдарға - атылатын және суық қаруды алып жүру мен сақтау құқығынан айыру және әкімшілік қамауға алу түрінде әкімшілік жаза қолдануға болмайды.

2-1. Мерзімді әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, әскери және арнаулы оқу орындарының курсанттарына әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдануға болмайды.

3. Қызмет туралы тәртіптік жарғылардың немесе арнайы ережелердің күші

қолданылатын, осы баптың бірінші бөлігінде аталғандардан басқа адамдар осы актілерде тікелей көзделген жағдайларда - қызмет міндеттерін атқару кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылықта, ал қалған жағдайларда жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықта болады.

4. Әкімшілік жаза қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға әкімшілік жаза қолданудың орнына, кінәлі адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға құқық бұзушылық туралы материалдарды беруі мүмкін.

5. Тәртіп туралы жарғылардың күші қолданылатын темір жол, теңіз, өзен көлігі мен азаматтық авиацияның қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде мынадай құқық бұзушылық жасағаны үшін осы жарғыларға сәйкес:

темір жол көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 439, 440, 441-баптарында, 477-бабының бірінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін ;

теңіз көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 441, 448, 449, 450-баптарында, 477-бабының екінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін ;

өзен көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 441, 450-453, 455-баптарында, 477-бабының екінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін ;

азаматтық авиация қызметкерлері - осы Кодекстің 443, 446-баптарында, 447-бабының бірінші бөлігінде, 477-бабының үшінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 240 , 2003.07.03 N 464 , 2003.12.05 N 506 , 2007.03.26 N 240 , 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 177-IV, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **36-бап. Заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығы**

1. Осы бөлімнің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

2. Егер осы бөлімнің Ерекше бөлімінде көзделген әрекетті заңды тұлғаны

басқару функциясын жүзеге асыратын орган немесе адам жасаса, рұқсат берсе, мақұлдаса, заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

3. Егер осы Кодекстің нормаларында олар жеке адамға немесе заңды тұлғаға қолданылатын-қолданылмайтыны көрсетілмесе, осы нормалардың мәні бойынша олар тек жеке адамға қатысты және соған ғана қолданылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, осы нормалар жеке адамға және заңды тұлғаға қатысты бірдей дәрежеде қолданылады.

3-1. Егер осы Кодекстің нормаларында олардың шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға немесе өзге ұйымдарға қолданылатыны көрсетілмесе, осы нормалардың мазмұны бойынша олар шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға ғана қатысты және соларға ғана қолданылуы мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, осы нормалар барлық заңды тұлғаларға қатысты бірдей дәрежеде қолданылады.

3-2. Әкімшілік жаза барлық заңды тұлғаларға қатысты бірдей дәрежеде қолданылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырылатын қызмет түріне, қызметкерлердің санына және активтердің бір жылдағы орташа жылдық құнына байланысты шағын немесе орта не ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін көзделген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікте болады.

4. Дербес салық төлеуші болып табылатын және салық салу саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері заңды тұлғалар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады.

**Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **37-бап. Шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік жауаптылығы**

1. Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

1-1. Шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін заңды тұлға ретінде әкімшілік жауапқа тартылады.

2. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық



бұзушылық жасағаны үшін шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

3. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері және қорғанышты пайдаланатын өзге де шетелдіктер Қазақстан Республикасының аумағында жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

**Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.02.23 N 33 Заңымен.**

## **5-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАЙТЫН МӘН-ЖАЙЛАР**

### **38-бап. Қажетті қорғану**

1. Қажетті қорғану жағдайында, яғни жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және қорғанушының немесе өзге де адамдардың басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғушыға зиян келтіру арқылы құқыққа қарсы қол сұғылудан қорғау кезінде, егер бұл ретте қажетті қорғану шегінен шығып кетуге жол берілмеген болса, осы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Өздерінің кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлықтарына және қызмет жағдайына қарамастан, барлық адамдар бірдей дәрежеде қажетті қорғаныс құқығына ие. Құқыққа қарсы қол сұғушылықтан аулақ болу не басқа адамдарға немесе мемлекеттік органдарға көмек сұрап жүгіну мүмкіндігі болғанына қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болады.

3. Қол сұғу сипаты мен дәрежесіне қорғанудың айқын сәйкес келмеуі, осының нәтижесінде қол сұғушыға жағдайдан туындамаған шектен тыс айқын зиян келтіру қажетті қорғану шегінен шығып кету деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Құқыққа қарсы қол сұғудан туындаған үрейдің, қорқудың немесе сасқалақтап қалудың салдарынан қажетті қорғаныс шегінен асып кеткен адам әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс емес.

### **39-бап. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау**

1. Құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде, бұл адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылықтар жасауын болдырмау үшін, егер мұндай адамды басқаша құралдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шараларды асыра қолдануға жол берілмесе, осы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Адамға қажеттіліктен асып, шектен тыс, жағдайдан туындамаған айқын

зиян келтірген кезде, олардың ұсталған адам жасаған қол сұғушылықтың сипаты мен қауіп дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сәйкес келмеуі қол сұғушылық жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолданушылық деп танылады. Мұндай асыра қолдану тек қасақана зиян келтіру жағдайларында ғана әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қол сұғушылықты жасаған адамды ұстау құқығына оған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен қатар жәбірленушілер мен басқа жеке тұлғалар да ие болады.

**Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **40-бап. Аса қажеттілік**

1. Аса қажеттілік жағдайында, яғни осы адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге құралдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен асуға жол берілмесе, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Қатер төндірген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және қауіп жойылған, құқық қорғау мүдделеріне тең немесе зиянды болдырмаудан айтарлықтай көбірек зиян келтірген, жағдайға анық сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен асып кету деп танылады. Мұндай асып кету тек қасақана зиян келтірген жағдайда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **41-бап. Негізді тәуекел**

1. Қоғамдық пайдалы мақсатқа жету үшін негізді тәуекел жасалған кезде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Егер тәуекелмен байланысты емес іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) аталған мақсатқа қол жеткізу мүмкін болмағанда және тәуекел жасаған адам осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келуін болдырмау үшін жеткілікті шаралар қолданса, тәуекел негізді деп танылады.

3. Егер тәуекел адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірумен, экологиялық апатпен, қоғамдық жұтау немесе өзге де аса ауыр зардаптармен көрінеу ұштасса, тәуекел негізді деп танылмайды.

#### **42-бап. Күштеп немесе санаға әсер етіп мәжбүрлеу**

1. Егер мәжбүрлеу салдарынан адам өз іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) басқара алмаса, күштеп немесе санаға әсер етіп мәжбүрлеу нәтижесінде осы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Санаға әсер етіп мәжбүрлеу нәтижесінде, сондай-ақ күштеп мәжбүрлеу нәтижесінде, адам соның салдарынан өз іс-әрекеттерін басқару мүмкіндігін

сақтаса, осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілгендігі үшін әкімшілік жауаптылық туралы мәселе осы Кодекстің 40-бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі.

#### **43-бап. Бұйрықты немесе өкімді орындау**

1. Өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау үшін әрекет еткен адамның осы Кодексте көзделген әрекетті жасауы әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды. Осындай әрекеттің жасалуына заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам әкімшілік жауаптылықта болады.

2. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау әкімшілік жауаптылықты болдырмайды.

## **6-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ**

#### **44-бап. Әкімшілік жаза ұғымы және мақсаттары**

1. Әкімшілік жаза, осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар ( лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның осы Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды.

2. Әкімшілік жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында қ о л д а н ы л а д ы .

3. Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды.

3-1. Әкімшілік жаза мүліктік залалдың орнын толтыру құралы болып табылмайды. Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның орны осы Кодекстің 64-бабында көзделген тәртіппен толтырылады.

**Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **45-бап. Әкімшілік жазалардың түрлері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке адамға мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту жасау;
- 2) әкімшілік айыппұл салу;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлкті тәркілеу;
- 5) арнаулы құқықтан айыру;
- б) лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру, оның ішінде тізілімнен алып тастау;
- 7) жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- 8) заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау;
- 9) әкімшілік қамауға алу; V021963
- 10) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаларға осы баптың бірінші бөлігінің 1)-6), 8) тармақшаларында аталған әкімшілік жазалар, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 174-IV, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **46-бап. Негізгі және қосымша әкімшілік жазалау шаралары**

1. Ескерту, әкімшілік айыппұл салу және әкімшілік қамауға алу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

2. Арнаулы құқықтан айыру, лицензиядан (арнайы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, кәсіпкерлік қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкімшілік жолмен кетіру негізгі, сол сияқты қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау тек қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **47-бап. Ескерту**

Ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның (лауазымды адамның) жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе заңды тұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырудан тұрады. Ескерту жазбаша түрде жасалады.

#### **48-бап. Әкімшілік айыппұл**

1. Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі – айыппұл) – осы бөлімнің ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте, әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін көлемде ақша өндіріп алу.

Осы бөлімнің ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда айыппұл мөлшері:

коршаған ортаға келтірілген зиян сомасының;  
орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған салық міндеттемесі сомасының ;

төленбеген (аударылмаған), уақтылы және (немесе) толық төленбеген (аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының;

аударылмаған, уақтылы және (немесе) толық есептелмеген, ұсталмаған (есепке жазылмаған) және (немесе) төленбеген (аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналары сомасының;

заңсыз кәсіпкерлік нәтижесінде алынған акцизделетін тауарлар құны сомасының ;

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке алынбаған не тиісті түрде есепке алынбаған соманың ;

Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасын бұза отырып жасалған (жүргізілген) мәміле (операция) сомасының;

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру немесе Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу нәтижесінде алынған табыс (түсім) сомасының;

құқық бұзушылық жасалған, бірақ бір жылдан аспайтын кезең үшін бекітілген нормативтерден тыс пайдаланылған энергетикалық ресурстар

қ ұ н ы н ы ң ;

есепке жатқызылмаған ұлттық және шетел валютасы сомасының пайызымен көрсетіледі.

Егер осы бөлімнің ерекше бөлімінің көзделген баптарында айыппұл мөлшері Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасының нормаларын бұза отырып жүргізілген операция сомасының пайызымен көрсетілсе және мұндай операция шетел валютасымен жүргізілсе, айыппұл сомасын теңгемен қайта есептеу әкімшілік жаза қолданылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы бөліктің екінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда, жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмайды.

Осы бөліктің үшінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда, лауазымды адамға, дара кәсіпкерге, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, сондай-ақ заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшері бес айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды.

Ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшері жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды.

3. Осы бөліктің екінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда, жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды.

Осы бөліктің үшінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда, лауазымды адамға, дара кәсіпкерге, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, сондай-ақ заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды.

Ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды.

4. Осы баптың бірінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес есептелген айыппұл осы бапта көрсетілген айыппұлдардың белгіленген мөлшерінен асатын немесе одан кем мөлшерде белгіленуі мүмкін.

5. Осы Кодекстің 576-4-бабына сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, айыппұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет кірісіне өндіріп алынады.

6. Заңды тұлғаларды шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерістер енгізілді - 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі),

2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**49-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою, оны судья қаулысының негізінде мәжбүрлеп алып қоюдан және сот актілерін орындау үшін көзделген тәртіппен кейіннен өткізуден тұрады. Осындай затты өткізуден түскен соманы сот орындаушысы оларды өткізу жөніндегі шығыстарды шегере отырып, меншік иесіне береді.

2. Аңшылық қаруды, атыс оқ-дәрілерін және аңшылықтың басқа да қаруларын өтемін төлеп алып қоюды аң аулау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

3. Өтемін төлеп алып қою осы бөлімнің Ерекше бөлімінің тиісті бабында әкімшілік жаза ретінде көзделген жағдайларда да, тек қасақана құқық бұзушылық үшін ғана қолданылуы мүмкін.

**Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**50-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу оларды заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз өндіріп алудан тұрады.

Меншік иесіне қайтарып беруге жататын не айналымнан алынған затты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның заңсыз иелігінен алып қою тәркілеу болып табылмайды. Айналымнан алынған зат мемлекет меншігіне

өндіріп алынуға немесе жойылуға тиіс.

2. Егер осы Кодекстің ерекше бөлігінде өзгеше көзделмесе, тәртіп бұзушының меншігі болып табылатын зат қана тәркіленуге жатады.

3. Аңшылық қаруды, оның оқ-дәрілерін және басқа да рұқсат етілген аң аулау және балық аулау құралдарын тәркілеуді аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

4. Тәркілеуді судья қолданады және ол осы бөлімнің ерекше бөлімінің тиісті бабында әкімшілік жаза ретінде көзделген жағдайларда тағайындалуы мүмкін.

**Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **51-бап. Арнаулы құқықтан айыру**

1. Нақты адамға берілген арнаулы құқықтан айыру осы құқықты пайдалану тәртібінің өрескел немесе үнемі бұзылғаны үшін қолданылады.

2. Арнаулы құқықтан айыруды судья қолданады.

3. Көлік құралдарын жүргізу құқығын қоспағанда, арнаулы құқықтан айыру мерзімі бір айдан кем болмауға және екі жылдан аспауға тиіс.

3-1. Көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру мерзімі алты айдан он жылға дейін болуы мүмкін.

3-2. Алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан мас күйінде көлік құралдарын жүргізгені үшін құқықтан айыру мерзімі үш жылдан он жылға дейін болуы мүмкін.

4. Көлік құралын масаң күйде жүргізу, масаң күйді куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген ережелерді бұза отырып, өздері қатысушысы болған жол-көлік оқиғалары болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды.

5. Аң аулау, балық аулау құқығынан, аң аулау қаруларын, оның оқ-дәрілерін және балық аулау құралдарын сақтау мен алып жүру құқығынан айыруды, осы құқықты пайдалану тәртібін үнемі бұзушылықты қоспағанда, аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

**Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**



**52-бап. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру не белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын (оны) тоқтата тұру, оның ішінде тізілімнен алып тастау**

**Ескерту. 52-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Жеке тұлғаларды, дара кәсіпкерлерді, жеке нотариустарды, жеке сот орындаушыларын, адвокаттарды және заңды тұлғаларды белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыруды судья аталған адамдардың қызметті жүзеге асыруы не лицензияда, арнаулы рұқсатта, біліктілік аттестатында (куәлікте) көзделген белгілі бір іс-әрекеттерді жасауы кезіндегі әкімшілік құқық бұзушылығы үшін қолдануы мүмкін.

2. Белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) уақытша айыру алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді.

**3. алып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 Заңымен.**

4. Кредиттік бюроны қоспағанда, қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландырумен байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырады.

5. Тізілімнен алып тастауды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен кеден ісі саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Микроқаржы ұйымдарының тізілімінен алып тастауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жүзеге асырады.

**Ескерту. 52-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 N 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (**

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**53-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу**

1. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізіледі.

2. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы талап қою өтініші Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды.

3. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жазалау шарасы бұзушылықты жою үшін сот белгілеген мерзімде қажетті іс-әрекеттер (іс-шаралар) жүргізу арқылы оны жоюға болатын жағдайларда қолданылады.

4. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға, сот шешімінсіз ерекше жағдайларда, талап қою өтінішін сотқа белгіленген мерзімде міндетті түрде табыс ету арқылы үш күннен аспайтын мерзімге жол беріледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру актісі сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

5. алып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 Заңымен.

6. Жеке меншік тауарларын сақтау қоймасы иесінің қызметін тоқтата тұруды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен кеден ісі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**54-бап. Заңсыз салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау**

Заңсыз салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзуды, осы бөлімнің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда, судья

т а ғ а й ы н д а й д ы .

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **55-бап. Әкімшілік қамауға алу**

1. Әкімшілік қамауға алуды судья ерекше жағдайларда осы бөлімнің ерекше бөлігінің баптарында көзделген шектерде қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге т а ғ а й ы н д а й д ы .

2. алып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 Заңымен.

3. Жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, I және II топтардағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге әкімшілік қамауға алуды қолдануға болмайды.

4. Әкімшілік ұстау мерзімі әкімшілік қамауға алу мерзіміне қосылады.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484 , 2004.12.09 N 10 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.06.29 N 270, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **56-бап. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру**

1. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіруді судья осы Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген тәртіп пен негіздер бойынша әкімшілік жазалау шарасы ретінде қ о л д а н а д ы .

Осы бөліктің ережелері шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын шығарып жіберу жағдайында қолданылмайды.

2. Егер әкімшілік іс жүргізу барысында Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру түріндегі әкімшілік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін адам, өзіне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс болып танылатын әрекет жасалғаны туралы хабарласа, онда осы адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 185-бабында белгіленген тәртіппен хабарлама немесе өтініш бойынша шешім қабылданғанға дейін кейінге қалдырылады.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 N 131, өзгеріс енгізілді - 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **57-бап. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданумен қатар осы адамның жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында әкімшілік-құқықтық ықпал етудің мынадай шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) жол жүрісі ережелерін білуін тексеру;
- 2) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;
- 3) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында аталған әкімшілік құқықтық ықпал ету шаралары әкімшілік жаза тағайындаумен қатар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды осы Кодекстің 67, 68-баптарында көзделген негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықтан босату кезінде соның орнына қолданылуы мүмкін.

**Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV; 18.02.2014 № 175-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **58-бап. Жол жүрісі ережелерін білуін тексеру**

Осы Кодекстің 461 (сегізінші бөлігінде), 461-1 (екінші бөлігінде), 462 (төртінші бөлігінде), 463 (төртінші бөлігінде), 463-1 (төртінші бөлігінде), 463-2 (төртінші бөлігінде), 463-3 (төртінші бөлігінде), 463-4 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 463-5 (үшінші бөлігінде), 463-6 (екінші бөлігінде), 463-7 (екінші бөлігінде), 463-8 (екінші бөлігінде), 464 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған көлік құралдарының жүргізушілері жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберіледі.

Жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны осы Кодекстің аталған баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) шығарады.

**Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **59-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған маскүнемдікпен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратындарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану**

1. Созылмалы маскүнемдікпен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауырады деп танылған және өз еркімен емделуден жалтарған адам басқа жеке тұлғалардың құқықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда, сот әкімшілік жазамен қатар оған денсаулық сақтау органдарының мамандандырылған мекемесінде мәжбүрлеп емдеу ж а з а с ы н тағайындауы мүмкін.

2. Мәжбүрлеп емдеу мерзімі маман наркологтардың ұсыныстары ескеріле отырып белгіленеді, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс.

3. Мәжбүрлеп емдеуді тоқтатуды сол адам емделіп жатқан емдеу мекемесі жүргізеді.

**Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **59-1-бап. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-5, 111-1, 112, 332, 355-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына бір жылға дейінгі мерзімге:

1) жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;

2) атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.

2. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген кезде жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот ерекше жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғын жайы болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын отыз тәулікке дейінгі мерзімге қолдануға құқылы.

2. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келу міндеті жүктелуі мүмкін.

**Ескерту. Кодекс 59-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 18.02.2014 № 175-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **7-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ**

**60-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолданудың жалпы ережелері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін осы бөлімнің Ерекше бөлімінің бабында көзделген шекте, осы Кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте қолданылады.

2. Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуға тиіс.

3. Жеке адамға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, соның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

4. Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

5. Әкімшілік жаза қолдану адамды, орындалмағаны үшін аталған жаза қолданылған міндеттерді атқарудан, жол берілген бұзушылықты жоюдан және зиянды өтеуден босатпайды.

6. Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі не негізгі және қосымша әкімшілік жазалардың қолданылуы мүмкін.

### **61-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар**

1. Мыналар әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар болып танылады:

1) кінәлі адамның өкінуі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты күшті жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр жағдайлары салдарынан жасау;

4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;

5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;

6) әкімшілік құқық бұзушылықты күш қолдану немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;

7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғанудың заңдылығы шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;

8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судья, орган (лауазымды адам) осы баптың бірінші бөлігінде аталмаған мән-жайларды да жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**62-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар**

Мыналар әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән - ж а й л а р деп т а н ы л а д ы :

1) құқыққа қарсы мінез-құлықты, прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) оны тоқтату туралы оған уәкілетті адамдардың талап етуіне қарамастан о н ы ж а л ғ а с т ы р а б е р у ;

2) бұрын жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазалауға ұшыратылған, ол бойынша осы Кодекстің 66-бабында көзделген мерзімі бітпеген адамның біртекті әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап ж а с а у ы ;

3) кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту;

4) кінәлі адамның біле тұра ауыр психикалық аурумен ауыратын адамдарды, не әкімшілік жауаптылығы туындайтын жасқа жетпеген адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық ж а с а у ға т а р т у ы ;

5) ұлттық, нәсілдік және діни жек көрушілік немесе жауласушылық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеті үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оның жасалуын жеңілдету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық ж а с а у ;

6) адамға немесе оның жақындарына қатысты белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық ж а с а у ;

7) кінәлі адамның біле тұра жүкті әйелдерге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәліге тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық ж а с а у ;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) табиғи апат жағдайында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық ж а с а у ;

10) маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масаю күйінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау. Әкімшілік жаза қолданатын судья, орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай оны жауаптылықты ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 N 346 Заңымен.

**63-бап. Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде әкімшілік жазалар қолдану**

1. Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады.

2. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, орган (лауазымды адам) қараса, бұл адамға белгілі бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғарғы шегінен асыруға болмайды. Әкімшілік қамауға алудың ең ұзақ мерзімі мұндай жағдайларда - отыз тәуліктен, ал төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік қамауға алу қырық бес тәуліктен аспауға тиіс.

3. Егер әкімшілік айыппұлдар заң актілерінде белгіленген салық міндеттемелерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сомасының процентімен көрсетілген жағдайда, оларды бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салған кезде, айыппұл әрбір әкімшілік құқық бұзушылық үшін б ө л е к ө н д і р і л і п а л ы н а д ы .

**Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506 Заңымен.**

#### **64-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу**

1. Судья мүліктік зиян келтірген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, егер зиянның мөлшері туралы дау болмаса, әкімшілік жаза қолдану туралы мәселені шешумен бір мезгілде осындай зиянды өндіріп алады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген мүліктік зиянның мөлшері туралы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.

2. Өзге уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүліктік зиянды өтеу, кінәлі адам оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен ж ү р г і з і л е д і .

3. Искерлік беделді қорғау немесе әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздемелер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу т ә р т і б і м е н қ а р а л а д ы .

**Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **65-бап. Әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу**

Әкімшілік қамауға алу мерзімі тәуліктермен, ал жеке адамға немесе заңды тұлғаға берілген арнаулы құқықтан айыру, сондай-ақ лицензиядан (арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тоқтата тұру мерзімі - жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі.



**66-бап. Адам әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзім**

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі.

**8-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАЗАДАН БОСАТУ**

**67-бап. Іс-әрекетімен өкінгендігін білдіруіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату**

Әкімшілік құқық бұзушылықты бірінші рет жасаған адамды, егер бұл адам құқық бұзушылық жасағаннан кейін келтірілген залалды өз еркімен өтесе немесе құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өзге де жолмен ретке келтірсе, судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

**68-бап. Құқық бұзушылық елеусіз болған жағдайда әкімшілік жауаптылықтан босату**

Әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген зиян елеусіз болған жағдайда судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды, ауызша ескерту жасаумен шектеліп, әкімшілік жауаптылықтан босата алады.

Е с к е р т у л е р .

Әкімшілік құқық бұзушылықтың елеусіздігі – бұл басқа мән-жайлармен қатар осы бөлімнің ерекше бөлімінің баптарында көзделген санкцияның әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген зиян мөлшерінен асып кететіндігі ескерілетін жағдайлар.

Мүліктік емес сипаттағы зиян келтірген құқық бұзушылық жасағаны үшін тұлғаны көрсетілген негіздер бойынша жауаптылықтан босату туралы мәселені шешкен кезде қол сұғу объектісін, құқық бұзушылықты жасаудың нақты мән-жайларын негізге алу керек.

**Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**69-бап. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату**

1. Адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін, ал қоршаған ортаны қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін - оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін, осы

Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес.

2. Жеке тұлға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ салық салу, кеден ісі саласында, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, табиғи монополиялар туралы заңнамасы мен монополияға қарсы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал заңды тұлға (оның ішінде дара кәсіпкер) әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап үш жыл өткен соң, ал салық салу, кеден ісі саласында, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру, табиғи монополиялар туралы заңнамасы мен монополияға қарсы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бес жыл өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

3. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ бюджеттік қатынастар саласында қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бес жылдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартуға жатады, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

4. Осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінің ережелері әкімшілік құқық бұзушылық қылмыстың жасалуына септігін тигізген және бұл туралы қылмыстық істі тергеу немесе сотта қарау барысында мәлім болған жағдайларға қолданылмайды. Сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 387-бабының бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен мұндай құқық бұзушылыққа кінәлі адамға, егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезден бастап бір жылдан аспайтын уақыт өткен болса, әкімшілік жаза қолдануға қ ұ қ ы л ы .

4-1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану мерзімінің барысы істі сот инстанцияларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамына жіберген кезден бастап тоқтатыла тұрады.

Бұл мерзімдерді есептеу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға

уәкілетті органға кемшіліктерді жою үшін іс қайтарылған жағдайларда қайтадан б а с т а л а д ы .

5. Құқық бұзушының іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс қысқартылған жағдайда адам қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

6. Егер осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде аталған мерзімдер аяқталғанға дейін адам жаңадан әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану мерзімінің өтуіне үзіліс жасалады. Мұндай жағдайларда мерзімді есептеу жаңа әкімшілік құқық бұзушылық анықталған к е з д е н б а с т а л а д ы .

7. Судьяның немесе уәкілетті органның әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулысы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзімге қарамастан, ол заңды күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде прокурордың наразылығы бойынша қ а й т а қ а р а л у ы м ү м к і н .

Ескерту. Осы бөлімнің Ерекше бөлімінің бабында көзделген белгілі бір әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық б ұ з у ш ы л ы қ д е п т а н ы л а д ы .

Ескерту. 69-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.08.09 N 346, 2003.09.25 N 484 , 2003.12.05 N 506, 2004.12.09 N 10, 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

#### **70-бап. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан рақымшылық жасау актісі негізінде босату**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан немесе қолданылған әкімшілік жазадан рақымшылық жасау актісі негізінде, егер ол әкімшілік жаза қолдануды жоятын болса, босатылуы мүмкін.

2. Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті

жеке белгілі емес адамдар тобына қатысты шығарады.

**Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**71-бап. Жағдайдың өзгеруіне, науқастануға байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату**

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасаған адам жағдайдың өзгеруіне, сондай-ақ әкімшілік жазаны орындауға кедергі келтіретін науқасына байланысты әкімшілік жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

**71-1-бап. Тараптардың бітімгершілікке келуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату**

1. Осы Кодекстің 9-1-тарауында, сондай-ақ 84-1 (бірінші бөлігі), 85-3, 131, 136-2, 158, 158-1, 158-2, 174 (үшінші бөлігі)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адаммен бітімгершілікке келгеннен кейін тоқтатылуға жатады.

2. Бітімгершілікке келу жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 71-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **9-тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**

**72-бап. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған адамдар осы тараудың күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп танылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданыла отырып, әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін.

**Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.**

**73-бап. Кәмелетке толмағандарға әкімшілік жазалар қолданудың ерекшеліктері**

1. Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері осы Кодекстің ерекше бөлімінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан,

айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмауға және он айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Айыппұл кәмелетке толмаған адамда бар мүліктің есебінен төленеді. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға салынады.

2. Арнаулы құқықтан айыру кәмелетке толмағандарға бір жылдан аспайтын мерзімге қолданылуы мүмкін.

3. Әкімшілік жазалардың басқа да түрлері (әкімшілік қамауға алуды қоспағанда), сондай-ақ осы Кодекстің 45 және 57-баптарында аталған әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі кәмелетке толмағандарға жалпы негіздерде қолданылады.

**Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **74-бап. Кәмелетке толмаған адамға әкімшілік жаза қолдану**

1. Осы Кодекстің 61 және 62-баптарында көзделген мән-жайлардан басқа, кәмелетке толмаған адамға әкімшілік жаза қолданған кезде оның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың әсер етуі ескеріледі.

2. Кәмелетке толмаған жас басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта жеңілдететін мән-жай ретінде ескеріледі.

#### **75-бап. Кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату**

Әкімшілік құқық бұзушылықты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) оған заңдарда көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдана отырып, әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуы мүмкін.

**Ескерту. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **76-бап. Тәрбиелік ықпал ету шаралары**

1. Кәмелетке толмаған балаға тәрбиелік ықпал етудің мынадай шаралары тағайындалуы мүмкін:

1) заңды түсіндіру;

2) ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу;

4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған баланың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу.

2. Кәмелетке толмаған балаға бір мезгілде тәрбиелік ықпал етудің бірнеше шаралары тағайындалуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану мерзімі үш айға дейінгі уақытқа белгіленеді.

4. Кәмелетке толмаған бала осы баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын жүйелі түрде орындамаған жағдайда, мамандандырылған мемлекеттік орган, егер осы Кодекстің 703-бабының 1-тармағында белгіленген ескіру мерзімі өтпеген болса, бұл шараның күшін жою және кәмелетке толмаған баланы әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесін шешу үшін материалдарды сотқа ұсынады.

**Ескерту. 76-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **77-бап. Тәрбиелік ықпал ету шараларының мазмұны**

1. Заңды түсіндіру кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды және осы Кодексте көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың заңдық салдарын түсіндіруден тұрады.

2. Қадағалауға беру ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға, не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету және оның мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді жүктеуден тұрады.

3. Келтірілген зиянды жөнге келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайы мен тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

4. Бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, бос уақытын өткізудің белгілі бір нысандарын, оның ішінде көлік құралдарын пайдалануға, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерлерде болуға, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз басқа жерлерге кетуге тыйым салуды көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға қатысты құқық бұзушының мінез-құлқына осы Кодекстің 59-1-бабында көзделген ерекше талаптар белгіленуі, сондай-ақ, оқуды аяқтау не кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көмегімен жұмысқа тұру талабы қойылуы мүмкін. Бұл тізбе осымен шектелмейді.

**Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.**

#### **78-бап. Ескіру мерзімдері**

Осы Кодекстің 69-бабында көзделген ескіру мерзімдерінің кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан немесе әкімшілік жазаны орындаудан босату кезінде жартысы қысқартылады.

## **79-бап. Кәмелетке толмаған адам әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзім**

Өзіне әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған кәмелетке толмаған адам осындай жазаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап алты айдың ішінде ұшырады деп есептеледі.

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

### **9-1-тарау. Жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Ескерту. 9-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **79-1-бап. Ұрып-соғу**

1. Денені ауыртқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де зорлық әрекеттерін жасау - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - он бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамақ қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 79-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.02.2014 № 175-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **7 9 - 2 - б а п .**

Ескерту. 79-2-бап алып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **79-3-бап. Денсаулыққа зиян келтіру**

1. Денсаулыққа зиян келтіру, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. Денсаулықтың қысқа уақыт бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін

тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана жеңіл зиян  
к е л т і р у -

айлық есептік көрсеткіштің елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 79-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **79-4-бап. Соз ауруын жұқтыру**

Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның басқа адамға осы ауруды жұқтыруы, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері  
б о л м а с а , -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін қамауға әкеп соғады.

#### **79-5-бап. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер**

1. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаса,  
-

ескерту жасауға не үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп  
с о ғ а д ы .

1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер  
- оннан он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамақ қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер -  
айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Отбасы-тұрмыстық қатынастар деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар түсініледі.

**Ескерту. 79-5-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 18.02.2014 № 175-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**



## **79-6-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағудан жалтару**

Еңбекке жарамды адамның сот шешімі бойынша еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы –

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Ескерту. 9-1-тарау 79-6-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **10-тарау. ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **80-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға кедергі келтіру**

Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамның Қазақстан азаматтығын алуына кедергі келтіретін заңсыз іс-әрекеттер жасауы, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **81-бап. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Лауазымды адамның тілді білмеу желеуімен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзу – ескерту жасауға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – он, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2013 N 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **82-бап. Жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу**

Жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілге байланысты себептер бойынша кемсіту, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **83-бап. Еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау құқығын шектеу**

Жеке тұлғалардың еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау (Қазақстан Республикасының Үкіметі шек қоюы мүмкін шекаралық өңірлерді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды және жекелеген жерлерді қоспағанда) құқығын шектейтін лауазымды адамдардың іс-әрекеті не әрекетсіздігі, егер бұл қылмыс жасады деген айыптаумен байланысты болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123, 2011.04.18 N 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **83-1-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі жасау**

Қоғамдық бірлестіктердің заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып кедергі жасауы, сол сияқты лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, осы бірлестіктердің заңды қызметіне олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын араласуы – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 10-тарау 83-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**84-бап. Жеке тұлғаға ақпарат беруден бас тарту, сол сияқты ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу**

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, белгіленген тәртіппен жиналған, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты құжаттарды, материалдарды беруден заңсыз бас тарту не жеке тұлғаға толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат беру, сол сияқты жалпы жұрт қол жеткізетін ақпаратты шектеулі қол жеткізілетін ақпаратқа заңсыз түрде жатқызу,

-  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Лауазымды адамның осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасауы, егер бұл әрекеттер жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 84-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**84-1-бап. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу**

1. Дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу – әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заттары және (немесе) жарақтары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Меншік иесі, оператор немесе үшінші тұлға өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған нақ сол әрекеттер – әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заттары және (немесе) жарақтары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Меншік иесінің, оператордың немесе үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды сақтамауы – жеке тұлғаларға – жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 10-тарау 84-1-баппен толықтырылды - ҚР 21.05.2013 № 95-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **85-бап. Медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамау және оны сапасыз көрсету**

1. Медицина қызметкерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқса, немесе әкеп соғуы мүмкін болса,

жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Медициналық көмек көрсету тәртібін сақтамау, егер бұл денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқса, немесе әкеп соғуы мүмкін болса,

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға - он, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсету стандарттарын сақтамау, егер бұл денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса,

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға - он, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет,

жеке тұлғаларға - лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып және маман сертификатынан айыра отырып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не аккредиттеу туралы куәлікті тоқтата тұрып немесе одан айыра отырып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген әрекетті жасау, егер бұл денсаулыққа орташа ауырлықта немесе ауыр зиян келтіруге әкеп соғуы

мүмкін болса және бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - лицензиядан және маман сертификатынан айыра отырып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - лицензиядан айыра отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға лицензиядан айыра отырып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 85-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2009.07.16. N 186-IV Заңдарымен.**

**85-1-бап. Медицина қызметкерінің еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру тәртібін бұзуы**

1. Медицина қызметкерінің еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру тәртібін бұзуы, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, -

жеке тұлғаларға - маман сертификатынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 85-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2009.07.16. N 186-IV Заңдарымен.**

**85-2-бап. Медицина қызметкерінің рецепттер жазу және дәрілік заттарды өткізу ережелерін бұзуы**

1. Медицина қызметкерінің рецепттер жазу және дәрілік заттарды өткізу ережелерін бұзуы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, -

жеке тұлғаларға - маман сертификатынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан

жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 85-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2009.07.16. N 186-IV Зандарымен.**

### **85-3-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету**

Медициналық қызметкердің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметті жария етуі –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 10-тарау 85-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **86-бап. Қылмыс жасады деген кінәлілік туралы мәліметтерді тарату**

Істі сот қарағанға дейін немесе ақтау үкімі болған кезде адамның қылмыс жасады деген кінәлілігі туралы мәліметтерді көпшілікке тарату, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 86-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **86-1-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді жария ету**

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамның жеке немесе отбасылық құпиясын құрайтын жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау және (немесе) тарату, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 86-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.04 N 215-IV ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

### **86-2-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария етуі**

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісімінсіз жария етуі, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын

әрекет белгілері болмаса, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 86-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **87-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу**

1. Осы баптың үшінші және бесінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзуы, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) -

лауазымды адамдарға, лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрып, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2-2. Осы баптың 2-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) -

лауазымды адамдарға, лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрып, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен бір жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және Қазақстан

Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде төлемеуі, сол сияқты төлемді кідірту кезеңіне өсімақыны есептемеуі және төлемеуі - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, еңбек делдалдығын көрсететін жеке және заңды тұлғаның, сондай-ақ жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыруы – жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### Ескертулер .

1. Осы Кодексте жұмыс беруші деп басшысы (әкімшілігі) өкілдік ететін заңды тұлға не қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға танылады .

2. Егер атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың басшылары басқаратын ұйымдар жалақыны төлеуге қаражат беруді (аударуды) кідіртсе, оларды осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған лауазымды адамдар деп түсіну керек .

Ескерту. 87-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.15. N 253 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.



## **87-1-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзу**

Лауазымды адамның және заңды тұлғаның, осы Кодекстің 18-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзуы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - жетпістен екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 87-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.04.13. N 40 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **87-2-бап. Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасын :

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудегі қажеттілікке бағалау жүргізудің және оны айқындаудың, арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсету туралы шешім шығарудың белгіленген мерзімдерін бұзу;

арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсету туралы шешімді орындамау түрінде бұзу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жазаның мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын

заңды тұлғаларға - сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 87-2-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.29 N 115-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **87-3-бап. Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі келтіру**

Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып кедергі келтіруі, сол сияқты олардың заңды қызметіне лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан араласуы - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 10-тарау 87-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **87-4-бап. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу**

Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларының немесе еңбекті қорғаудың өзге де қағидаларының сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның осы қағидаларды абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 10-тарау 87-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **87-5-бап. Медиацияға қатысушылардың медиацияны жүргізу барысында белгілі болған мәліметтерді жария етуі**

Медиацияға қатысушылардың медиацияны жүргізу барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген тараптың рұқсатынсыз жария етуі, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 87-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.28 N 402-IV ( 2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **88-бап. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарын бұзу**

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы

заңнамасында белгіленген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу тәртібін, зейнетақы төлемдерін, аударымдарын және алып қоюларын жүзеге асыру мерзімдерін бұзуы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған салымшылар туралы мәліметтерді табыс етпеуі, уақтылы табыс етпеуі, сол сияқты көрсетілген салымшылар туралы анық емес мәліметтерді табыс етуі, – лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-2. Осы баптың 1-1 бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - лауазымды адамдарға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген зейнетақыны толық мөлшерде және белгіленген мерзімдерде төлеу жөніндегі міндеттерін орындамауы, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2-1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын бұза отырып, мәмілелер мен операцияларды жүзеге асыруы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жеке тұлғаның, жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, заңды тұлғаның: салық органына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша пайдасына берешек өндіріп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерін табыс етпеуі; салық органдарына міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және аударылған сомалары жөніндегі есеп-қисаптарды Қазақстан Республикасының

зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде  
табыс етпеуі ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізбеуі;

есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді салымшыларға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудармауы, уақтылы және (немесе) толық есептемеуі, ұстап қалмауы (есебіне жазбауы) және (немесе) төлемеуі ( а у д а р м а у ы ) ;

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша касса жөніндегі барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы не тиісінше орындамауы, - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – аударылмаған, уақтылы және (немесе) толық есептелмеген, ұстап қалынбаған (есебіне жазылмаған) және (немесе) төленбеген (аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың :

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша агенттердің - заңды тұлғалардың немесе дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың банк шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы; міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен

өсімпұлдар сомаларын Зейнетақы төлеу орталығына аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есебіне жатқызбау), уақтылы аудармау (банк шоттарынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізгеннен кейінгі күннен кеш) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салық органдарының міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен өсімпұлдар сомаларын өндіріп алуға инкассолық өкімдерін орындамауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, – лауазымды адамдарға - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамау кезеңінде агенттердің банк шоттары бойынша жасалған шығыс операциялары сомасының — бес процент мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген талаптарға, оның мазмұнына сәйкес келмеуі – лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінің мақсаттары үшін тұлға, егер аударылмаған, уақтылы және (немесе) толық есептелмеген, ұстап қалынбаған (есебіне жазылмаған) және (немесе) төленбеген (аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күні қолданыста болатын заңға сәйкес белгіленетін бір айлық есептік көрсеткіштен аз болған жағдайда, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Ескерту. 88-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.03.13 N 394 , 2004.12.13 N 11 ( күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11 N 201 ( 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.11.20 N 88-IV ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (

2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **88-1-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу**

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының кінәсінен Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарында белгіленген мерзімдерде әлеуметтік төлемдердің төленбеуі, -  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, заңды тұлғаның:  
әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін салық органына ұсынбауы;  
әлеуметтік аударымдарды төлемеуі (аудармауы), уақтылы және (немесе) толық төлемеуі (аудармауы);

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша касса жөніндегі барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы не тиісінше орындамауы, -

дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2-1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – төленбеген (аударылмаған), уақтылы және (немесе) толық төленбеген (аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың:

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы

заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша төлеуші заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың банк шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы;

әлеуметтік аударымдар мен өсімпұл сомаларын Зейнетақы төлеу орталығына аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есептемеу), уақтылы аудармау (банктік шоттардан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен кеш немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізген күннен кейін) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың сомаларын өндіріп алу жөніндегі салық органдарының инкассалық өкімдерін орындамауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, -

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамау кезеңінде лауазымды адамдарға - отыз айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде, заңды тұлғаларға төлеушілердің банк шоттары бойынша жасалған шығыс операциялары сомасының бес проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы баптың екінші және 2-1-бөліктерінің мақсаттары үшін тұлға, егер төленбеген (аударылмаған), уақтылы және (немесе) толық төленбеген (аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасы әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күні қолданыста болатын заңға сәйкес белгіленетін бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын болса, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға ж а т п а й д ы .

Ескерту. 88-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.04.08 N 542 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 № 467-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **89-бап. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен еңбекті қорғау ережелерін бұзу**

1. Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жазатайым жағдайға әкеп соқпаған бұзуы, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде , ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуын бақылау және қадағалау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырмауы, егер бұл жұмыскердің денсаулығына жеңіл зиян келтіріп, жазатайым оқиғаға әкеп соқса немесе оның өмірі мен денсаулығына көрінеу қауіп төндірсе, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 89-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.**

#### **90-бап. Ұжымдық шарт, келісім жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтару**

Ұжымдық шартты, келісімді жасасу, өзгерту немесе толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтару немесе аталған келіссөздерді жүргізу мерзімдерін бұзу, тиісті комиссияның жұмысын тараптар белгілеген мерзімде қ а м т а м а с ы з е т п е у , -

келіссөздер жүргізуге уәкілетті адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 90-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

#### **91-бап. Ұжымдық шарт, келісім жасасудан негізсіз бас тарту**

Ұжымдық шарт, келісім жасасудан негізсіз бас тарту, - ұжымдық шарт, келісім жасасуға уәкілетті адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

#### **92-бап. Ұжымдық шартты, келісімді орындамау немесе бұзу**



Ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемелерді орындамау немесе бұзу, - ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемелердің орындалмауына кінәлі адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

**93-бап. Ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттардың, келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпарат бермеу**

Ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттардың, келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты бермеу, - ақпараттың берілмеуіне кінәлі адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

**94-бап. Халықты жұмыспен қамту туралы заңдарды бұзу**

1. Жеке және заңды тұлғалардың халықты жұмыспен қамту туралы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің сегізден онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**95-бап. Мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқықты іске асыруға кедергі келтіру**

Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа заңдарда көзделмеген талаптарды және белгіленген тәртіппен бекітілмеген біліктілік талаптарын қою, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**96-бап. Жеке немесе заңды тұлғаның берген шағымын оған зиянды болатындай етіп бағыттау**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.02.10 N 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Негізді шағым берген немесе мүддесіне орай шағым берілген жеке немесе заңды тұлғаға сол шағымды оған зиянды болатындай етіп бағыттау, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.02.10 N 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**97-бап. Ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу**

Мәжбүрленушінің тәуелді жағдайын пайдалана отырып ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**11-тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН  
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

**98-бап. Лауазымды адамдардың сайлау комиссиясына (референдум комиссиясына) қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етпеуі немесе комиссияның шешімін орындамауы**

Лауазымды адамдардың сайлау комиссиясына (референдум комиссиясына) оның жұмысы үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етпеуі немесе комиссия өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімді олардың орындамауы, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**99-бап. Үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу**

Қазақстан Республикасының заңдарымен сайлауға ( республикалық референдумға ) байланысты үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.

### **99-1-бап. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтіру**

Президенттікке, депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметтерге кандидаттарға, олардың сенім білдірген адамдарына, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығын іске асыру процесінде кедергі келтіру - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 99-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

### **100-бап. Кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату**

Кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату немесе сайлаудың нәтижесіне ықпал ету мақсатында олардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасау - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - отыз бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

### **101-бап. Сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің, сенім білдірілген адамның және байқаушының құқықтарын бұзу**

Сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің, сайлаудағы кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының және байқаушылардың құқықтарын бұзу , - айлық есептік көрсеткіштің он бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

### **102-бап. Азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзу**

Сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің азаматтардың сайлаушылар тізімімен (таңдаушылардың республикалық референдумға қатысу құқығы бар адамдар тізімімен) танысу құқығын бұзуы не сайлаушылар тізіміндегі қателіктер туралы өтінішті заңдарда белгіленген мерзімде қарамауы, не сайлаушылар тізіміне (таңдаушылар, республикалық референдумға қатысуға

құқығы бар адамдар тізіміне) түзетулер енгізу туралы өтінішті қабылдамау себептерін баяндай отырып азаматқа жазбаша түрде жауап қайтарудан бас тартуы, не сайлаушылар тізімін (таңдаушылар, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар адамдар тізімін) түзету туралы сот шешімін белгіленген мерзімде орындамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**102-1-бап. Сайлаушылар туралы дәйектемесіз деректер, сондай-ақ сайлаушылардың дәйектемесіз тізімдерін беру**

1. Лауазымды адамдардың жергілікті атқарушы органдарға сайлаушылардың тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы дәйектемесіз деректер беруі - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жергілікті атқарушы органдар лауазымды адамдарының тиісті сайлау комиссиясына сайлаушылардың дәйектемесіз тізімдерін беруі - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 102-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**102-2-бап. Тең сайлау құқығы туралы талапты бұзу**

Тең сайлау құқығы туралы талаптарды екі рет не одан да көп немесе басқа сайлаушы үшін дауыс беру арқылы бұзу - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 102-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**102-3-бап. Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы**

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы, -

жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу арқылы немесе онсыз, айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 102-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен.**

**103-бап. Азаматтарға басқа адамдар үшін дауыс беруге мүмкіндік жасау мақсатында сайлау бюллетеньдерін (дауыс беруге арналған бюллетеньдерді) беру**

Азаматтарға басқа адамдар үшін дауыс беруге мүмкіндік жасау мақсатында сайлау бюллетеньдерін (дауыс беруге арналған бюллетеньдерді) сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің беруі, - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 103-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**104-бап. Жұмыс берушінің сайлауға (республикалық референдумға) қатысу үшін демалыс беруден бас тартуы**

Жұмыс берушінің депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке тіркелген кандидатқа не сайлау комиссиясының мүшесіне мемлекеттік өкімет, басқару органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына (республикалық референдумға) сайлауды әзірлеу мен өткізуге қатысу үшін заң актілерінде көзделген демалысты беруден бас тартуы, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**105-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдында үгіт жүргізу шарттарын бұзу**

Бас редактордың, журналистің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясы лауазымды адамының сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) көзделген сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзуы, - азаматтар мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан алпыс беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**106-бап. Бүркеншік үгіт материалдарын әзірлеу немесе тарату**

Мемлекеттік өкімет органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауды (республикалық референдумды) әзірлеу мен өткізу кезеңінде, басып шығарған ұйымдар, шығарылған жері, таралымы туралы және шығарылуына жауапты адамдар туралы ақпараты жоқ үгіттік баспасөз және электрондық материалдарды әзірлеу немесе тарату, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**107-бап. Үгіт материалдарын қасақана жою, бүлдіру**

Депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттардың меншік иесінің немесе осы объектілердің өзге иесінің келісімімен ғимараттарға, құрылыстарға және өзге де объектілерге ілінген үгіттік материалдарын қасақана жою, бүлдіру, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**108-бап. Сайлауды (республикалық референдумды) әзірлеу мен өткізуге қаражат жұмсау туралы есептерді бермеу немесе жарияламау**

Депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттың, сайланған адамның, не саяси партияның сайлау қорларына түскен түсімдердің (қайырмалдықтардың) мөлшері туралы және сайлау қорларын құру көздері туралы мәліметтерді, сондай-ақ сайлау қорының қаражатын пайдалану туралы есепті бермеуі, -

депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидатқа, сайланған адамға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға елу беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 108-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**108-1-бап. Сайлау қорларынан бөлек, сайлау науқанын қаржыландыру немесе оған өзге де материалдық көмек көрсету**

Кандидаттарға, партиялық тізімдер ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан бөлек қаржылық немесе өзге де материалдық көмек көрсету -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 108-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**109-бап. Сайланбалы мемлекеттік қызметке кандидаттың не саяси партияның шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдықтар алуы**

Депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы мемлекеттік қызметке кандидаттың не саяси партияның шет мемлекеттен, халықаралық ұйымнан немесе халықаралық қоғамдық бірлестіктен, шет елдердің мемлекеттік органдарынан, шетелдіктерден және басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалардан, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардан кез келген нысанда қ а й ы р м а л д ы қ т а р а л у ы , -

депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидатқа - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға, қайырмалдық заттарын тәркілей отырып, елуден жүзге дейінгі мөлшерінде ай ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 109-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**109-1-бап. Жеке және заңды тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі**

Жеке және заңды тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы қызметіне байланысты олардың жазбаша келісімінсіз қызмет к ө р с е т у і -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 109-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

**110-бап. Дауыс беру қорытындылары туралы немесе сайлау нәтижелері туралы мәліметтерді табыс етпеу не жарияламау**

1. Учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының кандидаттың сенім білдірген адамына, бұқаралық ақпарат құралдарының өкіліне, байқаушыға Республиканың заңдарына сәйкес табыс етілуге міндетті дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді табыс етпеуі, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, округтік сайлау комиссиясының

төрағасы жасаған әрекет, сондай-ақ оның сайлау (республикалық референдум) нәтижелері туралы мәліметтерді сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) белгіленген жариялау мерзімдерін бұзуы не толық жарияламауы ,

айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы жасаған әрекет, сондай-ақ оның сайлауда (республикалық референдумда) дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) белгіленген жариялау мерзімдерін бұзуы не толық жарияламауы,-

айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

4. Осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы жасаған әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### **110-1-бап. Сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу ісін жүргізу шарттарын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарында көзделген қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін, сайлау нәтижелері болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді жариялау тәртібін бұзу - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайда немесе дауыс беруге арналған пунктте қоғамдық пікірге сұрау салу ісін жүргізу - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 110-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 583 Заңымен.**

## **12-тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

**111-бап. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы**



1. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды ұдайы қолдануына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасауы, -

ата-аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 111-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 176-IV, 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **111-1-бап. Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту**

1. Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 111-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **111-2-бап. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің тұрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы**

1. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің тұрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы, сол сияқты белгіленген мерзімді бұза отырып есепке қою – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 111-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 126-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**111-3-бап. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы**

1. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 111-3-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 126-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**112-бап. Кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізу**

Ата-аналардың немесе өзге де адамдардың кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізуі, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**112-1-бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру**

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру, -

ойын-сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

ойын-сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына - жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - ойын-сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына - отыз, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпыс, қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 112-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 176-IV Заңымен.**

**113-бап. Кәмелетке толмағандарға алкоголь ішімдіктерін с а т у**

**Ескерту. 113-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.16. N 186-IV Заңымен.**

**114-бап. Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын сату және олардың сатуы**

1. Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын сату және олардың сатуы, - жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке тұлғаларға - он, қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға тоқсан айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 114-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.16. N 186-IV Заңымен.**

**115-бап. Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді әзірлеуге тарту**

1. Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді әзірлеуге, сондай-ақ эротикалық мазмұндағы өнімді таратуға, жарнамалауға және сатуға

т а р т у , -

аталған өнімді тәркілей отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - эротикалық мазмұндағы өнімді әзірлеу құралдарын тәркілей отырып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 115-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**115-1-бап. Кәмелетке толмағандарға эротикалық мазмұндағы заттар мен материалдарды сату**

1. Кәмелетке толмағандарға эротикалық мазмұндағы баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, бейнелерді немесе өзге де заттарды материалдарды сату -

эротикалық мазмұндағы заттары мен материалдарын тәркілей отырып, жеке адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - эротикалық мазмұндағы заттары мен материалдарын тәркілей отырып, жеке адамдарға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 12-тарау 115-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**116-бап. Асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), жеке тұлғалардың отбасына тәрбиелеуге беруді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді табыс ету тәртібі мен мерзімдерін**

**бұзу**

Қарауында ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар бар ұйымдар басшыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атқарушы органдары

лауазымды адамдарының асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), жеке тұлғалардың отбасына тәрбиелеуге беруді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді табыс ету тәртібін не мерзімдерін бұзуы немесе көрінеу жалған мәліметтерді табыс ету, не асырап алуға, қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), жеке тұлғалардың отбасына тәрбиелеуге беруден балаларды жасыруға бағытталған өзге де іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **117-бап. Бала асырап алу жөніндегі заңсыз қызмет**

Баланы (қызды) асырап алу, оны қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронаж тәрбиешіге беру жөніндегі заңсыз іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **13-тарау. МЕНШІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

#### **118-бап. Жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу**

Мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иелену немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақтылы қайтармау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіс беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 118-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.**

#### **1 1 9 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 119-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**120-бап. Жерге орналастыру құжаттамасын бекітудің белгіленген тәртібін бұзу**

Жерге орналастыру құжаттамасын бекітудің белгіленген тәртібін бұзу, сол сияқты оған өзгерістерді заңсыз енгізу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 120-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **121-бап. Арнаулы белгілерді жою**

1. Жер учаскелері шекараларының межелік белгілерін жою, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жер асты суларын байқаушы және режимдік ұңғыларды, су объектілеріндегі байқаушы режимдік тұстамаларды, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерін, орман қорындағы орман орналастыру немесе орман шаруашылығы белгілерін, маркшейдерлік, геодезиялық және нивелирлік пункттер мен белгілерді жою немесе бүлдіру, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 121-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **122-бап. Жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу**

1. Жер қойнауын заңсыз пайдалану, жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын мәмілелер жасасу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса – әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлік, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралдары мен заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде,

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлік, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралдары мен заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 122-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

### **123-бап. Кен орны учаскелерін іріктеп өңдеу**

1. Кен орны учаскелерін пайдалы қазбалардың қалған қорлары сапасының нашарлауына, олардың жобадан тыс және нормативтен тыс негізсіз ысырабына әкеп соғатын іріктеп өңдеу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кен орны учаскелерін өңдеу жөніндегі жобалық шешімдерді қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соғатын орындамау, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 123-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **124-бап. Суға мемлекеттік меншік құқығын бұзу**

1. Су объектілерін заңсыз басып алу, заңсыз су пайдалану, су пайдалану құқығын басқа біреуге беру, сондай-ақ суға мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лимиттерді бұзып су алу, гидротехникалық жұмыстарды заңсыз жүргізу, су объектілерінен алынған немесе бөлінген жер асты және жер үсті суларын қырықпен пайдалану, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 124-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **125-бап. Орманға мемлекеттік меншік құқығын бұзу**

Орман қоры учаскелерін орманға мемлекеттік меншік құқығын бұзатын сатып алу-сату, сыйға тарту, кепілге салу, заңсыз иелену және айырбастау, сондай-ақ орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын басқа біреуге заңсыз беру, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 125-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **126-бап. Жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын бұзу**

1. Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану құқығын басқа біреуге заңсыз беру, сондай-ақ жануарлар дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін қорықтар мен ерекше қорғалатын басқа да табиғи аумақтардағы жануарлар дүниесі объектілерін заңсыз пайдалану, -  
жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде



, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өсімдіктер дүниесі объектілерін пайдалану құқығын басқа біреуге заңсыз беру, сондай-ақ өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін өсімдіктер дүниесі объектілерін заңсыз п а й д а л а н у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде , шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 126-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **127-бап. Энергияны немесе суды заңсыз қосу, пайдалану**

1. Электр және (немесе) жылу энергиясын заңсыз қосу, пайдалану, - жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Су құбырлары желілерінен суды заңсыз қосу, пайдалану, сол сияқты кәріздік желілерге заңсыз қосу, - жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – алпыс, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 127-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.04 № 25-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**128-бап. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық**

## **жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу**

1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні, селекциялық жетістікті, интегралдық микросхема топологиясын заңсыз пайдалану, автордың немесе арыз берушінің келісімінсіз өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің, селекциялық жетістіктің, интегралдық микросхема топологиясының мәнін олар туралы мәліметтер ресми түрде жарияланғанға дейін жария ету, сол сияқты авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 128-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **129-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу**

1. Интернет желісінде пайдалануды қоспағанда, авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты өткізу мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе дайындау, авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға

бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Адамдардың шектелмеген тобының қол жеткізуіне мүмкіндік беру мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін интернет желісінде орналастыру арқылы заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Электрондық форматтағы туындылардың және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын айырбастауға, сақтауға, тасымалдауға одан әрі қол жеткізу үшін интернет-ресурстарды ұйымдастыру, құру арқылы авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, – авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 129-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 N 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**130-бап. Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қатер төндіретін жобалау, іздестіру, құрылыс, мелиорация жұмыстарын және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу**

Тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану жөніндегі тиісті мемлекеттік органдардың келісімінсіз және осы органдардың нұсқауы бойынша

ескерткіштердің паспорттандырылуы мен сақталуын анықтау жөніндегі алдын ала шараларды жүзеге асырмай, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қатер төндіретін жобалау, іздестіру, құрылыс, мелиорация, жол жұмыстарын және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу; ескерткіштерді қорғау өңірлерінде жер, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ тиісті мемлекеттік ескерткіштерді қорғау органдарының рұқсатынсыз бұл өңірлерде шаруашылық қызметпен айналысу, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын тиісті органдардың ескерткіштерді қорғау жөніндегі ережелердің бұзылуын жою туралы н ұ с қ а м а л а р ы н о р ы н д а м а у , -

жеке тұлғаларға - жүргізіліп жатқан жұмыстарын тоқтата тұрып не онсыз айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 130-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.**

### **131-бап. Егістіктер мен екпелерді басып өту**

1. Автомобильмен не трактормен, комбайнмен немесе өзге де өздігінен жүретін машинамен егістіктерді немесе екпелерді басып өту, - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Егістіктерді немесе екпелерді күш көлігімен басып өту, - айлық есептік көрсеткіштің бірден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **131-1-бап. Егістіктерді, шөмелелерді таптау, ауыл шаруашылығы дақылдарының алқапта жиналған астығын бүлдіру немесе жою, екпелерді зақымдау**

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан ауыл шаруашылығы ұйымдарының, шаруа немесе фермер қожалықтарының, жеке қосалқы шаруашылықтардың егістіктерін, шөмелелерін мал немесе құс жайып таптау, ауыл шаруашылығы дақылдарының алқапта жиналған астығын бүлдіру немесе жою не екпелерін зақымдау – азаматтарға – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан

кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер – азаматтарға – айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. Кодекс 131-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**1 3 2 - б а п . < \* >**

Ескерту. 132-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**1 3 3 - б а п . < \* >**

Ескерту. 133-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**1 3 4 - б а п . < \* >**

Ескерту. 134-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**134-1-бап. Мемлекеттік заттай гранттарды қайтару мерзімдерін бұзу**

Мемлекеттік заттай гранттардың инвестициялар туралы заңнамада белгіленген қайтару мерзімдерін бұзу, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 134-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**1 3 5 - б а п . < \* >**

Ескерту. 135-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**135-1-бап. Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объект басшысының немесе өзге лауазымды адамының өзіне сеніп тапсырылған объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объект басшысының немесе өзге лауазымды адамының өзіне сеніп тапсырылған объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -

айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 135-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгеріс енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **136-бап. Бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау**

1. Ұйымға меншік құқығында тиесілі немесе оның қарауындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлық, алаяқтық жасау, иеленіп кету, жұмсап қою жолымен ұсақ-түйектеп ұрлау, -

айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайлары бойынша бұл шараның қолданылуы жеткіліксіз деп танылса, он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Ұсақ-түйектеп ұрлау:

1) бір топ адамдар қатысып;

2) бірнеше мәрте;

3) тұрғын үйге, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға не сақтау орнына заңсыз кіру арқылы жасалса, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

### **Е с к е р т у .**

1. Бөтен біреудің мүлкін ұрлау, егер ұрланған мүліктің құны заңдарда белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ұсақ-түйектеп ұрлау деп танылады.

2. Ұсақ-түйектеп ұрлау, егер бұған дейін осы бапта көзделген бір немесе одан

да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасалған, немесе егер ұсақ-түйектеп ұрлауды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 177-183 , 250 , 256 немесе 261-баптарында көзделген қылмыстар жасағаны үшін сотталған адам жасаған болса, бірнеше мәрте ұсақ-түйектеп ұрлау деп танылады.

**136-1-бап. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлiктік залал келтіру**

Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге ұрлық белгілерінсіз мүлiктік залал келтіру – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 13-тарау 136-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**136-2-бап. Бөтен біреудің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру**

Бөтен біреудің мүлкін ірі зиян келтіріп абайсызда жою немесе бүлдіру – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүлiктің құны немесе залалдың мөлшері ірі залал ретінде танылады.

**Ескерту. 13-тарау 136-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**136-3-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау**

Қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің жарнамасын шығару, тарату және орналастыру – бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елуден бір жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 13-тарау 136-3-баппен толықтырылды - ҚР 17.01.2014 N 166-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 14-тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

1 3 7 - б а п . < \* >

Ескерту. 137-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

1 3 8 - б а п . < \* >

Ескерту. 138-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

1 3 9 - б а п . < \* >

Ескерту. 139-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **140-бап. Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету немесе жіберу ережелерін бұзу**

1. Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету немесе жіберу ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - шикізат немесе тауарлар тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 140-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **141-бап. Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жіберу үшін қабылдау тәртібін бұзу**

Пошта ұйымдарының, темір жол, автомобиль, өзен, теңіз және әуе көліктерінің лауазымды адамдарының шикізаттарды, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жіберу үшін қабылдау ережелерін бұзуы, -



айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**141-1-бап. Мұнайды және мұнай өнімдерін заңсыз тасымалдау, иелену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды өңдеу**

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, мұнайды және мұнай өнімдерінің шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз оны тасымалдау, иелену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды өңдеу, - жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - жеке тұлғаларға - жүз елу, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Заң 141-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**1 4 2 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 142-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**143-бап. Заңсыз кәсіпкерлік**

Кәсіпкерлік қызметті тіркелусіз не егер арнайы рұқсаттың (лицензияның) міндетті түрде болуы талап етілетін жағдайда, мұндай рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау талаптарын бұза отырып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу, егер бұл әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде табыс алумен немесе акцизделетін тауарларды едәуір мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасқан болса, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – келтірілген зиян сомасының, алынған табыс сомасының және заңсыз кәсіпкерлік нәтижесінде алынған акцизделетін тауарлар құнының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Е с к е р т у л е р .**

1. Осы Кодекстің 143 және 143-2-баптарында азаматқа бір мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада келтірілген залал, не ұйымға немесе мемлекетке он мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада келтірілген залал ірі залал деп танылады.

2. Осы Кодекстің 143 және 143-2-баптарында сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын табыс ірі мөлшердегі табыс деп танылады.

3. Осы бапта құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарлар саны едәуір мөлшер деп танылады.

**Ескерту. 143-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **143-1-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салу белгіленген адамның осындай қызметпен айналысуы**

Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салу белгіленген адамның осындай қызметпен айналысуы - әкімшілік құқық бұзушылық жасау заттары және (немесе) құралдары және (немесе) құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстары (дивидендтері), ақшасы, бағалы қағаздары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 143-1-бап толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **143-2-бап. Заңсыз банктік қызмет**

Банктік қызметті (банктік операцияларды) тіркеусіз немесе рұқсат (лицензия) алу міндетті болған жағдайларда мұндай арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру, азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе, не ірі мөлшерде табыс табумен ұштасса, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – келтірілген залал сомасының, заңсыз қызмет нәтижесінде алынған табыс сомасының отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 143-2-бап толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **144-бап. Кино- және бейнешығармаларды көпшілікке көрсету ережелерін бұзу**

Белгіленген көрсету уақытын және көрермендер санатын сақтамаудан көрініс тапқан, кино- және бейнешығармаларды көпшілікке көрсету ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 144-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **144-1-бап. Көрінеу жалған жарнама**

Жарнама берушінің жарнамада тауарларға, жұмыстарға немесе қызмет көрсетуге, сондай-ақ оларды өндірушілерге, орындаушыларға немесе сатушыларға қатысты көрінеу жалған ақпаратты пайдалануы пайдакүнемдік ниетпен жасалса және ірі зиян келтірсе, - жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомаға жеке тұлғаларға келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомаға ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал ірі нұқсан ретінде т а н ы л а д ы .

**Ескерту. 14-тарау 144-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **145-бап. Бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану**

Бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, олармен ұқсас белгілеулерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану - тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының, тауар шығарылған жер атауының немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған , олармен ұқсас белгілеулердің заңсыз бейнесін қамтитын тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі

мөлшерінде, лауазымды адамдарға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у :

1. Осы бапта көрсетілген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәркілеу тауардан, оның орамасынан, бланкілерден немесе басқа да құжаттамадан тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жер атауының дайындалған бейнесін, заңсыз пайдаланылатын тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын , сондай-ақ олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеуді жою мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі.

2. Осы бапқа сәйкес тәркіленген тауарлар, құқық иеленушінің өтініші бойынша оған берілген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 628-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.

**Ескерту. 145-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2013 N 104-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**1 4 6 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 146-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **146-1-бап. Кредиторлық берешекті өтеуден әдейі жалтару**

Тиісті сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін ұйым жетекшісінің немесе азаматтың ірі мөлшердегі кредиторлық берешекті өтеуден әдейі жалтаруы – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Азаматтың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы, ал ұйымның екі мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы берешегі ірі мөлшердегі кредиторлық берешек деп танылады.

**Ескерту. 14-тарау 146-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **147-бап. Монополистік қызмет**

1. Нарық субъектілерінің «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған бәсекелестікке қарсы келісімдері, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып

табылатын заңды тұлғаларға «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Нарық субъектілерінің «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Нарық субъектілерінің «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған өзінің үстем немесе монополиялық жағдайын теріс пайдалануы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып

табылатын заңды тұлғаларға «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) он пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың нарық субъектілерінің экономикалық қызметін «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдерінің кез келген нысанына әкеп соқтыра алатындай, әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтырған үйлестіруі -

жеке тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет -

жеке тұлғаларға – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Судья бәсекелестікке қарсы келісім немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер түріндегі әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған нарық субъектісін мынадай шарттарды жиынтықты сақтаған:

1) нарық субъектісі монополияға қарсы органға бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер туралы мәлімдеген кезде монополияға қарсы орган басқа көздерден осы бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер туралы а қ п а р а т а л м а ғ а н ;

2) нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдерге немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттерге өзінің қатысуын тоқтату жөнінде жедел шаралар қ о л д а н а т ы н ;

3) нарық субъектісі мәлімдеген кезден бастап бүкіл тергеу бойында бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер фактілері туралы толық ақпаратты хабарлайтын;

4) нарық субъектісінің бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттерді жасау салдарынан тұтынушыларға келтірілген залалды ерікті түрде өтейтін кезде монополиялық табысын тәркілеуден босатуы м ү м к і н .

Ескерту. 147-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **147-1-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасын бұзу**

1. Мемлекеттік монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасында белгіленген шектеулерді с а қ т а м а у ы ,

мемлекеттік монополия субъектісіне айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті уәкілетті емес а д а м н ы ң жү з е г е а с ы р у ы ,

әкімшілік құқық бұзушылық заттары және (немесе) құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке адамдарға - жүз, лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге - жүз жиырма бес, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 147-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

#### **147-2-бап. Нарық субъектілерінің экономикалық шоғырлану кезіндегі заңсыз іс-әрекеттері**

1. Егер монополияға қарсы орган келісімінің болуы қажет болған жағдайда, нарық субъектілерінің мұндай келісімді алмай-ақ экономикалық шоғырлануы, экономикалық шоғырлануға қатысушы нарық субъектілерінің экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы шешімге негіз болған талаптар мен м і н д е т т е м е л е р д і о р ы н д а м а у ы

жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз , шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Егер жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаның болуы қажет болған жағдайда, монополияға қарсы органға мұндай хабарламаны

ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау -  
жеке тұлғаларға - бір жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз  
, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес  
ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік  
субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік  
көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 147-2-баппен толықтырылды - ҚР 07.07.2006 N 174 Заңымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**147-3-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындамау. Ақпарат беру жөніндегі міндеттемелерді бұзу және үй-жай мен аумаққа кіруге кедергі жасау**

Нұсқаманы орындамау немесе оны толық көлемде орындамау, монополияға қарсы органға белгіленген мерзімде ақпарат бермеу не толық емес көлемде беру, монополияға қарсы органға дұрыс емес және (немесе) жалған ақпарат беру, монополияға қарсы органның тергеу жүргізетін лауазымды адамдарының үй-жай мен аумаққа кіруіне кедергі жасау, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 147-3-баппен толықтырылды - ҚР 07.07.2006 N 174 Заңымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 25.12.2008 N 113-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**147-4-бап. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың бәсекеге қарсы іс-әрекеті, жосықсыз бәсеке**

Ескерту. 147-4-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың бәсекеге қарсы іс-әрекеті - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



## 2. Ж о с ы қ с ы з б ә с е к е -

дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 147-4-баппен толықтырылды - ҚР 07.07.2006 N 174 Заңымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 25.12.2008 N 113-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **147-5-бап. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын бұзу**

1. Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға белгіленген нысандардағы ақпаратты, есепті, хабарламаны табыс етпеуі, сол сияқты белгіленген нысандардағы ақпаратты, есепті, хабарламаны белгіленген мерзімдерін бұза отырып табыс етуі -

дара кәсіпкерлерге - екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

дара кәсіпкерлерге - екі жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ақпаратты, есепті, хабарламаны табыс ету міндетін қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің шектеулерді

сақтамауы, сол сияқты табиғи монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы -

дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, табыс (түсім) алуға әкеп соққан іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) деп табиғи монополия субъектісі алған табыс (түсім) пен табиғи монополия субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаған кезде алуға тиіс табыс (түсім) арасындағы айырма түсініледі.

**Ескерту. 147-5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**147-6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**147-6-бап. Электр энергиясын өткізу (сату) тәртібін бұзу**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**1-бөлікке өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Спот-сауда-саттықта (өздері өндіретін электр энергиясы көлемінің он процентінен аспайтын), теңгерімдеуші нарықта және экспортқа өткізу (сату) жағдайларын қоспағанда, энергия өндіруші ұйымның электр энергиясының тиісінше шекті, жеке, есептік тарифінен асатын тариф бойынша электр энергиясын өткізуі (сатуы) -

заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**147-6-бапты 1-1-бөлікпен толықтыру көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

2. Электр энергиясын экспорттаған жағдайды қоспағанда, энергия өндіруші ұйымның көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығының субъектілері болып табылмайтын жеке және заңды тұлғаларға электр энергиясын өткізуі (сатуы) -

заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2-1. Энергия өндіруші ұйымның энергия өндіруші басқа ұйымнан электр энергиясын заңсыз алуы (сатып алуы) - орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған (сатып алынған) электр энергиясы үшін ақы төлеу сомасының жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

147-6-бапты 2-2, 2-3-бөліктермен толықтыру көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымға электр энергиясын заңсыз өткізуі (сатуы), сол сияқты энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымнан оны заңсыз алуы (сатып алуы), - заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде өткізілген (сатылған), сол сияқты алынған (сатып алынған) электр энергиясы үшін ақы төлеу сомасының жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертулер. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) деп мыналар түсініледі:

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы абзацқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

осы баптың бірінші бөлігі бойынша: осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, энергия өндіруші ұйымның алған табысы (түсімі) мен электр энергиясының тиісінше шекті, есептік, жеке тарифі бойынша есептелген табыс (түсім) арасындағы айырма;

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы абзацқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

осы баптың екінші бөліктері бойынша: Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген электр энергиясын өткізуге (сатуға) тыйым салуды бұзу нәтижесінде алынған барлық табыс (түсім).

Табыс (түсім) құрамына өткізілген (сатылған), бірақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған күнге ақысы төленбеген электр энергиясының құнын да енгізу керек.

Ескерту. 147-6-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 147-7-бап. Реттелетін нарық субъектілерінің міндеттерді бұзуы

1. Реттелетін нарық субъектісінің баға деңгейін растайтын негіздемелік материалдарды қоса бере отырып босату бағалары туралы ақпаратты, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікті, сондай-ақ монополиялы өндірілетін ( өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өндіру ( өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі мен босату бағалары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпеуі, сол сияқты табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға дұрыс емес және (немесе) толық емес ақпаратты т а б ы с е т у і -

дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

1-1. Реттелетін нарық субъектілерінің шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындамауы - дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған соманың он пайызы мөлшерінде ай ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

1-2. Реттелетін нарық субъектілерінің алынған және шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған табысты (түсімді) тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету арқылы қайтару жөніндегі м і н д е т т е р д і о р ы н д а м а у ы -

дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) сомасының жүз пайызы мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

1-3. Реттелетін нарық субъектілерінің шекті бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде алынған табысты (түсімді) тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету арқылы қайтару жөніндегі м і н д е т т е р д і о р ы н д а м а у ы -

дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) сомасының жүз пайызы мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Реттелетін нарық субъектісінің бағалардың алдағы көтерілетіні туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынбай тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын көтеруі және оларды өткізуі, сол сияқты табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған баға деңгейіне дейін Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қолданыстағы немесе жобаланған бағаны түсірмеуі -

дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертулер.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) деп мыналар:

осы баптың 1-2-бөлігі бойынша: реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыру үшін шекті бағаны қолдану есебінен алған табысы (түсімі) мен инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылған табыстың (түсімнің) арасындағы айырма;

осы баптың 1-3-бөлігі бойынша: реттелетін нарық субъектісінің алған табысы (түсімі) мен шекті баға деңгейін негізге ала отырып қалыптастырылған табыстың (түсімнің) арасындағы айырма;

осы баптың екінші бөлігі бойынша: реттелетін нарық субъектісінің алған табысы (түсімі) мен бағаны көтергенге дейін қолданыста болған баға бойынша не табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган деңгейін айқындаған баға бойынша есептелген табыстың (түсімнің) арасындағы айырма түсініледі.

Табыстың (түсімнің) құрамына сатылған, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған күнге ақысы төленбеген тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құнын да енгізу қажет.

Ескерту. 147-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**147-8-бап. Реттелетін нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін сақтамауы**

Реттелетін нарық субъектісінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген баға белгілеу тәртібін сақтамауы - дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 147-8-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

147-9-бапты алып тастау көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2017.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **147-9-бап. Энергия өндіруші ұйымның инвестициялық бағдарламаны орындамауы**

Энергия өндіруші ұйымның табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган енгізген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы нұсқаманы орындамауы - тұтынушылардан алынған және инвестициялық бағдарламаны іске асыру мақсатында пайдаланылмаған сомалардың он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 147-9-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **147-10-бап. Қазақстан Республикасының биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасын бұзу**

1. Биоотын өндірушілердің кейіннен биоотын етіп қайта өңдеу үшін тамақ шикізатын сатып алуға арналған квоталар нормаларын асырып жіберуі – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – асырып жіберілген квота мөлшерінде тамақ шикізатынан өндірілген өнім тәркілене отырып және биоотынды өндіру жөніндегі қызметпен айналысу әрекеті алты айға дейінгі мерзімге тоқтататыла тұрып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың сегіз жүз жиырма

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Биоотынды өндіру кезінде 1 және 2-сыныпты бидайды тамақ шикізаты ретінде пайдалану –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Құрамы техникалық регламенттермен белгіленген құрамға сәйкес келмейтін биоотынды сату –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Денатуратталмаған биоэтанолды, оны биоотын өндіру зауытына немесе биоотынның басқа түріне қайта өңдеу үшін мұнай өңдеу зауытына жеткізу жағдайларын қоспағанда, айналымға шығару –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Белгілі бір биоотын өндіру зауытында екі және одан да көп биоотын өндірушілердің биоотын өндіруді жүзеге асыруы –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Биоотын өндірушілердің биоотынды өндіріс паспортсыз, биоотын өндірісінің көлемін есепке алуды бақылау аспаптарынсыз не олардың бұзылып тұрған уақытында өндіруі –

осы кезеңде өндірілген өнім тәркілене отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Биоотын өндірушілердің генетикалық жағынан түрлендірілген көз (объекті) болып табылатын немесе генетикалық жағынан түрлендірілген көздерді (объектілерді) қамтитын тамақ шикізатын олардың қауіпсіздігін ғылыми тұрғыдан негізделген растаусыз және мемлекеттік тіркеуден өткізусіз қабылдауы –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды

тұлғаларға – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға тоғыз жүз қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Биоотын өндірушілердің биоотынды ілеспе жүкқұжаттарын ресімдемей сатуы –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Биоотын өндірушілердің, тиісті құжаттары бар кезде биоотынды экспорттауын қоспағанда, биоотын өндіруді жүзеге асырмайтын және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуге лицензиясы жоқ тұлғаларға биоотынды сатуы –

биоотынның сатылған партиясына тең көлемін тәркілей отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға тоғыз жүз тоқсан айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Биоотын өндірушілердің, тиісті құжаттары бар кезде биоотынды экспорттауды қоспағанда, өндірілген биоотынды биоотын нарығының қатысушылары болып табылмайтын тұлғаларға оны сақтау үшін беруі –

биоотынның сатылған партиясына тең көлемін тәркілей отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүз алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Тиісті құжаттары бар кезде биоотынды экспорттауды қоспағанда, биоотын нарығының қатысушылары болып табылмайтын және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуге лицензиясы жоқ тұлғалардың биоотынды сақтауы –

биоотынның сатылған партиясына тең көлемін тәркілей отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Осы баптың жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

биоотынның тиісті көлемін тәркілей отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



14. Осы баптың он екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Кодекс 147-10-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.15 № 352-IV ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **147-11-бап. Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасының талаптарын бұзу**

1. Газбен жабдықтау жүйелері субъектісінің тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу жөніндегі мәліметтерді табыс етпеуі, сол сияқты мәліметтерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып табыс етуі – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасында белгіленген газбен жабдықтау жүйелері объектілерін пайдалану жөніндегі шектеулерді сақтамау, – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасында белгіленген тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын есепке алу және (немесе) өткізу тәртібін бұзу, – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Шикі және (немесе) тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын жер қойнауын пайдаланушының бұзуы – заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

5. Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық

газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға мемлекеттің басым құқығын газбен жабдықтау жүйелері объектісі меншік иесінің бұзуы – заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

6. Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін пайдаланудың белгіленген технологиялық режимдерін тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі субъектілерінің сақтамауы – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

7. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, кіріс (түсім) алуға әкеп соққан іс-әрекет , – аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып не одан айырып, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістің (түсімнің) отыз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

8. Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бұзу – аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

9. Өтініш берушінің аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде көрінеу анық емес ақпарат беруі, сол сияқты осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру туралы мерзім өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соқтырған аккредиттеу қағидаларын бұзушылықтарды жоймау – аккредиттеу туралы куәліктен айыра отырып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескертпе. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кіріс (түсім) деп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алған кіріс (түсім) пен дара кәсіпкер немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаған кезде алуға тиіс болған кіріс (түсім)

арасындағы

айырма

түсініледі.

Ескерту. Кодекс 147-11-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.09 N 533-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**147-12-бап. Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін, тауарлық және сұйытылған мұнай газын өткізудің шекті бағаларын асырып жіберу**

1. Мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілердің Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізудің шекті бағасынан асырып жіберуі, - дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асырушы тұлғалардың газ және газбен жабдықтау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген көтерме саудада өткізудің шекті бағасын асырып жіберуі, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып не одан айырып, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістің (түсімнің) жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кіріс (түсім) деп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алған кіріс (түсім) пен Қазақстан Республикасының заңнамасы сақталған кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алуға тиіс болған кіріс (түсім) арасындағы айырма түсініледі.

Ескерту. Кодекс 147-12-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.09 N 533-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

**147-13-бап. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзу**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**1-бөлік 2017.01.01 дейін қолданыста болады - ҚР 2012.07.04 № 25-V Заңымен**

1. Энергия өндіруші ұйымның Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделген инвестициялардың көлемі мен бағыттары не инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламауы,

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**2-бөлік 2017.01.01 дейін қолданыста болады - ҚР 2012.07.04 № 25-V Заңымен**

2. Энергия өндіруші ұйымның Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделген электр энергиясын өндіру мен өткізу шығындары бойынша және электр энергиясын өндіру мен өткізу көлемі бойынша есепті ұсынбауы, уақтылы, дұрыс немесе толық ұсынбауы,

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Энергия өндіруші ұйымның мемлекеттік органдар сұратқан, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынбауы, уақтылы, дұрыс немесе толық ұсынбауы,

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**4-бөлік 2017.01.01 дейін қолданыста болады - ҚР 2012.07.04 № 25-V Заңымен**

4. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, энергия өндіруші ұйымның келісімде айқындалған инвестициялық міндеттемелерді орындамауы,

орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға келісімде көзделген инвестициялық міндеттемелерді іске асыруға пайдаланылмаған соманың он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның тұтынушыларға электр энергиясын беруді заңсыз шектеуі және (немесе) ажыратуы, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның тұтынушымен энергиямен жабдықтаудың жеке шартын жасасудан бас тартуы, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 14-тарау 147-13-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.04 № 25-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**1 4 8 - б а п .** < \* >

Ескерту. 148-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**1 4 9 - б а п .** < \* >

Ескерту. 149-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**1 5 0 - б а п .** < \* >

Ескерту. 150-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **151-бап. Лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы**

Қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың қызметіне заңсыз араласуы, олардың кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіретін заңсыз актілер шығару және заңсыз тапсырмалар беру арқылы араласуы, - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 151-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**151-1-бап. Кәсіпқой спорт жарыстарының және коммерциялық ойын-сауық конкурстарының қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу**

1. Спортшыларды, спорт судьяларын, жаттықтырушыларды, команда басшыларын және кәсіпқой спорт жарыстарының басқа да қатысушыларын немесе ұйымдастырушыларын, сол сияқты коммерциялық ойын-сауық конкурстарының ұйымдастырушыларын немесе жюри мүшелерін осы жарыстардың немесе конкурстардың нәтижелеріне ықпал ету мақсатында сатып алу

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

3. Спортшылардың өздеріне жарыс нәтижелеріне ықпал ету мақсатында берілген ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз алуы, сол сияқты спортшылардың дәл сол мақсаттарда өздеріне ұсынылған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз пайдалануы –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

4. Спорт судьяларының, жаттықтырушылардың, команда басшыларының және кәсіпқой спорт жарыстарының басқа да қатысушыларының немесе ұйымдастырушыларының, сол сияқты коммерциялық ойын-сауық конкурстары ұйымдастырушыларының немесе жюри мүшелерінің осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарда ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз алуы, мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз пайдалануы – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 151-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **1 5 2 - б а п .                    < \* >**

**Ескерту. 152-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **153-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу, оның і ш і н д е :

- 1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;
- 2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) тексеру жүргізу туралы хабарлау мерзімдерін сақтамау;

4) егер Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптар мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, осындай талаптардың орындалуын тексеру;

6) өнім үлгілеріне, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамаларына зерттеу, сынау, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілердің, сынамалардың белгіленген нысан бойынша және (немесе) ұлттық стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеп алу қағидаларында және олардың зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар қолданысқа енетін күнге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормадан асатын санда іріктеп алынуы туралы хаттамаларды ресімдемей, оларды іріктеп алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария ету және (немесе) тарату;

8) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кету;

9) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 7-тармағы 2), 4), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезеңде бұрын тексеру жүргізілген жеке немесе заңды тұлғаға қатысты көрінеу қайта тексеру жүргізу;

10) мемлекеттік бақылау мақсатында шығынды сипаттағы іс-шараларды жеке кәсіпкерлік субъектілерінің есебінен жүргізу;

11) жоспарлы тексеруді тағайындау кезінде алдыңғы тексеруге қатысты уақыт аралығын бұзу;

12) тексерілетін субъектіге тексеру актісін ұсынбау, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші тармағында көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 153-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N**

31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **154-бап. Жалған кәсіпкерлік**

1. Жалған кәсіпкерлік, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жеке кәсіпкерлік субъектісін құру не басқа заңды тұлғалардың өз шешімдерін айқындау құқығын беретін акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) сатып алу, сол сияқты оларға басшылық ету, егер жасалған барлық мәмілелер құқыққа қарсы мақсаттарды көздеген, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаған жағдайда, -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – келтірілген залал сомасының отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – келтірілген залал сомасының елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта және осы Кодекстің 154-1-бабында құқыққа қарсы мақсаттарды көздейтін мәмілелерге кредиттерді заңсыз алуға, салық төлеуден жалтаруға, тыйым салынған қызметті жасыруға, табыстарды заңсыз алуға және (немесе) өзге де мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға жәрдемдесу жатады.

Ескерту. 154-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **154-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәміле (мәмілелер) жасасуы**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп жібермей, құқыққа қарсы мақсаттарды көздеген мәміле (мәмілелер) жасасуы (оның ішінде шот-фактураны пайдалану арқылы жасасуы), егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері б о л м а с а , -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – келтірілген залал сомасының он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу



пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – келтірілген залал сомасының отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 154-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **155-бап. Оңалту және банкроттық кезіндегі заңсыз әрекеттер**

1. Мүлікті және мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның көлемі, тұрған орны туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті басқа адамның иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты экономикалық қызметті көрсететін бухгалтерлік және өзге де есептік құжаттарды ұсынбау, жасыру, жою, бұрмалау, оларды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдамау, егер бұл әрекеттер (әрекетсіздік) оңалту немесе банкроттық кезінде немесе банкрот болатынын алдын ала білген кезде жасалса және қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - жеке немесе лауазымды тұлғаларға – сексен, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өзінің іс жүзіндегі дәрменсіздігін (банкроттығын) білетін борышкердің лауазымды адамының, борышкер мүлкінің меншік иесінің немесе дара кәсіпкердің, сондай-ақ банкроттық рәсімі немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару функциялары берілген тұлғаның басқа кредиторларға залал келтіретінін біле тұра жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын заңсыз қанағаттандыруы, сол сияқты дәрменсіз борышкердің басқа кредиторларға залал келтіре отырып, өзіне артықшылық жасағанын білетін кредитордың мұндай қанағаттандыруды қабылдауы, егер мұндай әрекеттер ірі залал келтірмесе, -

жеке, лауазымды тұлғаларға – бір жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, коммерциялық емес ұйымдарға – алты жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 155-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**155-1-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын уақытша басқарушының бұзуы**

1. Сотқа борышкердің қаржылық жағдайы туралы қорытынды беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Банкроттың мүліктік массасына түгендеу жүргізу және (немесе) түгендеу жөніндегі есеп беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
3. Банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін оған жіберу міндетін орындамау не тиісінше орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
4. Сот талқылауы кезеңінде борышкердің мүлкі мен активтерін меншік иесінің, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шығарып әкетуін болғызбау мақсатында борышкердің активтерін бақылауды қамтамасыз етпеу – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
5. Оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға белгіленген нысандағы банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
6. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген талаптарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім туралы кредиторларды уақтылы хабардар етпеу – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
7. Кредиторлар жиналысының өтетін күні, уақыты мен орны туралы кредиторларға хабарлау міндетін орындамау не тиісінше орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
8. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама орналастыру тәртібін бұзу – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
9. Борышкердің өзінің шеттетілген лауазымды тұлғаларынан құрылтайшылық, қаржылық, құқық белгілейтін және өзге де құжаттары мен мөрін қабылдау, сол сияқты шеттетілген лауазымды адамдарының аталған құжаттар мен мөрлерді уақытша басқарушыға беруі бөлігінде сот шешімін орындау бойынша атқару

парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгіну міндетін орындамау не тиісінше о р ы н д а м а у –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұйғарым, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарған не борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайда өкілеттіктерді уақытша басқарушыдан банкроттықты басқарушыға немесе борышкерге беру кезінде, уақытша басқарушыны ауыстыру, сондай-ақ банкроттық рәсімін қозғамай-ақ таратуды жүргізуді оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға жүктеу кезінде борышкердің құрылтайшылық құжаттарын, есептік құжаттамасын, мөрлерін, мөртабандарын, материалдық және өзге де құндылықтарын беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Кредитордың және борышкер мүлкінің меншік иесінің жазбаша сұрау салуы негізінде ақпарат ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді келісу туралы борышкердің өтінішін қарау міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Банкроттың тез бұзылатын мүлкін оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның келісімінсіз сатуды жүзеге асыру – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Осы баптың бірінші - он төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 155-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**155-2-бап. Көпшілік сауда-саттықтар, аукциондар мен конкурстар өткізудің белгіленген тәртібін қасақана бұзу**

Мүлік иесіне, сауда-саттықтарды немесе аукциондарды ұйымдастырушыға, сатып алушыға немесе өзге де шаруашылық жүргізуші субъектіге ірі зиян

келтіріп, көпшілік сауда-саттықтар, аукциондар немесе конкурстар өткізу тәртібін қасақана бұзу –

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомаға жеке тұлғаға келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомаға ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал ірі залал деп танылады.

**Ескерту. 14-тарау 155-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **155-3-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын банкроттықты басқарушының бұзуы**

1. Түгендеу жүргізу және (немесе) кредиторлар жиналысына түгендеу жөніндегі есеп ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банкроттың мүлкін күзетуді және бақылауды қамтамасыз ету міндетін орындамау не тиісінше орындамау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, банкрот алдында берешегі бар адамдардан берешекті өндіріп алу туралы талаптар қою міндетін орындамау не тиісінше орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы ақпаратты беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банкроттық рәсімінде кредиторлар жиналысының өткізілу күні, уақыты мен орны туралы кредиторды хабардар етпеу не тиісінше хабардар етпеу – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламаны орналастыру тәртібін бұзу – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Сату жоспарын жасау тәртібін бұзу не банкроттың мүлкін (активтерін) сату жоспарын бұза отырып борышкердің мүлкін сату – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Кредиторлар жиналысы есеп айырысуға көшу туралы шешім

кабылдағаннан кейін кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру міндетін орындамау не тиісінше орындамау, сол сияқты кредиторлармен есеп айырысуды кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібін бұза  
о т ы р ы п ж ү р г і з у –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Әдейі және (немесе) жалған банкроттық белгілері анықталған жағдайларда құқық қорғау органдарына ақпаратты хабарламау –  
елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Борышкердің немесе ол уәкілеттік берген адамның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды бұза отырып жасаған мәмілелерін анықтау міндеттерін орындамау не тиісінше орындамау және оларды жарамсыз деп тану не мүлікті сот тәртібімен банкроттың мүліктік массасына қайтару туралы талаптарды қоймау –  
елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Әкімшілік шығыстар сметасында көзделген ақшалай қаражатты асыра жұмсау не мақсатқа сай пайдаланбау –  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Банкроттықты басқарушыны шеттету (босату) немесе борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күшін жою кезінде борышкердің құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мөрлерін, мөртабандарын, материалдық және өзге де құндылықтарын жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға немесе борышкерге беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау –  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Сотқа қорытынды есепті ұсынбау, уақтылы ұсынбау не Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін қорытынды есепті ұсыну –  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сұратылған ақпаратты оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау –  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Кредитордың жазбаша сұрау салуы негізінде банкроттық рәсімдердің жүзеге асырылу барысы туралы хабарламаны оған хабарламау не уақтылы хабарламау –  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

16. Кредиторлар комитетінің шешімі негізінде кредиторға талаптарды есепке жатқызу туралы уақтылы мәлімдемеу –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

17. Мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан банкрот, оған тиесілі (тиесілі болған) мүлік туралы ақпаратты және растайтын құжаттардың көшірмелерін талап ету міндетін орындамау не тиісінше орындамау - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

18. Борышкердің лауазымды тұлғаларының кінәлары анықталған жағдайда залалды (субсидиялық жауаптылықты) өндіріп алу (өтету) туралы сотқа талаптар қ о й м а у -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

19. Егер банкроттықты басқарушымен келісімде өзгеше көзделмесе, банкрот пен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын сот актісінің көшірмесін оның шағымдану мәселесін қарау үшін кредиторлар комитетіне ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

20. Уақытша басқарушыдан банкроттың мүлкіне құрылтай, қаржылық және құқық белгілейтін құжаттарды, банкроттың мөрі мен мүлкін қабылдау міндетін орындамау не тиісінше орындамау -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

21. Банкроттың банктік шотының уақтылы жабылмауы, салық органына салық төлеуші куәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою куәлігінің бланктерін (олар болған кезде) тапсырмау, банкроттың мөрін жою - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

22. Осы баптың бірінші - жиырма бірінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған әрекеттер ( ә р е к е т с і з д і к ) -

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 155-3-баппен толықтырылды - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**155-4-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын уақытша әкімшінің бұзуы**

1. Оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастыру үшін оңалту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды оған жіберу міндетін орындамау не тиісінше орындамау - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

т ә р т і б і н

б ұ з у

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Оңалту жоспарының тиімділігі туралы қорытындыны сотқа жіберу міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді келісу туралы борышкердің өтінішін бес жұмыс күні ішінде қарау міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сұратылатын ақпаратты оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Кредиторлардың талаптарын қарау және оларға қарау нәтижелерін жеткізу міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Кредиторлар жиналысын өткізу орны мен күні туралы кредиторларға хабарлау міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Кредиторлармен оңалту жоспары келісілмеген және (немесе) оңалту жоспары «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде сотқа ұсынылмаған жағдайда оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа өтініш беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Осы баптың бірінші - сегізінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған әрекеттер (әрекетсіздік)

–

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 155-4-баппен толықтырылды - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**155-5-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын оңалтуды басқарушының бұзуы**

1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламаны орналастыру тәртібін бұзу –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кредиторлар комитетімен оңалту рәсімінде жасасқан келісімнің шарттарын

о р ы н д а м а у , —

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Борышкердің мүлкін басқаруға және оның күзетілуін қамтамасыз етуге қабылдау міндетін орындамау не тиісінше орындамау —

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Оңалту жоспарын орындамау не тиісінше орындамау —

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы ақпаратты ұсыну міндетін орындамау не тиісінше орындамау —

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Оңалту рәсімінде кредиторлар жиналысының өтетін күні, уақыты мен орны туралы кредиторды хабардар етпеу не тиісінше хабардар етпеу —

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Оңалтуды басқарушы шеттетілген (босатылған) немесе ауыстырылған кезде тағайындалған оңалтуды басқарушыға борышкердің құрылтайшы, қаржылық, құқық белгілейтін және өзге де құжаттары мен мөрін беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау —

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Оңалту рәсімінде кредиторлар жиналысының келісуінсіз оңалту жоспарында көзделмеген кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс м ә м і л е л е р д і ж а с а у —

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Сотқа қорытынды есепті ұсынбау, уақтылы ұсынбау не Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін қорытынды есепті ұсыну —

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Борышкерді төлем қабілетсіздігіне әдейі жеткізу белгілерінің бар екенін (жоқ екенін) анықтау және белгілер болған кезде құқық қорғау органдарына процестік шешімдер қабылдау үшін өтініш жолдау міндетін орындамау не т и і с і н ш е о р ы н д а м а у —

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Кредитордың жазбаша сұрау салуы негізінде оған борышкер қызметінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты ұсыну міндетін орындамау не т и і с і н ш е о р ы н д а м а у —

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сұратылатын ақпаратты оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға ұсыну міндетін орындамау не т и і с і н ш е о р ы н д а м а у —



отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтінішхатты сотқа жіберу міндетін орындамау не тиісінше орындамау – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы сотқа уақтылы жүгінбеу – отыз айлық көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Кредиторлар комитеті мүшелерінің назарына қаржылық жағдай туралы, кредиторлар комитетіне кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жасалған мәмілелер туралы ақпаратты жеткізу міндетін орындамау не тиісінше орындамау –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

16. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды бұза отырып борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасасқан мәмілелерді анықтау міндетін орындамау не тиісінше орындамау және оларды жарамсыз деп тану не мүлікті сот тәртібімен қайтару туралы талаптарды бермеу – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

17. Оңалту жоспарында көзделмеген әрекеттерді олар жасалғанға дейін кредиторлар жиналысымен келіспеу –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

18. Егер оңалту рәсімін қолданудан кейін пайда болған, борышкердің кредиторлық берешегінің жалпы сомасы оңалту рәсімін енгізген кездегі кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асатын болса, кредиторлық берешекті ұлғайтуға әкеп соғатын мәмілелерді кредиторлар жиналысының мақұлдауынсыз жасау –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

19. Осы баптың бірінші – он сегізінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 155-5-баппен толықтырылды - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **156-бап. Әдейі банкроттық**

Әдейі банкроттық, яғни заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің жеке мүдделері немесе өзге де адамдардың мүдделері үшін жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде төлем қабілетсіздігін қасақана жасау немесе ұлғайту, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаса,

—  
лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 156-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **157-бап. Жалған банкроттық**

Жалған банкроттық, яғни заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты жеке кәсіпкердің кредит берушіге тиесілі төлемдерді кейінге қалдыруды немесе ұзартуды немесе борыштардан шегерім жасатқызу үшін кредит берушілерді адастыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлауы, сол сияқты борыштарын төлемеуі, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері б о л м а с а , -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жетпіс, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 157-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **157-1-бап. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын бұзу**

1. Бағалаушының мүлікті бағалау туралы бұрыс есеп жасауы, сол сияқты Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасында тыйым салынған жағдайларда мүлікті бағалауды жүзеге асыруы, –

бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, дара кәсіпкерлерге – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,-

бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге – жетпіс, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға – тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. Кодекс 157-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.11.09 N 197-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-б. қараңыз. 2009.11.13 жарияланды) Заңымен.**

**158-бап. Коммерциялық құпияны , банк құпиясын, кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтерін немесе ақпаратты сақтау міндеттерін бұзу**

Коммерциялық құпия, банк құпиясы, не кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтері немесе ақпарат бар мәліметтерді сақтау міндеттерін, ол кәсіптік немесе қызметтік міндетіне байланысты өзіне мәлім болған адамның олардың иелерінің келісімінсіз бұзуы, егер онда қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

1. Меншік иесіне немесе заң актілеріне сәйкес осындай мәліметтерді алу құқығы бар адамдарға олардың заңды талабы бойынша коммерциялық құпия, банк құпиясы, не кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтері немесе ақпарат бар мәліметтерді берген жағдайда тұлға жауапты болмайды.

2. Осы бапта көзделген әрекетті жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту, залал келтірілген ұйымның, меншік иесінің немесе жеке кәсіпкердің арызы б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 158-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , 2004.07.06. N 572, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**158-1-бап. Сақтандыру құпиясын сақтау міндетін бұзу**

Сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін, олар өзінің кәсіби немесе қызметтік міндетіне байланысты белгілі болған адамның олардың иесінің к е л і с і м і н с і з б ұ з у ы , -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 158-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10. N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді); өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **158-2-бап. Зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау міндетін бұзу**

Зейнетақы жинақтарының құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін кәсіптік немесе қызметтік әрекетіне байланысты адамның өзіне мәлім болған осы мәліметтерді олардың иесінің келісімінсіз бұзуы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 158-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **158-3-бап. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасын бұзу**

1. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристерге саяхаттың ерекшеліктері, туристік қызметтер ұсыну ережелерінде көрсетілген саяхат жасау кезінде оларға тап болуы мүмкін қауіптер туралы мәлімет ұсынбауы, уақтылы немесе толық ұсынбауы не туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырмауы -

дара кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристік қызмет көрсетуге жазбаша шарт жасаспай туристік қызметтерді көрсетуі - лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған іс-әрекеттер ( ә р е к е т с і з д і к ) -

лицензиясынан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделі мемлекеттік органдарға және туристің отбасына саяхат кезінде туристердің төтенше жағдайға ұшырағаны туралы ақпарат ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы - лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға -

елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) - лицензиясынан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге - елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 158-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 59-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**158-4-бап. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпаратты ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау**

Егер оны ұсыну заңда көзделген жағдайда, сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпаратты ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау, - лауазымды адамдарға – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 14-тарау 158-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.11 № 385-IV ( ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**158-5-бап. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін ірі кәсіпкерлік субъектісінің бұзуы, - лауазымды адамдарға - отыз, заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер (әрекетсіздік), – лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 14-тарау 158-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.02.10 N 406-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**15-тарау. САУДА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

## **159-бап. Тұтынушыларды алдау**

1. Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, таразыдан жеуі, кем есептеуі, тауардың (көрсетілетін қызметтердің) тұтыну қасиеттеріне немесе сапасына қатысты жаңылыстыруы немесе тұтынушыларды өзгедей алдауы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып және үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, елеулі залал келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып не үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ірі залал келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып не үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің отыздан бір жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапқа қатысты бір айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы залал – елеулі мөлшердегі залал деп, кемінде үш айлық есептік көрсеткіш сомасындағы залал ірі мөлшердегі залал деп танылады.

**Ескерту. 159-бап жана редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **160-бап. Қару-жарақ пен оқ-дәрі сату тәртібін бұзу**

1. Сауда ұйымдары қызметкерлерінің тиісті рұқсаты жоқ жеке тұлғаларға, ұйымдарға қару-жарақ пен оның оқ-дәрісін сатуы, - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а                                      ә к е п                                      с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің елуден сексенге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а                                      ә к е п                                      с о ғ а д ы .

3. Сауда ұйымдары қызметкерлерінің арнайы жедел-іздігі іс-шараларын жүргізу үшін арнайы техникалық құралдарды және ақпаратты қорғаудың криптографикалық құралдарын, жедел-іздігі қызметін жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарды қоспағанда, тиісті рұқсаты жоқ жеке тұлғаларға, ұйымдарға сатуы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а                                      ә к е п                                      с о ғ а д ы .

**Ескерту. 160-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **161-бап. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Сатып алушының өтініші бойынша тауар, оның шығарылған жері, дайындаушылары, тұтыну қасиеттері, кепілдік берілген міндеттемелер және талап қою тәртібі туралы қажетті ақпарат бермеу, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. **Алып тасталды - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

3. **Алып тасталды - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

4. Тауарлардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәландыратын ресми құжатты құқыққа қайшы пайдалану, -

тауарлары тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен жетіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың бірінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (

әрекетсіздіктер),

тауарлары тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 161-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**161-1-бап. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас тарту**

1. Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) кезінде төлемдерді қабылдауға міндетті дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның оларды төлем карточкаларын пайдалана отырып, қабылдаудан бас тартуы - дара кәсіпкерлерге – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - дара кәсіпкерлерге – қырық, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 161-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.10.21 N 80 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.06.21 N 19-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**161-2-бап. Дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (қондырғының) болмауы**

1. Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада оларды төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асыруға



арналған жабдықтың (қондырғының) болмауы - дара кәсіпкерлерге – қырық, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - дара кәсіпкерлерге – сексен, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 15-тарау 161-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.06.21 N 19-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **162-бап. Тауарлармен немесе өзге де заттармен заңсыз сауда жасау**

Еркін сауда жасауға заңдармен тыйым салынған немесе шектелген тауарлармен және өзге де заттармен заңсыз сауда жасау, - аталған тауарларды немесе заттарды өтемін төлеп алып қоя отырып, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 162-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **163-бап. Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасын бұзу**

1. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы бойынша декларациялар тапсыру қағидаларын, этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу және пайдалану қағидаларын бұзу, сол сияқты этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы бойынша декларацияларды, сондай-ақ этил спирті мен алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды тапсырмау -

жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – бір жүз,

ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымы және олардың орнын өзгерту ш а р т т а р ы н :

алкоголь өнімін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген орындардан тыс жерлерде сақтау және өткізу;

аралас полимер ыдыстағы, оның ішінде полиэтиленмен қапталған картон орамдағы және картон қорабына салынған, фольгаланған полиэтилен пакетіндегі, сол сияқты лас, майысқан, анық сынық белгілері, зақымдалған тығыны бар шөлмектердегі, сондай-ақ тұтасымен тұнық емес, жат қоспалары, түбінде тұнбасы бар (коллекциялық шараптардан басқа) алкоголь өнімінің айналымы;

алкоголь өнімінің (сырадан және күштілігі он екі пайызға жетпейтін, градусы төмен ликер-арақ бұйымдарынан басқасының) қаңылтыр ыдыстағы, этикеткасы жоқ шөлмектердегі және пластикалық сауыттардағы айналымы;

арақтарды және айрықша арақтарды, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ең төмен бөлшек сауда бағасынан арзанға бөлшек саудада өткізу;

екі және одан да көп лицензиаттың алкоголь өнімін бір қойма үй-жайында сақтауы және көтерме саудада өткізуі;

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Абзац көзделген - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

ілеспе жүкқұжаттары болмастан этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымы және олардың орнын өзгерту түрінде бұзу –

құқық бұзушылықтың тікелей нысанасы болған акцизделетін тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

құқық бұзушылықтың тікелей нысанасы болған акцизделетін тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға – бір жүз қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіру шарттарын: өндірушінің өндіріс паспортына енгізілген өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпаратты жазбаша түрде өндіріс паспортына өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күнге дейін бермеуі;

**РҚАО - ның ескертпесі!**

**Осы абзац 01.01.2016 дейін қолданыста болады - ҚР 18.06.2014 № 210-V**

**З а ң ы м е н .**

этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін (қос тотықты көміртегімен қанықтырылғанынан басқа) спирт өлшейтін аппараттарсыз және (немесе) есепке алудың бақылау аспаптарысыз не өндіру көлемдері туралы ақпаратты уәкілетті органға автоматты түрде беруді жүзеге асырмайтын спирт өлшейтін аппараттармен және (немесе) есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіру;

**РҚАО - ның ескертпесі!**

**Осы абзац 01.01.2016 дейін қолданыста болады - ҚР 18.06.2014 № 210-V**

**З а ң ы м е н .**

этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін (қос тотықты көміртегімен қанықтырылғанынан басқа) ақаулы, сол сияқты есепке алуда нормативтен тыс ауытқулары бар спирт өлшейтін аппараттармен және (немесе) есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіру;

екі және одан да көп лицензиаттың бір ғана стационарлық үй-жайда және бір ғана жабдықпен этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруі түрінде бұзуы –

тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, лауазымды адамдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – тоғыз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің және олардың айналымының шарттарын:

осындай қызмет бойынша лицензия қолданысы тоқтатыла тұрған кезеңде қызметті жүзеге асыру;

тағамдық емес шикізаттан өндірілген этил спиртінен алкоголь өнімін өндіру

тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, лауазымды адамдарға – бір жүз жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**163-бапқа 8, 9, 10, 11-тармақтар көзделген - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

12. Алкоголь өнімін денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында сақтау және өткізу – лицензияның қолданысын тоқтата тұруға әкеп соғады.

13. Осы баптың он екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – лицензиядан айыруға әкеп соғады.

**Ескерту. 163-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **163-1-бап. Темекі бұйымының маркасын пайдалану**

1. Темекі бұйымдарының өздерін немесе темекі бұйымы сатылатын немесе тасымалданатын кез келген қорапты, қаптаманы қоспағанда, өзінде темекі бұйымының маркасы бар кез келген тауарларды қасақана тарату, көрмеге қою, с а т у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 163-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**163-2-бап. Заңнаманың темекі және темекі бұйымдары туралы ақпарат жөніндегі талаптарын бұзу**

1. Заңнаманың темекі және темекі бұйымдары туралы ақпарат жөніндегі талаптарын бұзу,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 163-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.06.19 N 264 Заңымен.

**163-3-бап. Қазақстан Республикасы заңнамасының темекі және темекі бұйымдарын сату жөніндегі, сондай-ақ темекі бұйымдарын имитациялайтын тауарларды өндіру, сату және тарату жөніндегі талаптарын бұзу**

1. Осы Кодекстің 114-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының темекі және темекі бұйымдарын сату жөніндегі талаптарын бұзу,

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,

жеке тұлғаларға - он, қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып, дара кәсіпкерлерге - отыз бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға тоқсан айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Темекі бұйымдарын имитациялайтын тауарларды өндіру, сату, тарату, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - үш, дара кәсіпкерлерге - бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сегіз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге - сегіз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 163-3-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.16. N 186-IV Заңымен.**

**163-4-бап. Қазақстан Республикасы заңнамасының алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізу жөніндегі талаптарын бұзу**

1. Жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізу

тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, жеке тұлғаларға – он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – бір жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін бөлшек саудада: сағат 23-тен келесі күнгі 8-ге дейін; этил спиртінің отыз пайыздан асатын көлемдік үлесімен сағат 21-ден келесі күнгі 12-ге дейін өткізу

тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз жиырма

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – бір жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 15-тарау 163-4-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.16 N 186-IV; жаңа редакцияда - ҚР 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **163-5-бап. Тауарлардың сауда желілеріне немесе ірі сауда объектілеріне жетуін шектеу**

1. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асырушы сауда қызметі субъектілерінің тауарларды беру туралы шарт жасасудан негізсіз бас тартуы не көрінеу кемсітушілік сипаттағы шарт жасасудан көрінетін және:

1) сауда қызметі субъектісіне осындай қызметті жүзеге асыратын басқа да сауда қызметі субъектілерімен, сондай-ақ осындай немесе өзге де талаптар бойынша басқа да сауда қызметі субъектілерімен тауарлар беру шарттарын жасасуға тыйым салу туралы;

2) тауарлар беруді жүзеге асырушы сауда қызметі субъектісінен осындай қызметті жүзеге асыратын басқа да сауда қызметі субъектілерімен жасасқан шарттары туралы мәліметтер беруін талап ету туралы шарттармен тауарлардың сауда желілеріне немесе ірі сауда объектілеріне жетуін шектеуі, – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 15-тарау 163-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **163-6-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерден асуы**

1. Сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауда қызметі субъектілерінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларын мөлшерден асыруы, – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған іс-әрекеттер, – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 15-тарау 163-6-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **164-бап. Тауарларды құжаттарсыз сату**

1. Осы Кодекстің 317, 317-1-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкерлердің және сауда қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың тауарларды шығарылған елі туралы, дайындаушысы, жеткізушісі немесе сатушысы туралы не тауар (қызмет) туралы мемлекеттік тілде және орыс тілінде анық және жеткілікті ақпараты бар құжаттарсыз сатуы, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 164-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **165-бап. Белгіленбеген орындарда сауда жасау**

Жергілікті атқарушы орган белгілеген жерлерден тыс орындарда сауда жасау, -

ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**166-бап. Байланысты гранттар қаражатының түсімдерін қоспағанда, бюджетке төленетін салықтық емес төлемдерді және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді толық және уақтылы төлемеу**



Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Байланысты гранттар қаражатының түсімдерін қоспағанда, бюджетке төленетін салықтық емес төлемдерді және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді толық және уақтылы төлемеу, -

жеке тұлғаларға – жеті, дара кәсіпкерлерге – жүз жиырма бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – алты жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 166-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.05 N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **166-1-бап. Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тарту**

1. Қазақстан Республикасы аумағында айналымда жүрген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қабылдауға жататын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын көрсетулі құны бойынша қабылдаудан бас тарту, -

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасы аумағында айналымда жүрген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қабылдауға жататын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан, ұсақтау мен айырбастаудан бас тартуы, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 166-1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **167-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық, аукциондық құжаттамада не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

кезінде орналастырылатын ақпаратта сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларға сілтеме арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын бұзу - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Конкурстық не аукциондық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғаларға конкурстық не аукциондық құжаттамаға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін уақтылы жібермеу, сол сияқты нақтыланған конкурстық не аукциондық құжаттаманы уақтылы жарияламау, - лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту, - лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімін, уақыты мен орнын бұза отырып ашу, сондай-ақ аталған өзгерістерді конкурстық құжаттамаға енгізбей, конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу күнін, уақытын және орнын өзгерту, - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

5. Сауал салуды жіберу, сол сияқты конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

6. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) конкурстық не аукциондық құжаттамада Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу - лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

6-1. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді конкурстық құжаттамаға енгізбеу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын бұзу

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6-2. Конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлердің салыстырмалы мәнін баға ұсыныстарына қолданбау бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына бұзу, -

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6-3. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігерлерді (бірлескен орындаушыларды) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық не аукциондық құжаттаманың талаптарына сай емес деп негізсіз тану -

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6-4. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін олардың біртекті түрлеріне қарай және (немесе) оларды жеткізу (орындау, көрсету) орнына қарай лоттарға бөлмеу -

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Конкурстық не аукциондық комиссияның заңсыз шешім қабылдауына негіз болған сараптама комиссиясының көрінеу жалған сараптамалық қорытынды шығаруы не сарапшының көрінеу жалған сараптамалық қорытынды жасауы, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Мынадай : өнім берушілер өздерімен жасасылған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған; жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайларда, тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді, өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы қуыныммен сотқа жүгінбеуі немесе уақтылы жүгінбеуі -

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормаларын қолданбай мемлекеттік

с а т ы п                      а л у д ы                      ж ү з е г е                      а с ы р у ,                      -  
лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

10. Осы баптың бірінші, төртінші, 6-1, 6-2 және 6-3-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

11. Осы баптың екінші және сегізінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

12. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -

жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға  
ә к е п                      с о ғ а д ы .

13. Осы баптың үшінші, бесінші, алтыншы және тоғызыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### Е с к е р т у .

Осы бапта лауазымды адамдар деп:

бірінші бөлікте – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің бірінші басшыларын немесе олардың міндеттерін атқаратын, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін жүзеге асыруға жауапты тұлғаларды және (немесе) конкурстық не аукциондық құжаттаманы әзірлеуге тікелей қатысатын тұлғаларды;

екінші бөлікте - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің бірінші басшыларын немесе олардың міндеттерін атқарушыларды, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін жүзеге асыруға жауапты адамдарды ;

үшінші бөлікте – тапсырыс берушінің бірінші басшысын не жауапты хатшысын немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамын не оның міндетін атқаратын адамды ;

төртінші және бесінші бөліктерде - конкурстық комиссияның төрағасын және оның орынбасарын, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшелері мен

х а т ш ы с ы н ;

алтыншы бөлікте – тапсырыс берушінің бірінші басшысын не жауапты хатшысын немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамын не оның міндетін атқаратын адамды;

6-1-бөлікте – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшыларын;

6-2-бөлікте – конкурстық комиссияның төрағасын және оның орынбасарын, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшелерін;

сегізінші және тоғызыншы бөліктерде – тапсырыс берушінің бірінші басшысын не жауапты хатшысын немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамын не оның міндетін атқаратын адамды;

6-3-бөлікте – конкурстық не аукциондық комиссияның төрағасын және оның орынбасарын, сондай-ақ конкурстық не аукциондық комиссияның мүшелерін;

6-4-бөлікте – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшыларын түсіну керек.

Ескерту. 167-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 304 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 N 543-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 14.01.2014 № 161-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **167-1-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарының талаптарын бұзу**

1. Кредиттік бюроның Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарын бұзуы - лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпараты бар кредиттік тарих субъектісі және (немесе) кредиттік есеп туралы теріс ақпарат ұсыну жағдайларын қоспағанда, ақпарат берушінің кредиттік тарихты қалыптастыру үшін кредиттік тарих субъектісі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын

кредиттік бюроны қоспағанда) беруі және (немесе) кредиттік есепті алушының ақпарат субъектісінің келісімінсіз кредиттік есепті ұсыну туралы сұрау салуды беруі, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемеу - лауазымды адамға – елу, заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ақпарат берушінің кредиттік тарих субъектісінен алған ақпаратты б ұ р м а л а у ы -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерге айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 167-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.06. N 572 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **167-2-бап. Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасын бұзу**

Концессионерді таңдау жөніндегі конкурстың талаптарына, сондай-ақ концессиялық өтінімі үздік деп танылған конкурсқа қатысушымен концессиялық жобаны және концессия шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу барысында концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлеріне және сипаттамаларына өзгерістер енгізу – лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Е с к е р т у .**

Осы бапта лауазымды адамдар деп конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жауап беретін, концессия жөніндегі конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшыларын немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдарды түсіну керек.

**Ескерту. 15-тарау 167-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 131-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **168-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізу**

1. Уәкілетті банктердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 168-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **168-1-бап. Қазақстан Республикасының микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасының талаптарын бұзу**

1. Микроқаржы ұйымдарының «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруы - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Микроқаржы ұйымының жарияланған күні шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы бұқаралық ақпарат құралдарында таратуы немесе орналастыруы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,

-

жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Микроқаржы ұйымдарының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасында талап етілетін ақпаратты бермеуі, сол сияқты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) уақытылы бермеуі не микроқаржы ұйымдарының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтерді қамтымайтын ақпаратты беруі не анық емес а қ п а р а т т ы б е р у і -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Микроқаржы ұйымдарының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларында көзделген міндеттерді орындамауы -

екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Микроқаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзуы -

үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 168-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.03.28 N 398, жаңа редакцияда - ҚР 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## 168-2-бап. Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарын бұзу

1. Банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептемені, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес берілу талап етілетін есептемені, мәліметтері жоқ ақпаратты беруі не анық емес есептілікті немесе мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі –

жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – жүз, лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп) бұзуы –

заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік үш ай ішінде екі және одан да көп) бұзуы – заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің, банк холдингтерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес тыйым салынған не Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұза отырып, сол сияқты олардың құқық қабілеттілігі шегінен тыс операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруы –

лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға мәміле сомасының оннан бір пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден кем емес және бір мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға мәміле сомасының бір пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден кем емес және екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ондағы көрсеткіштердің не Қазақстан Республикасының банк заңнамасында айқындалған пруденциялық нормативтердің және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы мәліметтердің бұрмалануына әкеп соққан есептілікті жасауы – лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттердің банк шоттарын ашу және жабу тәртібін бұзуы, – лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға – алпыс, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттермен жасалатын шарттарда анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесін көрсету жөніндегі, сондай-ақ қаржылық қызметтер көрсету бойынша сыйақының шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезіндегі міндеттерін орындамауы –

лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Банктің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнге шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 168-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (**

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**168-3-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.06.2014 № 206-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қаржы мониторингі субъектілерінің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қаржы мониторингіне жататын операциялар, өздерінің клиенттері туралы ақпаратты құжаттық тіркеу, сақтау және беру, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, қаржы мониторингіне жататын операциялар жүргізуді тоқтата тұру және одан бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде бұзуы –

жеке тұлғаларға - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, нотариустар мен адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға немесе коммерциялық емес ұйымдарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылау қағидаларын және оны жүзеге асыру бағдарламаларын әзірлеу, қабылдау және (немесе) орындау жөніндегі міндеттерді орындамауы –

жеке тұлғаларға - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, нотариустар мен адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға немесе коммерциялық емес ұйымдарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүз жиырмадан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүзден тоғыз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Қаржы мониторингі субъектілері лауазымды адамдарының қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға берілген ақпарат туралы өз клиенттері мен өзге тұлғаларды хабардар етуі - айлық есептік көрсеткіштің бір жүз қырықтан бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік)

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, нотариустар мен адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға немесе коммерциялық емес ұйымдарға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п с о ғ а д ы .

5. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде үш және одан да көп мәрте жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік)

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, тауар биржаларының, бухгалтерлік қызметтер көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, микроқаржы ұйымдарының, банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелері операторларының, ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылардың, пошта операторларының, аудиторлық ұйымдардың лауазымды адамдарына, нотариустарға, адвокаттарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз сексеннен төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, тауар биржаларына, бухгалтерлік қызметтер көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, микроқаржы ұйымдарына, банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторларына, ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға, пошта операторларына, аудиторлық ұйымдарға – алты айға дейінгі мерзімге белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданысын тоқтата тұрып немесе біліктілік аттестатынан (куәлігінен) уақытша айыра отырып не олардан айыра отырып немесе алты айға дейінгі мерзімге заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұрып, бір мың сегіз жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Осы бапта нотариустар деп ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыратын нотариустар түсініледі.

Ескерту. Кодекс 168-3-баппен толықтырылды - ҚР 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**168-4-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін бұзу**

1. Қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін бұзуы, егер қаржы ұйымы анықталған бұзушылықтарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жоймайтын болса, - лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банк конгломераты бас ұйымының немесе сақтандыру тобының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды бұзуы, егер банк конгломератының немесе сақтандыру тобының бас ұйымы анықталған бұзушылықтарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жоймайтын болса, - лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Осы бапта қаржы ұйымдарының, банк және сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін лауазымды адамдар деп түсінген жөн.

**Ескерту. Кодекс 168-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **168-5-бап. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік инвестициялар нәтижелеріне қол жеткізбеуі**

1. Еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген, жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуы арқылы салынатын бюджеттік инвестициялардың нәтижелеріне қол жеткізбеуі –

бірінші басшыларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысушысы немесе акционері болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген, жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуы арқылы салынатын бюджеттік инвестициялардың нәтижелеріне қол жеткізбеуі –

бірінші басшыларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 168-5-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.16 N 557-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**168-6-бап. Валюталық бақылау агенттерінің есептемені беру тәртібін және мерзімдерін бұзуы**

1. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша есептемені уақтылы бермеуі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша анық емес есептеме беруі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша есептеме бермеуі – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 15-тарау 168-6-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.05 N 30-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**168-7-бап. Уәкілетті банктердің сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін есептеме беру тәртібін және мерзімдерін бұзуы**

1. Уәкілетті банктердің сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін есептемені уақтылы бермеуі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан

кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Уәкілетті банктердің сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін анық емес есептеме беруі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Уәкілетті банктердің сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін есептемені бермеуі – заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 15-тарау 168-7-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **168-8-бап. Әкімшілік шығыстар бойынша заттай нормаларды асырып жіберу**

**Ескерту. 168-8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің нормативтік құқықтық актілерде белгіленген әкімшілік шығыстар бойынша заттай нормаларды асырып жіберуі – бірінші басшыларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 168-4-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **169-бап. Клиенттерге банк қызметін көрсетуге байланысты талаптарды бұзу**

1. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың уақтылы акцепт жүргізбеуі немесе акцептеуден бас тартуы, ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауларды «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерді бұзатырып уақтылы орындамауы –

заңды тұлғаларға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының бес пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың нұсқауда қойылғаннан ерекшеленетін бенефициардың пайдасына немесе нұсқауда қойылғаннан ерекшеленетін сомаға жасалған ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауды орындауы – заңды тұлғаларға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаулар сомасының бес пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттердің төлем құжаттарын жоғалтуы – заңды тұлғаларға әрбір төлем құжаты үшін жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың :

жөнелтуші ақша аударымын жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз еткен кезде ;

егер төлем құжатында қолдан жасау белгілері болмаса; егер жөнелтуші ақша аударымы туралы нұсқауды жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шарттың талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтаса;

егер нұсқауды акцептеуден бас тарту «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларға қатысты болмаса, ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауды акцептеуден негізсіз бас тартуы –

заңды тұлғаларға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының бес пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттің банк шотынан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген ақша алу кезектілігін бұзуы – заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауларды не қолма-қол ақша алу жөніндегі талаптарды орындамау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, иеленушінің банк шотына ақша аудармау –

занды тұлғаларға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының бес пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Осы баптың талаптары жауаптылығы осы Кодекстің 88-бабының бесінші бөлігінде, 88-1-бабының үшінші бөлігінде, 216 және 217-баптарында көзделген іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) қолданылмайды.

**Ескерту. 169-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**169-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағында достық, қола және қаржы вексельдерін шығару**

Қазақстан Республикасының аумағында достық, қола және қаржы вексельдерін шығару, -

жеке тұлғаларға - қырық, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - алпыс, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 169-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 Зандарымен.**

**169-2-бап. Электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу талаптарын бұзу**

1. Эмитенттің өзі қабылдаған міндеттемелердің сомасына сәйкес келмейтін сомаға электрондық ақша шығаруы, -

үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған сондай іс-әрекеттер, - алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Эмитенттің электрондық ақша иесін сәйкестендірмей, бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға электрондық ақша шығаруы, сондай-ақ бір операцияның ең жоғарғы сомасы бойынша белгіленген шектеулерден асатын сомаға операциялар жасаған кезде эмитенттің электрондық ақша жүйесіндегі электрондық ақшаны пайдалануға жол беруі, - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған сондай іс-әрекеттер, - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеу кезінде дара



кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның жеке тұлғалардан алған электрондық ақшасын эмитенттің өтемеуі, уақтылы және толық өтемеуі, - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған сондай іс-әрекеттер, - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 169-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**170-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімін алмастан қаржы ұйымы акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама заңсыз түрде сатып алуға байланысты бұзушылықтар**

Тұлғаның қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын тікелей немесе жанама сатып алуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімінсіз қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын бақылауға немесе қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігіне ие б о л у ы , -

жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – төрт жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын, инвестициялық портфельді басқарушыны қаржы ұйымы деп түсінген жөн.

**Ескерту. 170-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**170-1-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің заңсыз сатып алуына байланысты бұзушылықтар**

1. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, банкротдің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзып сатып алуы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзып сатып алуы – лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала рұқсатынсыз еншілес ұйымды құруы не сатып алуы – лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 170-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**171-бап. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты (мәліметтерді) беру жөніндегі талаптарды бұзу**

Банк, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшыларының (акционерлерінің) және олардың үлестес тұлғаларының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлғалардың есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе олардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін есептілікті, мәліметтері жоқ ақпаратты беруі не олардың анық емес есептілікті немесе мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі – жеке тұлғаларға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 171-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **172-бап. Зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану**

1. Инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инвестициялау шарттары мен тәртібін бұзуы – жеке тұлғаға – төрт жүз, заңды тұлғаға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Екінші деңгейдегі кастодиан-банктің ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге асырмауы –

кастодианның лауазымды адамына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 172-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **172-1-бап. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын таратуға байланысты талаптарды бұзу**

1. Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою туралы жазбаша нұсқаманы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындамауы – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тарату комиссиясы төрағасының не бөлімшесі басшысының тарату комиссиясының қызметіне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тексеру жүргізуінен жалтаруы не оны жүргізуге кедергі келтіруі –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тарату комиссиясы төрағасының, бөлімшесі басшысының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген, анық емес есептілікті және ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) беруі, Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген есептілікті және қосымша ақпаратты уақтылы бермеуі, бермеуі –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 172-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**172-2-бап. Қаржы нарығы субъектілерінің өздері қабылдаған және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауы**

1. Банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің, арнайы қаржы компаниясының, исламдық арнайы қаржы компаниясының, инвестициялық қордың өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді о р ы н д а м а у ы –

заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді о р ы н д а м а у ы –

жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – жетпіс, заңды тұлғаларға төрт жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – жүз, лауазымды адамдарға – жүз қырық, заңды тұлғаларға тоғыз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру тобына кіретін заңды тұлғалардың, актуарийдің өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларының, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 172-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**173-бап. Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қатысушыларының (құрылтайшыларының) және үлестес тұлғаларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (сақтандыру холдингінің), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (сақтандыру холдингінің) белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептемені, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты уақтылы бермеуі, бермеуі не Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтері жоқ есептемені, ақпаратты беруі не анық емес есептемені немесе мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өзара сақтандыру қоғамының өсімдік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептемені не уәкілетті орган сұратқан өзге де ақпаратты уақтылы бермеуі, бермеуі не анық емес есептемені беруі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға оны бермеуі не уақтылы бермеуі – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының бас ұйымының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет)

б ұ з у ы –

бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, сақтандыру агентінің мәмілелер мен операцияларды Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыруы –

мәміле сомасының оннан бір пайызы не операциялар бойынша алынған табыс сомасының жүз пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің елуден кем емес және екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Өзара сақтандыру қоғамының мәмілелер мен операцияларды Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге а с ы р у ы –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Актуарийдің өз қызметін Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыруы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Сақтандыру ұйымының сақтанушыларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тұрақты жұмыс істейтін органының, оқшауландырылған бөлімшесінің орналасқан жерінің өзгергені немесе атауының өзгергені туралы уақтылы хабардар етпеуі –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын тиісінше құжаттандыру, оған арналған құжаттарды сақтау, лицензиялардың көшірмелерін орналастыру жөніндегі талаптарды бұзуы, сондай-ақ сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің және сақтандыру агентінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтандыру құжаттамасы бланкілерін есепке алу және сақтау, қолма-қол ақшамен жұмыс істеу қағидаларын бұзуы –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің

жарияланған күнге шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауы немесе жариялауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептіліктегі көрсеткіштердің не пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтау туралы мәліметтердің бұрмалануына әкеп соққан есептілікті жасауы –

лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Сақтандыру брокерінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетсіздігінің өзіне белгілі болған фактілері туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарлауы –

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Актуарийдің өзі анықтаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтамау фактілері туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарлауы –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті немесе төтенше жарналарды төлемеу, уактылы төлемеу не толық көлемде төлемеу – лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы есептілігін және өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау міндеттілігі туралы талаптарды бұзуы – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 173-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**174-бап. Сақтандыру органдарының сақтандыру шарттарын жасасумен және орындаумен байланысты талаптарды бұзуы**

1. Сақтандыру полистерін немесе сақтандырумен байланысты өзге де құжаттарды, не аударылған құжаттардың есепке алынбаған бланкілерін заңсыз өткізуді жүзеге асыру, -

лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, сол сияқты дер кезінде жүзеге асырмау немесе сақтандыру туралы жасалған шарттың өзге де талаптарын дұрыс орындамау, -

заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сақтандыру шартын орындау үшін клиент табыс еткен құжаттарды жоғалту, -

заңды тұлғаларға әрбір жоғалған құжат үшін елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 174-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.07.08 . N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **175-бап. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген міндетті сақтандыру шартын жасасудан сақтандыру ұйымының жалтаруы, - лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы, - жеке тұлғаларға - жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына - бір жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда филиалдарының және (немесе) сақтандыру агенттерінің болуы, сақтандыру бойынша деректер базасына қатысу шартын жасасуы, сақтандыру бойынша деректер базасына ақпарат беру жөніндегі талаптарды орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан көрінген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзуы - лауазымды адамға - елу, заңды тұлғаға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айып салуға әкеп соғады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндетті сақтандыру шартын: сақтандыру сомаларының мөлшерлерін Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында айқындалғаннан өзге мөлшерде



б е л г і л е у д е н ;

сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлерін Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында айқындалғаннан өзге мөлшерде белгілеуден, сол сияқты сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде коэффициенттерді дұрыс емес (негізсіз) қолданудан;

сақтандыруға жатпайтын объектілерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандырудан көрінетін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін талаптармен жасасуы –

лауазымды адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға мәміле сомасының оннан бір пайызы не операциялар бойынша алынған табыс сомасының жүз пайызы не операциялар бойынша алынған сақтандыру сыйлықақылары сомасының жүз пайызы мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден кем емес және екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 175-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.06.03 N 428, өзгерту енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**175-1-бап. Қаржы ұйымдарының, банк және сақтандыру холдингтерінің, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының басшы қызметкерлерін келісудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерін бұзу**

1. Қаржы ұйымының, банк және сақтандыру холдингінің, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының басшы қызметкерін келісудің мерзімдерін қаржы ұйымының, банктің және сақтандыру холдингінің, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының бұзуы – заңды тұлғаларға тоқсан айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 175-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**175-2-бап. Қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды уақтылы хабардар етпеу, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын**

**сақтамау**

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды уақтылы хабардар етпеу, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын

с а қ т а м а у –  
лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 175-2-баппен толықтырылды - ҚР 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**176-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып кредит, қарыз алу не оларды пайдалану**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жеке кәсіпкердің немесе ұйымның лауазымды адамының банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жеке кәсіпкердің немесе ұйымның шаруашылық жағдайы, қаржылық жай-күйі немесе кепілге салатын мүлкі туралы немесе кредит, кредит берудің жеңілдетілген шарттарын алу үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс етуі арқылы кредит не кредит берудің жеңілдетілген шарттарын алуы, сол сияқты кредит беруді доғаруға, жеңілдіктерді алып тастауға не бөлінген кредит мөлшерлерін шектеуге алып келуі мүмкін мән-жайлардың пайда болуы туралы ақпаратты банкке немесе өзге де кредит берушіге

хабарламауы, егер бұл әрекеттер ірі залал келтірмесе, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбау, егер бұл әрекет жеке тұлғаға, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірмесе, - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мемлекет кепілдік берген қарыздардың және мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздың қаражатын қарыз талаптарында көзделмеген және кепілгерлік шартында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беруге пайдалану - мемлекеттік кепілдігі бар қарыз бойынша қарыз алушы тиісті заңды тұлғаның бірінші басшыларына, олардың орынбасарларына не оларды алмастыратын, тиісті бұйрықтармен міндеттерді атқару жүктелген адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 176-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **177-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді уақтылы, толық есепке жатқызбау**

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін қаражатты уақтылы, толық есепке жатқызбау, - лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бюджет қаражатын алушылардың тиісті банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттарына аударылатын қаражатты уақтылы және толық есепке жатқызбау, - лауазымды адамдарға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

**Ескерту. 177-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.05 N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**177-1-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, сондай-ақ байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін негізсіз (құқыққа қайшы) пайдалану**

Ескерту. 177-1-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

**177-2-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану**

Ескерту. 177-2-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

**177-3-бап. Бюджеттік есепке алуды жүргізу, есептілікті жасау мен табыс ету ережелерін бұзу**

Бюджеттік есепке алуды жүргізу, есептілікті жасау мен табыс ету ережелерін бұзу, - лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 177-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**177-4-бап. Бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін беру шарттары мен рәсімдерін бұзу**

Бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін беру шарттары мен рәсімдерін бұзу, - лауазымды адамдарға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 177-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**177-5-бап. Шығындарды өтеу ережелерін бұзу**

1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеу ережелерін бұзуы, - лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 177-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының

2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**178-бап. Жеке тұлғалардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзуы**

1. Жеке тұлғалардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында көзделген міндеттерді:

ірі залал келтірмей, бухгалтерлік есеп жүргізуден жалтару; бұрмаланған қаржылық есептілік жасау, бухгалтерлік есепте көрсетілуге жататын деректерді жасыру, сол сияқты ірі залал келтірмей, бухгалтерлік қ ұ ж а т т а м а н ы ж о ю ;

жария ұйымның бас бухгалтері лауазымына кәсіби бухгалтердің сертификаты жоқ адамды тағайындау түрінде орындамауы және (немесе) тиісінше о р ы н д а м а у ы , -

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту: 178-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**179-бап. Заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзуы**

1. Заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын:

бухгалтерлік есеп жүргізуден жалтару, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса;

құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымдардың құрылтайшыларына (қатысушыларына), тіркелу орны бойынша мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының құзыреттеріне сәйкес оларға және қаржылық есептілік депозитарийіне көрінеу дәйексіз қаржылық есептілікті табыс ету, қаржылық есептілікті табыс етуден бас тарту, белгіленген мерзімді бұза отырып табыс ету не оны дәлелді себепсіз табыс е т п е у ;

бұрмаланған қаржылық есептілік жасау, бухгалтерлік есепте көрсетілуге

жататын деректерді жасыру, сол сияқты бухгалтерлік құжаттаманы жою; қаржылық есептілікке жария мүдделі ұйымның кәсіби бухгалтер болып табылмайтын бас бухгалтерінің қол қоюы түрінде жасалған бұзушылық – шағын кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, - шағын кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, инвестициялық қорлардың және Қазақстанның Даму Банкінің операцияларды бухгалтерлік есепте олардың нәтижелерін тиісті түрде көрсетпестен жүргізуі – заңды тұлғаларға есепке алынбаған соманың жиырма пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің жүзден кем емес және төрт мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, инвестициялық қорлардың және Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық есептілікті бұрмалауға әкеп соққан, бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген талаптарды және бухгалтерлік есеп әдістерін (қағидаттарын) бұза отырып жүргізуі – заңды тұлғаларға тиісінше есепке алынбаған соманың бес пайызына дейінгі, бірақ айлық есептік көрсеткіштің жүзден кем емес және төрт мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 179-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **179-1-бап. Бухгалтерлік ақпараттың құпиясын жария ету**

Коммерциялық құпия болып табылатын бухгалтерлік ақпаратты оған рұқсаты бар адамдардың ірі зиян келтірмей, жария етуі - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту: 179-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

### **179-2-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген аккредиттеу ережелерін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген аккредиттеу ережелерін бұзу, - заңды тұлғаға ескерту жасауға немесе екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы бапта көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту: 179-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **179-3-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді орындамауы**

1. Инвестициялық портфельді басқарушының есептіліктегі көрсеткіштерді не пруденциялық нормативтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында айқындалған сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді орындау туралы мәліметтерді бұрмалауға әкеп соққан есептілікті жасауы - лауазымды адамдарға - бір жүз, заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) орындамауы - заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

Ескерту. 179-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**180-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша есептемені, ақпаратты және құжаттарды беру тәртібін бұзу**

1. Ресімделген тіркеу куәліктері немесе хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша анық емес есептемені беру – жеке, заңды тұлғаларға және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ресімделген тіркеу куәліктері немесе хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша есептілікті уақтылы ұсынбау – жеке және заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Ресімделген тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша есептілікті ұсынбау –



жеке тұлғаларға – қырық, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау мерзіміне және шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және құжаттарды уақтылы бермеу –

дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау мерзіміне және шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және құжаттарды бермеу –

дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 180-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**181-бап. <\*>**

Ескерту. 181-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**182-бап. Валюта операциялары туралы хабарлама куәлікті немесе валюта операцияларын жасауға тіркеу куәлігін алу үшін құжаттарды беру мерзімін**

**бұзу**

1. Жеке және заңды тұлғалардың валюталық операциялар туралы хабарлама куәлікті немесе валюталық операциялар жасауға тіркеу куәлігін алу үшін құжаттарды беру мерзімін бұзуы, -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге - сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 182-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**183-бап. Аудитордың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының бұзылу фактісін аудит жүргізуге тапсырыс берушілерден жасыруы**

Аудитордың тексеру жүргізу кезінде анықталған Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының бұзылу фактісін аудит жүргізуге тапсырыс берушіден жасыруы, - "аудитор" біліктілік куәлігінен айыра отырып, жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 183-бапқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2006.05.05. N 139 , 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**184-бап. Аудитордың және аудиторлық ұйымның дұрыс емес аудиторлық есепті жасауы**

1. Осы Кодекстің 185-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, аудитордың және аудиторлық ұйымның дұрыс емес аудиторлық есепті жасауы - аудиторларға - сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не онсыз, аудиторлық ұйымға жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Аудитордың және аудиторлық ұйымның көрінеу дұрыс емес аудиторлық е с е п т і ж а с а у ы -

біліктілік куәлігінен айыра отырып, аудиторларға - жүз он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, аудиторлық ұйымдарға екі жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, аудитор әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекет - біліктілік куәлігінен айыра отырып, аудиторларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, аудиторлық ұйым әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған іс - ә р е к е т т е р -

аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыра отырып, аудиторлық ұйымдарға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 184-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **184-1-бап. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын бұзу**

1. Аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруы - аудиторлық ұйымдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Аудитті "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған жағдайларда жүргізу - лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, аудиторлық ұйымдарға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Аудит жүргізілуі міндетті қаржы ұйымдарына аудит жүргізу нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамасын бұзушылықтар туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарламау және аудиттелетін осы ұйымдарды хабардар етпеу – аудиторлық ұйымдарға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін ақпаратты тиісті уәкілетті органдарға уақтылы табыс етпеуі немесе табыс етпеуі, сол сияқты дұрыс емес мәліметтерді беруі - аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ мемлекет қатысатын заңды тұлғалар болып табылатын аудиттелетін субъектілердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына осы ұйымдарға аудит жүргізу нәтижесінде анықталған бюджет қаражатын, кредиттерді,

байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы хабарламауы -

заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Аудиторлық ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты уақтылы бермеуі немесе бермеуі -

аудиторлық ұйымдарға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның белгіленген мерзімде аудиторлық есепті ұсыну туралы жазбаша нұсқамасын аудиторлық ұйымдардың орындамауы не аудиторлық ұйымдардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға аудиторлық есепті бермеуі -

аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не онсыз, аудиторлық ұйымдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 184-1-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **184-2-бап. Аудитордың жеке мөрін пайдалануға және сақтауға байланысты бұзушылықтар**

Аудитордың Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында белгіленген жеке мөрді тиісінше сақтау және пайдалану жөніндегі талаптарды бұзуы, -

аудиторға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 184-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.05.05. N 139 Заңымен.**

#### **185-бап. Аудиттелетін субъектінің аудиторлық ұйымға уақтылы емес, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беруі**

Аудиттелетін субъектінің аудиторлық ұйымға аудит жүргізу барысында дұрыс емес аудиторлық есеп жасауға әкеп соғатын уақтылы емес, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беруі -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды

тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 185-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **186-бап. Міндетті аудит өткізуден жалтару**

Міндетті аудит өткізуден жалтару не оны жүргізуге кедергі келтіру, - ұйым басшыларына, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 186-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **187-бап. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау**

Уәкілетті банктердегі банк шоттарына: тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортынан түсетін ұлттық және шетел валютасындағы түсімдерді; резиденттің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) импорты үшін резидент еместің пайдасына аударған ұлттық және шетел валютасын, резидент еместің тауарларды жеткізу (жұмыстарды жүзеге асыру, қызметтер көрсету) бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе толық орындамауына байланысты қайтарылуға жататын ұлттық және шетел валютасын есепке жатқызбау түрінде жасалған ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау

дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға есепке жатқызылмаған ұлттық және шетел валютасы сомасының жиырма пайызы, бірақ екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Е с к е р т у .**

Осы бапта көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық репатриациялау мерзімі аяқталғаннан кейін есепке жатқызылмаған ұлттық және шетел валютасының сомасы елу мың АҚШ долларына балама сомадан асып кеткен және егер осы іс-әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстың жазаланатын әрекет белгілері болмаған жағдайларда туындайды.

**Ескерту. 187-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **188-бап. Валюта заңнамасын бұза отырып, валюталық операцияларды жүргізу**

1. Шетел валютасын уәкілетті банктер мен олардың айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы емес айырбас операцияларын жүргізу, резиденттер арасында тыйым салынған валюта операцияларын жүргізу, төлемдер мен аударымдарды уәкілетті банктердегі шоттар арқылы емес жүргізу, егер мұндай талап валюта заңнамасында белгіленсе

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - шағын немесе орта кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес ұйымдардың субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғаларға - белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілген операция сомасының жетпіс процентіне дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын сатып алу бағамының теңгеге сату бағамынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген а у ы т қ у ш е г і н с а қ т а м а у ы , -

лауазымды тұлғаларға - бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептің көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 188-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2009.07.04. N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **188-1-бап. Арнайы валюта режимін бұзу**

**А р н а й ы в а л ю т а р е ж и м і н :**

валюталық операцияны жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы рұқсатын алу талабын орындамау;

резиденттер алған шетел валютасын міндетті түрде сату талабын орындамау; шетел банктеріндегі шоттарды пайдалану;

валюталық операцияларды жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды о р ы н д а м а у ;

Қазақстан Республикасының Президенті енгізген өзге де уақытша валюталық шектеулерді сақтамау бөлігінде бұзу, -

жеке және заңды тұлғаларға арнайы валюта режимін бұза отырып жүргізген

операция сомасының жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 188-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.04. N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**189-бап. <\*>**

Ескерту. 189-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**190-бап. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану**

1. Инсайдерлердің бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға заңсыз беру, үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу туралы инсайдерлік ақпаратқа негізделген ұсынымдарды немесе ұсыныстарды беру жөніндегі іс-әрекеті, сондай-ақ эмитенттерге инсайдерлер деп танылған заңды тұлғалардың осы эмитенттерге қатысты ақпаратты беруі жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауы, егер осы іс-әрекеттер ірі залал келтірмеген болса, - жеке тұлғаға – екі жүз, лауазымды адамға – төрт жүз, заңды тұлғаға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Эмитенттердің эмитент туралы және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды бақылауды жүзеге асыру бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы - лауазымды адамға – төрт жүз, заңды тұлғаға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 190-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**191-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды беру мерзімін бұзу**

Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды беру мерзімін бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп) бұзуы – эмитентке елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 191-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416, өзгерту енгізілді - 2003.12.05. N 506 , 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**192-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің жосықсыз жарнамасы**

Бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне жарнаманы жариялау кезінде дұрыс емес мәліметтер табыс ету және тарату жолымен жасалған бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің жосықсыз жарнамасы, - жарнама берушіге жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 192-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**193-бап. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептемені, ақпаратты, мәліметтерді беру жөніндегі талаптарды бұзуы**

1. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептемені, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтері жоқ есептемені, ақпаратты беруі не анық емес есептемені немесе мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты, оның ішінде бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізу барысында, эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың және (немесе) өтеудің қорытындылары туралы есепті бекіту, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін ақпаратты беруі – лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға бағалы қағаздармен операциялар туралы көрінеу жалған, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ мәліметтерді ұсынуы – заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 193-бап жана редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.



## **194-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарының бұзылуы**

1. Акционерлердің акционерлік қоғам істерін басқару құқықтарының, табыс бөлігін бөлу (дивидендтер төлеу) тәртібінің, бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу, қоғамның қызметі туралы ақпарат алу құқықтарының бұзылуы, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзу - лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Облигациялар бойынша сыйақылар төлеудің және (немесе) оларды өтеудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзу - лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Бағалы қағаздар эмитентінің өзі орналастырған бағалы қағаздарды сатып алу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) бағалы қағаздарды шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда бұзуы, сондай-ақ өздері орналастырған бағалы қағаздарды сатып алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы бағалы қағаздарды шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда жүзеге асырмауы - лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 194-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **194-1-бап. Акцияларды сатып алу тәртібін бұзу**

Акцияларды сатып алудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртібін бұзу, оның ішінде акцияларды сатып алу кезіндегі олардың құнын айқындаудың қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесі болмаған кезде акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларын о с ы қ о ғ а м н ы ң с а т ы п а л у ы – лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 194-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**195-бап. Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу тәртібін, сондай-ақ мәмілелер жасасу шарттарын бұзу**

Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін, сондай-ақ мәмілелер жасасудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарын бұзу -

жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз , шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 195-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **195-1-бап. Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасасу**

Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында бағалы қағаздар рыногы субъектілерімен мәмілелер жасасу, -

жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 195-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **196-бап. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олар бойынша құқықтарды есепке алу және растау тәртібін бұзу**

1. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесін жүргізу тәртібін бұзуы, сол сияқты бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау тәртібін бұзуы, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

лауазымды адамға - екі жүз, заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін немесе номиналды ұстау жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушысына беру тәртібі мен шарттарын бұзуы -

лауазымды адамға - үш жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 196-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми**

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**196-1-бап. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың шарттары мен тәртібін бұзуы**

1. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттары мен тәртібін, оның ішінде қаржы ұйымы болып табылмайтын эмитенттің, осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, облигациялар шығару проспектісінде белгіленген облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдалану шарттары мен тәртібін бұзуы - лауазымды адамдарға – үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Эмитенттің бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттары мен тәртібін бұзуы - заңды тұлғаларға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақша сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 196-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**197-бап. Бағалы қағаздарды орналастыру және (немесе) өтеу қорытындылары туралы есеп-қисапты табыс ету мерзімін бұзу**

Ескерту. 197-бапты алып тасталды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**197-1-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының олардың қызметіне қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы**

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының олардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп) бұзуы –

үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 197-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506; жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**198-бап. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының есеп-қисаптарды табыс ету мерзімін бұзуы**

Ескерту. 198-бапты алып тасталды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**199-бап. Бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметі туралы ақпаратты ашудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамауы**

Бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметі туралы ақпаратты ашудың Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) қор биржасының ішкі қағидаларында белгіленген тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамауы, сондай-ақ эмитенттің өз қызметі туралы толық емес немесе дәйексіз ақпаратты ұсынуы -

лауазымды адамдарға - екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 199-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**200-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы ақпаратты ашу жөніндегі міндетті бұзу**

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен және жағдайларда ақпаратты ашу жөніндегі міндетті орындамауы, -

лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 200-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**201-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын бұзуы**

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылардың (алушылардың) жеке шоттарындағы зейнетақы жинақтарын есепке алу тәртібін бұзуы, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының кастодиан-банктермен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларымен өзара қарым-қатынастардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген тәртібін ірі залал келтірмей бұзуы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 201-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**201-1-бап. «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзу**

1. Инвестициялық қордың компаниясын басқаратын акционерлік инвестициялық қордың өзінің қызметі, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштер туралы ақпараттың мазмұнына қойылатын «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, сондай-ақ оны жариялау және тарату тәртібін бұзуы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Инвестициялық қордың компаниясын басқаратын акционерлік инвестициялық қордың дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратуы немесе жариялауы – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 201-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**202-бап. Бағалы қағаздар туралы ақпаратқа құқықтарды бұзу**

Бағалы қағаздар туралы коммерциялық құпия болып табылмайтын ақпаратты жасыру, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің оны алуына кедергі келтіру, егер бұл әрекет ірі залал келтіруге әкеп соқпаса, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 202-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**203-бап. Төлемдер жүргізу бойынша Қазақстан  
Республикасының заң актілерінде белгіленген  
шектеулерді бұзу**

Заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық мәміле бойынша басқа заңды тұлғаның пайдасына бір мың айлық есептік көрсеткіштен астам сомада қолма-қол тәртіппен төлемді жүзеге асыруы, -  
төлемді жүзеге асырушы заңды тұлғаға төлем сомасының бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 203-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**204-бап. Мемлекеттік мекеменің және оралымды басқару  
құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның  
(қазыналық кәсіпорынның) лауазымды  
адамдарының мемлекеттік бюджет қаражаты  
есебінен ақшалай міндеттемелерді қабылдау  
жөніндегі заңсыз әрекеттері**

1. Мемлекеттік мекеменің немесе оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (қазыналық кәсіпорынның) лауазымды адамдарының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақшалай міндеттемелерді азаматтық-құқықтық мәмілелерді заңдарда белгіленген тіркеусіз және (немесе) уәкілетті орган бекіткен сметалар сомасынан тыс қабылдау жөніндегі, мемлекеттік мекеменің немесе оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (қазыналық кәсіпорынның) міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның жауаптылығына әкеп соққан заңсыз әрекеттері, -  
елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -  
жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 204-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**204-1-бап. Қазақстан Республикасының тауар биржалары  
туралы заңнамасын бұзу**

1. Тауар биржасы қызметкерлерінің биржалық мәмілелерге қатысуы -  
айлық есептік көрсеткіштің бір жүз отыздан бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тауар биржасының сауда қызметін және биржалық сауданы

ұйымдастырумен тікелей байланысты емес өзге де қызметті жүзеге асыруы - айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз сексеннен бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды тауар биржаларынан тыс өткізу -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз жиырмадан жүз қырыққа дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүз сексеннен төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Биржалық брокерлердің және (немесе) биржалық дилерлердің әрбір клиент бойынша жеке жасалатын биржалық мәмілелердің есебін жүргізу және осы мәмілелер туралы мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жыл бойы сақтау жөніндегі талаптарды сақтамауы -

айлық есептік көрсеткіштің алпыстан сексенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 15-тарау 204-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.05.04. N 156-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08 жарияланды) Заңымен.

## **16-тарау. САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **205-бап. Салық органында тіркеу есебіне қою мерзімінің бұзылуы**

1. Салық органында тіркелу есебіне қою туралы, дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың тіркелу есебі туралы, жекелеген қызмет түрлері бойынша тіркелу есебі туралы салықтық өтініш берудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімдерін бұзу -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1. Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға – сегіз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3. Салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы салық өтінішін берудің Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген мерзімін бұзуы, -

дара кәсіпкерлерге – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – есепке қойылмаған кезең үшін салық салынатын айналым сомасының он бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Осы тарауда пайдаланылатын салық заңдарының ұғымы мен терминдері Қазақстан Республикасының салық заңдарында олар пайдаланылатын мағынада ғана қолданылады.

Ескерту. 205-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01. бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11 N 201 (2007.01.01. бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **205-1-бап. Арнаулы салық режимін қолданған кезде қызметті заңсыз жүзеге асыру**

1. Арнаулы салық режимін қолданған кезде қызметті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде осы режим үшін көзделген шарттарды бұза отырып жүзеге асыру, -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға – сегіз, дара кәсіпкерлерге – он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік



көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Дара кәсіпкердің патент алу үшін есеп-қисап беру мерзімін бұзуы – дара кәсіпкерлерге ескерту жасауға әкеп соғады.

4. **Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

5. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. **Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

7. **Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Ескерту. Қызметті жүзеге асыру деп патент алу үшін салық органына есеп-қисапты табыс етпей, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу жөніндегі міндеттеменің туындауына әкеп соғатын қызметті қайта бастау түсініледі.

**Ескерту. 205-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.11 N 201 (2007.01.01. бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 № 467-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**205-2-бап. Салық органының салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімінің қолданылуы кезеңінде қызметті жүзеге асыру**

1. Салық органының салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімінің қолданылуы кезеңінде тұлғалардың қызметті жүзеге асыруы – дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 205-2-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**206-бап. Салық есептілігін, сондай-ақ шартты банк салымына байланысты құжаттарды табыс етпеу**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде салық органына салық есептілігін табыс етпеуі – жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

1-1. Осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген әрекетті қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға – он бес, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға – отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. **Алынып тасталды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Мониторинг бойынша есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде табыс етпеді білдіретін, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – мониторинг жүргізілуге жататын ірі салық төлеушілерге бес жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. **Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

5. Салық агентінің шартты банк салымы туралы шартты табыс салығын шартты банк салымы арқылы төлеген жағдайда салық органына табыс етпеуі не у а қ т ы л ы т а б ы с е т п е у і -

дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға - он, заңды тұлғаларға, оның ішінде, Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын резидент еместерге - отыз , заңды тұлғаларға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын резидент еместерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Салық төлеушінің салық органына жеңілдікті салық салынатын мемлекетте

орналасқан және (немесе) тіркелген, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салынуға жататын резидент емес заңды тұлға пайдасының немесе пайдасының бір бөлігінің сомасын айқындау үшін қажетті құжаттарды табыс етпеуі, -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге — бір жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 206-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**206-1-бап. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілікті, сондай-ақ трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды табыс етпеу**

1. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында белгіленген мерзімде салық органына мәмілелер мониторингі бойынша есептілікті табыс етпеуі, сондай-ақ салық төлеушінің трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды (оның ішінде электрондық түрдегі) уәкілетті орган белгілеген мерзімде табыс етпеуі не оны табыс етуден бас тартуы –

дара кәсіпкерлерге – отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мәмілелер мониторингі бойынша есептіліктің деректері мен тексеру барысында алынған деректер арасында тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 000 еселенген мөлшерінен асатын алшақтықтарды анықтау –

дара кәсіпкерлерге – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) – дара кәсіпкерлерге – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 206-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **206-2-бап. Қаржылық бақылау шараларын бұзу**

1. Мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның, мемлекеттік қызметтен теріс себептермен босатылған адамның, сол сияқты аталған адамдардың жұбайының (зайыбының) салық салу объектісі болып табылатын табыстары мен мүлкі туралы декларацияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қасақана табыс етпеуі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 206-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

### **207-бап. Салық салу объектілерін жасыру**

1. Салық төлеушінің салық салу объектілерін жасыруы, - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға жасырылған салық салу объектісі бойынша төленуге жататын салық және басқа да міндетті төлемдер сомасының жүз елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға жасырылған салық салу объектісі бойынша төленуге жататын салық және басқа да міндетті төлемдер сомасының екі жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін салық төлеушінің кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды есепке қабылдамауы да салық салу объектілерін жасыру деп түсініледі.

**Ескерту. 207-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының - 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22 N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы**

1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**208-бап. Есепке алу құжаттамаларының болмауы және салық есебін жүргізуді бұзу**

1. Салық төлеушіде есеп құжаттамасының болмауы және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген есеп құжаттамасын жасау және сақтау жөніндегі талаптардың орындалмауы, — дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - дара кәсіпкерлерге – жиырма бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) есепке алу және сату жөніндегі операциялардың есеп құжаттамасында көрсетілмеуі, - дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының бес проценті мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Е с к е р т у .**

Салық төлеушіде есеп құжаттамасының болмауы деп бухгалтерлік құжаттаманың және (немесе) салық нысандарының, салықтық есепке алу саясаты құжаттарының, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттардың болмауы түсініледі.

Ескерту. 208-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**208-1-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (есептелген) сомасын төлеуден жалтару**

Касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы өкімінің қолданысы кезеңіндегі салық берешегі болған жағдайда, салық төлеушінің касса не үшінші тұлғалардың банк шоты арқылы өзара есеп

айырысуды жүзеге асыруы арқылы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (есептелген) сомасын төлеуден жалтару, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданатын әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға – он бес, дара кәсіпкерлерге – отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жүргізілген есеп айырысу сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 208-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506 , өзгерістер енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

**209-бап. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын кемітіп көрсету**

1. Салықтың және басқа да міндетті төлемдердің сомасын декларацияда, есепте, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште төмендетіп көрсету, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. **(алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).**

3. Салық төлеушінің ағымдағы төлемдер сомасын есепте кемітіп көрсетуі, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Салық кезеңі үшін іс жүзінде есептелген корпорациялық табыс салығы

сомасының салық кезеңі ішінде есептелген аванстық төлемдер сомасынан жиырма процент мөлшерде асып түсуі, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, -  
іс жүзіндегі салықтың асып түскен сомасының қырық проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

## 5. ( а л ы п т а с т а л д ы )

6. Бюджетпен патент негізінде есеп айырысуды жүргізетін ауыл шаруашылық өнімін өндіруші-занды тұлғаның патент құнының есебіне кіретін салық сомасын кемітіп көрсетуі, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері б о л м а с а , -

патент құнының есебі кезінде азайтылмай, кемітіп көрсетілген салық сомасының отыз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

## Е с к е р т у л е р .

1. Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін қосылған құн салығының есепке жазылған сомасы бойынша әкімшілік жаза сомасын айқындау кезінде салық кезеңі үшін қосылған құн салығын төлеудің белгіленген мерзімі күніне салық төлеушінің жеке шоты бойынша қосылған құн салығының артық төленген с о м а с ы е с е п к е а л ы н а д ы .

Бір салық кезеңінен артық кезеңге салықтық тексеру болған жағдайда, әрбір келесі салық кезеңі үшін төлемнің белгіленген мерзімі күніне жеке шот бойынша артық төленген сома осы салықтық тексеруге енгізілген алдыңғы салық кезеңдері үшін қосылған құн салығының есепке жазылған және (немесе) азайтылған сомасын есепке ала отырып айқындалады.

1-1. Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін, егер тұлға тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште жанама салықтардың сомаларын төмендеткені үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс болған жағдайда, мұндай тұлға импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда жанама салықтардың көрсетілген сомаларын төмендеткені үшін бөлек әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Осы баптың төртінші бөлігіндегі мақсаттар үшін, салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ұсынылуға жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің есептерін ұсынбаған жағдайда да, тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылмауы тиіс. Бұл ретте, аванстық төлемдердің есептелген сомасы нөлге теңестіріледі.

3. Осы баптың төртінші бөлігінің мақсаты үшін асып түсуді айқындау кезінде Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 335-бабының 3-тармағына және ( немесе) 338-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығына жүргізілген түзетуге байланысты түзілген асып түсу е с е п к е а л ы н б а й д ы .

Ескерту. 209-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.11.29 N 500 (2004.01.01 бастап күшіне енеді, 2-бапты қараңыз), 2003.12.05 N 506 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.26 N 312 , 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**210-бап. Салық агентінің салықтарды ұстап қалу және (немесе) аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы**

1. Салық агентінің ұстап қалуға және (немесе) бюджетке аударуға жататын салық сомаларын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде ұстап қалмауы немесе толық ұстап қалмауы - дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға салық және басқа да міндетті төлемдердің ұсталмаған сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Салық агентінің бюджетке аударуға жататын ұстап қалған салық сомаларын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде аудармауы немесе толық аудармауы - дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Тұлға салық агенті дербес анықтаған және қосымша салық есептілігінде көрсетілген салықтардың ұсталған (ұсталуға тиіс) сомалары бойынша, оларды салық органына қосымша салық есептілігін табыс еткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетке аударған жағдайда осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

Ескерту. 210-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12



бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **211-бап. Жалған шот-фактура жазып беру**

Салық төлеушінің жалған шот-фактура жазып беруі, - дара кәсіпкерлерге отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – шот-фактураға енгізілген қосылған құн салығы сомасының бір жүз жиырма пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** Қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмаған салық төлеуші, сол сияқты жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар жөнелтуді нақты жүргізбеген тұлға жазған және қосылған құн салығы сомасын қамтитын шот-фактура жалған шот-фактура деп танылады.

**Ескерту.** 211-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **212-бап. Базар аумағына жіберу тәртібін бұзу**

**Ескерту.** 212-бап алынып тасталды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**213-бап. Биоотынды, этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, мұнай өнімдері мен акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының**

### **заңнамасын бұзу**

1. Биоотынды, этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу, акцизделетін тауарларды декларациялау қағидаларын бұзу, сол сияқты биоотынды, этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, ілеспе жүккұжаттарды, сондай-ақ акцизделетін тауарлардың өндірілуі мен айналымы бойынша декларацияларды табыс етпеу не уақтылы табыс етпеу - жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз,

ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының темекі бұйымдарының өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамасын:

уәкілетті органға темекі бұйымдарының өндірілуі мен оның айналымы саласындағы мәліметтерді беруден бас тарту немесе дұрыс емес ақпарат беру, сол сияқты өндіріс паспортына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты жазбаша түрде күнтізбелік отыз күн ішінде бермеу;

темекі бұйымдарын лицензияда көрсетілген мекенжайдан басқа орында өндіру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жабдықтарда өндіру;

лицензия берілген күннен бастап бір жыл ішінде темекі бұйымдарын өндіру бойынша қызметті жүзеге асырмау түрінде бұзу -

лауазымды адамдарға – жүз жиырма, тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

лауазымды адамдарға – жүз елу, тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға тоғыз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Биоотынды, этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, мұнай өнімдері мен акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру және өткізу шарттарын :

этилдендірілген бензиннің айналымы, сондай-ақ кондициялық емес мұнай өнімдерін өткізу және оларды одан әрі өңдемей сақтау;

мұнай өндірушілер мен жеткізушілерді қоспағанда, тұлғалардың мұнай өнімдерін мұнай өнімдері базаларынан, автожанармай құю станцияларынан тыс орындарда өткізуі ;

мұнай өнімдерін ілеспе жүкқұжаттарынсыз өткізу және (немесе) тасымалдау; бақылаушы есепке алу аспаптарына салынған пломбаларды алып тастау;

темекі бұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ең төменгі бағалардан төмен бағаларда айналымда болуы (экспорттан басқа);

мұнай өнімдерін жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан дала жұмыстарындағы ауыл шаруашылығы техникасы шоғырланған орындардағы

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден тыс орындарда өткізу түрінде бұзу

–  
әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған мұнай өнімдері және (немесе) құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жүз елу, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – үш жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған мұнай өнімдері және (немесе) құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 № 467-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

214-баптың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

**214-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау тәртібі мен қағидаларын бұзу**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Өндірушінің немесе импорттаушының акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды таңбалау қағидаларын бұзуы -

құқық бұзушылықтың тікелей нысанасы болған акцизделетін тауарлар тәркілене отырып, сондай-ақ тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, лауазымды тұлғаларға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды акциздік және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларсыз, сол сияқты белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін таңбалармен сақтау, өткізу және (немесе) тасымалдау түріндегі айналымы –

құқық бұзушылықтың тікелей нысанасы болған акцизделетін тауарлар тәркілене отырып, сондай-ақ тиісті қызмет түріне арналған лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға – елу, лауазымды тұлғаларға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **215-бап. Кассалық-бақылау машиналарын қолдану тәртібін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген кассалық-бақылау машиналарын қолдану тәртібін бұзу — дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына – он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 215-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**216-бап. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңдарында көзделген міндеттерді орындамауы**

1. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңнамасында көзделген міндеттерді:

салық төлеушілердің — заңды тұлғалардың (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың) банктік шоттарын ашқаны туралы салық органдарына хабарламау, салық төлеушілердің өздерінің банктік шоттарынан салық сипатындағы міндетті төлемдер сомаларын, оларға салық органдары берген және оларды есепке қою фактісін растайтын құжатты ұсынбай, республикалық және жергілікті бюджеттерге аударуға төлем тапсырмаларын жүзеге асыру;

банктік шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық төлеушілердің өздерінің банктік шотынан бюджетке төленетін салықтар, басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын аударуға (төлеуге) төлем тапсырмаларын бірінші кезекте орындамау;

банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын басқа ұйымға салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есепке жатқызбау), уақтылы аудармау (банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізгеннен кейінгі күннен кешірек) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу;

банктік шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық төлеушілерден белгіленген мерзімде енгізілмеген салықтар және басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын бюджетке алу жөніндегі салық органдарының инкассолық тапсырмаларын (өкімдерін) бірінші кезекте орындамау;

салық органдарының қызметкерлерін банктік шоттар бойынша жасалған (жасалатын) операцияларды, салық төлеушілердің — заңды тұлғалардың (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың) осы шоттарда ақшасының бар-жоғын, сондай-ақ нақты жеке тұлғалардың операцияларын және шоттарында, салымдарында ақшасының бар-жоғын

тексеруге жіберуден бас тарту немесе осы тексерулерді жүзеге асыруға өзге де  
к е д е р г і ж а с а у ;

салық органдарының заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің, жекеше  
нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың банк  
шоттары бойынша олардың барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру  
жөніндегі өкімдерін орындамау, анықталған салық заңнамасын бұзушылықты  
жою туралы талаптарды орындамау, салық органдарына және олардың  
лауазымды адамдарына қаржылық есептілікті, есеп-қисаптар мен салықтарды  
және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге, бағаларды  
және тарифтерді белгілеуге және қолдануға байланысты басқа да құжаттарды  
ұсынбау немесе ұсынудан бас тарту;

салық органдарының сұрау салулары бойынша белгілі бір кезеңде банктік  
шоттар бойынша жасалған операциялар туралы, салық төлеушілердің осы  
шоттарда ақшасының бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсынбау;

банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдардың, қор биржаларының лауазымды адамдарының салық органдарының  
сұрау салулары бойынша салық төлеушілердің алдыңғы жыл ішіндегі қаржы  
операциялары туралы және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан  
бойынша және мерзімде есептелген сыйақы (мүдде) туралы мәліметтерді  
ұ с ы н б а у ы ;

клиентте аталған банкте салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық  
төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру  
туралы өкімдер шығарған ашылған банктік шоты болған кезде жаңа банктік шот  
а ш у ;

жұмыс істемейтін салық төлеушіге банктік шот ашу түрінде орындамауы –  
отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан  
кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -  
алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 216-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006  
бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11 N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа  
енгізілді), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз),  
2007.07.27 N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (  
01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап  
қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (  
алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**217-бап. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық заңдарында белгіленген міндеттерді орындамауы**

1. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық заңдарында белгіленген міндеттерді: салық төлеушінің (жеке тұлғалар - резидент еместерден басқа) банк шоттарын ашуы кезінде сәйкестендіру нөмірін есепке алмау; салық төлеушіге - заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға банк шоттарының ашылғаны туралы салық органдарына оны ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабарламаның кепілдендірілген жеткізуді қамтамасыз ететін байланыстың электронды арналары арқылы не хабарламаны қағаз жеткізгіште жіберген кезде — үш жұмыс күні ішінде хабарламау; клиенттер шоттары бойынша төлем құжаттарында (вексельді қоспағанда) сәйкестендіру нөмірін қоймай операциялар жүргізу; салық төлеушілердің - заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың банк шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын салық заңдарында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша тоқтатпау; банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын басқа ұйымға салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын, өсімпұлдарды, айыппұлдарды аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есептемеу), уақтылы аудармау (банктік шоттардан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен кеш немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізген күннен кейін) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу;

банк шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық органдарының салық төлеушілерден салық және басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын бюджетке алуға инкассолық тапсырмаларын (өкімдерін) бірінші кезекте орындамау;

өз клиентінде аталған банкте салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер шығарған ашылған банктік шоты болған кезде, оған жаңа банктік шот ашу;

әрекетсіз салық төлеушіге банк шотын ашу;

банк сыйақыларының есептелген сомалары туралы мәліметтерді салық

органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзім і ш і н д е б е р м е у ;

есепті тоқсан ішінде шартты банк салымында орналастырылған ақшаның қозғалысы туралы есепті ақшаның осындай қозғалысы бар болған кезде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзім ішінде ұсынбау түрінде орындамауы, — заңды тұлғаларға банктің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамаған кезеңі ішінде салық төлеушілердің банк шоттары бойынша жасалған шығыс операциялары сомасының бес проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шартты банк салымы туралы шарттар бойынша орналастырылған салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын аудармауы немесе дер кезінде аудармауы, - заңды тұлғаларға шартты банк салымында орналастырылған, аударылмаған немесе дер кезінде аударылмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 217-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **218-бап. Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс ету**

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың заңды немесе жеке тұлғалардың банк шоттары бойынша операциялар туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс етуі, сол сияқты осы банктің іс жүзіндегі қаржылық жай-күйімен көрінеу қамтамасыз етілмеген тапсырмалар, кепілдіктер және өзге де міндеттемелер беруі, егер бұл іс-әрекеттер жеке немесе заңды тұлғаға не мемлекетке ірі залал келтірмесе, - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Құқық бұзушылық жасалған кездегі бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын сома - жеке тұлғаға келтірілген, екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын сома заңды тұлғаға келтірілген залалдың і р і м ө л ш е р і д е п т а н ы л а д ы .



Ескерту. 218-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**218-1-бап. Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, сондай-ақ тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды**

**орындамауы**

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген төлеу мерзімінен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жанама салықтарды төлемеу - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, адвокаттарға – он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген төлеу мерзімінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң жанама салықтарды төлемеу - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, адвокаттарға – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – орындалмаған салық міндеттемесі сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу пайызы мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Салық төлеушінің салық органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемелерді табыс етпеуі және оларды орындамауы – жеке тұлғаларға – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3-1. Салық органдарын мынадай жағдайларда: әкелінген тауарлардың қасиеттері мен сипаттарын өзгертпей кейіннен Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарларды Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына



тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінің мақсаты үшін, егер тұлға кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды есепке қабылдамағаны үшін осы Кодекстің 207-бабында көзделген әкімшілік жауапқа тартылуы тиіс болған жағдайда, осы тұлға осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

Ескерту. 16-тарау 218-1-тармақпен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **219-бап. Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Салық төлеушінің салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамауы – жеке тұлғаларға – сегіз, лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға - он бес, лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Салық төлеуші кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайдан басқа) салықтық тексеруді жүргізетін салық органының лауазымды адамын жіберуге заңсыз кедергі келтіру – дара кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - лауазымды адамдарға және жеке кәсіпкерлерге алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 219-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11. N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа

енгізілді), 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **16-1-тарау. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Ескерту. 16-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен

### **219-1-бап. Электр желілерінде қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтамау және энергия тұтыну нормативтерінен асып түсу**

1. Электр желілерінде қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтамау,

— шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Энергия тұтыну нормативтерінен асып түсу, — шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - құқық бұзушылық болған, бірақ бір жылдан аспайтын кезеңде бекітілген нормативтерден тыс пайдаланылған энергетикалық ресурстар құнынан бес пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес пайыз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, — шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, — шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – құқық бұзушылық болған, бірақ бір жылдан аспайтын кезеңде бекітілген нормативтерден тыс пайдаланылған энергетикалық ресурстар құнынан он пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз пайыз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

Энергетикалық ресурстардың құны құқық бұзушылық анықталған сәттегі нарықтық баға негізінде айқындалады.

**219-2-бап. Ақаулы жабдықты, арматураны, құбырларды жылу оқшаулаусыз пайдалану немесе энергия тұтынатын жабдықтың жұмыс режимін бұзу**

1. Энергетикалық ресурстарды өндіру және беру кезінде, сондай-ақ суды беру кезінде олардың тікелей ысырабына әкелген ақаулы жабдықты, арматураны, құбырларды жылу оқшаулаусыз пайдалану немесе энергия тұтыну жабдығының жұмыс режимін бұзу,

– шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**219-3-бап. Энергетикалық ресурстарды есепке алудың тиісті аспаптарымен және жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерімен жарақтандырылмаған энергетикалық ресурстарды тұтынатын жаңа объектілерді пайдалануға қабылдау**

1. Энергетикалық ресурстарды есепке алудың тиісті аспаптарымен және жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерімен жарақтандырылмаған энергетикалық ресурстарды тұтынатын жаңа объектілерді пайдалануға қабылдау,

– объектіні пайдалануға беру туралы актіге қол қойған лауазымды тұлғаларға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, – объектіні пайдалануға беру туралы актіге қол қойған лауазымды тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

және (немесе) қабылдау комиссиясының төрағасы мен мүшелерін түсіну қажет.

2. Лауазымды тұлғалар жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерімен жаратқандырылмаған және жылу энергиясын сағатына орта есеппен 50 кВт-тан аз тұтынатын (жылу энергиясы, жылыту, желдету, кондиционерлеу және ыстық сумен қамтамасыз ету шығыстарын қоса алғанда) жаңа объектілерді пайдалануға беру жағдайларында осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген құқық бұзушылықтар үшін жауапты болмайды.

**Ескерту. 16-1-тарау 219-3-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**219-4-бап. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергетикалық ресурстардың және судың тұтыну көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне энергия аудиті қорытындылары бойынша белгіленген шамаға дейін міндетті түрде жыл сайын төмендету туралы талапты бұзуы**

1. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергия аудитінен өткеннен кейін бес жылдың ішінде энергетикалық ресурстардың және судың тұтыну көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне энергия аудиті қорытындылары бойынша белгіленген шамаға дейін міндетті түрде жыл сайын төмендету туралы талапты бұзуы, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**219-5-бап. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің міндетті энергия аудитінен өтуден жалтаруы не оны жүргізуге кедергі келтіруі**

1. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің міндетті энергия аудитінен өтуден жалтаруы не оны жүргізуге кедергі келтіруі, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**219-6-баптың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.**

### **219-6-бап. Электр қыздыру шамдарын заңсыз сату және өндіру**

Жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін қуаты 25 Вт және одан да жоғары электр қыздыру шамдарын өндіру және сату, – жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін қуаты 25 Вт және одан да жоғары электр қыздыру шамдарын тәркілей отырып, жеке тұлғаларға – он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **219-7-бап. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергия менеджменті жүйесін жасау, енгізу және жұмысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындамауы**

1. Энергетикалық ресурстарды жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын көлемінде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергия менеджменті бойынша халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес энергия менеджменті жүйесін жасау, енгізу және жұмысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындамауы, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

Ескерту. 16-1-тарау 219-7-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.13 № 542-IV Заңымен (2014.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі).

**219-8-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасында белгіленген энергия аудитін жүргізу тәртібін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі сараптамасын жүргізу тәртібін сақтамау**

1. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасында белгіленген энергия аудитін жүргізу тәртібін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі сараптамасын жүргізу тәртібін сақтамау

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – аккредиттеу туралы куәлігінің қолданылуын тоқтата отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – аккредиттеу туралы куәлігінен айыра отырып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**219-9-бап. Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес техникалық құжаттамада және заттаңбаларда энергия тиімділігінің сыныбы мен сипаттамасы туралы ақпарат қамтылмаған электр энергиясын тұтынатын құрылғыларды өндіру және (немесе)**

**өткізу**

1. Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес техникалық құжаттамада және заттаңбаларда энергия тиімділігінің сыныбы мен сипаттамасы туралы ақпарат қамтылмаған электр энергиясын тұтынатын құрылғыларды өндіру және (немесе)

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара



кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – алты, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – он екі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**219-10-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органның нұсқамаларын орындамау немесе толық көлемде орындамау**

1. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органның нұсқамаларын орындамау немесе толық көлемде орындамау, –

жеке тұлғаларға – он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, –

жеке тұлғаларға – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**17-тарау. ӨНЕРКӘСІП, ЖЫЛУ, ЭЛЕКТР ЖӘНЕ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

Ескерту. 17-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - 2011.07.15 N 461-IV ( 2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**220-бап. Жарылғыш материалдарды, радиоактивті және өзге де экологиялық жағынан қауіпті заттарды пайдалану ережелерін бұзу**

1. Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттарды, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық және қадағалау органдарының бақылауындағы өнеркәсіп салалары мен объектілердегі өзге де экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтарды өндіру, сақтау, көму, жою, пайдалану, кәдеге асыру, тасымалдау немесе өзгедей айналысу ережелерін бұзу, қылмыс белгілері болмаған кезде, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, арнаулы ядролық емес материалдарды және ядролық қызметке қатысы бар қосарлы мақсаттағы бұйымдарды өндірудің, сақтаудың, көмудің, пайдаланудың, кәдеге асырудың, тасымалдаудың немесе өзге де айналысудың белгіленген ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 220-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**221-бап. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі қағидаларды бұзу**

1. Өнеркәсіп, тау-кен және құрылыс жұмыстары салаларында не өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бақылауындағы объектілерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі белгіленген қағидаларды бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса, – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып

табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) - жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 221-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**221-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу**

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптама қорытындыларын беру, өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу, қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын, қызметкерлерін даярлаудың, қайта даярлаудың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі немесе Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптама қорытындыларын беру, бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу –

аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестатта көрсетілген, орындалатын жұмыстар бейінінің сәйкес келмеуі -

аттестаттан айыра отырып, аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 17-тарау 221-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**222-бап. Ядролық, радиациялық және техникалық қауіпсіздіктің белгіленген нормалары мен ережелерін бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, иондаушы сәулелену көздерімен айналысу кезінде ядролық, радиациялық және техникалық қауіпсіздіктің белгіленген нормалары мен ережелерін бұзу; атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, осы объект жобасында көзделген барлық құрылыстарды іске қоспай тұрып атом энергиясын пайдалану объектісін іске қосуға қабылдаудың талаптарын сақтамау; атом энергиясын пайдалану жабдықтары мен объектілерін жеткізу, монтаждау, сынақтан өткізу, іске қосудың , сондай-ақ пайдаланудан алудың белгіленген талаптарын бұзу, егер бұл әрекеттер адам өліміне немесе қоршаған ортаны радиоактивтік зақымдауға әкеп с о қ т ы р м а с а , -

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің белгілі бір түріне берілген лицензиядан, арнайы рұқсаттан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Арнайы рұқсатсыз, лицензиясыз атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыстар жүргізу, сондай-ақ ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен және иондаушы сәулелену көздерімен айналысу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің белгілі бір түріне берілген лицензиядан, арнайы рұқсаттан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 222-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**223-бап. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдаланудың, электр станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдаланудың бекітілген қағидаларын бұзу, сондай-ақ энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу**

Авария, қоршаған ортаның ластануы, өрт қатерін тудыратын немесе қызмет көрсетуші адамның өміріне қауіпті жай-күйге әкеп соқтыратын электр станциялары мен желілерін техникалық пайдаланудың, электр станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдаланудың бекітілген қағидаларын бұзу, сондай-ақ басқа да энергия тұтынушыларды шектеуге және (немесе) одан ажыратуға әкеп соқтырған энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу, -

жеке адамдарға – он бес, лауазымды адамдарға – жиырма бес, дара кәсіпкерлерге – жетпіс бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 223-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**223-1-бап. Әзірлік паспортын алу мерзімін бұзу**

1. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмыс істеуі үшін әзірлік паспортын алу мерзімін бұзуы, - дара кәсіпкерлерге – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, - дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 17-тарау 223-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.04 № 25-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **224-бап. Электр желілерін бүлдіру**

1. Кернеуі 1000 вольтқа дейінгі электр желілерін (әуе электр беру желілерін, жерасты және суасты кәбіл желілерін, трансформаторлық және өзгертуші қосалқы станцияларды, бөліп таратқыш құрылғылар мен ауыстырып қосқыш пункттерді) бүлдіру -

жеке тұлғаларға – сегіз, лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кернеуі 1000 вольттан асатын электр желілерін (әуе электр беру желілерін, жерасты және суасты кәбіл желілерін, трансформаторлық және өзгертуші қосалқы станцияларды, бөліп таратқыш құрылғылар мен ауыстырып қосқыш пункттерді) бүлдіру -

жеке тұлғаларға – он бес, лауазымды адамдарға – жиырма бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде іркіліс туғызған және залал келтірген, сол сияқты бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет -

жеке тұлғаларға – он бес, лауазымды адамдарға – отыз, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде іркіліс туғызған және залал келтірген, сол сияқты бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -

жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға – қырық, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 224-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**224-1-бап. Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамалық актісінде белгіленген, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндіретін электр, жылу энергиясын сатып алу міндетін орындамау және (немесе) тиісінше орындамау –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін электр немесе жылу желілеріне қосудың ең жақын нүктесін анықтаудың және оларды қосудың тәртібі мен мерзімін бұзу түрінде жасалған Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасын б ұ з у , -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік шара қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 224-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.04. N 166-IV Заңымен; 04.07.2013 № 128-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**225-бап. Жылу желілерін бүлдіру**

Жылу желілерін (құбырлар мен олардың конструкцияларын, арналарды, жылу камераларын, сорап станцияларын) бүлдіру, егер бұл әрекет адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірудің нақты қатеріне соқтырмаса,

- жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды

тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 225-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**225-1-бап. Электр мен жылу желілері жолдарының, газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарында жұмыстар жүргізу**

Қарамағында электр немесе жылу желілері не газбен жабдықтау жүйелерінің объектілері бар ұйымдардың келісімінсіз, электр мен жылу желілері жолдарының, газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарында құрылыс, монтаж, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың құрылысына байланысты іздестіру жұмыстарын жүргізу, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыру, базарларды орналастыру, материалдарды қоймаға жинау, қоршаулар мен дуалдар соғу, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастау мен төгу, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 225-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**226-бап. Газ пайдалану жөніндегі талаптарды, газбен жабдықтау жүйелері объектілерін пайдаланудың қауіпсіздігін бұзу**

1. Тұтынушылардың газ және газбен жабдықтау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық газ тұтыну жүйелерін және газ жабдықтарын пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұзуы, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жетіден онға дейінгі, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл



с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

3. Газ тұтыну жүйесіне тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді өз бетінше қайта қосу –

жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Тұтынушылардың газ және газбен жабдықтау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық газ тұтыну жүйелерін және газ жабдықтарын пайдалануды қоспағанда, газбен жабдықтау жүйесі объектілерін пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұзуы, –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 226-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**227-бап. Газ пайдалану қондырғыларын газдың жұмсалуын есепке алмай пайдалану**

**Ескерту. 227-бап алып тасталды - ҚР 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**228-бап. Резервтік отын шаруашылығының дайындығын қамтамасыз етуге шаралар қолданбау**

Өнеркәсіптік және (немесе) коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар үшін көзделген резервтік отын шаруашылығының жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету шараларын қолданбау немесе өнеркәсіптік және (немесе) коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелерін резервке қойылған отын түрлерімен жұмыс істеуге дайын болмауы, - ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 228-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **229-бап. Мұнай-газ құбырлары мен олардың жабдықтарын зақымдау**

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, мұнай-газ құбырлары мен олардың жабдықтарын зақымдау немесе аспаптарды заңсыз орнату, ауыстыру, желіге қосу, сондай-ақ оларды пайдалану ережелерін аварияға себеп болуы мүмкін өзге де бұзушылықтар, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 229-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **230-бап. Құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде аумақтарды бұлдіру**

Тиісті рұқсатсыз аулаларды, көшелер мен алаңдарды қазу, оларға құрылыс материалдарын үйіп тастау, қазылған жерді, сондай-ақ құрылыс алаңдарын құрылыс пен жөндеу аяқталғаннан кейін тәртіпке келтіруге шаралар қолданбау, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 230-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **17-1-тарау. Ғарыш қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Ескерту. Кодекс 17-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.01.06 N 529-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **230-1-бап. Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы заңнамасын:

1) ғарыш қызметі саласындағы салалық сараптаманың оң қорытындысы жоқ ғарыш қызметі саласындағы жобаны іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің ғарыш объектісін ұшыру туралы оң шешімсіз ғарыш объектісін Қазақстан Республикасының аумағынан ұшыру, сондай-ақ оны ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушы жүзеге асырған жағдайда, одан тыс жерде ұшыру;

3) ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеуден жалтару түрінде жасалған бұзу – ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын алты айға тоқтата тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – лицензиядан айыруға әкеп соғады.

## **230-2-бап. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу**

1. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын алты айға тоқтата тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін жоймау - лицензиядан айыруға әкеп соғады.

## **18-тарау. СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

**231-бап. Сәулет-құрылыс қызметі саласында заңнама мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, жобалау алдындағы, іздестіру, жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, құрылыс материалдарын, бөлшектері мен құрастырмаларын шығару мен қолдану**

1. Сәулет-құрылыс қызметі саласында заңнама талаптарын бұза отырып, жобалау алдындағы, іздестіру, жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, құрылыс материалдарын, бөлшектері мен құрастырмаларын шығару, қолдану, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – қызметтің тиісті түріне берілген лицензиядан айыра отырып, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жеті жүзден тоғыз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 231-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

**232-бап. Құрылыс-монтаж және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде бекітілген құрылыс нормаларының және жобалау құжаттарының талаптарын бұзу**

1. Құрылыс-монтаж және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде ғимараттардың, құрылыстардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген құрастырмалы элементтерінің пайдаланылу сапасын нашарлатуға, беріктігін, орнықтылығын төмендетуге әкеп соқтыратын бекітілген құрылыс нормаларының

және жобалау құжаттарының талаптарын бұзу, -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ғимараттардың, құрылыстардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген конструкциялық элементтерінің беріктігін, орнықтылығын жоғалтуға әкеп соқтырған, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген іс-әрекеттерді жасау – қызметтің тиісті түріне берілген лицензиядан айыра отырып, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден сегіз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 232-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**233-бап. Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту кезінде құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу**

1. Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту кезінде құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, - жүргізіліп жатқан жұмыстарын тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – лицензиядан айыра отырып және жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 233-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерістер енгізілді - 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

**234-бап. Объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрастырмалар дайындау бойынша құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде нормативтік құжаттармен көзделген атқарушы техникалық құжаттамаларды ресімдеу ережелерін бұзу**

Объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрастырмалар дайындау бойынша құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде нормативтік құжаттармен көзделген атқарушы техникалық құжаттамаларды ресімдеу ережелерін бұзу, -

ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 234-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**234-1-бап. Магистралдық құбыр жолдарын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу**

Магистралдық құбыр жолдарын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер бұл әрекет абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, -

айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 18-тарау 234-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**235-бап. Объектілерді және олардың кешендерін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз не**

**белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілмеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салу (реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу)**

1. Объектілерді және олардың кешендерін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз не сараптама жүргізу талап етілетін, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілмеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салу (реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу) – жеке тұлғаларға – алпыс, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – сексен, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан б ұ з у ш ы л ы қ т ы ж о й м а у –

жұмыстарды тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 235-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**235-1-бап. Сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу**

1. Орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаждау жұмыстарының бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес келмеуі – жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Тұрғызылып жатқан не тұрғызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігі мен беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сараптаманың (сараптамалық бағалаудың) оң қорытындысын б е р у – жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п

с о ғ а д ы .

3. Орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімін, қабылдануын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысында бұзушылықтарға жол беру –

жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер ( ә р е к е т с і з д і к ) –

сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру құқығына берілген сарапшы аттестатынан айыра отырып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 18-тарау 235-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **236-бап. Объектілер мен кешендерді пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзу**

Сәулет-құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарын бұза отырып, объектілер мен кешендерді пайдалануға берудің белгіленген т ә р т і б і н б ұ з у , -

лауазымды адамдарға - мемлекеттік қабылдау комиссиясының мүшелеріне, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 236-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **237-бап. Заңсыз құрылыс**

Өндірістік, тұрғын, шаруашылық, гидротехникалық (су шаруашылығы) немесе тұрмыстық объектілерді жерге тиісті құқықсыз заңсыз салу – заңсыз тұрғызылған немесе тұрғызылып жатқан құрылысты мәжбүрлеп бұза отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



Ескерту. 237-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**237-1-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің талаптарын бұзу**

1. Құрылыс салушының, жобалау компаниясының Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің құрылыс салушы, жобалау компаниясы туралы және құрылыс объектісі туралы ақпараттың мазмұнына қоятын талаптарын, сондай-ақ оны тарату тәртібін бұзуы не құрылыс салушының, жобалау компаниясының дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратуы - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына құрылыс салушының, жобалау компаниясының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мәліметтер мен есептілікті табыс етпеуі не олардың дәйексіз мәліметтер мен есептілікті табыс етуі - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, құрылыс салушы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, жобалау компаниясы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сол сияқты осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан б ұ з у ш ы л ы қ т а р д ы ж о й м а у - үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензияның қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

Ескерту. 237-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.11. N 183-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**237-2-бап. Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру**

Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей ж ү з е г е а с ы р у -

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – сексен, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 18-тарау 237-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **238-бап. Тұрғын үй-жайларды заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау**

1. Тұрғын үйдегі адам тұратын және тұрмайтын үй-жайларды сәулет-құрылыс жобасынсыз, сәулет және қала құрылысы жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Ғимарат беріктігінің және орнықтылығының толық жойылуына (қирауына) әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін нақ сол іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескертулер.** 1. Ғимараттардың, құрылғылардың, құрылыстардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген құрастырма элементтері беріктігінің, орнықтылығының, сенімділігінің кеміп кетуіне және жойылуына, тұрғызылатын объектілердің пайдалану сапасының нашарлауына, қоршаған ортаға кері әсер етуіне әкеп соғатын аумақтағы қала құрылысын салу кезінде аумақты игеру, объектілерді және кешендерді жобалау, салу, қайта жаңғырту, қалпына келтіру, жетілдіру, күрделі жөндеу мен көркейту кезінде техникалық регламенттерді қоспағанда, құрылыс нормалары мен ережелерінің, жобалардың, басқа да нормативтік актілердің міндетті талаптарының сақталмауы, сондай-ақ объектілер құрылысының және оларды пайдалануға қабылдаудың белгіленген ұйымдастыру-құқықтық тәртібін бұзатын іс-әрекеттер құрылыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық деп ұғынылады.

2. Ғимараттың және құрылыстың материалдарының, құрастырмаларының, бұйымдарының, олардың түйіскен тораптарының, негізгі топырақ қабатының есептік мәндегі салмақтың түсуіне және әсерлерге бүлінбей төтеп беру қабілеті беріктілік деп ұғынылады.

3. Ғимараттың, құрылыстың есептік - әсерлер мен салмақтың түсу ықпалына орай орнықты тепе-теңдік күйін сақтап қалуы орнықтылық деп ұғынылады.

4. Ғимараттың, құрылыстың, оның инженерлік жүйелерінің, салмақ көтеруші және бөлектеуші құрастырмаларының нормаланатын көрсеткіштер мәндерімен айқындалған міндеттерді атқару қабілеті сенімділік деп ұғынылады.

5. Ғимараттар мен құрылыстар салуға, кеңейтуге, қайта жаңғыртуға, техникалық қайта жаратандыруға, күрделі жөндеуге және жұмыстардың басқа да түрлеріне арналған жобалау алдындағы (құрылысқа инвестиция негіздемелері, техникалық-экономикалық негіздемелер) және жобалау құжаттары (жоба, жұмыстық жоба және жобалардың басқа да түрлері) бойынша жүргізілетін жұмыстар жобалау жұмыстары деп ұғынылады.

**Ескерту. 238-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **239-бап. Белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізілмеген объектілер мен кешендерді пайдалану**

Құрылысы аяқталған, бірақ белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізілмеген объектілерді, кешендерді немесе олардың жекелеген бөліктерін пайдалану (тұру, қызмет көрсету, кірістер алу мақсатында өнімдер өндіру), -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 239-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **239-1. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасын бұзу**

1. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелген функцияларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – лауазымды адамдарға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 18-тарау 239-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **19-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **240-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды бұзу**

1. Осы баптың 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоршаған ортаны қорғау жөнінде нормаларды, санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лауазымды адамдардың қоршаған ортаны қорғау жөнінде белгіленген нормаларды, санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды арттыруға немесе төмендетуге нұсқау немесе рұқсат беруі, - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 240-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **240-1-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу талаптарын бұзу**

Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу талаптарын бұзу, - жеке тұлғаларға - жиырма бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 240-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.09 N 213 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **240-2-бап. Экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын орындамау**

1. Экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын орындамау,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған және (немесе) қоршаған ортаға аса ірі залал келтірумен, халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен ұштасқан іс-әрекеттер,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға экологиялық рұқсаттың қолданылуы тоқтатыла тұрып не онсыз екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың экологиялық рұқсаттың қолданылуы тоқтатыла тұруына қатысты бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймауы экологиялық рұқсаттан айыруға әкеп соғады.

Ескерту: Егер табиғат пайдаланушыға экологиялық рұқсат бірнеше өндірістік объектілерге берілген жағдайда, экологиялық рұқсаттың қолданылуы табиғат пайдаланушының табиғат пайдалану шарттарын орындамауға жол берген объектісі бойынша тоқтатыла тұрады.

Ескерту. Кодекс 240-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **241-бап. Экологиялық ластану зардаптарын жою жөнінде шаралар жүргізуден жалтару**

Ластануға ұшыраған жерлерде залалсыздандыру немесе өзге де қалпына келтіру шараларын жүргізу міндеті жүктелген адамдардың осындай шараларды жүргізуден жалтаруы немесе тиісінше жүргізбеуі, егер бұл іс-әрекеттер адам немесе қоршаған орта үшін ауыр зардаптарға әкеп соқтырмаса, - жеке тұлғаларға - жиырма бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге,

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 241-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**242-бап. Ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру туралы хабарламау**

Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық заңдарының орындалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органдарға ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру және қоршаған ортаға басқа да зиянды апаттық әсері туралы хабарламау немесе бұрмаланған ақпарат беру, -

лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 242-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**243-бап. Қоршаған ортаға экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі не экологиялық рұқсаттың болмауы**

Қоршаған ортаға экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі не экологиялық рұқсаттың болмауы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға эмиссиялар көлемін асырып жібергені үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкасының бір мың проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

**Ескерту. 243-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 213 Заңымен.**

**243-1-бап. Парниктік газдар шығарындыларына квотаның белгіленген көлемінен асып түсу**

Парниктік газдар шығарындыларына квотаның белгіленген көлемінен асып түсу - заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа

табиғат пайдаланушылардан сатып алынған квоталардың бірліктерімен және (немесе) жобаларды іске асыру нәтижесінде алынған көміртегі бірліктерімен өтелмеген, квотаның белгіленген көлемінен асатын әрбір бірлігі үшін бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 19-тарау 243-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жана редакцияда - ҚР 21.04.2014 N 197-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз).

**243-2-бап. Аккредиттелген тәуелсіз ұйымдардың парниктік газдарды түгендеу, верификация және валидация (детерминация) туралы дәйексіз деректерді ұсынуы**

Аккредиттелген тәуелсіз ұйымдардың парниктік газдарды түгендеу, верификация және валидация (детерминация) туралы дәйексіз деректерді ұсынуы

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуы тоқтатыла тұрып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуы тоқтатыла тұрып, айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 243-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**244-бап. Атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және сарқынды суларды ағызуға арналған жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, сондай-ақ жабдықтарды пайдаланбау**

Атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және сарқынды суларды ағызуға арналған жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, сондай-ақ жабдықтарды пайдаланбау,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 244-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап

қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**245-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті түрде өткізу туралы заңдар талаптарын орындамау**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті түрде өткізу туралы заңдар талаптарын немесе мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында айтылған талаптарды орындамау, сол сияқты мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілмеген жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 245-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**246-бап. Шығарылған қалдықтарында ластаушы заттардың болуы нормативтерден асып кететін көлік және басқа да жылжымалы құралдарды шығару**

1. Шығарылған қалдықтарында ластаушы заттардың болуы, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі кезінде шығатын шудың деңгейі белгіленген нормативтерден асып кететін автомобильдерді, ұшақтарды, кемелерді және басқа да жылжымалы құралдарды және қондырғыларды пайдалануға шығару, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде , ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, не онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің алпыстан сексенге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 246-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы



ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**247-бап. Шығарылған қалдықтарында ластаушы заттардың болуы нормативтен асып кететін автомотокөліктер мен басқа да жылжымалы құралдарды пайдалану**

1. Шығарылған қалдықтарында ластаушы заттардың болуы, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі кезінде туғызатын шуылдың деңгейі белгіленген нормативтерден асып кететін автомотокөліктерді және басқа да жылжымалы құралдар мен қондырғыларды жеке тұлғалардың пайдалануы, - жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 247-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**248-бап. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі заңнаманы бұзу**

1. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмейтін жаңа және қайта жаңғыртылған кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді пайдалануға қабылдау, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмейтін жаңа және қайта жаңғыртылған кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді п а й д а л а н у , - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 248-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**249-бап. Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау**

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау ережелерін бұзу, аталған қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 249-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**250-бап. Жерді бүлдіру**

1. Сату немесе оны басқа адамдарға беру мақсатымен топырақтың құнарлы қабатын жою немесе заңсыз алу, бұлай алу топырақтың құнарлы қабатының біржола жоғалуын болдырмау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сақтау, пайдалану немесе тасымалдау кезінде улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, өсімдіктердің өсуін күшейтетін дәрілермен және өзге де қауіпті химиялық, биологиялық және радиоактивті заттармен жұмыс істеу ережелерін бұзу салдарынан шаруашылық немесе өзге де қызметтің зиянды өнімдерімен жерді уландыру, ластау немесе өзге де бүлдіру, сол сияқты бактериялық-паразиттік немесе ерекше зиянды организмдермен, бірақ адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян тигізуге әкеп соқпаған ластау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бестен қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 250-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **251-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану немесе пайдаланбау**

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану немесе п а й д а л а н б а у , -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 251-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **252-бап. Жерді пайдаланудың табиғат қорғау режимі талаптарын орындамау**

1. Жерді пайдаланудың табиғат қорғау режимі талаптарын орындамау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 252-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **253-бап. Жерді нысаналы мақсатында пайдаланбау**

Жерді нысаналы мақсатында пайдаланбау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып

табылатын заңды тұлғаларға - оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 253-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**254-бап. Уақытша иеленген жерді мақсатына орай одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау**

Уақытша иеленген жерді мақсатына орай одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүз онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 254-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**255-бап. Іздестіру жұмыстарын жер учаскесін пайдалануға рұқсатсыз жүргізу**

Іздестіру жұмыстарын жер учаскесін пайдалануға рұқсатсыз жүргізу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 255-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**256-бап. Жер учаскелерін беру туралы өтінімдерді қараудың белгіленген мерзімдерін бұзу**

Жеке және заңды тұлғалардың өздеріне жер учаскелерін беру немесе меншік немесе жер пайдалану құқығына құжаттарды қайта ресімдеу туралы өтінімдерін (өтініштерін) қараудың белгіленген мерзімдерін бұзу, - лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 256-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**257-бап. Тұрғын үй салу үшін жер учаскелері, арнайы жер қоры бар екендігі туралы ақпаратты жасыру**

Жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелері, арнайы жер қоры бар екендігі туралы ақпаратты жасыру, оны бұрмалау, жер учаскелерін бөлуден негізсіз бастарту , -

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 257-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 Заңымен.

**258-бап. Жерді мемлекеттік тіркеу, есепке алу және бағалау мәліметтерін бұрмалау**

Жерді мемлекеттік тіркеу, есепке алу және бағалау мәліметтерін қасақана бұрмалау , -

лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 258-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**258-1-бап. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Геодезиялық және картографиялық жұмыстарды: геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін, меншікті немесе жалға алынған салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығы не зауыттық нөмірі көрсетілген салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарт; штатында геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар маман болмаған кезде жүзеге асыру - жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға – қырық, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып

табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 18-тарау 258-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**259-бап. Келісім-шарт жасаспай жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу**

Келісім-шарт жасаспай жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 259-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**260-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеу құқығын бұзу**

Жер қойнауын геологиялық зерттеу құқығын беруге арналған конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдаудан негізсіз бас тарту, -  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**261-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, сарқынды суды ағызып жіберу талаптарын бұзу**

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, сондай-ақ сарқынды суды ағызып жіберу талаптарын бұзу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 261-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.01.09. N 213 Заңдарымен.**

**262-бап. Минералды шикізатты өндіру және қайта өңдеу жөніндегі ұйымдардың жобаларын әзірлеу кезінде ережелерді бұзу**

Минералды шикізатты өндіру және қайта өңдеу жөніндегі ұйымдардың жобаларын әзірлеу кезінде белгіленген ережелерді бұзу, -

ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 262-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**263-бап. Минералды шикізатты өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі ұйымдардың құрылысын салу және пайдалануға қосу кезінде жер қойнауын қорғау ережелерін қамтамасыз етпеу**

Минералды шикізатты өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі ұйымдардың құрылысын салу және пайдалануға қосу кезінде жер қойнауын қорғау ережелерін қ а м т а м а с ы з е т п е у , -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 263-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**264-бап. Минералды шикізат өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі жобалық шешімдерді сақтамау**

Минералды шикізат өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі жобалық шешімдерді пайдалы қазбаларды және компоненттерді алудың толықтығы мен пайдаланудың кешенділігі, өндіріс қалдықтарын бөлек жинау және сақтау бөлігінде сақтамау, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 264-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**265-бап. Жер қойнауын пайдалану және минералды шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелерді бұзу**

Жер қойнауын пайдалану және минералды шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелерді бұзу, егер бұл әрекет елеулі залал келтіруге әкеп соқпаса, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - он бес, лауазымды адамдарға, дара

кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 265-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**2 6 6 - б а п .** < \* >

Ескерту. 266-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**267-бап. Жер қойнауының жай-күйін және пайдалы қазбалар қорларының бар екендігін есепке алу жөніндегі ережелерді бұзу**

Жер қойнауының жай-күйін және пайдалы қазбалар қорларының бар екендігін есепке алу жөніндегі ережелерді бұзу, -

Лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 267-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**268-бап. Минералды шикізатты өндіру мен қайта өңдеуді есепке алу жөніндегі бастапқы және мемлекеттік есептемені бұрмалау**

Минералды шикізатты өндіру мен қайта өңдеуді есепке алу жөніндегі бастапқы және мемлекеттік есептемені бұрмалау, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 268-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**269-бап. Өндіру және қайта өңдеу кезінде пайдалы қазбалардың мөлшері мен сапасын дұрыс анықтау ережелерін бұзу**

Өндіру және қайта өңдеу кезінде пайдалы қазбалардың мөлшері мен сапасын дұрыс анықтау ережелерін бұзу, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**270-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге асыру және залалсыздандыру ережелерін бұзу**

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге асыру және залалсыздандыру ережелерін бұзу, -



лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 270-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**271-бап. Кен орындары мен бұрғылау ұңғыларын олардың сақталуын және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей жай-күйге келтіру ережелерін бұзу**

Маркшейдерлік құжаттаманы жоғалту, таратылған немесе уақытша тоқтатылған кен орындары мен бұрғылау ұңғыларын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей жай-күйге келтіру жөніндегі ережелерді, сондай-ақ уақытша тоқтатылған кезде кен орындары мен бұрғылау ұңғыларын сақтау жөніндегі ережелерді бұзу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 271-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**272-бап. Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату мен уақытша тоқтатып қою жөніндегі ережелерді бұзу**

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату мен уақытша тоқтатып қою жөніндегі ережелерді бұзу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 272-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**273-бап. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау органдарына минералды шикізатты пайдалану туралы ақпарат беруден бас тарту немесе жалтару**

Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау органдарына жер қойнауын пайдаланудың, өндірілген және қайта өңделген минералды шикізаттың жай-күйі

туралы уақтылы, толық және сенімді ақпарат беруден бас тарту немесе жалтару,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 273-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**274-бап. Лауазымды адамдардың жер қойнауы және минералды шикізатты қайта өңдеу туралы заңдардың бұзылуына әкеп соғатын нұсқаулар немесе рұқсаттар беруі**

Лауазымды адамдардың жер қойнауы және минералды шикізатты қайта өңдеу туралы заңдардың бұзылуына әкеп соғатын нұсқаулар немесе рұқсаттар беруі,

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 274-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**275-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу ережелерін бұзу**

1. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу ережелерін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың талаптарын бұзу,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз жиырмадан жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі экологиялық талаптары мен шарттарын орындамау,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз жиырмадан жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 275-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **275-1-бап. Табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу**

Табиғат пайдалану жөніндегі көрінеу заңсыз мәмілелерді тіркеу, табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алу мен мемлекеттік жер кадастрларының деректерін бұрмалау, сол сияқты табиғи ресурстарды пайдаланғаны, қоршаған ортаны ластағаны, табиғи ресурстарды қорғағаны және молықтырғаны үшін төлемді қасақана төмендету, егер бұл әрекеттерді лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, пайдакүнемдік немесе өзге де жеке мүддесі үшін ж а с а с а , -

айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 19-тарау 275-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **276-бап. Су ресурстарын қорғау ережелерін бұзу**

1. Жер үсті және жер асты суларын, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау және былғау, сарқу, су жинайтын орындарда олардың ластануын, топырақтың су эрозиясын және басқа да зиянды құбылыстар тудыратын су қорғау режимін бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса және Қазақстан Республикасының су заңнамасында тыйым салынған қызмет түрлерін су қорғау аймақтары мен су белдеулері шекаралары шегінде жүзеге а с ы р у , -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Судың ластануын және былғануын немесе оның зиянды әсерін болдырмайтын құрылыстар мен құрылғыларсыз кәсіпорындарды, коммуналдық және басқа да объектілерді іске қосу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғауды, сондай-ақ су

режимі жай-күйінің жақсаруын қамтамасыз ететін гидротехникалық, технологиялық, орман-мелиорациялық, санитариялық және басқа да іс-шараларды жүргізу, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 276-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2009.07.10. N 180 -IV Заңдарымен.**

**277-бап. Су шаруашылығы құрылыстарын, құрылғыларын және сумен жабдықтаудың өртке қарсы жүйелерін зақымдау, оларды пайдалану ережелерін бұзу**

1. Су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын, сондай-ақ сумен жабдықтаудың өртке қарсы жүйелерін зақымдау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 277-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**278-бап. Су айдындарының жай-күйіне әсер ететін заңсыз құрылыс**

1. Өзендердің және басқа да су айдындарының жай-күйіне әсер ететін ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді заңсыз салу, - ескерту жасауға немесе заңсыз салынған құрылысты мәжбүрлеп бұздыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңсыз су ұңғымасын бұрғылау және жер асты суларының су тарту тоғандарын салу, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға

дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 278-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**279-бап. Судың бастапқы есебін жүргізу және оны пайдалану ережелерін бұзу**

Судың бастапқы есебін жүргізу және оны пайдалану ережелерін бұзу, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 279-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 Заңымен.**

**280-бап. Су ресурстарын есепке алу мен есеп-қисап деректерін бұрмалау**

Су кадастрын есепке алу мен есеп-қисап деректерін, су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын бұрмалау, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпеу, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 280-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2009.07.10. N 180 -IV Заңдарымен.**

**281-бап. Су ресурстарын реттеуге кедергі жасау**

Су ресурстарын кешенді пайдалану, экология және су бөлу мүдделеріне орай оларды реттеуге кедергі жасау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 281-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**281-1-бап. Ортақ су пайдалану ережелерін бұзу**

## 1. Ортақ су пайдалану ережелерін:

тыйым салынған жерлерде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу;

жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдаланудағы су объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет бекеттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуі түрінде бұзу, -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 281-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.**

### **281-2-бап. Белгіленген су сервитуттарын бұзу**

1. Белгіленген су сервитуттарын бұзу -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 281-2-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.**

### **282-бап. Орман қоры учаскелерін заңсыз пайдалану**

Тиісті рұқсатсыз тамырымен жұлу, құрылыстар салу, сүректі қайта өңдеу, қоймалар тұрғызу және басқа мақсаттар үшін орман қоры учаскелерін заңсыз п а й д а л а н у , -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 282-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**283-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау**

1. Ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды, қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ заңсыз кесу және зақымдау, - ескерту жасауға немесе заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, құқық бұзушының көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Орман питомниктері мен плантацияларындағы орман дақылдарын, себінділерді не көшеттерді, сондай-ақ көктеп шыққан табиғи өскіндерді, жас шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдардағы өздігінен көктеген өскіндерді жою немесе зақымдау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған і с - ә р е к е т т е р , -

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, құқық бұзушының көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 283-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.12.05. N 506 Заңымен, өзгеріс**

енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2012.01.25 N 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**284-бап. Орманда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық ережелерді бұзу**

1. Орманда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық ережелерді бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өрттің шығуына, адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ нақ с о л ә р е к е т , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ж а с а л ғ а н і с - ә р е к е т т е р , -

жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 284-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**285-бап. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген тәртібін бұзу**

1. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген т ә р т і б і н б ұ з у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде



, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 285-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**286-бап. Орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың уақытша алынып отырған учаскелерін қайтару мерзімдерін бұзу**

1. Мемлекеттік орман қорының уақытша иеленіп отырған учаскелерін қайтару мерзімдерін бұзу немесе оларды мақсатты түрде пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 286-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**287-бап. Шабындықтар мен жайылымдық жерлерді бүлдіру, сондай-ақ орман қоры жерлерінде заңсыз**

**шөп шабу және мал жаю, дәрілік өсімдіктерді  
және техникалық шикізатты жинау**

1. Орман қоры жерлерінде шабындықтар мен жайылымдық жерлерді бүлдіру

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Орманда және орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу және мал жаю, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Дәрілік өсімдіктерді және техникалық шикізатты бұған тыйым салынған немесе орман билеті бойынша ғана жіберілетін учаскелерде заңсыз жинау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 287-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**288-бап. Ағашы кесілген жерлерге және орманды қалпына  
келтіру мен орман өсіруге арналған орман  
қорының басқа да санаттағы жерлеріне ағаш  
егудің тәртібі мен мерзімдерін бұзу**

Ағашы кесілген жерлерге және орманды қалпына келтіру мен орман өсіруге арналған орман қорының басқа да санаттағы жерлеріне ағаш егудің тәртібі мен мерзімдерін бұзу,

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**289-бап. Орман үшін пайдалы фаунаны құрту, сондай-ақ  
орманды қалдықтармен, химиялық заттармен  
бүлдіру, ластау және орман қоры жеріне өзге де  
залал келтіру**

1. Орман үшін пайдалы фаунаны жою, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ормандардың қурап қалуына немесе ауруға шалдығуына не ластануына ұшырататын сарқынды сулармен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және тұрмыстық төгінділермен, қалдықтармен және тастандылармен орманды бүлдіру,

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Орман қоры жеріндегі орман құрғату жыраларын, дренаж жүйелері мен жолдарды жою немесе бүлдіру,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 289-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**290-бап. Орманды пайдалануды рұқсат құжаттарында көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес келмейтін ретпен жүзеге асыру**

1. Орманды пайдалануды рұқсат құжаттарында көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес келмейтін ретпен жүзеге асыру,

жеке тұлғаларға - үш, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 290-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**291-бап. Орманның жай-күйіне және оны ұдайы молайтуға зиянды ықпал етуге әкеп соғатын объектілерді салу және пайдалану**

1. Орманның жай-күйіне және оны ұдайы молайтуға зиянды ықпал етуге әкеп соғатын объектілерді салу және пайдалану, -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 291-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**292-бап. Ағаш кесетін жерлерді бөліп беру мен бағасын шығарудың белгіленген тәртібін бұзу**

Ағаш кесетін жерлерді бөліп беру мен бағасын шығарудың белгіленген т ә р т і б і н б ұ з у , -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**293-бап. Сүректі есептік ағаш кесуден артық мөлшерде дайындауға жол беру**

Сүректі есептік ағаш кесуден артық мөлшерде дайындауға жол беру, - лауазымды адамдарға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 293-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**294-бап. Өсімдік қорғау құралдары мен басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзу**

1. Осы Заңның 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, өсімдік қорғау құралдарын, олардың өсуін жылдамдататын заттарды, минералдық тыңайтқыштарды және қоршаған ортаны ластауға не жануарлар дүниесіне залал келтіруге соқтырған немесе соқтыруы мүмкін басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың шешімдерді: қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) зиянсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмау; арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) салмау, тиісті жай-күйде күтіп-ұстамау және ұстап тұрмау; пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензияламау түрінде жасаған уақтылы қабылдамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына ескерту жасауға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасымен өздеріне жүктелген функцияларды о р ы н д а м а у ы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамау не тиісінше орындамау – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 294-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.12.05. N 506 , 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**295-бап. Өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, зоологиялық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу және пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру**

1. Өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, жануарлардың өсіп-өну жағдайларын, орын ауыстыру жолдары мен шоғырланатын орындарын, зоологиялық және ботаникалық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу мен пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру ,

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің сегізге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің сегізден он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 295-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**296-бап. Елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен салу, өндіріс процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа да препараттарды қолдану кезінде өсімдіктер мен жануарларды қорғау ережелерін**

**бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 N 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен салу, өндіріс процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа да препараттарды қолдану кезінде өсімдіктер мен жануарларды қорғау ережелерін

б ұ з у , -  
ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің сегізге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 296-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) , 2012.01.25 N 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**296-1-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде жеке тұлғалардың болу тәртібін бұзу**

Жеке тұлғалардың мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік табиғи саябақтардың аумақтарына арнайы рұқсатсыз және бару үшін белгіленген орындардан тыс жерлерде болуы, -

ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 296-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

## **297-бап. Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді бүлдіру немесе жою**

Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді: артықшылығы бар ағаштарды, артықшылығы бар ағаштардың мұрағаттық клондарын, географиялық дақылдарды, популяциялар мен будандардың сынақ дақылдарын бүлдіру немесе жою , -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 297-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

## **298-бап. Заңсыз аң аулау, жануарлар дүниесін пайдалану**

1. Аң аулау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ бұзу және осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген аң аулау ережелерін бұзу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Жарылғыш құрылғыларды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданып заңсыз аң аулау, сондай-ақ әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған аң аулау ережелерін бұзу, -

жануарларды аулау құралдары, көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралдары болған өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетіден он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға әкеп соғады.

2-1. Заңсыз аңшылық, егер бұл әрекет елеулі залал келтіріп жасалса, – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше



қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -  
әкімшілік құқық бұзушылық заттары және (немесе) құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз және одан да көп есе асатын залал мөлшері елеулі залал деп танылады.

Ескерту. 298-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 N 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **298-1-бап. Балық аулау және балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау ережелерін бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланудың өзге де түрлерін жүзеге асыру ережелерін бұзу, -  
жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін (әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қоспағанда, тыйым салынған мерзімдерде тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен, тыйым салынған жерлерде балық аулау), сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін өрескел б ұ з у , -

әкімшілік құқық бұзушылық заттары және (немесе) құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды

тұлғаларға жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Балық қорғау құрылғысын орнатпай, балық шаруашылығы су қоймаларынан су алу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 298-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506, өзгерту енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.25 N 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**299-бап. Аң аулау алаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекіту, пайдалану және қорғау тәртібін бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Аң аулау алаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекіту, пайдалану және қорғау тәртібін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 299-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

**300-бап. Жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау ережелерін бұзу**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 300-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**301-бап. Берілген лицензияның шарттарын заңсыз өзгерту, сол сияқты теңізде мұнай операцияларын жүргізудің бекітілген тәртібін бұзу**

Берілген лицензияның шарттарын заңсыз өзгерту, сол сияқты теңізде мұнай операцияларын жүргізудің бекітілген тәртібін бұзу, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 301-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 Заңымен.

**302-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында рұқсат етілген қызметті реттейтін лицензия шарттарын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында рұқсат етілген қызметті реттейтін лицензия шарттарын бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы пайдалы қазбалар орындарының бүлінуіне, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін, жанды ресурстарға, теңіз флорасы мен фаунасына залал келтіруі не қызметтің басқа да заңды түрлеріне кедергі туғызуы мүмкін су асты кабельдерін немесе құбыр жолдарын Қазақстан Республикасының аумағына шығару немесе оларды Қазақстан Республикасының континенттік қайраңына төсеу ережелерін бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - құқық бұзушылық жасалған кемесі мен құралдарды тәркілене отырып не онысыз, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 302-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**303-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу ережелерін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қызметтің заңды түрлеріне кедергі жасаған немесе жасауы мүмкін, Қазақстан Республикасының рұқсатымен немесе халықаралық шарттарымен көзделген теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу ережелерін бұзу, не Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында теңіз ғылыми зерттеулерінің бағдарламаларын заңсыз өзгерту , -

жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға - жиырма, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

құқық бұзушылық жасалған кемесі мен құралдары, сондай-ақ алынған зерттеулер нәтижелері тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 303-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**304-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелерін, сондай-ақ уақытша тоқтата тұру және бөлшектеу ережелерін бұзу**

1. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында кемелерді және өзге де қалқымалы құралдарды, ұшатын аппараттарды, жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылыстарды, қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелерін, сондай-ақ пайдалы қазбалар орындарының бүлінуіне, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге, биологиялық ресурстарға, теңіз флорасы мен фаунасына залал келтіруге немесе қызметтің басқа да заңды түрлеріне кедергі туғызуға әкеп соғуы мүмкін уақытша тоқтата тұру мен бөлшектеу ережелерін бұзу , -

жеке адамдарға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма,

занды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - құқық бұзушылық жасалған кемесі мен құралдары тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма бес есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 304-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.**

**305-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын қорғау органдары лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау**

1. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын қорғау органдары лауазымды адамдарының кемені тоқтату туралы заңды талаптарын орындамау, сондай-ақ бұл лауазымды адамдардың өздеріне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыруына, соның ішінде кемені тексеруіне кедергі жасау, - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - құқық бұзушылық жасалған кемесі мен құралдары, сондай-ақ алынған зерттеу нәтижелері тәркілене отырып не онысыз, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 305-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**306-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы, аумақтық суларындағы (теңізіндегі) және ішкі суларындағы минералдық және биологиялық ресурстарды заңсыз беру**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

1. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы, аумақтық суларындағы (теңізіндегі) және ішкі суларындағы минералдық және биологиялық ресурстарды шетелдіктерге, басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес

құрылған заңды тұлғаларға не шет мемлекеттерге заңсыз беру, - жеке адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға заңсыз берілген минералдық және биологиялық ресурстар құнының жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - құқық бұзушылық жасалған кемесі мен құралдары, сондай-ақ алынған зерттеу нәтижелері тәркілене отырып не онсыз, жеке адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға заңсыз берілген минералдық және биологиялық ресурстар құнының екі жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 306-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

### **306-1-бап. Экологиялық аудит туралы заңнаманы бұзу**

1. Міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы заңнама талаптарын о р ы н д а м а у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Экологиялық аудиторлардың (экологиялық аудиторлық ұйымдардың) көрінеу дұрыс емес экологиялық аудиторлық есеп жасауы, - экологиялық аудиторларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға - екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - экологиялық аудиторлық қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, экологиялық аудиторларға - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға - сегіз жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Тексеріліп жатқан тұлғаның экологиялық аудит жүргізілу барысында дұрыс емес экологиялық аудиторлық есеп жасауға әкеп соғатын көрінеу дұрыс емес немесе толық емес ақпаратты беруі, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 306-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **306-2-бап. Бекіре тұқымдас балықтардың таңбалау тәртібін бұзып таңбаланған уылдырығын не таңбаланбаған уылдырығын өткізу**

1. Бекіре тұқымдас балықтардың таңбалау тәртібін бұзып таңбаланған уылдырығын не таңбаланбаған уылдырығын өткізу – таңбалау тәртібін бұзып таңбаланған уылдырықты не таңбаланбай өткізілетін уылдырықты тәркілей отырып жеке адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан отыз беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпістен тоқсанға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - таңбалау тәртібін бұзып таңбаланған уылдырықты не таңбаланбай өткізілетін уылдырықты тәркілей отырып жеке адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жетпіске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүз оннан жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз қырықтан жүз алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

с о ғ а д ы .

Ескерту. Кодекс 306-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

**306-3-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың дәйексіз деректерді ұсынуы**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың эмиссиялар нормативтерін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы мен олар бойынша есептерді әзірлеу кезінде дәйексіз деректерді ұсынуы ,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып не онсыз, айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасау, олар қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса не үш реттен артық жасалса және егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса ,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - лицензиядан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - лицензиядан айыра отырып, үш жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. Кодекс 306-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**20-тарау. Карантин ережелері, астық нарығы мен астықты сақтау, мақта саласы, тұқым шаруашылығы, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау және асыл**



**тұқымды мал шаруашылығы, сондай-ақ азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Ескерту. 20-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 299, өзгеріс енгізілді - 2009.07.24 N 190-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 33-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**307-бап. Карантиндік зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күрес жөніндегі ережелерді бұзу**

1. Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережелерді бұзу,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын:

уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органдардың тиісті аумақтарда карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу және оның күшін жою туралы шешімді уақтылы қабылдамауы;

өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді тиісінше және уақтылы ұйымдастырмауы;

карантинді объектілердің таралуының есебін тиісінше не уақтылы жүргізбеуі және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпаратты тиісінше не уақтылы бермеуі түрінде жасаған бұзушылығы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамау не тиісінше орындамау – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 307-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **308-бап. Карантиндік тексеруден және тиісті өңдеуден өтпеген материалдарды әкелу және әкету**

Карантиндік тексеруден және тиісті өңдеуден өтпеген импортталатын және экспортталатын өсімдік материалдарын өсімдік карантині жөніндегі шекаралық пункттерге және шекарадағы бекеттерге әкелу және олардан әкету, осы жүктерді рұқсат етілетін карантин құжаттарының тасымалдау, -

карантиндегі өнімдерді тәркілей отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 308-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**3 0 9 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 309-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **309-1-бап. Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзу**

1. **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 - б . қ а р а ң ы з ) Заңымен .**

2. Астықты экспорттау және импорттау кезінде астық сапасының тиісті п а с п о р т т а р ы н с ы з ө т к і з у , -

жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік ресурстар астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың кез келген мөлшерін тиіп жөнелтуі және (немесе) көлік ұйымдарының астықты уәкілетті органмен алдын ала келіспей әкетуі, -

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі ережелерін б ұ з у ы , -

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Астық қабылдау кәсіпорнының «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында рұқсат етілген қызметті қоспағанда, астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге қатысты емес қызметті жүзеге асыруы, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруі және (немесе) өз мүлкін кепілге беруі, -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

6. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық және сапалық көрсеткіштерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) бұрмалауы, олар құжаттамамен расталған жағдайда, -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

7. Астық қабылдау кәсіпорнының оларсыз астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру толығымен мүмкін болмайтын не айтарлықтай нашарлайтын негізгі құрал-жабдықтарды иеліктен шығаруы, -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері

болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

8. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін осы баптың бесінші, алтыншы, жетінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау, -

лицензиядан айыра отырып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бес жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Агенттің астықты қайта өңдеу ұйымдарына ішкі нарықты реттеу мақсатында өткізген мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығын олардың нысаналы пайдаланбауы -

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Отандық астық өндірушілердің мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру жөніндегі міндеттемені орындамауы -

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 309-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **309-2-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезіндегі құқық бұзушылық**

1. Егіске арналған тұқымды өндіру, өткізу және пайдалану жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпті бұз а т ы р ы п ж ү з е г е а с ы р у , -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын айқындау жөнінде қызмет көрсетуші аттестатталған жеке және заңды тұлғалардың тұқым сапасына сараптама жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзуы, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Аттестатталған жеке және заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы саласындағы қызметке қойылатын заңдарда белгіленген біліктілік талаптарын бұзуы, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - субъектілердің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінен айыруға әкеп соғады.

**Ескерту. 309-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

### **309-3-бап. Фитосанитариялық есепке алу мен есептілікті жүзеге асыру тәртібін бұзу**

Фитосанитариялық есептілікті табыс етпеу, сол сияқты уақтылы табыс етпеу, -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 309-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **309-4-бап. Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасын бұзу**

1. Мақта өңдеу ұйымдарының мақтамен жүргізілген операциялар көрсетілетін құжаттарды есепке алу мен сақтаудың белгіленген тәртібін бұзуы, -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мақта талшығының тиісті сапа паспортынсыз мақта талшығын өткізу, - жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамау

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысудан жалтару, -

лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Мақта өңдеу ұйымдарының Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңында тыйым салынған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы, Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңының талаптарын бұза отырып, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруі және (немесе) өз мүлкін кепілге қоюы, сондай-ақ оларсыз мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру мүлде мүмкін болмайтын немесе айтарлықтай нашарлайтын жағдайда, негізгі құрал-жабдықтарды мақта өңдеу ұйымының иеліктен шығаруы, -

лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде

а й ы п п ұ л                      с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

6. Мақта қолхатын ұстаушылардың өтініштері бойынша мақта мөлшері мен сапасының көрсеткіштерін оларды құжаттамалық растау талабымен үнемі ( қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп) бұрмалау, - лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден сексенге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

7. Лицензиаттың лицензия алу кезінде көрінеу жалған ақпарат беруі, - лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а                      ә к е п                      с о ғ а д ы .

8. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқарған кезеңде уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелерінің немесе уақытша әкімшіліктің Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңын бұзуы, - жеке және лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұру мерзімі өткен соң, осы баптың төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау лицензиядан айыруға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 309-4-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.21 N 299 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 131-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**309-5-бап. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу**

1. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын нысаналы пайдаланбау, егін жинау кезеңінде өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша тауар интервенцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын

с а қ т а м а у

лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын сатып алу және оларды азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорынан өткізу кезінде тіркелген бағаларды сақтамау - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 20-тарау 309-5-баппен толықтырылды - 2012.07.10 N 33-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **310-бап. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын:

1) карантин мен шектеу іс-шараларының шарттары мен талаптарын сақтамау;

2) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, талаптарды және ветеринариялық нормативтерді:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде;

зообақтардағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды асырау, өсіру және пайдалану;

ішкі сауда объектілерінде; жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде; ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда қызметті жүзеге асыру кезінде;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде сақтамау;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау;

4) кейін өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союдың



ш а р т т а р ы м е н т а л а п т а р ы н с а қ т а м а у ;

5) тіркеу сынақтарын жүргізу үшін ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын қажетті көлемде өндіру, әкелу (импорт) жағдайларын қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркеусіз өндіруді, әкелуді (импортын), өткізуді және қолдануды (пайдалануды) жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ветеринариялық іс-шараларды өткізбеу немесе тиісті түрде өткізбеу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімдерін бұзу –

жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етпеу –

лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен өздеріне жүктелген функцияларды орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

1) жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және өткізілгені;

2) жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарламау және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолданбау –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бұзу –

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Осы баптың он бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Ветеринария саласындағы мамандардың қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға ветеринариялық іс-шаралар өткізу жөнінде жәрдем көрсетпеу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын

кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Жануарларды карантиндеу қағидаларын бұзу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Эпизоотияның таралуына немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соқпаған, эпизоотияға қарсы күрес мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзу –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

16. Осы баптың он үшінші, он төртінші және он бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 310-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **310-1-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасын :

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің бағалаудан өтпеген асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуі;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл тұқымдық куәлік берусіз асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуі;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің деректер есебін жүргізуден бас тартуы және есептілік бермеуі;

4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл

тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың актілерін о р ы н д а м а у ы ;

5) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген асыл тұқымды малдан алынған ұрықтар мен э м б р и о н д а р д ы п а й д а л а н у ы ;

6) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің бағалаудан өтпеген асыл тұқымды малды өз төлінен өсіру мақсатында пайдалануы;

7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл тұқымды малды бағалау нәтижелерін бұрмалауы;

8) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімінде тіркеу үшін жеке және заңды тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды мал туралы деректер беруден бас тартуы;

11) жеке және заңды тұлғалардың өсіру мақсатында бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды пайдалану тәртібін бұзуы;

12) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасымен өздеріне жүктелген функцияларды тиісінше не уақтылы орындамауы түрінде жасалған бұзушылық –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген хабарлама жасауға жататын міндеттерді сақтамауы –

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін тоқтата тұрып не онсыз, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сол сияқты осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік

жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметке тыйым салуға әкеп соғады .

Ескерту. Кодекс 310-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 N 540-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**311-бап. Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген, қалаларда және басқа да елді мекендерде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу – ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Жеке тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан нақ сол әрекеттер – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 311-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**20-1-тарау. Білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы өкімшілік құқық бұзушылықтар**

Ескерту. 20-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 20-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 N 229-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**311-1-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Педагог қызметкердің міндеттерін және педагогтік әдеп нормаларын

орындамауы немесе тиісінше орындамауы, -  
жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі  
мөлшерінде, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан  
Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді  
орындамауы немесе тиісінше орындамауы, -  
жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде  
а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды адамының  
міндеттеріне ұқыпсыз немесе адал қарамауының салдарынан оларды  
орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл оқыту және тәрбиелеу  
процесінде білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің, білім алушылары мен  
қызметкерлерінің денсаулығына жеңіл нұқсан келтірсе, -  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі  
мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

4. Лицензиаттың білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережелерін, білім  
беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелерін, білім алушыларды ауыстыру және  
оқуына қайта қабылдау ережелерін бұзуы, -  
лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық  
есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі, заңды тұлғаларға жетпістен жүзге  
дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

5. Білім беру ұйымдарында саяси партиялардың ұйымдық құрылымдарын  
құру және олардың қызметі, -  
лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі  
мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

6. Берілетін білім беру қызметтерінің білім берудің мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ білім берудің  
мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын өзгеше бұзу, -  
лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық  
есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға  
елуден жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

7. Осы баптың бірінші-алтыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза  
қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (   
ә р е к е т с і з д і к ) , -

лицензиядан айырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің - оннан он  
беске дейінгі, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға  
жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 311-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

### **311-2-бап. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Сабақтар мен жарыстар өткізетін орындарды спорттық мүкәммалмен және жабдықпен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау – заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекет меншігіндегі дене шынықтыру-сауықтыру, спорт ғимараттарын оларға тең дене шынықтыру-сауықтыру, спорт ғимараттарын құрмай тұрып жою, олардың нысаналы және функционалдық мақсатын өзгерту – лауазымды адамдарға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 20-1-тарау 311-2-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2014 N 229-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **311-3-бап. Қазақстан Республикасының спорттық медицина саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Спорттық іс-шаралардың қатысушыларын медициналық көмекпен қамтамасыз ету және нормативтік талаптарға сәйкес медициналық тексеруден өтпеген спортшыларға рұқсат беру жөніндегі талаптарды сақтамау – заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 20-1-тарау 311-3-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2014 N 229-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **21-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **312-бап. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу немесе орындамау**

1. Ұйымдарда, қоғамдық орындарда, қойма үй-жайларында, жатақханаларда және тұрғын үйлерде ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларында, техникалық регламенттерде, құрылыс нормалары

мен қағидаларында, мемлекеттік стандарттарда көзделген өртке қарсы талаптарды, сондай-ақ өрт сөндіру техникасын, өртке қарсы құрал-сайманды, жабдықты, өртті табу мен сөндірудің автоматты құралдарын, өртке қарсы автоматиканы пайдалану мен күтіп-ұстау қағидаларын бұзу немесе орындамау - жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 312-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**312-1-бап. Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу кезінде бұзу**

**Ескерту. 312-1-бап алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**313-бап. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін жарылу-өрт қаупі және өрт қаупі бар өнімді шығару және өткізу**

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін жарылу-өрт қаупі және өрт қаупі бар өнімді шығару және өткізу, егер бұл абайсызда денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян және (немесе) жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға не мемлекетке ірі көлемде нұқсан келтіруге әкеп соқпаса - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы Кодекстің осы бабына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кездегі бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сома ірі көлемдегі



Ескерту. 313-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**314-бап. Су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамау**

1. Су айдындарында қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауапты адамның оларды бұзуы немесе орындамауы, егер бұл адам денсаулығына зиян немесе елеулі залал келтірсе, қылмыс белгілері болмаған кезде, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 314-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**315-бап. Атом энергиясын пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзу**

Уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген деңгейден жоғары мөлшерде атмосфераға, сулы ортаға және жер қойнауына радиоактивті заттарды негізсіз немесе әдейі шығарса; сәулеленуге ұшыраған немесе радиоактивтік заттары бар өнімдер мен материалдарды халықтың пайдалануы мен тұтынуы мақсатында осыған уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатынсыз шаруашылық айналымына тарту; тиісті дайындықтан өтпеген не олардың біліктілігін көрсететін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған немесе медициналық жағынан рұқсат етілмейтін адамдарды атом энергиясын пайдалану объектісіндегі жұмысқа жіберу; радиоактивтік заттар мен иондалған сәулелендіру көздерін есепке алуды және бақылау жасауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не атом энергиясын пайдалану саласында қызметтің белгілі бір түріне берілген лицензиядан айыруға

ә к е п

с о ғ а д ы .

Ескерту. 315-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **316-бап. Ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын бұзу**

Ядролық экспорт пен импорттың белгіленген тәртібін бұзу, ядролық материалдарды, атом энергиясын пайдалану объектілерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзу; ядролық материалдарды есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не атом энергиясын пайдалану саласында қызметтің белгілі бір түріне берілген лицензиядан айыруға

ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 316-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **317-бап. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын:

1) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді шығару ж ә н е ө т к і з у ;

2) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келмейтін өнімді көтерме немесе бөлшек саудаға, нарықтарға шығару;

3) сәйкестік сертификаты, сәйкестік белгісі немесе сәйкестік туралы декларациясы болмаған, сондай-ақ олар қолдан жасалған, қолданылу мерзімі өтіп кеткен немесе тоқтатыла тұрған жағдайда, сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімді импорттау және (немесе) өткізу;

4) сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу т ә р т і б і н б ұ з у ;

5) сәйкестік сертификатын негізсіз беру немесе қолданылуын растау, сол сияқты сәйкестік туралы декларацияны, өтініш-декларацияны негізсіз қабылдау н е м е с е т і р к е у ;

6) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сәйкестікті растау саласындағы жұмыстарды аккредиттеусіз жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық, - аккредиттеу аттестатын, сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың аттестаттарын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға - отыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын

занды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 317-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**317-1-бап. Өнімнің жекелеген түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу**

Субъектінің тамақ өнімдерінің, химиялық өнімдердің, машиналар мен жабдықтардың, ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық актілерде және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған кезден бастап өнімдердің өмірлік циклі процестерін жүзеге асыруын тоқтатпауы, сол сияқты мемлекеттік органдардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындамауы, -

қызметі тоқтатыла отырып немесе онсыз, өнім тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден жүз алпысқа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден үш жүз онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүзден бір мың алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Осы бапқа қатысты тамақ өнімдерінің, химиялық өнімдердің, машиналар мен жабдықтардың, ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық актілерге сәйкес өнімдердің қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар субъектілер деп танылады.

**Ескерту. 317-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**317-2-бап. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты және Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беру тәртібін бұзу**

1. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) анық емес, тауардың шығарылуы туралы, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін жасауы және оларды сараптама ұйымының беруі, -

тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың аттестаттарын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының

немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, қызметін алты ай мерзімге тоқтата тұрып, сараптама ұйымдарына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тауардың шығарылуы туралы тиісінше ресімделген сараптама актісі және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттар, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуын растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда, тауардың шығарылуы туралы сертификат беруден бас тарту немесе Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау туралы тиісінше ресімделген сараптама актісі және Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін растайтын мәліметтер, құжаттар ұсынылған жағдайда, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруден бас тарту – тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тауар туралы деректер бұрмаланған және (немесе) анық емес, уәкілетті ұйымның тауардың шығарылуы туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдардың (ұйымдардың) ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруі – тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Уәкілетті ұйымның, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдардың (ұйымдардың) тауардың шығарылуы туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын, сондай-ақ оларды беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешімді беру мерзімін бұзуы – сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе

шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Бұрмаланған және (немесе) анық емес: тауардың шығарылуы туралы сертификат алу үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттарды, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификат алу үшін ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуын растайтын құжаттарды, сондай-ақ Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындыларын алу үшін Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін растайтын мәліметтерді, құжаттарды ұсыну,

дара кәсіпкерлерге – он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік)

тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың аттестаттарынан айыра отырып, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға - қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетел тауары нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, сараптама ұйымдарына қызметін алты ай мерзімге тоқтата тұрып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 21-тарау 317-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.11. N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**317-3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік**

**Елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген  
материалдық объектілерді дайындау кезінде  
ұлттық стандарттарды бұзу**

1. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау, - жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке тұлғаларға – сексен, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 21-тарау 317-3-баппен толықтырылды - ҚР 2012.06.28. N 24-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**317-4-бап. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасын:

1) өлшеп орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген орамдағы өлшеп оралған тауарлар санының орамдарда белгіленген шамаға сәйкес келмеуіне жол беру;

2) сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын тауарлар салмағының, көлемінің, шығысының немесе олардың санын сипаттайтын басқа да шамалардың бақылау (тауар) чегінде немесе тексерілетін тауарлардың сатып алынғанын растайтын өзге де құжатта көрсетілген тауарлар санына сәйкес келмеуіне жол беру;

3) аккредиттеусіз өлшем құралдарын салыстырып тексеру, өлшемді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау;

4) түрін бекіту мақсаты үшін сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан, сондай-ақ салыстырып тексеруден өтпеген және (немесе) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енген, мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын өлшем құралдарын және стандарттық

үлгілерді айналымға шығару, қолдану, өткізу және жарнамалау;

5) мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын және метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеуден өтпеген өлшемдерді орындау әдістемелерін қолдану түрінде жасалған бұзушылық, –

аккредиттеу аттестатын, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшы сертификатын, салыстырып тексеруші сертификатын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың нұсқамаларын орындамау не тиісінше орындамау, –

аккредиттеу аттестатынан, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшы сертификатынан, салыстырып тексеруші сертификатынан айыра отырып, жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – алпыс, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), –

аккредиттеу аттестатынан, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшы сертификатынан, салыстырып тексеруші сертификатынан айыра отырып, жеке тұлғаларға – қырық бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 21-тарау 317-4-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **318-бап. Жабайы өскен сораны жоюға шара қолданбау**

Ауыл шаруашылығы дақылдары егістіктерінде, бақшаларда, жүзімдіктерде, питомниктер мен саябақтарда, егін алқабының, суландыру және ирригациялық-мелиоративтік желілердің жиегінде, тас және темір жолдардың

оқшау белдеулерінде, ұйымдардың аумақтарында, қалалар, поселкелер мен басқа да елді мекендер тұрғындарының жер учаскелерінде, сондай-ақ мемлекеттік орман және су қорлары, мемлекеттік қор және ұйғарымнан кейін ұйымдарға бекітіліп берілген жерлерінде жабайы өскен сораны жоюға шара қолданбау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 318-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**319-бап. Құрамында есірткі бар өсімдіктер өсетін егістікті күзетуді қамтамасыз етуге**

**шаралар қолданбау**

Құрамында есірткі заттары бар сора, көкнәр немесе басқа өсімдіктер егістіктерін, осы дақылдардың өнімдерін сақтау мен қайта өңдеу орындарын күзетудің белгіленген режимін қамтамасыз етуге шаралар қолданбау, сол сияқты құрамында есірткі заттары бар бастырудан қалған егістіктерді және өндіріс қалдықтарын жоюға шаралар қолданбау, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 319-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**319-1-бап. Есірткіні, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізудің және медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбау**

1. Ойын-сауық мекемесінің, сондай-ақ білім беру ұйымының лауазымды адамының және (немесе) иесінің есірткіні, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізудің және (немесе) медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауы -

лауазымды адамдарға және (немесе) қызметі тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің елуден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жеті жүзден бір



мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер), - лауазымды адамдарға және (немесе) дара кәсіпкерлерге дара кәсіпкерлік қызметіне тыйым салына отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға заңды тұлға қызметіне тыйым салына отырып - айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға заңды тұлға қызметіне тыйым салына отырып - айлық есептік көрсеткіштің бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Осы Кодексте аталған ойын-сауық мекемелеріне көңіл көтеру-демалу, театр-ойын-сауығы, спорт, мәдени-демалу мақсаттарында қызмет көрсететін ойын мекемелері, түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет-кафелер, компьютер, бильярд, боулинг-клубтары мен кинотеатрлар, театр-ойын-сауық мақсаттарындағы объектілер және өзге де үйлер, мекен-жайлар, ғимараттар жатады.

Ескерту. 319-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **320-бап. Өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен заңсыз айналысу**

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізу мақсатынсыз заңсыз түрде дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау немесе салып жіберу, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды сату мақсатынсыз көп мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде

айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер, -

ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Өткізуді мақсат етпей өзі дайындаған, қайта өңдеген, иемденіп алған, сақтаған, тасымалдаған немесе салып жіберген есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе прекурсорларды өз еркімен тапсырған адам жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 320-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **321-бап. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау және заңсыз жарнамалау**

1. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, сол сияқты оларды заңсыз жарнамалау, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енген есірткі құралдарын және психотроптық заттарды медицина және фармацевтика қызметкерлеріне арнап мамандандырылмаған баспа басылымдарында жарнамалау, сол сияқты құрамында есірткі құралдары және психотроптық заттар бар дәрілік препараттар үлгілерін жарнамалау мақсатында тарату, -

тиісті қызмет түріне берілген лицензиядан айыра отырып не онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **Е с к е р т у л е р .**

1. Осы бапта есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау деп жеке және заңды тұлғалардың есірткі құралдарын, психотроптық

заттар мен прекурсорларды әзірлеу, дайындау тәсілдері, әдістері туралы және оларды пайдалану, сатып алу орындары туралы мәліметтерді таратуға, сондай-ақ кітап өнімдерінің, бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің өндірісіне және оны таратуға, аталған мәліметтерді компьютер желілерінде таратуға немесе осы мақсатта да өзге де іс-әрекеттер жасауға бағытталған қызметін түсінген жөн.

2. Осы бапта есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз жарнамалау деп жеке және заңды тұлғалардың адамның қабылдауы мен түйсігіне ол сезіне алмайтындай әсер ететін, оның есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға қызығушылығын қалыптастыратын немесе қолдайтын кез келген ақпаратты кез келген құралдар көмегімен кез келген нысанда тарату және орналастыру жөніндегі қызметін түсінген жөн.

**Ескерту. 321-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **322-бап. Заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызмет**

1. Қызметтің осы түріне сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметпен айналысуы,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен он беске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында оны ақылы негізде көрсету,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау,

жеке тұлғаларға - маман сертификатынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпыстан жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістері тәркілене

отырып, айлық есептік көрсеткіштің алты жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Жаппай емшілік сеанстарын (екі немесе одан да көп адам) өткізу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өткізу – жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дәрілік заттар тағайындауға уәкілетті медицина қызметкерлерінің сыйақы алу мақсатымен дәрілік заттар жарнамасына қатысуы, медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды жұмыс орнында сатуы, сондай-ақ белгілі бір дәріхана ұйымдарына немесе өзге де ұйымдарға жіберу және олармен ынтымақтастықтың басқа да нысандары, - жеке тұлғаларға - маман сертификатынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 322-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.16 N 186-IV, 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**323-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманы, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу**

1. Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда және абайсыздықтан жаппай ауруға немесе адамдардың улануына, немесе адам өліміне әкеп соқтырмаған, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адамның денсаулығына зиян келтіруі мүмкін іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

қызметін тоқтата тұрып не онсыз, жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 323-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **324-бап. Фармацевтикалық қызмет ережелерін бұзу**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы тіркеу және қайта тіркеу, өндіру және сапасын бақылау, сынау (зерттеу), сатып алу, тасымалдау, сақтау, таңбалау, өткізу, қолдану, қамтамасыз ету, жою, жарнамалау ережелерін бұзу, егер бұл адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқпаса, -

фармацевтикалық қызметін тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға жетпіс, лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге - жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тіркелмеген, жалған, қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, өткізу, жарнамалау, егер бұлар адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқпаса, -

қызметін тоқтата тұрып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын дәрілік және оларға теңестірілген заттар, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен азықтық қоспалар, сондай-ақ косметикалық заттар және әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз, лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге - жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер, егер оларда қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен азықтық қоспалар, сондай-ақ косметикалық заттар және әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, сондай-ақ олардың қызметіне тыйым салуға әкеп соғады.

Ескерту. 324-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.16. N 186-IV Заңдарымен.

**324-1-бап. Заңсыз медициналық қызмет және есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау**

Медициналық немесе фармацевтикалық қызметке сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның қызметтің осы түрімен айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 21-тарау 324-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**324-2-бап. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзу**

1. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзу –

заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 21-тарау 324-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**325-бап. Денсаулық сақтау саласындағы дәйексіз жарнама**

Медициналық қызметтер көрсетудің, профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарының жарнамасын, сондай-ақ тағамға биологиялық активті қоспаларды мемлекеттік тіркеусіз олардың жарнамасын тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясы жоқ жарнама берушінің таратуы, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 325-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.07.16 N 186-IV, 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**326-бап. Қорғаныш тапшылығы вирусы инфекциясын жұқтырғандармен, ЖҚТБ-мен, соз ауруларымен, туберкулезбен ауыратындармен қатынаста болып жүрген, сондай-ақ дәрігердің тағайындауынсыз есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды пайдаланушы адамдардың медициналық тексеруден және емделуден жалтаруы**

1. Денсаулық сақтау мекемесінің жазбаша түрде жасаған ескертуінен кейін де қорғаныш тапшылығы вирусы инфекциясын жұқтырғандармен, ЖҚТБ-мен, соз ауруларымен, туберкулезбен ауыратындармен қатынаста болуды жалғастырып жүрген адамдардың медициналық тексеруден және емделуден жалтаруы, - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған не дәрігердің тағайындауынсыз есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды пайдаланып жүргені туралы жеткілікті деректер бар адамдардың медициналық тексеруден және емделуден жалтаруы, - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 326-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**327-бап. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың емделуден жалтаруы**

1. Айналасындағыларға қауіп төндіретін, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін аурулармен ауыратын адамдардың, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемесінің жазбаша жасаған ескертуінен кейін де олармен қатынаста болып жүрген және профилактикалық емдеуді қажет ететін

адамдардың дәрі-дәрмек құралдарын қабылдаудан бас тартуы және емделуден өзге де жалтары, - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, айналасындағыларға қауіп төндіретін, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін аурулармен ауыратын кәмелетке толмаған балаларын емдетуден жалтары, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 327-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**328-бап. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың жұқтыру көзін және өздерімен қатынаста болған адамдарды жасыруы**

Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың жұқтыру көзін және осы ауруларды басқа адамдарға жұқтыру қаупін туғызатын өздерімен қатынаста болған адамдарды жасыруы, - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**328-1-бап. Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметпен айналысуға рұқсат беру құжаттарын алу кезінде көрінеу жалған мәліметтер мен ақпараттар ұсынуы**

1. Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметпен айналысуға рұқсат беру құжаттарын алу кезінде көрінеу жалған мәліметтер мен ақпараттар, оның ішінде құжаттарды бұрмалау жолымен табыс етуі, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, лауазымды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**328-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**



**328-2-бап. Денсаулық сақтау субъектілерінің уәкілетті органдарды хабардар ету жөніндегі міндетті бұзуы**

1. Денсаулық сақтау субъектілерінің инфекциялық аурулар, уланулар, айналадағыларға қауіп төндіретін психиканың және мінез-құлықтың бұзылу (аурулар) жағдайлары туралы - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органды, төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларының пайда болу қатері және (немесе) пайда болуы туралы - төтенше жағдайлар жөніндегі органдарды, жаңа алған жарақаттар, жараланулар, криминалдық түсіктер бойынша келіп көрінген адамдар туралы, айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың жағдайлары туралы ішкі істер органдарын хабардар ету жөніндегі м і н д е т т і б ұ з у ы –

жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекет (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – сертификатынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрып, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрып, айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 328-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 127-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**3 2 9 - б а п . < \* >**

Ескерту. 329-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**22-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚҚА ҚОЛ СҰҒАТЫН  
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

**330-бап. Ұсақ бұзақылық**

1. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті және жеке

тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес өздеріне қатысты әкімшілік қамауға алу қолданылмайтын адамдар жасаған іс-әрекеттер - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 330-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

### **330-1-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау, - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 330-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **331-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық**

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 257-бабының бірінші бөлігінде көзделген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, -

ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 331-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 176-IV Заңымен.**

### **332-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан ату, пиротехникалық қондырғыларды жару**

1. Елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда жеке тұлғалардың тыныштығын әрі белгіленген тәртіпті бұзатын атыс қаруы мен газды қарудан, сондай-ақ қолдан жасалған немесе соған бейімделіп жасалған қарудан ату, - қаруды тәркілеп немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда жеке тұлғалардың тыныштығы мен белгіленген тәртіпті бұзатын және ірі материалдық залал келтіруге әкеп соқпаған арнайы және қолдан жасалған пиротехникалық қондырғыларды жару, -

пиротехникалық құралдар мен қондырғыларды тәркілей отырып, айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған нақ сол іс-әрекеттер, -

пиротехникалық құралдарын тәркілей отырып, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, сол сияқты осы Кодекстің 333-бабында көзделген құқық бұзушылық үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам жасаған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе оннан он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 332-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **333-бап. Тыныштықты бұзу**

1. Жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланыссыз шу шығаратын жұмыстарды жүргізу -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - екі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған  
о с ы н д а й і с - ә р е к е т

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 333-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **334-бап. Арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақыру**

1. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын, полицияны, медициналық жедел жәрдемді, авариялық қызметтерді көрінеу жалған шақыру, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған не аварияларды, өрттерді, табиғи апат зардаптарын жою кезеңінде жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, - ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 334-бап өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.05.26 N 34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **334-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат беру**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат беру, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 334-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 308 Заңымен.

### **335-бап. Үйде жасалатын алкогольдік ішімдіктерді дайындау және сату**

Самогон, чача, тұт арағы, брага және басқа да алкогольдік ішімдіктерді сату мақсатымен заңсыз дайындау, сол сияқты аталған спирт ішімдіктерін сату, - алкогольдік ішімдіктерді, аппараттарды, оларды дайындауға арналған шикізаттарды және жабдықтарды, сондай-ақ оларды сатудан түскен ақша мен өзге де құндылықтарды тәркілей отырып, отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 335-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10 N 176-IV, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **336-бап. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу**

1. Жергілікті атқарушы орган алкогольдік ішімдіктерді құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарынан басқа, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетіне әрі қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретіндей мас күйінде келу, - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. Жасы он сегізге толмаған адамдардың қоғамдық орындарға мас күйінде келуі, сондай-ақ олардың қоғамдық орындарда алкоголь ішімдіктерін ішуі – ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, алкогольдік ішімдіктерді ішкені немесе қоғамдық орынға мас күйінде келгені үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жаза қолданылған адамның жасаған іс-әрекеттері, - он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес өздеріне қатысты әкімшілік қамауға алу қолданылмайтын адамдар жасаған іс-әрекеттер – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 336-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 176-IV , 2010.11.23 N 354-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

**336-1-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды бұзу**

1. Қазақстан Республикасының заңдарында темекі шегуге тыйым салу белгіленген жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегу, - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Жұмыс берушінің темекі шегу үшін арнаулы орындар бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы, сондай-ақ бұл үшін арнаулы белгіленбеген орындарда темекі шегушілерге шаралар қолданбауы, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 336-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**336-2-бап. Қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтыну**

1. Қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтыну - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтынғаны үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жазаға тартылған а д а м ж а с а ғ а н ә р е к е т - он бес тәулікке әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту. 336-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**336-3-бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы**

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуы, -

заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - заңды өкілдеріне айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 336-3-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 176-IV Заңымен.**

### **336-4-бап. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуы**

1. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы - заңды өкілдеріне ескертуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - заңды өкілдеріне бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 336-4-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **337 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 337-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **338-бап. Құмар ойындар**

1. Бұл үшін бөлінбеген орындарда құмар ойындарға (ақшаға, затқа және басқа құндылықтарға) қатысу, сол сияқты бұған арнайы рұқсаты жоқ адамдардың спорттық және өзге де жарыстарға ұтыс тігуі, - ойын құралдарын, ақшасын, заттары мен өзге де құндылықтарын тәркілей отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының жиырма бір жасқа дейінгі азаматтарын құмар ойындармен және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігумен айналысуға тарту және рұқсат ету, - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 338-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 220 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **338-1-бап. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзу**

1. Ойын мекемелерін, тотализатордың немесе букмекер кеңсесінің кассаларын тұрғын үй қорына жатпайтын ғимараттарда орналастыру туралы

талаптарды сақтамау және оларды өнеркәсіп орындары мен олардың кешендерінің ғимараттарында және басқа да өндірістік, коммуналдық объектілерде және қойма объектілерінде, ғибадат ету ғимараттарында (құрылыстарында), мемлекеттік органдар мен мекемелердің, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдарының, әуежайлардың, вокзалдардың ғимараттарында, қалалық және қала маңындағы қатынастағы қоғамдық көліктің барлық түрлерінің станциялары мен аялдамаларында орналастыру, -

жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Құмар ойындарды Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс жерлерде ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласында қызметті лицензиясыз жүзеге асыру, -

тиесілігіне қарамастан ойын жабдықтары, заңдастырылған белгілері, ақшалары мен әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған өзге де табыстары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға - екі жүз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3. Ойын автоматтарына технологиялық түрде енгізілген ұтыс проценті бойынша т а л а п т а р д ы с а қ т а м а у , -

әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстары тәркілене отырып және лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға - екі жүз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Ойын бизнесін ұйымдастырушының міндетті резервтерді қалыптастыру, орналастыруды қамтамасыз ету және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен және жағдайларда пайдалану жөніндегі ш а р т т а р д ы о р ы н д а м а у ы , -

лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .



5. Ойын автоматтарын немесе олардың бөлшектерін қабырғаларға, терезе мен есіктің ойықтарына монтаждау, -

жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Ойын бизнесін ұйымдастырушының заңнамада көзделмеген ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казино ұйымдастыруы және өткізуі не ақшадан басқа, өзге мүлік түрінде ставкалар қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруы, -

ойын жабдықтары, заңдастырылған белгілері, ақшалары мен әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған өзге де табыстары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға - екі жүз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Ойын бизнесін ұйымдастырушының ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын бейне жазба жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамауы не жазылған ақпаратты сақтау мерзімдерін немесе тіркеу шарттарын бұзуы, -

лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Бір казинода кемінде жиырма ойын үстелін, ойын автоматтары залында кемінде елу ойын автоматын орнату жөніндегі талаптарды сақтамау, -

лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Ойын бизнесін ұйымдастырушының ойын автоматтарын Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарын бұзатын ойын автоматтарын пайдалануы, -

лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын

заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

9-1. Жасалған ставкалардың жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәске қатысушылардың ставкаларын өңдеуді және ұтысты төлеуді аппараттық-бағдарламалық кешен мен ойын жабдығы арқылы жүзеге асыру және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамау не бәс тігуге қатысушылардың нәтижесіне өздері ставкалар жасаған оқиғаның дамуы мен қорытындысын бақылауына мүмкіндік беретін ойын жабдығын орнату міндетін орындамау, -

лауазымды адамдарға - екі жүз, лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып не онсыз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

10. Осы баптың бірінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, 9-1-бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау, -

жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды адамдарға - үш жүз, лицензиясынан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

11. Осы баптың екінші және алтыншы бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау, -

ойын жабдықтары, заңдастырылған белгілері, ақшалары мен әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған өзге де табыстары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды адамдарға - үш жүз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз , ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

12. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстарды тәркілене отырып және лицензиясынан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды адамдарға - үш жүз, дара кәсіпкерлерге және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 338-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.12 N 220 (2007.04.01**

бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2009.05.04. N 157-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **339-бап. Эротикалық мазмұндағы өнімдерді жарнамалау**

Осы мақсаттар үшін бөлінбеген орындарда эротикалық мазмұндағы өнімдерді сату, тарату немесе жарнамалау, аталған өнімдерді тәркілей отырып, айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **340-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу**

Мемлекет қорғайтын тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** 340-бап өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **341-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи объектіні қорлау**

1. Мемлекет қорғайтын тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи объектілерді қорлау, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған нақ сол іс-әрекеттер, сондай-ақ адамдар жерленген орындарды қорлау, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **341-1-бап. Көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну**

1. Көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну

жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға – екі жүз, қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін алты айға тоқтата тұрып, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекет – жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз,

әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстары тәркіленіп, қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне үш жылға дейінгі мерзімге тыйым салынып, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 341-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 127-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **23-тарау. БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ АҚПАРАТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **342-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзу**

1. Бұқаралық ақпарат құралдарын, ақпарат агенттіктерін есепке қоймай не олардың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін олардың өнімін, сондай-ақ хабарлары мен материалдарын тарату, -

бұқаралық ақпарат құралының өнімі тәркілене отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Телерадиохабарлар арналары бойынша мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату, -

бұқаралық ақпарат құралының баспа өнімі немесе өзге де өнімі тәркілене отырып және шығарылуы (эфирге шығуы) үш айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -

телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензиядан айыра отырып және бұқаралық ақпарат

құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым салына отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз елуден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

4. Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, бас редакторы (редакторы), редакцияның мекенжайы, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, көбейту және ( н е м е с е ) т а р а т у , -

бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) үш айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - бұқаралық ақпарат құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

6. Заңнамада белгіленген тәртіпті бұза отырып, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радиобағдарламаларын қайталап беру, - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 342-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.05.**

№ 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.06.19. № 264 Заңдарымен.

**342-1-бап. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын телерадио компаниялардың: отандық теле-, радиоарналардың отандық теле-, радиобағдарламаларды белгіленген пайыздық нормалардан кем тарату; телеарнада жаңалық сипатындағы телебағдарламаларды сурдоаудармамен немесе субтитр түріндегі аудармамен қамтамасыз етпей тарату; телеарнада кадр алаңының он бес пайызынан асатын қосымша ақпаратты тарату түрінде жасалған бұзуы, – дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – дара кәсіпкерлерге, лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын телерадио хабарларын тарату операторларының: ғимараттың және (немесе) ғимараттардың меншік иелерінің жазбаша келісімінсіз ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру; телерадио хабарларын тарату операторларының міндетті теле-, радиоарналарды таратпауы; телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды ретрансляциялау шарттарын бұзуы түрінде жасалған бұзуы, – дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын теле-, радиокөмпаниялардың және телерадио хабарларын тарату операторларының :

жергілікті уақыт бойынша 06.00-ден 22.00-ге дейінгі кезеңде балалар мен жасөспірімдердің денелік, психикалық, имандылық, моральдық және рухани дамуына зиян келтіруі мүмкін телебағдарламаларды, сондай-ақ «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Е 18» индексімен индекстелетін фильмдерді тарату;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау мүддесінде халықты хабардар ету сигналын телерадио хабарларын тарату операторларының және теле-, радиокөмпаниялардың он бес минут ішінде уақтылы таратпауы ;

телерадио хабарларын таратудың сәйкестікті растау рәсімінен өтпеген техникалық құралдарын пайдалану ;

жерүсті спутниктік жеке қабылдау құрылғылары арқылы радиотаратқыш және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуіл жасау;

телерадио хабарларын тарату операторларының уәкілетті органда есепке қойылмаған шетелдік теле-, радиоарналарды таратуы түрінде жасалған бұзуы, –

дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері

немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 23-тарау 342-1-баппен толықтырылды- ҚР 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**343-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық араздықты тұтандыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру**

Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған, тектік-таптық артықшылықты, соғысты насихаттайтын, республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге және аумақтық тұтастығын бұзуға шақыратын үндеуі бар мәліметтер мен материалдарды баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға рұқсат беру, -

бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдарына айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не баспа өнімдері тәркілене отырып, он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 343-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 N 67 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**344-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату**

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу тасымалдау -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



2. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді , оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға бағытталған, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық амалдары мен тактикасын ашатын мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында тарату, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

телевизия бағдарламалары мен (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді , оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдарына жатпайтын өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес

ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - телевизия және (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 344-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.08 N 67 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.08 № 266-IV, 2012.01.12 N 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **345-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерді теріске шығару және жауап жариялау құқығын бұзуы**

Ескерту. 345-бап алынып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **346-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарымен сотқа ықпал жасау**

Сот қарайтын қандай да болсын іс бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында сотта іс қарау нәтижелеріне алдын ала пайымдау жасау немесе сот актісі күшіне енгенге дейін сотқа ықпал ету, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 346-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **347-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарына көрінеу жалған мәліметтер және материалдар беру**

Бұқаралық ақпарат құралдарына көрінеу жалған мәліметтер және материалдар беру, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

с о ғ а д ы .

Ескерту. 347-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**348-бап. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті тегін даналарын берудің, теле- және радиохабарлар материалдарын тіркеудің, сақтаудың тәртібін бұзу**

1. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті тегін даналарын берудің, сондай-ақ теле- және радиохабарлар материалдарын тіркеу мен сақтаудың т ә р т і б і н б ұ з у , -

айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға және бұқаралық ақпарат құралдарының шығуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

Ескерту. 348-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**349-бап. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының заңдарымен жарнамалауға тыйым салынған тауарлардың (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын шығару, тарату, орналастыру және пайдалану, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жарнаманы тарату тілдеріне қойылатын талаптарды бұзу, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі

жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған нақ сол іс-әрекеттер,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,

бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - жүз елуден жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 349-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 Заңымен.

**349-1-бап. <\*>**

Ескерту. 349-1-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 Заңымен.

**350-бап. Шығарылым деректерін жариялау тәртібін бұзу**

1. Мерзімді баспа басылымдарын белгіленген шығарылым деректерінсіз шығару, эфирде өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының тележәне радиобағдарламаларының эфирге шығуы,

бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің таралымы тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,

өнім таралымы және бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін дайындау және тарату үшін қолданылатын техникалық құралдар тәркілене отырып немесе онсыз, айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға

ә к е п

с о ғ а д ы .

Ескерту. 350-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

### **351-бап. Авторлық құпияны және ақпарат көзін жария ету**

Бұқаралық ақпарат құралының лауазымды адамының авторлық құпияны және ақпарат көзін жария етуі, егер ол оны жария етпеуге жазбаша түрде міндеттенген б о л с а , -

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 351-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 Заңымен.

### **352-бап. Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау**

1. Журналистің заңды кәсіби қызметін орындауына кедергі келтіретін не оны бұл мүмкіндіктен толық айыратын жағдайлар туғызу, - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Журналист сұратқан ақпаратты беруден негізсіз бас тарту не заңдарда белгіленген мерзімде табыс етпеу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 352-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 Заңымен.

## **24-тарау. БАСҚАРУДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІБІНЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **353-бап. Заңсыз нормативтік құқықтық акт шығару және оны қолдану**

1. Мемлекеттік органның лауазымды адамының Конституцияға не өзге де заң актілеріне қайшы келетін, жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің заңды мүдделерін қозғайтын көрінеу заңсыз нормативтік құқықтық акт шығаруы, - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Белгіленген тәртіппен күші жойылған, сот күші жоқ деп таныған, белгіленген тәртіппен ресми жарияланбаған не қолданылу күшін уәкілетті органдар тоқтата тұрған, сондай-ақ әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден

өтпеген нормативтік құқықтық актілерді орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың лауазымды адамдарының көрінеу заңсыз қолдануы, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 353-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**354-бап. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің ережелерін бұзу**

1. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің заңнамада белгіленген қағидаларын лауазымды адамдардың бұзуы - жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 354-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) , 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**354-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін пайдалану және орындау тәртібін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін заңсыз пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін пайдалану және о р ы н д а у -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік рәміздерді пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда о л а р д ы п а й д а л а н б а у , - лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза

қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 24-тарау 354-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 2012.06.28. N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**354-2-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау тәртібін бұзу**

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау тәртібін бұзу - өнім таралымы тәркілене отырып не онсыз жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде және заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 354-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.10.21. N 80 Заңымен.

**354-3-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін бұзу**

Ескерту. 24-тарау 354-3-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берудің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімін бұзуы, - жеке тұлғаларға он, заңды тұлғалар үшін - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 24-тарау 354-3-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.26 N 311 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік**

**қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган  
қызметкерінің нұсқамаларын орындамау немесе  
заңды өкіміне немесе талабына қаскөйлікпен  
бағынбау**

1. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның нұсқамаларын және (немесе) басқа да заңды талаптарын орындамау –

лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның заңды өкіміне немесе талабына қаскөйлікпен бағынбау, сол сияқты тіл тигізу не оған қатысты зорлық әрекеттерін жасау қатерін төндіру –

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 355-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**355-1-бап. Қорғау нұсқамасын бұзу**

Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу,- ескерту жасауға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 355-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2014 № 175-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**356-бап. Мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды**



**адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды**

**орындамау**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен**

1. Мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық (алғашқы статистикалық деректерді қоспағанда) және өзге де мәліметтерді, қызмет туралы, кірістер туралы, энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандырылу туралы, энергетикалық ресурстарды, суды тұтынудың және олардың шығындарының көлемі туралы, сақтандыру жарналарын есептеу және төлеу туралы, атом энергиясын пайдалану туралы ақпаратты беруден бас тарту арқылы, уәкілетті органның қаулысы бойынша ревизия, тексеру, түгендеу, сараптама және заңнамада көзделген басқа да іс-әрекеттерді жүргізуге жіберуден бас тарту арқылы кедергі келтіру немесе оларды жүзеге асыруға өзге де кедергілер келтіру не бұрыс ақпарат беру, – жеке тұлғаларға - үш, лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – жеті, лауазымды адамдарға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**3-бөлікке өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2017.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Осы Кодекстің 130, 147-9, 172-1, 172-2, 216, 219, 219-10, 305, 313, 317, 317-1, 317-4, 362, 381, 474, 486, 522, 528-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынымдарды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау, –

жеке тұлғаларға – беске дейінгі айлық есептік көрсеткіш, лауазымды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге он беске дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы Кодекстің 481-бабының екінші бөлігінде, 482-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның лауазымды

адамы салған мөрін (пломбасын) жұлып тастау, -  
жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 356-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **356-1-бап. Бақылау және қадағалау функцияларын заңсыз беру**

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау функцияларын уәкілетті емес тұлғаларға заңсыз беруі, -  
айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 356-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **356-2-бап. Билік өкілінің немесе мемлекеттік қызмет атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену**

1. Билік өкілеттіктерін алу мақсатында билік өкілінің немесе мемлекеттік қызмет атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -  
жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -  
жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 356-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **357-бап. Озбырлық**

Озбырлық, яғни бір адамның заңдармен белгіленген тәртіпке қарамастан, заңсыз жасаған, заңдылығы екінші бір адам немесе ұйым тарапынан дау туғызатын іс-әрекеті, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 357-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**357-1-бап. Тиісті тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), басқа да рұқсатсыз, хабарламасыз кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Рұқсат, лицензия, біліктілік аттестаты (куәлігі), хабарлама жасау міндетті болған жағдайларда, кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), басқа да рұқсатсыз, хабарламасыз айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасау заттары және (немесе) құралдары тәркіленіп не онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, ал кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысу әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табысты (дивидендтерді), ақшаны, бағалы қағаздарды қосымша тәркілеуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нысанасы және (немесе) құралы тәркіленіп, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге

дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, ал кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысу әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан алынған кірісті (дивидендтерді), ақшаны, бағалы қағаздарды қосымша тәркілеуге әкеп соғады.

Ескерту. Осы бап бойынша жауаптылық «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын валюталық операция туралы хабарламаға, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын хабарламаларға қолданылмайды.

Ескерту. 357-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **357-2-бап. Лицензиялау нормаларын бұзу**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лицензиялау нормаларын бұзу, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, -

белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Лицензиаттың лицензия алған кезде көрінеу дұрыс емес ақпарат беруі, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімшілік жауаптылыққа әкеп соққан лицензиялау нормаларының бұзылуын жоймау, -

белгілі бір қызмет түріне берілген лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде , дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 357-2-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**357-3-бап. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру тәртібі мен мерзімін бұзу**

1. Кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру мерзімін бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лицензияны, арнайы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) заңнамада белгіленген тәртіпті бұза отырып беру, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 357-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**357-4-бап. Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасын бұзу**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей, қызметті жүзеге асыру, - шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тіркеуші органға заңды тұлғаның тұратын жерінің өзгергені туралы у а қ ы т ы н д а х а б а р л а м а у , -

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 357-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**357-5-бап. Лицензиарға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау**

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы тоқтатылған кезде лицензиаттың он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиарға қайтармауы - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 357-5-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**357-6-бап. Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасын бұзу**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Жария етуге жатпайтын сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтерді жария ету, сол сияқты Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері заңнамасын өзге де бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекет, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 357-6-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**357-7-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу**

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қойылатын талаптарды жеке немесе заңды тұлғалардың бұзуы –

жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жою –

қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – қырық, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескертпю. 24-тарау 357-7-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**358-бап. Жергілікті атқарушы органдар мен өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы**

1. Осы бөлікте көрсетілген органдар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бюджетке аударуға жататын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын жергілікті атқарушы органдардың немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың аудармауы, уақтылы немесе толық аудармауы –

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Салық органдарына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мәліметтерді жергілікті атқарушы органдардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың ұсынбауы, уақтылы, анық немесе толық ұсынбауы –

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың салықтық бақылау нәтижелері бойынша анықталған және бақылау актісінде көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарды орындамауы –





Ескерту. 359-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12 N 240 , 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**360-бап. Мемлекет уәкілеттік берген органдардың (ұйымдардың) салықты және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке өндіріп алмай, сондай-ақ мұндай төлемді растайтын құжаттар алмай тұрып, белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруы**

1. Мемлекет уәкілеттік берген органдардың (ұйымдардың) салықты және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке өндіріп алмай тұрып, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген заңдық мәні бар іс-әрекеттерді жүзеге асыруы , -

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Мемлекет уәкілеттік берген органдардың (ұйымдардың) растайтын құжатты алу заң актілерінде көзделген жағдайларда, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленгенін растайтын құжатты алмай тұрып, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген заңдық мәні бар іс-әрекеттерді жүзеге асыруы, -

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 360-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**361-бап. Салық есебіне тұрудан бас тарту немесе салық есебіне тұру мерзімін бұзу**

1. Салық төлеушінің тіркелу есебіне немесе салық төлеушінің қосылған құнға салық төлеуші ретінде есепке тұрудан бас тартуы, сол сияқты салық органы лауазымды адамының салық заңдарында белгіленген мұндай тіркеу (есеп) мерзімін бұзуы , -

салық органы басшысына айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - салық органының басшысына айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан

қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 361-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **362-бап. Төтенше жағдай режимін бұзу**

Егер бұл іс-әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, төтенше жағдай жариялануына байланысты мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзу немесе талаптарды орындамау, сондай-ақ жергілікті жер комендантының заңды бұйрықтары мен өкімдерін мына бөліктерінде орындамау:

- 1) келу және кетудің ерекше режимі;
- 2) белгілі бір жеке тұлғалар үшін белгіленген мерзімге белгілі бір жерден, өзінің пәтерінен (үйінен) кетуге тыйым салу, сондай-ақ сол жердің тұрғындары болып табылмайтын қоғамдық тәртіпті бұзушыларды олардың есебінен өздері тұрақты тұратын жерлеріне немесе төтенше жағдай жарияланған жердің аймағынан шығарып жіберу туралы нұсқау;
- 3) жиналыстар, митингілер, шерулер мен демонстрациялар, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу;
- 4) ереуілдер өткізуге тыйым салу;
- 5) қарумен, күшті әсер ететін химиялық және улы заттармен, сондай-ақ алкогольдік ішімдіктермен және құрамында спирті бар заттармен сауданы шектеу немесе тыйым салу;
- 6) карантин және басқа да міндетті санитариялық эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу;
- 7) көбейту техникасын, сондай-ақ радио,- және теледидар хабарларын тарату аппаратурасын, дыбыс,- және бейне жазу техникасын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу; дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды алып қою туралы нұсқаулар; бұқаралық ақпарат құралдарына бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;
- 8) байланысты пайдаланудың айрықша ережелері;
- 9) көлік құралдарының қозғалысын шектеу және оларды тексеруден өткізу;
- 10) коменданттық сағат уақытында жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын арнайы берілген рұқсаттарсыз және құжаттарсыз көшелерде немесе өзге де қоғамдық орындарда жүруіне не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз өз үйінен тыс жерде болуына тыйым салу, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 362-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006**

бастап қолданысқа енгізілді), 2009.07.10 N 176-IV Заңдарымен; 03.07.2013 № 121 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

### **362-1-бап. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында құқықтық режимнің бұзылуы**

Құқықтық режимді бұзу немесе терроризмге қарсы операциялардың жариялануына байланысты белгіленген талаптарды:

1) келудің және кетудің ерекше режимі;  
2) жергілікті жерлердің жекелеген учаскелерінде және объектілерде жеке тұлғалардың болуына тыйым салу, сондай-ақ көлік құралдарын сүйреп әкетуге кедергі жасау;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, жеке тексеріп қарауға және жеке адамның заттарын тексеріп қарауға, көлік құралдарын тексеріп қарауға кедергі жасау;

4) байланысты пайдаланудың айрықша ережелері;

5) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіруі мүмкін болса, жедел медициналық жәрдемді қажет ететін адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу, терроризм актісі жасалған жерге бару үшін, сондай-ақ терроризм актісін жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу және оларды ұстау үшін көлік құралдарын алып қоюға кедергі жасау;

6) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;

6-1) күзет қызметін тоқтата тұру;

7) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген аумақ шегінде тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіруге кедергі жасау;

8) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы, ветеринариялық іс-шараларды және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

9) жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе иелігіндегі және пайдалануындағы тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға және оларға жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне кіруге кедергі жасау;

10) қару-жарақ, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, күшті әсер ететін химиялық және улы заттар саудасын шектеу немесе оған тыйым салу, дәрілік, есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорлар, этил спирті мен алкогольдік өнімдер айналымының айрықша режимін орнату бөлігінде орындамау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды

тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата отырып, екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. Кодекс 362-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **363-бап. Төтенше жағдай кезінде құқық тәртібін бұзуға итермелейтін іс-әрекеттер**

Төтенше жағдай жарияланған жерде жасалған құқық тәртібін бұзуға немесе ұлттық және діни алауыздық туғызуға итермелейтін іс-әрекеттер, жеке тұлғалардың және лауазымды адамдардың өздерінің заңды құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруына белсенді кедергі жасау, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша қызметтік міндеттерін немесе қоғамдық борышын орындаушы ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің, әскери қызметкердің, билік немесе жұртшылық өкілдерінің заңды өкімдері мен талабына қасақана бағынбау, не қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын іс-әрекеттер жасау, сондай-ақ әкімшілік қадағалау туралы з а ң д а р д ы б ұ з у , -

айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 363-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **364-бап. Түрлі-түсті көшіру құралдарын есепке алу, сақтау немесе пайдалану ережелерін бұзу, штемпельді-гравюралық кәсіпорындар ашу ережелерін бұзу**

1. Түрлі-түсті көшіру (жедел полиграфиясы, көшіру-көбейту техникасы, тамшылы-ағылмалы, лазерлі принтерлер және сканерлер) құралдарын есепке алу, сақтау немесе пайдалану ережелерін бұзу, -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың штемпельді-гравюралық кәсіпорындар ашу ережелерін бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл

Ескерту. 364-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**365-бап. Құқық бұзушылық жасауға итермелеген себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау және (немесе) шаралар қолданбау**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

Ұйым басшысының және басқа лауазымды адамдардың қылмысқа немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламауы, сол сияқты шаралар қолданбауы істі қараған органдардың (лауазымды адамдардың) ұсыныстары бойынша -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 365-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

**366-бап. Әкімшілік қадағалау туралы заңдарды бұзу**

1. Өзіне қатысты қадағалау белгіленген адамның әкімшілік қадағалау туралы заңдарды бұзуы, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының жеке басын ескере отырып бұл шаралардың қолданылуы жеткіліксіз деп танылатын болса, - он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту. 366-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**367-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, тергеу изоляторларында отырған адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру**

1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, тергеу изоляторларында отырған адамдарға алкогольдік ішімдіктер, дәрілік және мас қылатын әсері бар басқа да заттарды, ақша, азық-түлік тағамдарын, бұйымдарды және бұл мекемелерде сақтау мен пайдалануға тыйым салынған басқа да нәрселерді тексеруден жасырып беру немесе кез келген тәсілдермен беруге әрекет ету, -

ескерту жасауға немесе әкімшілік құқық бұзушылықты жасау қаруы не құралы болып табылған зат тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 367-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**368-бап. Азаматтық қаруларды сатып алу, сақтау, алып жүру, беру немесе сату тәртібін жеке тұлғалардың бұзуы**

1. Жеке тұлғалардың ішкі істер органдарының рұқсатынсыз азаматтық қаруларды сатып алуы, сақтауы, алып жүруі, басқа адамға беруі немесе сатуы, - қаруы тәркілене отырып немесе онсыз айлық есептік көрсеткіштің бірден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - қаруы тәркілене отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** Азаматтық қаруларды өз еркімен тапсырған адам, егер оның әрекеттерінде өзге де құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

**Ескерту. 368-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**368-1-бап. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу**

1. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдарды сату, экспонаттау құқығына лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардың оларды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзуы , -

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар тәркілене отырып, жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар

болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден үшке дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 368-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **369-бап. Азаматтық, қызметтік қаруды, оған арналған патрондарды сатып алу, сақтау, пайдалану немесе тасымалдау ережелерін бұзу**

1. Қару сақтауға ішкі істер органдарының рұқсаты бар жеке тұлғалардың азаматтық, қаруды, оған арналған патрондарды сатып алу, сақтау, алып жүру, пайдалану немесе тасымалдау ережелерін бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің бірден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Олардың сақталуына жауапты ұйым қызметкерлерінің қызметтік қаруды, оған арналған патрондарды сатып алу, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзуы, сол сияқты олардың қызметтік қаруды және оған арналған патрондарды өз мақсатында пайдаланбауы, - азаматтық қаруының өтемі төленіп алып қойылып немесе онсыз айлық есептік көрсеткіштің бестен он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 369-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **370-бап. Газ қаруын заңсыз қолдану**

1. Газ қаруын заңсыз қолдану, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -

қаруы тәркілене отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 370-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**371-бап. Азаматтық және қызметтік қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою тәртібін бұзу**

1 . М ы н а д а й :

1) жеке тұлғаның қаруды сатып алғаннан кейін тіркеу және оны сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсат алу;

2) жеке тұлғаның азаматтық қаруды сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсатты ұзарту туралы ішкі істер органына өтініш беру;

3) қару иесінің өзіне тиесілі қарудың жоғалғаны немесе ұрланғаны туралы ішкі істер органын хабардар ету;

4) жеке тұлғаның тұрғылықты жерін өзгерткен кезде қаруды есепке қою үшін ішкі істер органдарына өтініш беру;

5) заңды тұлғалардың қызметтік және (немесе) азаматтық қаруды сатып алғаннан кейін оны ішкі істер органдарында тіркеу мерзімдерін бұзу арқылы азаматтық және қызметтік қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою т ә р т і б і н б ұ з у -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

жеке тұлғаларға - қаруы ақылы түрде алып қойылып, он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 371-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**372-бап. Азаматтық қаруды, оған арналған патрондарды сату үшін өткізуден жалтару**

Азаматтық қаруды, оған арналған патрондарды сақтауға рұқсатты ішкі істер органдары алып қойған жеке тұлғалардың оларды сату үшін өткізуден жалтаруы,



-  
қарудың өтемін төлеп алып қоя отырып, айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 372-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**373-бап. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы заңдарды бұзу**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар, демонстрациялар не өзге де көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу не оларды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілікке арналған іс-шараларға қатысу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Рұқсат етілмеген жиналысқа, митингке, тосқауылға, демонстрацияға не өзге де көпшілік іс-шараларына қатысушыларға ұйымның басшыларының және басқа да лауазымды адамдарының үй-жай не өзге де мүліктер (байланыс құралдарын, көбейту техникасын, жабдықтар, көлік) беруі немесе осындай іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар туғызуы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Әкімшілік жаза шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған не жиналысты, митингіні, шеруді, демонстрацияны ұйымдастырушы жасаған нақ сол іс-әрекеттер -

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 373-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.07.08 N 67 (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

**374-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу**

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен тыс іс-әрекеттер жасауы, - қоғамдық бірлестіктің басшыларына - ескерту жасауға немесе айлық есептік

көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестікке айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын іс-әрекеттер жасауы, - қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген бұзушылықтарды жоймау, - қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шет ел қатысатын заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы - заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, лауазымды адамдарға - төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, шетелдік заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың саяси партияларды қ а р ж ы л а н д ы р у ы , -

заңсыз қайырымдылықтар тәркілене отырып және Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Саяси партиялардың заңсыз қайырмалдықтарды қабылдауы, - заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып және он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға ала отырып не онсыз саяси партияның қызметіне

тыйым сала отырып, саяси партияның басшысына төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Саяси партиялардың қаржылық қызметі туралы жылдық есептікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім мен көлемде ж а р и я л а м а у , -

саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Саяси партияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметті қайта тіркеусіз жүзеге асыруы, -

саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 374-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.08 N 67 (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**374-1-бап. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру**

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметін қаржыландыру, - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 374-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## 375-бап. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу

1. Мыналарға :

діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге;  
қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға;  
діни әдебиетті және діни мазмұндағы (мақсаттағы) өзге де материалдарды,  
діни мақсаттағы заттарды әкелуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе)  
т а р а т у ғ а ;

ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салуға, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат  
үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгертуге)  
қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды  
б ұ з у –

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды  
адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – жүз айлық есептік  
көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұрып,  
екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңды діни қызметке кедергі жасау, сол сияқты дінге көзқарасы себебі  
бойынша жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын бұзу немесе олардың діни  
сезімдерін қорлау не қайсыбір дінді ұстанушылар тәу ететін заттарды,  
құрылыстар мен орындарды бүлдіру, егер жоғарыда баяндалған барлық  
іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды  
адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз  
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ  
адамдардың тіркеусіз (қайта тіркеусіз) миссионерлік қызметті жүзеге асыруы,  
сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни  
әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы  
з а т т а р д ы п а й д а л а н у ы –

Қазақстан Республикасының азаматтарына – жүз айлық есептік көрсеткіш  
мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан  
Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, жүз  
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Діни бірлестіктің өз жарғысында (ережесінде) көзделмеген қызметті жүзеге  
а с ы р у ы –

лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – екі жүз  
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге  
тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

5. Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы -

жеке тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, діни бірлестіктердің басшыларына – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құру -

лауазымды адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Уәкілетті органның келісуінсіз шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы, сол сияқты діни бірлестік басшысының кәмелетке толмағанның ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде діни бірлестіктің қызметіне кәмелетке толмағандарды тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермейтін шаралар қолданбауы -

Қазақстан Республикасының азаматтарына – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Діни бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асыруы, сол сияқты діни бірлестіктің өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жою -

лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға олардың қызметіне тыйым сала отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

жеке тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, діни бірлестіктердің басшыларына – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға олардың қызметіне тыйым сала отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 375-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

### **376-бап. Азаматтық хал актілерін жазу ережелерін бұзу**

Некеге отыруға кедергі болатын мән-жайларды жасыру немесе азаматтық хал актілерін жазу органдарына жалған мәліметтер беру, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **377-бап. Қазақстан Республикасында тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша күнтізбелік он күннен астам мерзімде тіркеуден өтпей тұруы - ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұруға ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз не жарамсыз ықтиярхатпен, азаматтығы жоқ адамның куәлігімен күнтізбелік он күннен астам мерзімде тұрақты тұруы, сондай-ақ паспорттың, тұруға ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жоғалғаны туралы ішкі істер органдарын уақтылы хабардар етпеуі, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 377-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

### **378-бап. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың ішкі көшіп-қонұшыларды тіркеу қағидаларын бұзуы**

1. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне

тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі -

жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет -

жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбауы -

лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет -

лауазымды адамдарға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 378-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**379-бап. Жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, сол сияқты оларды кепілге қабылдау**

1. Жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, сол сияқты оларды кепілге қабылдау, ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 379-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**380-бап. Жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беру**

1. Жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беру, - жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беруі, - Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

**Ескерту. 380-бап жаңа редакцияда - 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**380-1-бап. Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты және (немесе) анықтаманы заңсыз алу**

1. Ауруды өтірік сылтауратуы салдарынан уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты және (немесе) анықтаманы заңсыз алу, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде



айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**380-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **380-2-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнаманы бұзу**

1. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылған адамның Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін пайдалануы, - жеке тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік қызметтегі адамдар, сондай-ақ билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар жасаған нақ сол іс-әрекеттер, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

**Ескерту. 380-2-баппен толықтырылды - 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **381-бап. Алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзу**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.**

1. Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақтылы ұсынбау, дәйексіз алғашқы статистикалық деректерді ұсыну -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді ұсынбау, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 381-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

**381-1-бап. Құқықтық статистика мен арнайы есеп деректерін табыс етуден бас тарту, табыс етпеу, уақтылы табыс етпеу, жасыру, қосып жазу және басқа да бұрмалаушылықтар**

1. Құқықтық статистика мен арнайы есептер саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға құқықтық статистика мен арнайы есеп деректерін табыс етуден бас тарту, табыс етпеу, оларды белгіленген мерзімді бұзып табыс ету, жасыру, қосып жазу, құқықтық статистика мен арнайы есептеу деректерін басқа да қасақана бұрмалаушылықтар, сол сияқты құқықтық статистикалық ақпаратты және арнайы есептер мәліметтерін алуға қандай да бір нысанда болсын кедергі жасау, - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Денсаулық сақтау саласында жасалған нақ сол әрекеттер, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 381-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**381-2-бап. Әкімшілік деректер ұсыну тәртібін бұзу**

1. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді уақтылы ұсынбау, дәйексіз деректер ұсыну - әкімшілік дереккөздердің лауазымды адамдарына ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді ұсынбау, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - әкімшілік дереккөздердің лауазымды адамдарына жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 381-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

**382-бап. Статистикалық байқаулар жүргізуден бас тарту**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

Лауазымды адамдардың өздеріне жүктелген статистикалық байқаулар жүргізу жөніндегі мемлекеттік міндеттерді орындаудан бас тартуы немесе

оларды уақытында орындамауы, -  
ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 382-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

**383-бап. Лауазымды адамның алғашқы статистикалық деректерді, статистикалық ақпаратты және (немесе) деректер базаларын жоғалтуы, сатуы, беруі немесе өзге де заңсыз жария етуі**

Мемлекеттік статистика органдары лауазымды адамының респондентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін алғашқы статистикалық деректерді, статистикалық ақпаратты және (немесе) деректер базаларын жоғалтуы, сатуы, беруі немесе өзге де заңсыз жария етуі, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, -  
айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 383-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

**384-бап. Алғашқы статистикалық деректерді бекітілмеген статистикалық нысан бойынша жинау**

Алғашқы статистикалық деректерді бекітілмеген статистикалық нысан бойынша жинау -  
лауазымды адамдарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 384-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

**384-1-бап. Әкімшілік деректерді келісілмеген нысан бойынша жинау**

Әкімшілік деректерді келісілмеген нысан бойынша жинау -  
лауазымды адамдарға ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 384-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

**385-бап. Ақпарат құпиялылығы дәрежесін анықтау мен белгілеу ережесін бұзу**

1. Ақпарат құпиялылығы дәрежесін анықтау мен белгілеу ережесін бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыс белгілері болмаса, -  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңдылықтың бұзылғандығын жасыру мақсатында жасалған нақ сол

і с - ә р е к е т т е р ,

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**386-бап. Құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөнінде белгіленген талаптарды бұзу**

1. Мемлекеттік құпияларға рұқсат етудің белгіленген тәртібін бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Құпия мәліметтермен және олар сақталған көздермен жұмыс кезінде лауазымды адамдардың құпиялық режимін қамтамасыз ету жөнінде белгіленген талаптарды бұзуы, егер бұл әрекеттерде қылмыс белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Құпия мәліметтердің жария болуына немесе құпия мәліметтердің және олар сақталған көздердің жоғалуына әкеп соққан бірақ мемлекеттік құпиясы жоқ, нақ сол і с - ә р е к е т т е р , - қызметтің белгілі бір түріне арнайы рұқсаттан айыра отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 386-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 Заңымен.**

**387-бап. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру ережелерін бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру**

1. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру ережелерін бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын

заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 387-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

### **388-бап. Күзетілетін объектілерге заңсыз ену**

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің органдары мен бөлімшелері күзететін объектіге заңсыз ену,

айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту. 388-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 N 233-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **388-1-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметіне кедергі келтіру**

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соқтырған, лауазымды адамның олардың заңды қызметіне қызмет бабын пайдалана отырып кедергі келтіруі, сол сияқты лауазымды адамның бұл қызметке өзінің қызмет бабын пайдалана отырып араласуы

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 388-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **25-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК**

### **ШЕКАРАСЫ**

### **РЕЖИМІНІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІБІНЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БОЛУ ТӘРТІБІНЕ ҚОЛ**

### **СҰҒАТЫН**

### **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

**389-бап. Шекара аймағында шекара режимін және жекелеген жерлерде болу тәртібін бұзу**

1. Шекара аймағына кіру (өту), уақытша болу немесе жүріп-тұру ережелерін бұзу,

ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз не белгіленген тәртіпті бұза отырып шекара аймағында шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметтер жүргізу, мал ұстау немесе бағу, бұқаралық қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шаралар өткізу,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жекелеген жерлерде болудың заңдармен белгіленген тәртібін бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 389-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**389-1-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақпен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудан аумағында белгіленген шектеулерді бұзу**

1. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтың аумағында болуы,

айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақ аумағында диверсияға қарсы және өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын

жұмыстарды қоспағанда, құрылыс салу және қандай да бір жұмыстар жүргізу, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің – бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудан аумағында атыс қаруынан оқ ату, пиротехникалық құралдарды пайдалану, сондай-ақ атыс тирлерін, стендтері мен а т ы с о р ы н д а р ы н о р н а т у , -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің – бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 389-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.04.18 N 429-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **390-бап. Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңізінің) және ішкі суларының режимін бұзу**

1. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында, шекара өзендері, көлдері және өзге де су қоймалары суларының қазақстандық бөлігінде шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (су бетіндегі және су астындағы) қазақстандық кемелерді (құралдарды ) есепке алудың, күтіп-ұстаудың, олардың негізгі бекеттерден шығуының және негізгі бекеттерге оралуының, суда болуының және кемелердің (құралдардың) мұз арқылы қозғалуының белгіленген ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында шекара өзендері, көлдері мен өзге де су қоймалары суларының қазақстандық бөлігінде кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге қызметтер жүргізу, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды

адамдарға оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 390-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **391-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттерінде режимді**

#### **бұзу**

1. Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттерінде режимді бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам жасаған нақ сол іс-әрекеттер, -

Қазақстан Республикасы аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **391-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін бұзу**

1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында уәкілетті органның рұқсатынсыз кәсіпшілік, зерттеушілік, іздестірушілік немесе өзге де қызметтерді ж ү р г і з у , -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жасаған іс-әрекеттер, -



әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

**Ескерту. 391-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **392-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз алып өту**

1. Халықаралық тасымалды жүзеге асыратын көлік ұйымының немесе өзге де ұйымның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан бір немесе бірнеше тәртіп бұзушының заңсыз өтуіне немесе заңсыз өтуге әрекет жасауына әкеп соқтырған адамдардың көлік құралына заңсыз кіруін және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өту үшін пайдалануын болдырмау жөнінде шараларды қолданбауы, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Халықаралық тасымалды жүзеге асыратын көлік ұйымы немесе өзге де ұйым қызметкерінің өзінің қызметтік міндеттеріне кіретін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтуге әкеп соқтырған адамдардың көлік құралына заңсыз кіруін және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту үшін пайдалануын болдырмау жөнінде шаралар қолданбауы, егер аталған әрекет бір немесе бірнеше тәртіп бұзушының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өту қылмысына немесе заңсыз өтуге әрекет жасауына жәрдемдесу болып табылмаса, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жеке шаруамен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін адамның, бір немесе бірнеше тәртіп бұзушының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтуіне немесе заңсыз өтуге әрекет жасауына әкеп соққан, өзі басқаратын көлік құралын басқа адамның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өту үшін пайдалануын болдырмау жөнінде шаралар қолданбауы, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **393-бап. Әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі**

**міндеттерді атқаруымен байланысты оның заңды  
өкіміне немесе талабына, сондай-ақ Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға  
қатысатын адамдардың заңды талабына бағынбау**

Әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі міндеттерді атқаруымен байланысты оның заңды өкіміне немесе талабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға қатысатын адамдардың заңды талабына бағынбау – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 393-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.16 N 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**394-бап. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның  
Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы**

1. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тіркелу мерзімдерін не жүріп-тұрудың немесе тұрғылықты жер таңдаудың тәртібін сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

3. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына заңсыз келуінен, белгіленген мерзімдерде қайтып кетуден жалтаруынан, келу мақсатының визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарға сай болмауынан, сондай-ақ нақты тұратын жері тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмеуінен, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүру қағидаларын сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы, - қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - Он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

**Ескерту. 394-бап жаңа редакцияда - 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми**

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **394-1-бап. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау**

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімдерді орындамауы –

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 25-тарау 394-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **395-бап. Жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында шетелдіктердің болу қағидаларын бұзуы**

1. Қазақстан Республикасына шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды жеке шаруамен шақырған Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның оларды уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болу, ел аумағында жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан қайтып кетуі жөнінде шаралар қабылдамауы, – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасында шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын дара кәсіпкердің, лауазымды адамның немесе заңды тұлғаның оларды уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасына келу, оның аумағында болу және жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан қайтып кетуі жөнінде шаралар қабылдамауы, –

лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасына заңсыз келуден, оның аумағында заңсыз жүріп-тұрудан, белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан қайтып кетуден жалтарудан, нақты тұратын жері тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмеуінен көрінген, Қазақстан Республикасында шетелдіктердің болу қағидаларын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға тұрғын үй беру, – жеке тұлғаларға ескерту жасауға, лауазымды адамдарға – он, дара

кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының аумағына келген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ адаммен мәмілелер жасасуы, - лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 395-бап жана редакцияда - ҚР 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**396-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, шетелдік жұмыс күшін және еңбекші көшіп келушілерді тарту, Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыруы**

1. Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе жұмысқа орналасуға рұқсаты жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы - жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға – елу, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жұмыс берушінің шетелдік қызметкерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы -

лауазымды адамдарға – елу, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты алу еңбек қызметін жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылатын жағдайда, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның осындай рұқсатты алмай Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы –

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Жұмыс беруші жеке тұлғаның үй шаруашылығында жұмыстар орындауға (қызметтер көрсетуге) еңбекші көшіп келушілерді ішкі істер органдары беретін тиісті рұқсатсыз тартуы немесе бір жұмыс беруші жеке тұлғаның бір мезгілде бестен көп еңбекші көшіп келушімен үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуы – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 396-бап жаңа редакцияда - ҚР 10.12.2013 № 153-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**397-бап. Алып тасталды - ҚР 2007.07.06. N 276 Заңымен.**

**398-бап. Босқынның тұру ережелерін бұзуы**

**Ескерту. 398-бап алынып тасталды - ҚР 2009.12.04 N 217-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**399-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде еңбекке орналастыру жөніндегі заңсыз қызмет**

Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде еңбекке орналастыру жөніндегі қызметті жөнсіз жарнаманы пайдаланып, не толық емес немесе

дәйексіз ақпарат беріп жүзеге асыру, -  
ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 399-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2006.03.02 N 131, 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **26-тарау. КЕДЕН ІСТЕРІ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **400-бап. Кеден бақылауы аймағының режимін бұзу**

Кеден бақылауы аймағының шекарасы арқылы және оның шегінде тауарлардың, көлік құралдарының және мемлекеттік органдардың (кеденнен басқа) лауазымды адамдарын қоса алғанда, адамдардың орын ауыстыруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз осы аймақта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру не кеден бақылауы аймағының режимін бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасау, қылмыс белгілері болмаған кезде, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 400-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

### **400-1-бап. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзу**

Кеден өкілінің, уақытша сақтау орны немесе қоймасы, еркін немесе кедендік қойма, баж салынбайтын сауда дүкені иелерінің осындай қызметті «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жүзеге асыру шарттары мен міндеттерін сақтамауы не уақытша сақтау орнын немесе қоймасын, еркін немесе кедендік қойманы, баж салынбайтын сауда дүкенін құруға арналған үй-жайдың немесе аумақтың кеден одағының

және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі -

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 400-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **400-2-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзуы**

Кедендік тасымалдаушының осындай қызметті жүзеге асыру үшін кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген шарттар мен міндеттерді сақтамауы, оның ішінде көлік құралы орналасқан жерді кеден органының анықтауына мүмкіндік беретін, сол көлік құралында техникалық жабдықтың болмауы не оның ақаулы болуы - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 400-2-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **401-бап. Кеден одағының кедендік шекарасынан өткеннен кейін өткізу пунктіне тауарлар мен көлік құралдарының келгені туралы Қазақстан Республикасының кеден органына хабарламау**

Жеке тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын оңайлатылған немесе жеңілдікті тәртіппен өткізуін қоспағанда, тауарлар мен көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағына әкелген кезде Қазақстан Республикасының кеден органына кеден одағының кедендік шекарасынан өтетіндігі туралы хабарламау, оның ішінде кедендік шекарадан өткен кезде кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес табыс ету міндетті болып табылатын кеден құжаттарын табыс етпеу -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 401-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **402-бап. Өткізу пунктінде Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз тауарлар мен көлік құралдарының кеден одағының кеден аумағынан тысқары жерге кетуі**

1. Жеке тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын оңайлатылған немесе жеңілдікті тәртіппен өткізуін қоспағанда, егер тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болса не тауарлар мен көлік құралдарын әкету оларды

кедендік бақылауға орналастыруды көздесе, өткізу пунктінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерге әкету ниеті туралы Қазақстан Республикасының кеден органына хабарламау, оның ішінде кеден одағының кедендік аумағынан әкету кезінде кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес табыс етілуі міндетті болып табылатын кеден құжаттарын табыс етпеу -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 402-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **403-бап. Авария немесе еңсерілмейтін күштің әсері жағдайында шаралар қолданбау**

Авария немесе еңсерілмейтін күштің әсері жағдайында Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органы белгілеген орынға жеткізуге қабылданған немесе транзитпен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қолданбау, олардың қандай да болсын рұқсатсыз пайдаланылуына жол беру, Қазақстан Республикасының жақын маңдағы кеден органына істің мән-жайы, осындай тауарлар мен көлік құралдарының орналасқан жері туралы хабарламау не оларды Қазақстан Республикасының жақын маңдағы кеден органына тасымалдауды немесе осы органның лауазымды адамдарын тауарлар мен көлік құралдарының орналасқан жеріне жеткізуді қамтамасыз етпеу -

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 403-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **404-бап. Тауарларды және көлік құралдарын жеткізу орнына бермеу**

Тауарларды және көлік құралдарын жеткізу орнына бермеу және олардың құжаттарын Қазақстан Республикасының кеден органына тапсырмау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып



табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 404-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**405-бап. Тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз беру, жоғалту немесе Қазақстан Республикасының кеден органына жеткізбеу**

1. Кедендік бақылауда тұрған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз беру, жоғалту немесе Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органы белгілеген орынға жеткізбеу – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып не онсыз, қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кедендік бақылауда тұрған тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кеден органына тапсыру үшін қабылданған кедендік немесе өзге де құжаттарын жоғалту немесе жеткізбеу – ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органы белгілеген жеткізу мерзімін сақтамау – ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 405-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**406-бап. Көлік құралын тоқтатпау**

Мұндай тоқтатпау көлік құралының техникалық ақаулығынан немесе еңсерілмейтін күштің әсерінен болған жағдайларды қоспағанда, кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өтетін көлік құралын, сондай-ақ кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауар ретінде өткізілетін көлік құралын Қазақстан Республикасының кеден органы белгілейтін орындарда тоқтатпау - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 406-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**407-бап. Көлік құралын Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз жөнелту**

Кедендік бақылауда тұрған көлік құралын не кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауар ретінде өткізілетін көлік құралын оның тұрған орнынан Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз жөнелту - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 407-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**408-бап. Кедендік бақылауда тұрған кемеге және басқа жүзу құралдарына жанасып тоқтау**

Ескерту. 408-бап алынып тасталды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**409-бап. Тауарларды кедендік рәсімдеуге орналастыруға байланысты кедендік операцияларды жасау және тауарларды кедендік тазалау тәртібін бұзу**

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік рәсімге орналастыруға байланысты кедендік операцияларды жасау және тауарларды кедендік тазалау тәртібін бұзу, яғни кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тауарларды кедендік рәсімдеуге орналастыру, кеден операцияларын жасау орны мен уақыты жөніндегі талаптарды, сондай-ақ тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік рәсімдеуге орналастырудың бірінші кезектегі тәртібін қолдану -

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 409-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**409-1-бап. Кеден операцияларын жүргізу тәртібін бұзу**

1. Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кеден операцияларын жүргізу тәртібін бұзу - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тиісті тізілімнен алып тастай отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға

Ескерту. 26-тарау 409-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**410-бап. Кедендік тазалау аяқталмаған тауарлармен заңсыз операциялар жүргізу, жай-күйін өзгерту, пайдалану және (немесе) билік ету**

1. Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптар мен шарттарды бұза отырып, өздеріне қатысты тауарларды шығару туралы шешім қабылданбаған тауарлармен операциялар жүргізу, олардың жай-күйін өзгерту, оларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 410-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**411-бап. Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз жүргізілетін жүк және өзге де операциялар**

Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз кеден бақылауында тұрған тауарларды және көлік құралдарын тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, зақымданған орамды жөндеу, буып-түю, қайта буып-түю немесе тасымалдауға қабылдау, мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу, көрсетілген тауарлар мен көлік құралдары болуы мүмкін үй-жайларды, қораптарды және басқа да орындарды ашу, - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 411-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 Заңымен.

**412-бап. Сәйкестендіру құралдарын өзгерту, алып тастау, жою, зақымдау не жоғалту**

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органы қолданған сәйкестендіру құралдарын қасақана өзгерту, алып тастау, жою, зақымдау не жоғалту – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 412-бап жана редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **413-бап. Тауарларды кедендік декларациялау тәртібін бұзу**

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, декларанттың және (немесе) кеден өкілінің тауарларды кедендік декларациялау тәртібін бұзуы, яғни тауарларды алдын ала, толық емес, мерзімдік және уақытша кедендік декларациялауды қоса алғанда, тауарларды кедендік декларациялау орны бойынша, кедендік декларацияны толтыру және кедендік декларациялау тәртібі бойынша кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамауы - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

**Ескерту. 413-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **413-1-бап. Кеден өкілінің кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзуы**

1. Кеден өкілінің үшінші тұлғамен азаматтық-құқықтық шарт жасаспай не шарттың қолданылу мерзімі өткен соң немесе ол бұзылғаннан кейін үшінші тұлғаның мүддесі үшін кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруы – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, кеден өкілі бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекет елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 413-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **413-2-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзуы**

Уәкілетті экономикалық оператордың осындай қызметті жүзеге асыру үшін кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген талаптарды сақтамауы - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 413-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **414-бап. Кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді беру мерзімдерін бұзу**

Осы Кодекстің 434-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, декларанттың тауарларды кедендік декларациялау кезінде ұсынылатын кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді Қазақстан Республикасының кеден органына белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі, қылмыс белгілері болмаған

к е з д е —

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 414-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **415-бап. Қазақстан Республикасының кеден органына есептілікті табыс етпеу және есеп жүргізу**

##### **тәртібін сақтамау**

Кедендік тасымалдаушының, кеден өкілінің, уақытша сақтау орны немесе қоймасы, кедендік немесе еркін қойма, баж салынбайтын сауда дүкені иелерінің, декларанттардың кедендік бақылаудағы не еркін кеден аймағы аумағындағы әкелінетін, әкетілетін, декларацияланатын, келіп түсетін, сақталатын, өңделетін, дайындалатын, сатып алынатын және өткізілетін тауарлар туралы есептілікті Қазақстан Республикасының кеден органына кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде табыс етпеуі, сол сияқты мұндай тауарларға есеп жүргізу тәртібін

с а қ т а м а у ы —

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 415-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **416-бап. <\*>**

**Ескерту. 416-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **417-бап. Тауарларды сақтауға орналастыру тәртібін, оларды сақтау және олармен операциялар жүргізу**

##### **тәртібін бұзу**

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген, тауарларды сақтауға орналастыру тәртібін және оларды сақтау тәртібін, кеден қоймасында сақтау мерзімдерін, тауарларды бір қоймадан екінші қоймаға ауыстыру тәртібін бұзу, сол сияқты кеден қоймаларында, уақытша сақтау қоймаларында және еркін қоймаларда тауарлармен операциялар жүргізу —

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

Ескерту. 417-бап жана редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **417-1-бап. Тауарларды уақытша сақтау мерзімдерін бұзу**

Осы Кодекстің 414 және 434-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген, тауарларды уақытша сақтау мерзімдерін бұзу – жеке тұлғаларға – жиырма бес, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 26-тарау 417-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жана редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

#### **418-бап. Тауарларды қайта өңдеу тәртібін бұзу және қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру**

1. Тауарларды қайта өңдеу тәртібін бұзу, яғни кеден заңдарымен белгіленген талаптарды, шектеулерді және тауарларды қайта өңдеу жағдайлары туралы міндеттеме беру шарттарын, оларды қайта өңдеу тәртібі мен мерзімдерін, қайта өңдеу өнімдерінің шығу мөлшерін сақтамау, осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар жүргізу, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Отандық тауарлардың қайта өңдеу өнімдерін басқа тауарлармен ауыстырудың белгіленген тәртібін бұзу, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 418-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 N 506 , 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **419-бап. <\*>**

Ескерту. 419-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **420-бап. <\*>**

Ескерту. 420-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**421-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кеден аумағынан тыс жерлерге әкетпеу не осы аумаққа қайтармау**

Ескерту. 421-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Бұрын әкелінген және (немесе) аяқталған кезінде белгіленген мерзімдерде әкету көзделетін белгілі бір кедендік рәсім жүргізуге орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын, сондай-ақ, егер мұндай әкету міндетті болған жағдайларда, Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетпеу, не бұрын әкетілген және (немесе) аяқталған кезінде белгіленген мерзімдерде кері әкелу көзделетін белгілі бір кедендік рәсім жүргізуге орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын, сондай-ақ, егер мұндай әкелу міндетті болған жағдайларда, белгіленген мерзімдерде Кеден одағының кедендік аумағына қайтармау –

әкімшілік құқық бұзушылықтың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға – он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының кеден органына тауарлар мен көлік құралдарының қайта әкетілуін немесе әкелінуін, не аварияның немесе еңсерілмейтін күштің әсері, табиғи тозу немесе азаю не шет мемлекет органдары мен лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттеріне байланысты олардың иеліктен шығарылуы салдарынан тауарлар мен көлік құралдарының жойылуы немесе ысырап болуы себебінен оның мүмкін еместігін растау ретінде жарамсыз құжаттарды, заңсыз жолмен алынған құжаттарды не басқа тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды табыс ету –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болған тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға – он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 421-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**422-бап. Тауарларды жою тәртібін бұзу**

Ескерту. 422-бап алынып тасталды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**423-бап. Белгілі бір кедендік рәсім жүргізуге орналастырылған тауарлармен және көлік құралдарымен заңсыз операциялар жүргізу, олардың жай-күйін өзгерту, оларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету**

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлармен және көлік құралдарымен олардың кедендік рәсіміне сәйкес келмейтін операциялар жүргізу, олардың жай-күйін өзгерту, оларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету, сол сияқты есеп жүргізу және есептілікті ұсыну тәртібін және Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген өзге де шектеулерді, кедендік рәсім талаптары мен ш а р т т а р ы н с а қ т а м а у –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 423-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**424-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізген кезде тыйым салулар мен шектеулерді қолдану тәртібін сақтамау**

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленетін тыйым салулар мен шектеулерді қолдану тәртібін бұза отырып, тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу, қылмыс белгілері болмаған кезде –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – он бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлерге , заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 424-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**425-бап. Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу тәртібін бұза отырып,**



## **тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізуі**

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке тұлғалардың Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу тәртібін бұза отырып, тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізуі, оның ішінде «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің кедендік шекара арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарлар мен көлік құралдарын міндетті жазбаша декларациялау жөніндегі талаптарын, сондай-ақ тауарларды иесімен жөнелтілмейтін багажбен өткізу тәртібін сақтамау –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 425-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **425-1-бап. Тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерінде өткізу тәртібін бұзу**

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген халықаралық почта жөнелтілімдерінде тауарларды өткізу тәртібін бұзу –

жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге - жиырма, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 425-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **426-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы кедендік бақылауға соқпай өткізу**

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы кедендік бақылауға соқпай өткізу, яғни, тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізудің Қазақстан Республикасының кеден органдары айқындаған орындарынан тыс жерлерден немесе көрсетілген орындарда Қазақстан Республикасының кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кезде өткізу, қылмыс белгілері болмаған кезде –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – кедендік

төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларының сомасынан жүз пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз пайыз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларының сомасынан екі жүз пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз пайыз мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 426-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**427-бап. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік бақылаудан жасыру**

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін не өткізілген тауарларды кедендік бақылаудан жасыру, оның ішінде тауарларды табуды қиындататын құпия орындарды не басқа тәсілдерді пайдалану арқылы жасыру немесе бір тауарларға басқалардың түрін беру, қылмыс белгілері болмаған кезде –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылған тауарлар тәркілене отырып немесе онсыз, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен заттарды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жасырып өткізу үшін пайдаланылған арнайы әзірленген құпия орындарымен бірге тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 427-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**428-бап. Құжаттарды немесе сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып, тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу**

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар ретінде жарамсыз құжаттарды, заңсыз жолмен алынған құжаттарды, анық емес мәліметтерді қамтитын құжаттарды не басқа тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды ұсыну арқылы тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу, сондай-ақ жасанды сәйкестендіру құралдарын не басқа тауарлар мен көлік құралдарына қатысты түпнұсқалық сәйкестендіру құралдарын пайдалану, қылмыс белгілері болмаған

к е з д е —

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 428-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **429-бап. Тауарларды кедендік декларацияламау немесе жалған декларациялау**

1. Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін не өткізілген тауарларды кедендік декларацияламау немесе жалған декларациялау, яғни декларанттың, кеден өкілінің, уәкілетті экономикалық оператордың кеден декларациясында және кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де құжаттарда тауарлар туралы, таңдап алынған кедендік рәсім, тауарлардың кедендік құны не шыққан елі туралы белгіленген нысанда мәлімдемеуі немесе дұрыс емес мәліметтерді мәлімдеуі немесе кедендік төлемдер мен салық төлеуден босату үшін немесе олардың мөлшерін төмендету үшін негіз болатын дұрыс емес мәліметтерді мәлімдеуі және кедендік мақсаттар үшін қажетті басқа да мәліметтерді мәлімдемеуі -

жеке тұлғаға - қырық, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жүз, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

с о ғ а д ы .

Ескерту. 429-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**430-бап. Кеден одағының кеден аумағына кеден қағидаларын бұза отырып әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, сақтау, сатып алу, пайдалану немесе оларға билік ету**

Ескерту. 430-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кеден одағының кеден аумағына кедендік бақылауға соқпай не осындай бақылаудан жасырып, не құжаттарды немесе сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып әкелінген не декларацияланбаған немесе анық декларацияланбаған тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, сақтау, сатып алу, пайдалану немесе оларға билік ету, сол сияқты кедендік төлемдер және салықтар бөлігінде кедендік жеңілдіктер берілген, осындай жеңілдіктер берілуімен байланысты мақсаттардан өзге мақсаттарда Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатынсыз пайдаланылатын не иеліктен шығарылатын тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, сақтау және сатып алу – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 430-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.12.05. N 506, 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді) 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**431-бап. Пайдалануға және (немесе) билік етуге шек қойылған тауарларды, сондай-ақ шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын**

## пайдалану және (немесе) оларға билік ету

### тәртібін бұзу

Пайдалануға және (немесе) билік етуге шек қойылған тауарларды, сондай-ақ шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделгеннен өзге, оның ішінде оларға байланысты осындай жеңілдіктер берілген мақсаттарда пайдалану және (немесе) оларға билік ету –

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 431-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **432-бап. Кедендік төлемдер мен салықтардан заңсыз босатуға немесе оларды төмендетуге**

#### **бағытталған іс-әрекеттер**

**Ескерту. 432-бап алынып тасталды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **433-бап. Төленген кедендік төлемдер мен салықтарды тиісті негіздерсіз қайтаруға, төлемдер мен өзге де өтемдер алуға не оларды қайтармауға**

#### **бағытталған іс-әрекеттер**

Қазақстан Республикасының кеден органына - төленген кедендік төлемдерді қайтаруға, төлемдер және өзге де өтемдер алуға немесе оларды қайтармауға не тиісті негіздемесіз толық көлемінде қайтаруға құқық беретін дұрыс емес мәліметтері бар құжаттар беру, қылмыс белгілері болмаған кезде, - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 433-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV(2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **434-бап. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу мерзімдерін бұзу**

Төлеушілердің, оның ішінде кеден өкілі, уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі бар адамдардың кедендік төлемдерді және салықтарды белгіленген мерзімдерде төлемеуі, сол сияқты шартты түрде шығарылған тауарларды негізгі

кедендік декларациялау үшін кедендік алымдарды, кедендік баждарды және салықтарды төлеуден босатудың берілуіне байланысты мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдалану кезінде, сондай-ақ кедендік төлемдерді және салықтарды кезең-кезеңмен төлеуді көздейтін кедендік рәсімдерді жүргізуге тауарларды мәлімдеу кезінде кедендік декларацияны беру мерзімдері бұзылған жағдайда төлемеуі, қылмыс белгілері болмаған кезде –

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға – кеден өкілдерінің немесе уәкілетті экономикалық операторлардың тізілімінен алып тастай отырып, кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларының сомасынан отыз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайыз мөлшерінде, бірақ барлық жағдайларда кемінде екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 434-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**434-1-бап. Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларын белгіленген мерзімдерде төлеу туралы талаптарын орындамау**

Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуді қамтамасыз ету тәсілдері қолданылған кезде төлеуші кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайларда банктің, сақтандыру ұйымының, кепілгердің Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларын белгіленген мерзімдерде төлеу туралы талабын орындамауы –

дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленуге тиісті сомаларының сомасынан қырық пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайыз мөлшерінде, бірақ, барлық жағдайларда кемінде екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 26-тарау 434-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**435-бап. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасы кеден органдарының шешімдерін орындамауы**

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кінәсінен төлемшінің кедендік төлем шоттары бойынша кеден төлемдерін, салықтарды және өсімпұлдарды өндіріп алу немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасы кеден органдарының шешімдерін орындамауы, -

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 435-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**436-бап. <\*>**

Ескерту. 436-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**437-бап. <\*>**

Ескерту. 437-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**438-бап. Қазақстан Республикасы кеден органдарының талаптарын орындамау**

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік декларациялауды, кедендік тексеріп қарауды, кеден декларацияларын тексеруді жүзеге асыру, тауарлармен және көлік құралдарымен жүк және өзге де операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптарын, сондай-ақ кедендік бақылау үшін қажетті өзге де талаптарды кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдардың және өзге де адамдардың о р ы н д а м а у ы -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 438-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**438-1-бап. Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамау**

Адамдардың Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы, сол сияқты кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы

талаптарын Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген мерзімдерде орындамауы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 26-тарау 438-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **27-тарау. Көліктегі, жол шаруашылығындағы, байланыстағы және ақпараттандырудағы әкімшілік құқық бұзушылық**

Ескерту. 27-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **439-бап. Темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу**

1. Темір жол арқылы күш көлігімен өту, мал айдап өту, темір жолдарға арнап оқшауланған жерлерде мал жаю ережелерін бұзу, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Темір жолды, отырғызылған қорғаныш ағаштарды, қар тоқтатқыш қоршауларды және басқа да жол объектілерін, сигнал беру және байланыс құрылыстары мен қондырғыларын бүлдіру, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жүктерді тиеу және түсіру кезінде белгіленген көлемдерді сақтамау, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Темір жолдарға поездар қозғалысын бұзуы мүмкін заттар төсеу, лақтыру н е м е с е қ а л д ы р у , - бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Белгіленбеген жерлерде темір жол арқылы өту, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің оннан бірі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

6. Темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының талаптарын бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде,



лауазымды адамдарға - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сегізден онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын жылжымалы теміржол құрамының қалпына келтіруге жатпайтын жағдайға дейін зақымдануына әкеп с о қ қ а н б ұ з у ш ы л ы қ –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

8. Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын соның салдарынан жылжымалы құрамды ағыту және жөндеуге беру талап етілетін көлемде зақымдануына ж о л б е р і л г е н б ұ з у ш ы л ы қ –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

9. Тасымалдау процесіне қатысушылардың уәкілетті органға теміржолдарда жол берілген қауіпсіздікті бұзушылықтар туралы ақпаратты Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген мерзімдерде бермеуі – лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 439-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **440-бап. Темір жол көлігі құралдарын пайдалану ережелерін бұзу**

1. Жүк поездарында заңсыз жүріп-тұру, поезд жүріп бара жатқанда отырғызу және түсіру, вагондардың тепкішектері мен төбесінде жүріп-тұру, қажетсіз ретте п о е з д ы ө з б е т і н ш е т о қ т а т у , – бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Поездар вагондарының терезелері мен есіктерінен қоқыстарды және өзге де заттарды тастау, поезд жүріп бара жатқан кезде сыртқы есіктерді заңсыз ашу, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бестен біріне дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 440-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**440-1-бап. Теміржол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеусіз немесе қайта тіркеусіз пайдалану**

1. Теміржол жылжымалы құрамын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеусіз немесе қайта тіркеусіз пайдалану, -

жеке тұлғаларға - екі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 440-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**441-бап. Ортақ пайдаланыстағы көлік құралдарын және олардың ішкі жабдықтарын бүлдіру**

Ортақ пайдаланыстағы көлік құралдарын, атап айтқанда, темір жол көлігінде жолаушылар вагондарын және локомотивтерді, теңіз және өзен көлігінде кемелерді, автобустарды, троллейбустарды, трамвайларды бүлдіру, сондай-ақ олардың ішкі жабдықтарын бүлдіру, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**442-бап. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу**

1. Әуе кемелерінің ұшуы, зымырандарды ұшыру, атыстың барлық түрлерін өткізу, жарылыс жасау жұмыстары кезінде немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде материалдық объектілерді көтеруге, жылжытуға немесе түсіруге байланысты басқа да қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу, -

құқық бұзушылықты жасаудың құралы болған затты өтемін төлеп алып қоя отырып немесе онысыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден онға дейінгі, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - құқық бұзушылық жасаудың құралы болған затты тәркілей отырып немесе онысыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 442-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **443-бап. Ұшу қауіпсіздігі ережелерін бұзу**

1. Аэродром аумағында аэродромдарды ажырата білу үшін қолданылған таңбалау белгілері мен қондырғыларына ұқсас қандай да бір белгілер мен қондырғыларды орналастыру немесе әуежай, аэродром әкімшілігінің рұқсатынсыз пиротехникалық бұйымдарды жағу, немесе әуе кемелерінің ұшуы үшін қауіпті құстардың жаппай жиналуына жағдай жасайтын объектілер салу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ғимараттар мен құрылыстарда түнгі және күндізгі таңбалау белгілерін орналастыру туралы ережелерді орындамау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Аэродром жабдықтарын, аэродром белгілерін, әуе кемелерін және олардың ж а б д ы қ т а р ы н б ұ л д і р у , - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Тиісті рұқсатсыз әуежайлардың (аэровокзалдардан басқа), аэродромдардың , ұшуды радиомен және жарықпен қамтамасыз ету объектілерінің аумағы арқылы ж а я у жү р і п немесе к ө л і к п е н ө т у , - бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Жолаушының әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігі ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет ұшудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдай тудырса, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. 443-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.07.15 N 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**444-бап. Авиация қызметкерлерін жұмысқа даярлау мен жіберу ережелерін бұзу**

1. Авиация қызметкерлерін жұмысқа даярлау мен жіберу ережелерін бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Адамды мас күйінде әуе кемесін басқаруға жіберу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### **445-бап. Адамның мас күйінде әуе кемесін басқаруы**

1. Адамның алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйінде әуе кемесін басқаруы, - айлық есептік көрсеткіштің бестен он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге әуе кемесін басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірген нақ сол іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейінгі мерзімге әуе кемесін басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

#### **446-бап. Әуе кемесіндегі мінез-құлық қағидаларын бұзу**

1. Әуе кемесіндегі адамның әуе кемесі командирінің немесе басқа да экипаж мүшелерінің өкімдерін орындамауы, егер бұл адамның іс-әрекеттері ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірмесе - ескерту жасауға немесе екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемесінің бортында ұялы, транкингітік байланыс қызметтерін пайдалану, әуе кемесінің жермен жүруі, биіктікті алуы, қонуға бет алуы кезеңдерінде тұрмыстық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану - ескерту жасауға немесе бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 446-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**446-1-бап. Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актілерінде мәліметтердің бұрмалануы және (немесе) дәйексіз мәліметтердің көрсетілуі**

Ескерту. 446-1-бап алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**446-2-бап. Тасымалдаушының кінәсінан рейс орындалмаған немесе кідірітілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірітілген, орындалмаған кезде жолаушыға қызметтер ұсыну жөніндегі міндеттерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше орындамауы**

1. Тасымалдаушының кінәсінан рейс орындалмаған немесе кідірітілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірітілген, орындалмаған кезде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жолаушыға қызметтер ұсыну жөніндегі міндеттерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше орындамауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 27-тарау 446-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**447-бап. Жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу**

1. Автомобиль көлігімен тасымалдауды қоспағанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді халықаралық тасымалдау ережелерін бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау е р е ж е л е р і н б ұ з у , - дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға

дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ескерту. 447-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.03. N 464 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**447-1-бап. Жолаушыларды, багажды немесе жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің бұзылуы**

1 . М ы н а л а р д ы :

1) қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды;  
2) жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен халықаралық т а с ы м а л д а у д ы ;

3) жолаушылар мен багажды облысаралық қаларалық автомобильмен т ұ р а қ т ы т а с ы м а л д а у д ы ;

4) жолаушылар мен багажды облысаралық қаларалық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде, жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларынсыз (тахографтарсыз) немесе ақауы жоқ осындай құрылғыларын ажыратып не толтырылмаған диаграммалық дискілермен немесе бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолдана отырып не электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай, сол сияқты жүгізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) автокөлік құралын пайдалану –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Автокөлік құралдарын жүргізушілердің жолаушыларды, багажды немесе жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде еңбек және демалыс режимін бұзуы , -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 447-1-баппен толықтырылды, баптың 1-тармағы 3) тармақшасының 1-абзацы 2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 2003.07.03. N 464 , өзгерістер енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді),

2007.07.27. N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**447-2-бап. Қазақстан Республикасында автомобильмен тасымалдаулардың рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидаларын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, шетелдіктердің немесе шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында автомобильмен халықаралық тасымалдауларды рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз жүзеге асыруы – автокөлік құралдарының жүргізушілеріне – жиырма бес, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Отандық тасымалдаушының рұқсат карточкаларында көрсетілмеген автокөлік құралына отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсатты пайдалануы –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруі –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүргізушінің келісілген жол жүру маршрутының схемасын бұзуы –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдік тасымалдаушының Қазақстан Республикасында халықаралық қатынаста автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес рәсімделмеген отандық рұқсатты пайдалануы – автокөлік құралдарының жүргізушілеріне айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 447-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.03 N 464, Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**447-3-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарын жүргізушілерде жолаушылар тізімінің болмауы**

Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарын жүргізушілерде жолаушылар тізімінің болмауы, - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 447-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.07.03. N 464 Заңымен.

**447-4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалын шет мемлекетте тіркелген автокөлік құралдарымен жүзеге асыру**

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау – жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 447-4-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.03. N 464, Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**447-5-бап. Республикаішілік қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде автокөлік құралдары жүргізушілерінде тасымалдау шартының болмауы**

Республикаішілік қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде автокөлік құралдары жүргізушілерінде тасымалдау шартының болмауы, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 447-4-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.



**447-6-бап. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау**

1. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау үшін жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында автокөлік құралдарымен жолаушыларды тасымалдау – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 447-6-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**448-бап. Теңіз көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бұзу**

1. Теңіз көлігінде кемелердің маневр жасауының және жүзуінің белгіленген тәртібін бұзу, нұсқалған қозғалыс жылдамдығын, дыбыс және жарық сигналдарын беру, кеме жарықтары мен белгілерін алып жүру талаптарын сақтамау, тыйым салынған жерлерде кемені әдейі тоқтату немесе аялдату, кемелерді сүйретіп жүзу тәртібін бұзу, сондай-ақ диспетчердің міндетті талаптарын орындамау –

жеті айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Порт суларында суға сүңгу жұмыстарын тиісті рұқсаттарсыз жүргізу немесе осы жұмыстар кезінде сигнал беру ережелерін сақтамау, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 448-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**449-бап. Теңіз көлігіндегі сигнал беру және байланыс құрылғылары мен қондырғыларын бұлдіру**

Теңіз көлігіндегі сигнал беру және байланыс құрылғылары мен қондырғыларын бұлдіру, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 449-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**450-бап. Теңіз және өзен көлігі кемелерінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бұзу**

Құтқару және авариялық құралдар мен жабдықтардың болмауы, толық жинақталмауы немесе оларды куәландыру мерзімі өткен соң пайдалану, теңіз және өзен көлігі кемелеріндегі түскіштер мен траптарды жабдықтау жөніндегі т а л а п т а р д ы б ұ з у –

жеке тұлғаларға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 450-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**451-бап. Кемені жүзуге шығару ережелерін бұзу немесе тиісті дипломы (куәлігі, куәландыру қағазы) жоқ адамдарды кеме басқаруға жіберу**

1. Кеменің кімге тиесілігін, оның жүзуге жарамдылығын куәландыратын құжаттарсыз, жасақталмаған экипажбен, кеменің техникалық жағдайы қолдағы құжаттарға сәйкес келмеген кезде, жүк тиеудің белгіленген ережелерін, жолаушылар сыйымдылығы нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары жөніндегі шектеулерді бұза отырып, кемені (шағын кемеден басқасын) жүзуге шығару (жіберу), сондай-ақ тиісті дипломы (куәлігі, куәландыру қағазы) жоқ адамдарды кемені немесе оның механизмдері мен жабдықтарын басқаруға жіберу, -

лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе техникалық байқаудан (куәландырудан) өтпеген, немесе ақауы болғандықтан оны пайдалануға тыйым салынған, немесе жабдықтармен жарактандырылмаған, немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған шағын кемелерді жүзуге шығару, сондай-ақ шағын кемелерді басқару құқығы жоқ адамдарды осындай кемелерді басқаруға жіберу, -

лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы Кодекстің 451 – 454, 457, 458, 458-2-баптарында шағын көлемді кемелер деп балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерді қоспағанда, ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға болатын адамдар саны он екі адамнан аспайтын кемені т ү с і н у к е р е к .

Ескерту. 451-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27. N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**452-бап. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзу, сондай-ақ кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығы жоқ адамның басқаруы**

1. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе техникалық қарап тексеруден (куэландырудан) өтпеген немесе борт нөмірлері мен белгілері жоқ немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе ақауы болғандықтан оны пайдалануға тыйым салынған немесе жолаушылар сыйымдылығы нормаларының тиеу қағидаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулерді бұза отырып, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару - ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруға құқығы жоқ адамның осы кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруы, сол сияқты осы кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығын растайтын құжаты жоқ адамның кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруы немесе басқару құқығы жоқ адамға осындай кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені б а с қ а р у ғ а б е р у -

үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі жоқ адамның жолаушылар кемесін басқаруы -

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені кеме құжаттары болмаған кезде , сондай-ақ кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып басқару – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені көрінеу жалған немесе қолдан жасалған борттық тіркеу нөмірлерімен және белгілерімен басқару – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемеге көрінеу жалған немесе қолдан жасалған борттық тіркеу нөмірлері мен белгілерін салу – жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 452-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **453-бап. Кемелердің жүзу қағидаларын, сондай-ақ шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзу**

1. Өзен көлігі кемелеріндегі кеме жүргізушілерінің кемелер жүзуінің, дыбыстық және жарық сигналдарын берудің, кеме жарықтары мен белгілерін алып жүрудің белгіленген тәртібін бұзуы – жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің белгіленген жылдамдықты арттыруы, навигациялық белгілердің талаптарын сақтамауы, тыйым салынған жерлерде кемені әдейі аялдатуы немесе тоқтатуы, гидротехникалық құрылыстарды немесе техникалық құралдарды және кеме қатынасы мен навигациялық жағдай белгілерін зақымдауы, маневр жасау, дыбыс сигналдарын беру, борт жарықтары мен белгілерін алып жүру қағидаларын б ұ з у ы –

ескерту жасауға немесе екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілердің өзен көлігі кемелерін орналастыру мен тоқтатудың белгіленген тәртібін бұзуы – ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің кеме билетінде көрсетілген кемені жинақтау және жабдықтау нормаларын бұзуы, навигациялық сигнал жарықтарымен жабдықталмай тәуліктің қараңғы уақытында жүзуге

шығуы, жағажайлардағы суға түсу шекарасының қоршауына және басқа да ұйымдастырылған суға түсу орындарына елу метрден таяу жерге жақындауы – ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 453-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**454-бап. Кеме жүргізушінің немесе өзге де адамның кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе)**

**уытқұмарлық масаң күйде басқаруы**

1. Кеме жүргізушінің кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сондай-ақ осындай кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі кеме жүргізушінің басқаруына беру – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан нақ сол әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілердің алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін белгіленген тәртіпке сәйкес куәландырудан өтуден жалтаруы – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамдардың басқаруына жол беру – жеке тұлғаларға – он бес, кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 454-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**455-бап. Кемелерді ішкі су жолдарында пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бұзу**

1. Тиісті рұқсатсыз суға сүңгу жұмыстарын жүргізу немесе осы жұмыстар кезінде сигнал беру ережелерін сақтамау, ағаш салдар тоқтайтын тосқауылдар

мен айлақтар орнату мен құру тәртібін, тиісті органдардың келісімінсіз балық аулау мақсаты үшін белгіленбеген орындарда балық аулауға бейімделген шанышқы қондырғыларын және өзге де құралдар қою тәртібін бұзу, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға - онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Навигациялық жабдықтардың, байланыс пен сигнал берудің жүзбелі және жағалаудағы құралдарын жою, бүлдіру, жұлу, заңсыз орнын ауыстыру, көпірлердегі, бөгеттердегі және басқа гидротехникалық құрылыстардағы навигациялық құралдарды күтіп-ұстау, пайдалану ережелерін және олардың белгіленген жұмыс режимін бұзу, тиісті рұқсатсыз (келісімсіз) навигациялық белгілер мен сигналдарды танып-білуге кедергі келтіретін белгілер, құрылыстар, дыбыс және жарық сигналдарын беретін көздер орнату, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Кеме бортының сыртына қоқыс және өзге де заттар тастау, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің үштен біріне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 455-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **456-бап. Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеу, түсіру және қоймаға жинау қағидаларын бұзу**

Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеудің, түсірудің және қоймаға жинаудың техникалық шарттарын, кемеде жүктерді бекітудің техникалық шарттарын бұзу, жүкті тиеу (түсіру) актісін ресімдемеу – айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 456-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **457-бап. Шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бұзу**

1. Шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) шағын көлемді кемелерді базаға қою нормаларын, базаларды (құрылыстарды) пайдалану қауіпсіздігіне арналған шарттар мен техникалық талаптарды бұзу, сол сияқты көрсетілген базаларда (құрылыстарда) белгіленген тәртіппен тіркелмеген шағын көлемді кемелерді ұстау – жеке тұлғалар мен лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, орта

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шағын көлемді кемелердің жүзуге шығуын және базаға қайтуын бақылаудың белгіленген режимін сақтамау – ескерту жасауға немесе жеке тұлғалар мен лауазымды адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 457-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**458-бап. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу қағидаларын, сондай-ақ кемелерді жасау, техникалық пайдалану қағидаларын бұзу**

**Ескерту. 458-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу қағидаларын бұзу,

– жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кемелерді жасау, техникалық пайдалану ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 458-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**458-1-бап. Порттағы құрылыстарды пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу**

Порттағы құрылыстарды тұрақты және кезеңдік техникалық қарап тексерулерден өткізу мерзімдерін бұзу немесе сақтамау, айлақтық құрылыстың арқандап байлау және кері итергіш құрылғыларының жарамсыз күйде болуы немесе өздерінің сипаттамалары бойынша сәйкес келмеуі, сондай-ақ порттағы құрылыстарды техникалық қарап тексеру журналының және теңіз порты п а с п о р т ы н ы ң б о л м а у ы –

лауазымды адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

Ескерту. Кодекс 458-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**458-2-бап. Кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған авариялық жағдайлар мен көлік оқиғаларын тергеу қағидаларын бұзу**

1. Кеме капитанының, кеме иесінің, гидротехникалық құрылыстардың лауазымды адамының көліктік бақылау органдарына теңіз көлігі кемесімен болған авариялық жағдай туралы, өзен көлігі кемесімен болған көлік оқиғасы туралы а қ п а р а т т ы б е р м е у і –

жеке тұлғалар мен лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кеме жүргізушісінің немесе кеме иесінің көліктік бақылау органдарына шағын көлемді кемемен болған көлік оқиғасы туралы ақпаратты бермеуі –

жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Авариялық жағдайды немесе көлік оқиғасын тергеуді жүргізетін органның не лауазымды адамның сұрау салуы бойынша тергеу жүргізу үшін қажетті материалдарды, анықтамаларды, түсініктемелерді, кеме құжаттарынан үзінді көшірмелерді не басқа да ақпаратты бермеу немесе уақтылы бермеу –

жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Кодекс 458-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**459-бап. Көлікте темекі шегу**

1. Поездар мен теңіз және өзен көлігі кемелерінде белгіленбеген жерлерде т е м е к і ш е г у –

айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустар, шағын автобустар, троллейбустар, таксилер және қалалық



рельстік көлік салондарында темекі шегу – айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 459-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **460-бап. Көлікте өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу**

1. Көлікте белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 460-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **461-бап. Көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу**

1. Мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері (белгісі) оқылмайтын немесе стандарт талаптары бұзыла отырып орнатылған, тіркелген көлік құралдарын б а с қ а р у , -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

2. Мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері (белгісі) жоқ немесе оны пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіп бойынша тіркелмеген көлік құралдарын жүргізу - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

3. Көлік құралына көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілерін (белгісін) орнату -

жеке тұлғаларға - он бес, көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға - елу, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әк е п с о ғ а д ы .

3-1. Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері (белгісі) бар көлік құралын жүргізу - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға әк е п с о ғ а д ы .

4. Осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелеріне сай

келмейтін көлік құралдарын басқару, -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Тежегіш жүйесінің, басқару рулінің, жетекті-іліністі құрылғысының ақауы бар көлік құралдарын басқару, -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған көлік құралын басқару, -  
он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** Кодекстің осы тарауында көлік құралдары деп автомобильдердің, тракторлардың барлық түрлерін және басқа да өздігінен жүретін машиналарды, трамвайларды, троллейбустарды, сондай-ақ мотоциклдер мен өзге де механикалық көлік құралдарын түсіну керек.

6-1. Жолаушыларды, багажды автомобильмен тұрақты немесе тұрақты емес тасымалдауды, сондай-ақ жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап тексеруден өтпеген автокөлік құралдарын пайдалануға шығару, сондай-ақ рейс алдындағы (ауысым алдындағы ) медициналық қарап тексеруден өтпеген жүргізушінің басқаруына рұқсат беру –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтпеген көлік құралын жүргізу -

үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** 461-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.07.03 N 464 , 2004.12.09 N 10 , 2007.07.27 N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.24 N 399-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **461-1-бап. Көлік құралын жүргізу кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы**

1. Көлік құралын жүргізу кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан

кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Көлік құралын жүргізу кезінде телефонды не радиостанцияны тыңдауыш немесе қатты дауысты байланыс арқылы пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 461-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **462-бап. Көлік құралдары жүргізушілерінің қозғалыстың белгіленген жылдамдығын арттыруы**

1. Көлік құралдары жүргізушілерінің көлік құралы қозғалысының белгіленген жылдамдығын сағатына оннан жиырма километрге дейінгі шамаға арттыруы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралы қозғалысының белгіленген жылдамдығын сағатына жиырмадан қырық километрге дейінгі шамаға арттыруы – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Көлік құралы қозғалысының белгіленген жылдамдығын сағатына қырық километрден асатын шамаға арттыруы – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 462-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **463-бап. Маршруттық көлік құралдарының тоқтау, тұрғын аймақтарда жүру, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтамау және жол жүрісі қағидаларын басқа да өрескел бұзу**

Ескерту. 463-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көлік құралдарын жүргізушілердің маршруттық көлік құралдарын тоқтату, тұрғын аймақтарда жүру, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралдарымен жүру кезінде қауіпсіздік бөліктерін, мотоциклдерді жүргізу және онымен жолаушыларды тасымалдау кезінде мотошлемдерді пайдалану, көлік құралдарын сүйретуге алу, тәуліктің қараңғы мезгілінде немесе анық көрінбейтін ала-көлеңке кезде жарық беретін аспаптарды пайдалану ережелерін сақтамауы -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. (Алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

2. Белгіленген қағидаларды бұза отырып қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен не мамандандырылған автокөлік құралдарымен, сол сияқты 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсатсыз т а с ы м а л д а у –

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз, оның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану арқылы тіркелетін жүріп өтуі –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3-1. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлердің бірін асыра отырып не маршруттан немесе мерзімнен ауытқи отырып, жүріп өтуі –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

463-бапты 3-2-бөлікпен толықтыру көзделген - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-3. Автокөлік құралын тиеу процесінде жүк жөнелтушінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, рұқсат етілген салмақтық және көлемдік параметрлерді асыруы –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 463-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.07.03 N 464 , 2004.12.09 N 10 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **463-1-бап. Жол қиылыстарынан өту қағидаларын бұзу немесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту**

1. Көлік құралдарының көлденең бағыттағы жол жүрісіне кедергі келтіруге (кептеліске) әкеп соққан кептеліс пайда болған жағдайда жол қиылысына шығу немесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жол жүрісі қағидаларының жол қиылыстарынан өтудің басымдық құқығын пайдаланатын көлік құралына жол беру талабын орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жол қиылыстарынан өту қағидаларын бұзу – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 463-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **463-2-бап. Маневр жасау қағидаларын бұзу**

1. Жол жүрісі қағидаларының жүру, қайта ауыстыру, бұрылу, кері бұрылу немесе тоқтау алдындағы сигнал беру талабын орындамау – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мұндай маневрлер жасауға тыйым салынған жерлерде кері бұрылу немесе а р т қ а ж ү р у – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы Кодекстің 463-1-бабының екінші бөлігінде және 463-5-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жол жүрісі қағидаларының жүрудің басым құқығын пайдаланатын көлік құралына жол беру талабын орындамау – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік

жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 463-2-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**463-3-бап. Көлік құралын жолдың жүру бөлігінде орналастыру, қарсы жүріп өту немесе басып озу қағидаларын бұзу**

1. Жол жүрісі қағидаларын бұза отырып, жаяу жүргіншілер жолдарымен, жол жиектерімен немесе тротуарлармен жүру – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралын жолдың жүру бөлігінде орналастыру, қарсы жүріп өту немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытта жүруге арналған жағына шықпай, басып озу қағидаларын бұзу, сол сияқты ұйымдасқан көлік немесе жаяу колоннаны кесіп өту не оның арасынан орын алу – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Егер бұл жол жүрісі қағидаларында тыйым салынған жағдайларда, жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытта жүруге арналған жағына шығу – бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, көлік құралын басқару құқығынан айырылған не ондай құқығы жоқ адам жасаған әрекет – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 463-3-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**463-4-бап. Көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу**

1. Осы Кодекстің 463-бабының бірінші бөлігінде, 466-бабында және осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралдарын тротуарда тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу, сондай-ақ көлік құралдарын гүлзарларда, балалар немесе спорт алаңдарында тоқтату немесе тоқтап тұру –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Басқа көлік құралдарының жол жүрісіне кедергі келтіруге әкеп соққан, көлік құралдарын жолдың жүру бөлігінде тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Мүгедектердің көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру үшін бөлінген жерлерде көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 463-4-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**463-5-бап. Арнайы жарық және дыбыс сигналдары іске қосылған жедел және арнайы қызметтер көлік құралының жүруіне басымдық бермеу**

1. Бір мезгілде жарқылдауық маягі мен арнайы дыбыс сигналы іске қосылған жедел және арнайы қызметтер көлік құралының жүруіне басымдық бермеу - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сыртқы жағында арнайы түсті-графикалық схемалар, жазулар және белгілер бар, бір мезгілде жарқылдауық маягі мен арнайы дыбыс сигналы іске қосылған жедел және арнайы қызметтер көлік құралының жүруіне басымдық бермеу -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 463-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**463-6-бап. Бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына қарамай өтіп кету**

1. Осы Кодекстің 466-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің

тыйым салатын қимылына қарамай өтіп кету -  
он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 463-6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**463-7-бап. Жүргіншілерге немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу**

1. Басымдық құқығын пайдаланатын көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жол жүрісі ережелерінің жүргіншілерге немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларына жол беру талаптарын орындамау - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 463-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**463-8-бап. Жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігіндегі таңбалармен көрсетілген талаптарды сақтамау**

1. Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігіндегі таңбалармен көрсетілген талаптарды сақтамау -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 463-8-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**464-бап. Көлік құралдарын жүргізушілердің жүргізіп үйренуді өткізу, сыртқы жарық түсіру аспаптарын және (немесе) дыбыс сигналдарын пайдалану, авариялық сигнал беруді қолдану ережелерін бұзуы**

1. Көлік құралдарын жүргізушілердің жүргізіп үйренуді өткізу, сыртқы жарық түсіру аспаптарын және (немесе) дыбыс сигналдарын пайдалану, авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану ережелерін бұзуы,

-



бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 464-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**464-1-бап. Көлік құралына арнайы жарық және (немесе) дыбыс сигналдарын беруге арналған құрылғыларды орнату ережелерін бұзу не жедел және арнайы қызметтер автомобильдерінің арнайы түсті-графикалық схемаларын заңсыз жазу**

1. Көлік құралының алдыңғы бөлігіне қызыл түсті жарығы бар жарық аспаптарын немесе қызыл түсті жарық қайтаратын жабдықтарды, сол сияқты түсі мен жұмыс режимі көлік құралдарын пайдалануға жіберудің талаптарына сәйкес келмейтін жарық аспаптарын орнату -

аталған аспаптар мен жабдықтарды тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - он бес, көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жарым мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Арнайы жарық және (немесе) дыбыс сигналдарын беруге арналған құрылғыларды (күзет сигнализациясын қоспағанда) көлік құралына тиісті р ұ қ с а т с ы з о р н а т у -

аталған құрылғыларды тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - жиырма бес, көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Көлік құралының сыртқы жағына жедел және арнайы қызметтер автомобильдерінің арнайы түсті-графикалық схемаларын заңсыз жазу -

жеке тұлғаларға - жиырма бес, көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 464-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**464-2-бап. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау қағидаларын бұзу**

1. Жеке тұлғалардың көлік құралдары жүргізушілерін даярлау қағидаларын бұзуы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – біліктілік куәлігінен айыруға әкеп соғады.
3. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының көлік құралдары жүргізушілерін даярлау қағидаларын бұзуы – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тастай отырып, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 27-тарау 464-2-баппен толықтырылды - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**464-3-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктердің «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттерді орындамауы – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерге бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның заңдылықтың бұзылуын жою туралы жазбаша нұсқамасын кәсіптік бірлестіктердің белгіленген мерзімде орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестікті аккредиттеу туралы куәлікті тоқтата тұрып, жүз елу айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестікті аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрған себептерді жоймау – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерді аккредиттеу туралы куәлігінен айыруға әкеп соғады.

4. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктің «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының аккредиттеу туралы куәліктен айыруға негіздер болып табылатын талаптарын бұзуы – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерді аккредиттеу туралы куәлігінен айыруға әкеп соғады.

5. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттерді орындамауы –

көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер –

көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тастай отырып, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның заңдылықтың бұзылуын жою туралы жазбаша нұсқамасын белгіленген мерзімде орындамауы – көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 27-тарау 464-3-бапмен толықтырылды - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**465-бап. Жол жүрісіне қатысушының жол жүрісі ережелерін авариялық ахуал туғызуға әкеп соғатындай дәрежеде бұзуы**

1. Жол жүрісіне қатысушының авариялық ахуал туғызуға әкеп соқтыратындай, яғни жол жүрісіне басқа қатысушыларды жүріс жылдамдығын, бағытын күрт өзгертуге мәжбүр етіп, жол жүрісі ережелерін бұзуы - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет -

алты ай мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.  
**Ескерту. 465-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.07.04  
N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**466-бап. Теміржол өткелдерінен өту ережелерін бұзу**

1. Теміржол өткелдерінен тыс жерден теміржолды кесіп өту, жабық тұрған немесе жабылып жатқан шлагбаумнан не бағдаршам немесе өткел кезекшісі тыйым салатын сигнал берген кезде теміржол өткелдеріне шығу, сол сияқты теміржол өткелінде тоқтау немесе тұру -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - алты ай мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.

**Ескерту. 466-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.07.04  
N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**467-бап. Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру**

1. Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру – үш жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан нақ сол әрекеттер – төрт жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды не өзге мүлікті бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер – бес жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және алты жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және он жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

6. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік

құралын басқару құқығынан айырылған адам жасаған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

8. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

9. Осы баптың сегізінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

10. Осы баптың алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Жүргізушінің (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық) масаң күйде болуы осы Кодекстің 629-бабының үшінші бөлігінде айқындалған т ә р т і п п е н а н ы қ т а л а д ы .

**Ескерту. 467-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**467-1-бап. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды көрсетілген тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығын растайтын тиісті куәліксіз жүзеге**

**асыру**

1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды көрсетілген тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығын растайтын тиісті куәліксіз жүзеге асыру, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бестен отызға дейінгі мөлшерінде, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Жаңа 467-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.07.03. N 464 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**468-бап. Көлік құралдарын жүргізушілердің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерін адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің зақымдануына әкеп соқтыратындай дәрежеде**

**бұзуы**

1. Көлік құралдарын жүргізушілердің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерін көлік құралдарының, жүктердің, жолдардың, жол құрылыстарының және басқа құрылыстардың немесе өзге де мүліктің бүлінуіне әкеп соқтыратындай дәрежеде материалдық залал келтіріп б ұ з у ы , -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе тоғыз ай мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зақым келтірген нақ сол іс-әрекеттер, -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға және бір жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген көлік құралдарын жүргізу құқығы жоқ адам жасаған іс-әрекеттер, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 468-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**468-1-бап. Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы**

Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы з и я н к е л т і р с е , -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға және бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.

Ескерту. 27-тарау 468-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **468-2-бап. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу**

Жол, құрылыс және басқа ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын және жолдар мен жол құрылыстарын, олардың жабдықтарын пайдалану, сондай-ақ жол жүрісін ұйымдастыру үшін жауапты адамдардың көлікте қолданылатын тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзуы, егер ол:

а) ірі залал келтіруге;

б) денеге орташа ауырлықтағы зақым келтіруге әкеп соқса, – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта ірі залал деп айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын мөлшерде жеке тұлғаға келтірілген залал не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мөлшерде ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал т а н ы л а д ы .

Ескерту. 27-тарау 468-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **469-бап. Жүргізушінің жол-көлік оқиғасына байланысты міндеттерді орындамауы**

1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жүргізушінің өзі қатысушы болып табылатын жол-көлік оқиғасына байланысты Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасында көзделген м і н д е т т е р д і о р ы н д а м а у ы –

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жүргізушінің жол жүрісі қағидаларын бұза отырып, өзі қатысушы болып табылатын жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы – бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Көлік құралдарын басқару құқығы жоқ не одан айырылған адам жасаған н а қ с о л ә р е к е т т е р –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Ескерту. Зардап шегушіге медициналық көмек көрсетуге байланысты

жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалған адам осы бап бойынша жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 469-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**470-бап. Құжаттары жоқ және басқару құқығы жоқ адамның көлік құралдарын басқаруы**

1. Қолында жүргізу құқығына жүргізушілік куәлігі немесе жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлігі және заңдарда белгіленген өзге де құжаттары жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруы, -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралын басқару құқығы жоқ адамның (оқып-үйрену жүргізуінен басқа) оны басқаруы, сондай-ақ тиісті санаттағы көлікті басқару құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруы, не басқару құқығы жоқ адамға көлік құралын басқаруға беру (белгіленген ережелерге сәйкес жеке тәртіппен жүргізуді үйрету жағдайларын қоспағанда), -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі болмаған адамның көлік құралын басқаруы, -

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Көлік құралын жүргізу құқығынан айрылған жүргізушінің көлік құралын жүргізуі не көлік құралын жүргізу құқығынан айрылған адамға көлік құралын жүргізуге беру -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 470-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.06.03 N 428 , 2003.12.05 N 506 , 2004.12.09 N 10 , 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**471-бап. Ішкі істер (полиция), көліктік бақылау органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, әскери полиция органы**



**қызметкерінің (тек қана әскери көлік құралын  
басқаратын адамның) талаптарын орындамау,  
алкогольдік, есірткілік және (немесе)  
уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өтуден**

**жалтару**

1. Ішкі істер (полиция), әскери полиция (тек қана әскери көлік құралын басқаратын адамның) органдары қызметкерінің көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау –

бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға, ал мұндай құқығы жоқ не одан айырылған адамдарға қатысты жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көліктік бақылау органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау –

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Ішкі істер (полиция), әскери полиция (тек қана әскери көлік құралын басқаратын адамның) органдары қызметкерінің белгіленген тәртіпке сәйкес алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өту туралы заңды талабын орындамау –

үш жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және алты жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және он жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

7. Осы баптың төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген, көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам жасаған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер –

отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

9. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған әрекет – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

11. Осы баптың жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктерінде көзделген, осы Кодекстің 55-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Жүргізушіні ішкі істер (полиция), әскери полиция (тек қана әскери көлік құралын басқаратын адамның) органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда оның рұқсатынсыз жүргізушінің және жолаушылардың (жолаушының) көлік құралы кабинасынан (салонынан) кетіп қалуы, сондай-ақ олардың көлік құралы кабинасынан (салонынан) шығу туралы талаптарды орындамауы – жүргізушіге және жолаушыларға (жолаушыға) бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Осы баптың он екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жүргізушіге және жолаушыларға (жолаушыға) он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Нысанды киім киген ішкі істер (полиция), көліктік бақылау, әскери полиция органдары қызметкерлерінің көлік құралын тоқтату туралы талабы ысқырып сигнал берумен бір мезгілде қол қимылымен немесе таяқшамен сигнал беру арқылы не дыбыс күшейткіш құрылғының көмегімен білдіріледі. Сигналдар жүргізушіге түсінікті болуға және оларды орындау авариялық жағдай туғызбайтындай болуы үшін дер кезінде берілуге тиіс.

Ескерту. 471-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **472-бап. Көлік құралдарының қозғалысына кедергі жасау**

Көлік құралдарының қозғалысына қасақана кедергілер жасау, сондай-ақ көлік қозғалысы ережелерін сақтауға бақылау жасауды жүзеге асыратын уәкілетті лауазымды адамдардың мұндай кедергілерді жою туралы талабын орындамау, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды

адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 472-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**473-бап. Жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың қозғалыс ережелерін бұзуы**

1. Жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерінің талаптарын о р ы н д а м а у ы , -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ зақым келтіруге әкеп соқтырған не материалдық залал шектірген нақ сол і с - ә р е к е т т е р , -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жаяу жүргіншілердің және өзге де жол қозғалысына қатысушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерінің талаптарын ү н е м і б ұ з у ы , -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш тәулікке әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту.** Жол қозғалысына өзге де қатысушылар деп бұл бапта мопедтерді, велосипедтер мен күш көлігін басқарушыларды, мал айдаушыларды, жолдың бойымен жүк тартатын, мініс малдарын немесе табынды айдаушыларды, сондай-ақ көлік құралдары жолаушыларын түсіну керек.

**Ескерту. 473-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 N 506 , 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**473-1-бап. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу қағидаларын бұзу**

**Ескерту. 473-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу қағидаларын м ы н а д а й т ү р д е б ұ з у :

техникалық қарап тексеру операторының қызметіне тексеру жүргізу кезінде белгіленген, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйіне сәйкес келмейтін параметрлерді көрсете отырып,

техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасын беру;  
міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуден негізсіз бас тарту;  
механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық  
қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне мәліметтерді табыс етпеу;  
техникалық қарап тексеру орталығының орналасқан жерінің өзгергені туралы  
хабардар етпеу не уақтылы хабардар етпеу;  
қызмет өңірінде міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кестесі туралы  
х а л ы қ қ а а қ п а р а т б е р м е у ;

міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу кестесін бұзу;  
техникалық қарап тексеру операторының міндетті техникалық қарап  
тексеруден өткізбей, техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасын  
б е р у і ;

міндетті техникалық қарап тексеруді бақылау-диагностикалық жабдықты  
пайдаланбай не ақаулы және (немесе) өлшеп тексеруден өтпеген  
бақылау-диагностикалық жабдықты пайдалана отырып өткізу;  
техникалық қарап тексеру операторының міндетті техникалық қарап тексеру  
өткізілген күннен бастап алты ай ішінде күнделікті жазба бейне файлдарының  
мұрағаттық сақталуын қамтамасыз етпеуі;

міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу рәсімін бейне тіркеудің не  
техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасында көлік құралын фото  
т і р к е у д і ң б о л м а у ы ;

техникалық қарап тексерудің бекітілген нысанға сәйкес келмейтін  
диагностикалық картасын жасау және беру;

механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық  
қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне мәліметтерді енгізбеу, сол  
сияқты анық емес және (немесе) толық емес енгізу;

техникалық қарап тексеру орталығының өндірістік үй-жайы мен аумағының  
мемлекеттік стандарттарда белгіленген талаптарға сай келмеуі –  
дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып  
табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып  
табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл  
с а л у ғ а э к е п с о ғ а д ы .

2. Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті  
техникалық қарап тексеруден өткізу және жөндеу, техникалық қызмет көрсету  
жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса атқару, –

техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығара отырып, дара  
кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып  
табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып  
табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

3. Жеке тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың техникалық қарап тексеру орталығының аумағында механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуі, –

жеке тұлғаларға – он бес, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізген кезде көрінеу дәйексіз ақпарат ұсыну, –

техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығара отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

5. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, –

техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығара отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

Ескерту. Кодекс 473-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 N 399-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**474-бап. Техникалық ақаулары бар көлік құралдарын пайдалануға шығару және пайдаланудың өзге де ережелерін бұзу**

1. Көлік құралдарының техникалық жағдайына және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдардың, осы Кодекстің 475-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерінің талаптарын орындамауы, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зақым келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстарын немесе өзге де құрылыстарды не өзге де мүлікті бүлдіруге әкеп соқтырған нақ сол іс-әрекеттер, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның көлік құралын техникалық немесе өзгедей пайдалануға немесе жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нұсқамасын орындамау,

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 474-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**474-1-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару**

Көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге көлік жабдықтарын сапасыз жөндеу, сол сияқты көлік құралдарының техникалық жағдайына жауапты адамның техникалық ақауы бар екені белгілі көлік құралдарын пайдалануға шығаруы, егер бұл әрекеттер абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірсе, – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 27-тарау 474-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**474-2-бап. Көлік құралдары қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қамтамасыз ету саласында белгіленген нормаларды бұза отырып, жаңа көлік құралдарының сәйкестігін растайтын сертификаттарды немесе өзге де құжаттарды тану не беру**

1. Жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру үшін негіз болған көлік құралдары қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қамтамасыз ету саласында белгіленген нормаларды бұза отырып, көлік құралдарының сәйкестігін растайтын сертификаттарды немесе өзге де құжаттарды тану не беру – бір жыл мерзімге осы қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне әкеп соққан нақ сол ә р е к е т т е р –

екі жыл мерзімге осы қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, денеге жеңіл және орташа ауырлықта зақым келтіруге әкеп соққан әрекеттер –

үш жыл мерзімге осы қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 27-тарау 474-2-баппен толықтырылды - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**475-бап. Мас күйіндегі жүргізушіні не басқару құқығы жоқ адамды көлік құралын басқаруға жіберу**

1. Көлік құралдарының техникалық жағдайы мен пайдаланылуына жауапты лауазымды адамның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйіндегі жүргізушіні не көлік құралдарын басқару құқығы жоқ, сондай-ақ тиісті санаты жоқ адамды көлік құралын басқаруға жіберуі, - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зақым келтіруге немесе көлік құралдарының, жүктердің, жол құрылыстарының немесе өзге де құрылыстардың не өзге де мүліктің бүлінуіне әкеп соқтырған нақ сол іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Көлік құралы иесінің немесе иеленушісінің алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаю күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберуі, егер бұл абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 475-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**476-бап. Жол қозғалысына қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзу**

Кодекстің осы тарауында тізіп көрсетілмеген, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерімен белгіленген жол қозғалысына қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзу, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту.** Хаттама жасау кезінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерінің нақты қандай нормасы бұзылғандығы көрсетіледі.

#### **477-бап. Көлікпен қауіпті заттарды немесе бұйымдарды тасымалдау ережелерін бұзу**

1. Темір жол көлігінде қауіпті заттарды немесе қол жүгі бұйымдарын тасымалдау ережелерін бұзу, - ескерту жасауға немесе бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Теңіз және өзен көлігінде қауіпті заттарды немесе бұйымдарды тасымалдаудың ережелерін бұзу, сондай-ақ лауазымды адамдардың тиісті құжаттарда қауіпті заттармен немесе бұйымдармен жасалатын операцияларды тіркеу жөніндегі міндеттерді орындамауы, бұрыс жазулар енгізуі немесе тиісті лауазымды адамдарға осындай құжаттарды көрсетуден заңсыз бас тартуы, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әуе кемелерінде қауіпті заттарды немесе бұйымдарды тасымалдау ережелерін бұзу, - аталған заттарды немесе бұйымдарды тәркілей отырып немесе онысыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Автобуста, трамвайда, троллейбуста, маршрутты таксиде жарылыс қауіпі бар заттарды немесе бұйымдарды алып жүру, сондай-ақ оларды автокөлікте багажға немесе сақтау камерасына өткізу, - үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 477-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **478-бап. Қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікті пайдалану ережелерін бұзу**

Көлік құралдарының тепкішектерінде және басқа да шығып тұрған бөліктерінде тұрып жол жүру, қозғалыс кезінде кіру және шығу, есіктің ашылуына және жабылуына кедергі жасау, кесіп кететін заттарды тиісінше орамай алып жүру, сондай-ақ салонды және жолаушылардың киімдерін



былғайтын бұйымдар мен заттарды тасымалдау түрінде трамвайды, троллейбусты, қалалық және қала маңына қатынайтын автобусты немесе таксиді пайдалану ережелерін бұзу, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### **479-бап. Жолаушыларды билетсіз алып жүру**

Жолаушыларды билетсіз алып жүру:

- 1) халықаралық авиамаршруттарда ұшуды орындайтын әуе кемелерінде - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 2) ішкі авиамаршруттарда ұшуды орындайтын әуе кемелерінде, - сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 3) халықаралық қатынастағы поездарда - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 4) республикаішілік қатынастағы поездарда - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 5) халықаралық қатынастағы теңіз кемелерінде - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 6) республикаішілік қатынастағы теңіз кемелерінде - алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 7) халықаралық қатынастағы өзен кемелерінде - алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 8) республикаішілік қатынастағы өзен кемелерінде - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 9) трамвайда, троллейбуста, қалада және қала маңында қатынайтын автобуста және маршрутты таксиде - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
- 10) халықаралық, облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және ауданішілік қатынастағы автобуста - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 479-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **480-бап. Ақысы төленбеген қол жүгін, теңдеме жүк пен жол теңдеме жүгін алып жүру**

1. Темір жол, теңіз және өзен көліктерінде ақысы төленбеген теңдеме жүктің белгіленген нормаларынан тыс қол жүгін алып жүру, - айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Қол жүгі мен теңдеме жүкті өлшеуден жалтару, олардың салмағын жасыру,

сондай-ақ әуе көлігінде белгіленген нормалардан артық қол жүгін алып жүру, -  
белгіленген нормадан тыс әрбір килограммы үшін айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қалалық және қала маңында қатынайтын трамвайда, троллейбуста, автобуста және маршруттық таксиде ақысы төленбеген теңдеме жүкті алып жүру

теңдеме жүктің әрбір орны үшін айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қалааралық қатынастағы автобуста ақысы төленбеген теңдеме жүкті алып жүру,

теңдеме жүктің әрбір орны үшін айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Темір жол, теңіз, өзен, әуе көліктерінде ақысы төленбеген теңдеме жүкті немесе жол теңдеме жүгін алып жүру, -

жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 480-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі ) Заңдарымен.**

**480-1-бап. Темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру ережелерін бұзу**

Темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру ережелерін бұзу,

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 480-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**481-бап. Темір жол, теңіз, өзен және автомобиль көлігінде жүктердің сақталуын қамтамасыз ету ережелерін бұзу**

1. Жүктерді тасымалдауға арналған теміржол жылжымалы құрамын қоспағанда, контейнерлерді, жүзетін және басқа да көлік құралдарын, сондай-ақ тасымалдау құралдарын зақымдау –

бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жүк вагондарының, автомобильдердің, автомобиль тіркемелерінің, контейнерлердің, трюмдердің және жүзу құралдарының басқа да жүк салатын орындарының пломбалары мен бекіту құрылғыларын бүлдіру, олардың пломбаларын жұлып алу, жүк тасымалына байланысты операцияларды орындау үшін пайдаланылатын жекелеген жүк орындары мен олардың бумаларын, пакеттерді, жүк аулаларының, темір жол станцияларының, жүк автомобильдері станцияларының, контейнер пункттерінің (алаңдарының), порттар (кемежайлар) мен қоймалардың қоршауларын бүлдіру, сондай-ақ жүк аулаларының, контейнер пункттерінің (алаңдарының), жүк аудандарының (учаскелерінің), порттардың (кемежайлардың), шлюздердің және жоғарыда аталған қоймалардың аумағында тиісті рұқсатсыз болу, -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 481-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**482-бап. Әуе көлігінде жүктердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ережелерді бұзу**

1. Контейнерлердің пломбалары мен бекіту құрылғыларын бүлдіру, олардың пломбаларын жұлып алу, жекелеген жүк орындары мен олардың бумаларын, пакеттерді, сондай-ақ әуе көлігінде жүк тасымалдауға байланысты операцияларды орындау үшін пайдаланылатын қоймалардың қоршауларын бүлдіру, -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әуе көлігінде жүк тасымалдауға арналған контейнерлер мен көлік құралдарын бүлдіру, -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**483-бап. Тракторларды, басқа да өздігінен жүретін машиналар мен жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу**

Осы Кодекстің 246, 247, 461, 468, 470, 474, 475-баптарында көзделген ережелерді қоспағанда, тракторларды, өзге де өздігінен жүретін машиналар мен жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі, тракторларды, өзге де өздігінен жүретін машиналар мен жабдықтарды пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

**Ескерту. 483-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**483-1-бап. Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өткені үшін ақыны уақтылы төлемеу**

Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өткені үшін а қ ы н ы у а қ т ы л ы т ө л е м е у – жеке тұлғаларға – бес, заңды тұлғаларға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 483-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 112-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**484-бап. Көлік құралдарын жүргізуші жеке тұлғалардың пайдалану және жол жүрісі ережелерін үнемі бұзуы**

1. Көлік құралдарын пайдалану ережелерін үнемі бұзу, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 246, 247, 461, 474, 475 және 483-баптарында көзделген үш және одан да көп құқық бұзушылықты жасау, - жеке тұлғаларды алты ай мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға және көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралдарын жүргізуші азаматтардың жол жүрісі ережелерін үнемі бұзуы, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 461, 461-1, 462, 463, 463-1, 463-2, 463-3, 463-4, 463-5, 463-6, 463-7, 463-8, 464, 465, 466 және 471 (бірінші, екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген үш және одан да көп құқық бұзушылықты ж а с а у ы , -

азаматтарды алты ай мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын жүйелі түрде бұзушылық, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 447-1 (екінші бөлігінде), 447-3, 447-5, 460, 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылған кезде, екінші, үшінші, 3-1 және 3-2-бөліктерінде), 467-1-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды үш және одан да көп р е т ж а с а у –

жеке тұлғаларды – көлік құралдарын басқару құқығынан алты ай мерзімге айыруға және көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 484-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен; өзгерістер**

енгізілді - 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **485-бап. Жолдарды, темір жол өткелдерін және басқа жол құрылыстарын бұлдіру**

1. Жолдарды, темір жол өткелдерін және жол қозғалысын реттейтін басқа да құрылғыларды немесе техникалық құралдарды бұлдіру, соның ішінде жол төсемесін ластау не арнайы бөлінген жерлерден тыс жерлермен және төсемесі жетілдірілген жолдармен мал айдап өту арқылы бұлдіру, сондай-ақ түрлі құрылғылар орнату немесе жасыл екпелер отырғызу немесе оларды уақытында бұтамау салдарынан жол қозғалысын реттеу құралдарының көрінуін шектеу, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жол-көлік оқиғасына әкеп соқтырып, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зақым келтірген, көлік құралдарын, жүктерді немесе өзге мүлікті бұлдірген бұзушылықтар, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 485-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **486-бап. Жолдарды, темір жол өткелдерін және басқа жол құрылыстарын күтіп-ұстау ережелерін бұзу**

1. Жолдарда жұмыс жүргізу, жолдарды, темір жол өткелдері мен жол құрылғыларын күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерімен белгіленген өзге де талаптарды лауазымды а д а м д а р д ы ң о р ы н д а м а у ы , -

жолдардың, темір жол өткелдерінің, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың және басқа жол құрылыстарының жай-күйіне жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетіден он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды

тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жол-көлік оқиғасына әкеп соқтырып, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зақым келтірген, көлік құралдарын, жүктерді, жолдарды, жол құрылыстарын және басқа құрылыстарды немесе өзге де мүлікті бүлдірген бұзушылық, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның жол қозғалысын ұйымдастыруға немесе жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нұсқамасын орындамау, -

жолдардың, темір жол өткелдерінің, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың және басқа жол құрылыстарының жай-күйіне жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 486-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**487-бап. Жерасты коммуникацияларының байқау құдықтарын күтіп-ұстау ережелерін жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретіндей дәрежеде бұзу**

1. Жерасты коммуникацияларының жолдардың жүретін бөліктеріндегі байқау құдықтарын күтіп-ұстау ережелерін бұзу, сондай-ақ жолдың үстіне судың, техникалық сұйықтардың, будың шығып кетуіне және соның салдарынан жол бетінің бұзылуына, жол үстіне мұз қатуына, көріну жағдайының шектелуіне және басқа кедергілерге әкеп соқтыратын жер асты коммуникацияларының ақауларын жоюға шаралар қолданбау, -

жерасты коммуникацияларының күтіп-ұсталуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Жол-көлік оқиғасына әкеп соқтырып, адамдардың денсаулығына жеңіл зақым келтірген, көлік құралдарын, жүктерді және өзге де мүлікті бүлдірген нақ сол бұзушылық, -

жерасты коммуникацияларының күтіп-ұсталуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 487-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**488-бап. Автомобиль жолдарына бөлінген белдеуді қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу**

1. Белгіленген тәртіппен келісіп алмай автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде жер резервтерін жырту, екпелерді шабу, түбірімен қопару және бүлдіру , жердің шымын және топырағын алу, материалдар мен жүк жинау, топографиялық және басқа жұмыстарды жүргізу, жол қиылыстары мен кірме жолдарды жабдықтау, ғимараттар, жер асты және жер үсті құрылыстары мен коммуникацияларын салу, жарнама және өзге ақпарат орнату, сондай-ақ бөлінген белдеу шегінде белгіленгеннен тыс жерде от жағу, мал жаю, қоқыс пен қар төгу, сауда жасау, жолдың су ағар жүйесіне канализациялық, өнеркәсіптік, мелиорациялық және сарқынды суларды жіберу не жол жиегін арық ретінде п а й д а л а н у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жол-көлік оқиғасына әкеп соқтырып, адамдарға жеңіл дене жарақатын түсірген көлік құралдарын немесе өзге де мүлікті бүлдірген, не осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған бұзушылық, -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық , ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 488-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**489-бап. Жер пайдаланушылардың автомобиль жолдарын және жол құрылғыларын пайдалану мен қорғау ережелерін бұзуы**

Жаяу жүретін жолдар мен өткел (өтетін) көпіршелерді, автомобиль жолдарын су басып кетуіне және автомобиль жолдарына бөлінген белдеуге іргелес жер пайдаланушыларға бекітіліп берілген учаскелердегі бөлінген белдеудің батпақтануына жол беретін суғару жүйелерін орналастыру, жөндеу және ұдайы тазалап отыру жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы пайдаланушыларға бекітіліп берілген учаскелерден шығатын жолдарды немесе өткел көпіршелерді қоса

алғанда, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарына кірме жолдарды техникалық жағынан жарамды қалпында және таза етіп күтіп-ұстау жөніндегі міндеттерді орындамау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 489-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **490-бап. Магистральдық құбырларды қорғау ережелерін бұзу**

Магистральдық құбырларды қорғау ережелерін бұзу, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 490-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **491-бап. <\*>**

**Ескерту. 491-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **492-бап. Электр байланыс желілеріне қосылатын құрылғыларды (жабдықтарды) заңсыз қосу**

1. Электр байланысы желілеріне қосылатын құрылғыларды (жабдықтарды) заңсыз қосу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

қосылатын құрылғыларды (жабдықтарды) тәркілей отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды



тұлғаларға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту.** Қосылатын құрылғылар (жабдықтар) деп желілерге қосылатын және абоненттердің пайдалануындағы абоненттер байланыс арналары арқылы жіберген ақпаратты беру және қабылдау үшін электр және радио- байланысы дыбыстарын қалыптастыратын техникалық құралдар (радиотрансляциялық нүктелер, телефон аппараттары, телефакстер, деректерді беру құрылғылары, әртүрлі телематикалық қызметтердің қосылатын құрылғылары, кәбілдік теледидар құрал-жабдығы, телефон арнасының ұзартқыштары, радиотелефондар және басқалар) түсініледі.

**Ескерту.** 492-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

**493-бап. <\*>**

**Ескерту.** 493-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**494-бап. Радиоэлектрондық құралдарды немесе жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ радиожііліктерді пайдалану ережелерін бұзу және арнайы рұқсат алмай радиоэлектрондық құралдарды немесе жоғары жиілікті құрылғыларды шет елдерден**

**әкелу**

**Ескерту.** Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Радиоэлектрондық құралдарды немесе жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ радиожііліктерді пайдалану ережелерін бұзу және арнайы рұқсат алмай радиоэлектрондық құралдарды немесе жоғары жиілікті құрылғыларды шет елдерден әкелу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - радиоэлектрондық құралдар немесе жоғары жиілікті құрылғылар тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға

дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

### **Е с к е р т у л е р .**

1. Осы Кодексте радиоэлектрондық құралдар деп бір не бірнеше радиотаратушы не радиоқабылдағыш құрылғылардан немесе олардың құрамаларынан және радиотолқындарды таратуға және қабылдауға арналған көмекші жабдықтан тұратын техникалық құралдар түсініледі.

2. Осы Кодексте жоғары жиілікті құрылғылар деп, электр байланысы саласында қолдануды қоспағанда, радиожиілік энергиясын өнеркәсіптік, ғылыми , медициналық, тұрмыстық мақсаттарда жинақтап таратуға және жергілікті пайдалануға арналған жабдық немесе аспаптар түсініледі.

**Ескерту. 494-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 ( 2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **494-1-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Негізгі байланыс операторының телекоммуникация желілерін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілеріне қосудан негізсіз бас тартуы, сондай-ақ трафикті өткізу тәртібін бұзуы, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Телекоммуникация желілерін Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасында көзделген ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілеріне қосу мерзімдерін бұзуы, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер ( **ә р е к е т с і з д і к** ) , -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау және сақтау жөніндегі м і н д е т т е р д і б ұ з у -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -

байланыс қызметтерін көрсету туралы лицензиядан айыруға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 494-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2009.07.10 N 178-IV Заңдарымен.**

#### **494-2-бап. Байланыс желісіне заңсыз қол жеткізу**

**Ескерту. Кодекс 494-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, алып тасталды - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **495-бап. Байланыс желілері мен байланыс құрылыстарын қорғау ережелерін бұзу**

1. Байланыс желілері мен байланыс құрылыстарын қорғау ережелерін бұзу, егер бұл бұзу байланыстың тоқтауын туғызбаса, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Байланыс желілері мен байланыс құрылыстарын қорғау ережелерін бұзу, егер бұл бұзу байланыстың тоқтауын туғызса, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 495-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **496-бап. Сәйкестігі міндетті растауға жататын, бірақ одан өтпеген байланыс құралдарын пайдалану**

1. Қазақстан Республикасы телекоммуникациясының біртұтас желісінде техникалық реттеу саласында сәйкестігі міндетті растауға жататын және одан өтпеген техникалық байланыс құралдарын пайдалану, сол сияқты электромагнитті сәулелендіру көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды, почта байланысының техникалық құралдарын пайдалану, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - сертификатталмаған байланыс құралдарын тәркілей отырып немесе онсыз, ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз жиырмадан жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 496-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**4 9 7 - б а п .**

Ескерту. 497-бап алынып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **497-1-бап. Ақпараттық ресурстарды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу**

Ақпараттық ресурстарды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден екі жүзге

дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 497-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**497-2-бап. Қазақстан Республикасының электрондық құжаттар және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдарын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заң актісінде көзделген міндеттерді куәландырушы орталықтың орындамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заң актісінде көзделген міндеттерді тіркеу куәлігі иесінің орындамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Басқа тұлғаның жабық кілтін заңсыз алу және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасын заңсыз пайдалану, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заң актісінде көзделген міндеттерді электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың орындамауы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 497-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.07. N 372 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

Заңдарымен.

**497-3-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңдарын бұзу**

Жеке және заңды тұлғалар туралы жасырын мәліметтері бар ақпараттық ресурстарды оларға мүліктік және моральдық зиян келтіру, олардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын іске асыруын шектеу мақсатында пайдалану,-

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 497-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.07. N 372 , өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**498-бап. <\*>**

**Ескерту. 498-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**499-бап. Байланыс құрылыстарын заңсыз салу**

Байланыс құрылыстарын арнайы рұқсат алмай салу, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 499-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

**500-бап. Телефон-автоматтарды бүлдіру**

1. Телефон-автоматтарды қасақана бүлдіру, - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған нақ сол іс-әрекеттер,

- ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**501-бап. Пошта төлемінің қолдан жасалған мемлекеттік белгілерін жасау немесе өткізу**

Пошта төлемінің қолдан жасалған мемлекеттік белгілерін өткізу мақсатында жасау немесе өткізу, -

пошта төлемінің қолдан жасалған мемлекеттік белгілері, сондай-ақ оларды жасау құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік

көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 501-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

**502-бап.**

Ескерту. 502-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2005.04.13. N 40 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **28-тарау. ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛІК, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

**503-бап. Бастапқы әскери есепке алынуға не шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімдерін жергілікті әскери басқару органына бермеу немесе уақтылы бермеу**

Бастапқы әскери есепке алынуға не шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімдерін жергілікті әскери басқару органына бермеу немесе у а қ т ы л ы б е р м е у , -

меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың, оқу орындарының лауазымды адамдарына, сондай-ақ тұрғын үйлерді пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарына және үй иелеріне он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**504-бап. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік)**

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) -

азаматтарға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 504-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **505-бап. Жергілікті әскери басқару органының шақыруы туралы азаматтарға хабарламау**

Меншік нысанына қарамастан, ұйым басшысының немесе азаматтарды әскери есепке алу жұмысына жауапты басқа да лауазымды адамының жергілікті әскери басқару органының шақыруы туралы азаматтарға хабарламауы, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша азаматтарға дер кезінде келу мүмкіндігін қамтамасыз етпеуі, -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **506-бап. Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті тұрғылықты азаматтар құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы бермеу**

Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті тұрақты тұрып жатқан азаматтар құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтерді әскери есеп жүргізу жүктелген органдарға уақтылы бермеу, -

ұйымдардың басшыларына немесе ұйымдардағы әскери есепке алу жұмысына жауапты басқа да лауазымды адамдарға, сондай-ақ тұрғын үйлерді пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарына және үй иелеріне он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **507-бап. Әскери міндеттілер, шақырылушылар мен азаматтар туралы мәліметтерді хабарламау**

1. Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы лауазымды адамының әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтардың мүгедек деп танылуы туралы жергілікті әскери басқару органына белгіленген мерзімде хабарламауы, - он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Азаматтық хал актілерін жазу органы лауазымды адамының әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтардың азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізілгендігі туралы жергілікті әскери басқару органына белгіленген мерзімде хабарламауы, -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Меншік нысанына қарамастан, ұйым басшысының немесе басқа лауазымды адамының жұмысқа (оқуға) қабылданған, тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұруға міндетті, бірақ тұрмаған азаматтар туралы әскери есепке алуды жүзеге асыратын органға хабарламауы, -

айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **508-бап. Азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамауы**



Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде дәлелді себепсіз к е л м е у і –

ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігінен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 508-бап жана редакцияда - ҚР 2013.01.08 N 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **509-бап. Медициналық тексеруден немесе жиындардан жалтару**

1. Азаматтарды әскери есепке алу жөніндегі комиссияның немесе шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша медициналық куәландырудан не т е к с е р у д е н ж а л т а р у , -

әскери міндеттілерге айлық есептік көрсеткіштің - екіден бір бөлігінен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал шақырылушыларға ескерту жасауға не үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әскери міндеттілердің әскери жиындардан жалтаруы, - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### **510-бап. Әскери есепке алу құжаттарын қасақана бүлдіру немесе жоғалту**

Әскери билетті немесе әскери қызметке шақырылуға тиіс азаматтың басқа да әскери есепке алу құжаттарын қасақана бүлдіруі немесе жоюы, сондай-ақ әскери билеттің немесе әскери қызметке шақырылуға тиіс азаматтың басқа да әскери есепке алу құжаттарының иесінің кінәсінен жоғалуы, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігінен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

#### **511-бап. Әскери қызметке даярлықтан жалтару**

Шақырылушылардың жергілікті әскери басқару органдарының жолдамасымен әскери-техникалық мамандықтар бойынша әскери қызметке даярлықтан жалтаруы немесе дәлелді себептерсіз оқу ұйымдарының сабақтарына қ а т ы с п а у ы , -

ескерту жасауға немесе бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 511-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.22 . N 255 Заңымен.**

#### **512-бап. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке заңсыз шақыру, оларды шақыруды заңсыз кейінге қалдыру**

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке заңсыз шақыру не оларды шақыруды  
з а ң с ы з к е й і н г е қ а л д ы р у , -  
айлық есептік көрсеткіштің оннан он жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл  
салуға әкеп соғады.

#### **512-1-бап. Әскери қызметшіні қорлау**

1. Әскери қызмет міндеттерін орындау уақытында немесе орындауға  
байланысты олардың арасында бағыныстылық қатынастар болмаған кезде бір  
әскери қызметшінің екінші әскери қызметшіні қорлауы, -  
айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл  
салуға немесе он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан  
кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, -  
айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 512-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 177-IV  
Заңымен.**

#### **512-2-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету**

1. Бейбіт уақытта, әскерге шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери  
қызметін өткеріп жүрген әскери қызметші жасаған, бес тәуліктен артық, бірақ он  
тәуліктен аспайтын уақытқа бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету,  
сол сияқты бөлімнен босатылу, тағайындау, ауыстыру кезінде, іссапардан,  
демалыстан немесе емдеу мекемелерінен қызметке дәлелсіз себептермен  
м е р з і м і н д е к е л м е у , -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл  
салуға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, он тәуліктен артық, бірақ бір  
айдан аспайтын уақыттағы әрекеттер, -  
айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. Кодекс 512-2-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 177-IV  
Заңымен.**

#### **512-3-бап. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқару ережелерін бұзу**

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету  
бойынша әскери нарядтың құрамына кіретін адамның қызмет атқару ережелерін  
бұзуы, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 512-3-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 177-IV Заңымен.**

#### **512-4-бап. Бағынбау немесе бұйрықты өзгедей орындамау**

Бағынбау, яғни бастықтың бұйрығын орындаудан ашықтан-ашық бас тарту, сол сияқты қызмет мүддесіне елеулі зиян келтірмеген, бастықтың белгіленген тәртіппен берген бұйрығын бағыныштының өзгедей қасақана орындамауы, - он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

**Ескерту. Кодекс 512-4-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 177-IV Заңымен.**

#### **512-5-бап. Машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу**

Әскери, арнайы машинаны немесе көлік машинасын жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу адамның денсаулығына абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

**Ескерту. 28-тарау 512-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **29-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫНА ҚОЛСҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

#### **513-бап. Сотқа құрметтемеушілік білдіру**

1. Процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы бойынша сотқа келуден дәлелді себептерсіз жалтаруынан, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбауынан, сот үй-жайында тәртіп бұзуынан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және сотта белгіленген ережелерді құрметтемеушілікті анық куәландыратын өзге де іс-әрекеттер ( ә р е к е т с і з д і к ) , -

ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үштен бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл

салуға не бестен он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп  
с о ғ а д ы .

**Ескерту. 513-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.06.29.  
N 270 Заңымен.**

**514-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша  
іс қарауға қатысушылардың жауапкершілігі**

Қаралатын іске қатысушының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі  
қарайтын органға (лауазымды адамға) келуден дәлелді себепсіз бас тартуы не  
жалтаруы, яғни келмеуі, сөйтіп іс бойынша қарауды кейінге қалдыруға себепші  
б о л у ы , -

он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**514-1-бап. Алқабидің міндеттерін атқару үшін сотқа  
келмеу**

Алқабидің міндеттерін атқару үшін азаматтың сотқа шақыру бойынша  
дәлелсіз себептермен келмеуі, -

азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі  
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 514-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
2006.01.16. N 122 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

**514-2-бап. Алқабилердің тізімдерін жасау үшін ақпаратты  
табыс етпеу**

Алқабилердің тізімдерін жасау үшін жергілікті атқарушы органдарға қажетті  
ақпаратты табыс етпеу, сол сияқты дұрыс емес ақпарат табыс ету, -

жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға  
дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан он  
беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 514-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
2006.01.16. N 122 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

**514-3-бап. Азаматқа алқабидің міндеттерін атқаруға кедергі  
келтіру**

Лауазымды адамның азаматқа алқабидің міндеттерін атқаруға кедергі келтіруі, -  
лауазымды адамдарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің  
жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 514-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
2006.01.16. N 122 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

**514-4-бап. Алқабилердің сот талқылауында істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулерді сақтамау**

1. Сот талқылауында істі қарауға байланысты алқабилердің іс-әрекеттеріндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтамау, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуге әкеп соқтырған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 514-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.16. N 122 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**515-бап. Куәнің айғақ беруден бас тартуы немесе жалтаруы**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) куә ретінде жауап алуға тиіс адамның айғақ беруден дәлелді себептерсіз бас тартуы не жалтаруы, - екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**516-бап. Куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе қате аударма жасау**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде және медициналық қызмет сараптамасын жүргізу барысында органға (лауазымды адамға) куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтар беруі, сарапшының көрінеу жалған қорытынды беруі, сондай-ақ осындай жағдайларда аудармашының көрінеу қате аударма жасауы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сарапшылар медициналық қызмет сараптамасын жүргізу кезінде әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған нақ сол әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Егер куә, жәбірленуші, сарапшы немесе аудармашы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында ерікті түрде, уәкілетті орган (лауазымды адам) іс бойынша шешім шығарғанға дейін өздері берген айғақтардың, қорытындының жалғандығы, аударманың қате жасалғандығы

туралы мәлімдесе, олар әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 516-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**516-1-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді бұрмалау**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді іс жүргізу іс-әрекеттеріне қатысатын маманның немесе қорғаушының жасаған бұрмалауы, егер бұл іс-әрекет адамның денсаулығына зиян немесе айтарлықтай залал келтірмесе,

айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 516-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**517-бап. Лауазымды адамның сараптама жүргізу туралы қаулыны немесе тапсырманы не маманды шақыру туралы талапты орындаудан бас тартуы немесе жалтаруы**

Мемлекеттік қадағалау және бақылау органының қаулысы немесе тапсырмасы жіберілген лауазымды адамның сараптама жүргізуден не бақылау жүргізуге, құжаттар ресімдеу ісін жүргізуге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге немесе оны қарауға қатысу үшін маманды шақыру туралы талабынан не оларды орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартуы немесе жалтаруы,

жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**518-бап. Айыпталушының (сезіктінің) келетіндігі туралы жеке кепілгерлікті бұзу**

Айыпталушының (сезіктінің) анықтау ісін жүргізетін адамға, тергеушіге немесе сотқа келетіндігі туралы өздері жазбаша кепілгерлік берген адамдардың оны бұзуы немесе орындамауы, айыпталушының (сезіктінің) тергеуден немесе соттан жалтаруына әкеп соқса,

үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**519-бап. Кәмелетке толмаған айыпталушының (сезіктінің) келуін қамтамасыз ету туралы міндеттемені бұзу**

Ата-ананың, қорғаншының, қамқоршының немесе арнаулы жабық балалар мекемесі әкімшілігі өкілінің қарамақтарына қарауға берілген кәмелетке толмаған айыпталушының (сезіктінің) тергеушіге, анықтаушыға немесе сотқа келуін қамтамасыз ету туралы өздері жазбаша берген міндеттемелерін бұзуы, айыпталушының (сезіктінің) тергеуден және соттан жалтаруына әкеп соқса, - бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**520-бап. Соттың жеке ұйғарымы, қаулысы, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының ұсынысы бойынша шара қолданбау**

Лауазымды адамның соттың жеке ұйғарымын, қаулысын, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының ұсынысын қарамауы немесе оларда көрсетілген заң бұзушылықты жоюға шара қолданбауы, сондай-ақ жекеше ұйғарымға, қаулыға немесе ұсынысқа дер кезінде жауап қайтармауы, - сегіз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

**521-бап. Прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу**

Прокурорға, тергеушіге, анықтау органына айғақтар беру үшін, сот орындаушысына, сот приставына атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша келмеу, сол сияқты айғақ беруден бас тарту немесе көрінеу жалған айғақтар беру

— жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 521-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**521-1-бап. Прокурорға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау**

Мемлекеттік органның заң актілеріне сәйкес хабарлау талап етілетін іс жүргізу туралы прокурорға хабарламауы немесе дер кезінде хабарламауы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 521-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346 , өзгерту енгізілді - 2006.06.22. N 147 Заңдарымен.

**522-бап. Прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі жасау**

1. Прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне, мемлекеттік органның меншік нысанына қарамастан, ұйымның ғимаратына, үй-жайына немесе аумағына қызметтік куәлігін көрсетуі бойынша кедергісіз кіргізуден, сондай-ақ қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық және өзге де мәліметтерді табыс етуден, тексерулер, ревизиялар мен сараптамалар жүргізуден, мамандар бөлуден бас тарту әрекетінен көрінетін кедергі жасау, -

ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот орындаушысының заңмен белгіленген негізде және тәртіппен қойған талаптарын орындамау, -

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 522-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.06.22 N 147; 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **523-бап. Адвокаттың заңды қызметіне кедергі жасау**

Адвокаттың не адвокаттар алқасының, заң консультациясының, адвокат кеңсесінің заңды қызметін жүзеге асыруға, олардың кәсіптік міндеттерін атқару үшін қажетті құжаттарды, материалдарды немесе мәліметтерді табыс етпеуден не жазбаша сауал салу бойынша заңдарда белгіленген мерзімде табыс етуден бас тарту әрекетінен көрінген лауазымды адамның кедергі жасауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазалануға тиіс іс-әрекет белгілері болмаса, -

жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

### **524-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау**

Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құ ж а т т ы о р ы н д а м а у –

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі



кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 524-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**525-бап. Сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау**

1. Лауазымды адамдар мен жеке тұлғалардың сот орындаушысының атқарушылық құжатты орындаумен байланысты, оның ішінде оларға белгілеген мерзімде борышкердің жұмыс орны мен оның табыстары, атқарушылық құжатқа сәйкес табысынан ұстап қалу ісін жүргізу және өндіріп алынған соманы өндіріп алушыға салып жіберу туралы, борышкердің өзге де жеке және заңды тұлғалардағы ақша сомасы мен мүлкіне өндіріп алуды қолдану жөніндегі қаулыларын және заңды талаптарын дәлелсіз себептермен орындамауы – жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сот орындаушысына көрінеу теріс, оның ішінде борышкердің табыстары мен мүліктік жағдайы туралы мәліметтер беру, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3. Сот приставының заңды талаптарын орындамау, - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

**Ескерту. 525-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 қолданысқа енгізілді), 2006.06.22 N 147, 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**526-бап. Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінің ауысқандығы туралы сот орындаушысына хабарламау**

Атқарушылық құжат бойынша ұстап қалуды жүргізетін адамның дәлелсіз себептер бойынша бір ай мерзімде төлем төлейтін адамның жұмыстан босатылғаны туралы, сондай-ақ оның жаңа жұмыс орны мен тұрғылықты жері туралы, егер бұл оған белгілі болса, сот орындаушысына және алимент алатын а д а м ғ а х а б а р л а м а у ы , –

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 526-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**527-бап. Атқарушылық құжатты жоғалту**

Атқарушылық құжатты жоғалту – айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескертпе: Осы бап бойынша өндіріп алушылар әкімшілік жауаптылыққа т а р т ы л м а й д ы .

Ескерту. 527-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**528-бап. Сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру**

Жеке тұлғалардың және ұйымдардың лауазымды адамдарының сот орындаушысының мүлікке өндіріп алуды қолдану іс-әрекеттерін (тізімдеу, бағалау, тыйым салу, сауда-саттық өткізу) жасауына кедергі келтіруі немесе осыған байланысты оның талаптарын орындаудан бас тартуы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 528-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**529-бап. Лауазымды адамды қорлау, зорлық әрекеттер жасау қатерін төндіру**

1. Мемлекеттік органның лауазымды адамын өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қорлау, сондай-ақ оған қатысты зорлық әрекеттер жасау қатерін төндіру, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазалануға тиіс әрекет белгілері б о л м а с а , -

жиырма бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. 529-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

### **530-бап. Мемлекеттік наградаларды заңсыз тағып жүру**

1. Қазақстан Республикасының, Қазақ КСР-інің, КСРО-ның ордендерін, медальдарын, құрметті атақтың кеудеге тағатын белгісін, айырым белгісін немесе ордендік ленталар мен планкадағы медальдар ленталарын бұған құқығы жоқ адамның тағып жүруі, -

ескерту жасауға немесе Қазақстан Республикасының, Қазақ КСР-інің, КСРО-ның ордендері, медальдары, құрметті атақтың кеудеге тағатын белгісі, айырым белгісі немесе орден ленталары мен планкадағы медальдар ленталары тәркіленіп, айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының, Қазақ КСР-інің, КСРО-ның ордендерін, медальдарын, құрметті атақтың кеудеге тағатын белгісін, айырым белгісін сатып алу, сату немесе өзге де өтемін алып беру, -

белгілер тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік наградаларға атауы ұқсас немесе сырттай ұқсастығы бар белгілерді тағайындау немесе жасау, -

белгілер тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ескерту. 530-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **531-бап. Айырым белгілері және (немесе) нышандары бар нысанды әскери киімді, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру**

**(пайдалану)**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

1. Айырым белгілері және (немесе) нышандары бар нысанды әскери киімді, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) -

айырым белгілері және (немесе) нышандары бар нысанды әскери киім, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешек тәркіленіп, жеке тұлғаларға - бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғаның осы қызметті жүзеге асырумен байланысты жасауы -

айырым белгілері және (немесе) нышандары бар нысанды әскери киім, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешек тәркіленіп, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 531-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.04 N 53-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **30-тарау. ӘКІМШЛІК СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ**

### **532-бап. Қаржы бақылау шараларын бұзу**

Ескерту. 532-бап алынып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **533-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамдарға немесе соларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі немесе қызметтер көрсетуі, егер әрекеттерде қылмыстық жазалануға тиіс іс-әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 533-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

### **533-1-бап. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы**

1. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер көрсету ұсынған тұлғалардың

пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін оларды алуы, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, егер әрекеттерде қылмыстық жазалануға тиіс әрекет белгілері болмаса, - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

**Ескерту. Кодекс 533-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.**

### **534-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі**

1. Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаларға немесе соларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазалануға тиіс әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың, бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - заңды тұлғаның қызметін тоқтатуға әкеп соғады.

Ескерту. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамға немесе оған теңестірілген адамға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, өзге де материалдық игіліктер берген, қызметтер көрсеткен, жеңілдіктер мен артықшылық жасаған жеке, заңды тұлғалар, егер мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның тарапынан өздеріне қатысты бопсалау орын алған болса немесе осы жеке, заңды тұлғалар болған жағдай туралы күзиретті органдарға он күн мерзім ішінде өз еркімен мәлімдесе, жауапты болмайды.

**Ескерту. 534-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **535-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы**

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңдармен жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануы не белгіленген қаржыландыру көздерінен тыс материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы, - осы ұйымдардың басшыларына айлық есептік көрсеткіштің жүзден үш жүзге

дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 535-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

**536-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат беру**

Ескерту. 536-бап алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 308 Заңымен.

**537-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдар басшыларының шара қолданбауы**

Мемлекеттік органдар басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі өздеріне бағынысты адамдарға қатысты өз өкілеттіктері шегінде шара қолданбауы не аталған шараларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды бұза отырып қолдануы не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша салық органдарына тиісті ақпарат бермеуі, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. 537-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 315, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

**537-1-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау**

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Кодекс 537-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

### **3-бөлім. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУҒА УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАР**

#### **31-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**538-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар)**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді:

- 1) мамандандырылған әкімшілік соттардың судьялары;  
1-1) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьялары;
- 2) осы Кодексте уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қарайды.

Ескертулер.

1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істерді кәмелетке толмаған адамның қорғаушысының немесе заңды өкілінің өтінішхаты бойынша мамандандырылған әкімшілік сот қарауы мүмкін.

Істі аудандық және оған теңестірілген сотқа қарату туралы өтінішхат іс қарауға тағайындалғанға дейін берілуі мүмкін.

2. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған әкімшілік сот құрылмаған болса, оның соттылығына жатқызылған істерді аудандық (қалалық) сот қарауға құқылы.

**Ескерту. 538-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерістер енгізілді - 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **539-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар)**

#### **құзыретінің ара жігін ажырату**

1. Судьялар осы Кодекспен өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, осы Кодекстің 541-бабында көрсетілген істерді қоспағанда, істерді қарайды және әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданады.

3. Әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған заттарды өтемін төлеп алып қою, не осы заттарды тәркілеу, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстарды (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, нақты тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру (соның ішінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру), қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру, өз

бетінше тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты еріксіз бұзу, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судья қарайды.

4. (Алынып тасталды - 2005.10.21. N 80 Заңымен)

5. Осы Кодекстің 27-бабына сәйкес өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан адамның арызы бойынша осы Кодекстің 2-бөлімінің Ерекше бөлігінде көзделген кез келген құқық бұзушылық туралы істі судья қарайды.

Ескерту. 539-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2005.10.21 N 80, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**540-бап.**

Ескерту. 540-бап алынып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

## **32-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІҢ ҚАЙДА ҚАРАУҒА ЖАТАТЫНДЫҒЫ, ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТІ**

**541-бап. Соттар**

**Р Қ А О - ның ескертпесі!**

1-бөлікке өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80 – 84-1, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 86-2, 87 (2-1 және 2-2-бөліктерінде), 87 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95 – 110-1, 122, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 135-1, 136 – 136-3, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-6 (2-1-бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші бөліктерінде), 147-11 (жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 147-12, 147-13, 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және он үшінші бөліктерінде), 163-2, 163-3,



163-4, 163-6, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1, 168-3, 168-5, 168-8, 175 (екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (үшінші бөлігінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 206-2, 208-1, 209, 213 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 214, 219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222 – 226, 228 – 229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 235-1 (төртінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 298 (екінші және үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші және сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 309-5, 310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 324-2, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 328-2 (екінші бөлігінде), 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 341-1, 342 – 344, 346 – 357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 357-7 (екінші бөлігінде), 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372 – 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 388-1, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425 -1, 426 – 430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (үшінші бөлігінде), 464 -1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 464-2 (екінші бөлігінде), 464-3 (екінші – төртінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469 (екінші және үшінші бөліктерінде), 471 (бірінші, екінші, төртінші – он бірінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 474-2, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 – 512-5, 513 – 518, 520 – 524, 528 – 537-1-

баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

1-1. Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьялары:

1) кәметке толмағандар жасаған, осы Кодекстің 320 (екінші бөлігінде), 331, 332 (үшінші бөлігінде), 334 (үшінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 500-баптарында (екінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы;

2) осы Кодекстің 111, 111-1, 111-2, 111-3, 112, 112-1, 114, 115, 115-1, 116, 117, 327 (екінші бөлігінде), 336 (1-1-бөлігінде), 336-3 (екінші бөлігінде), 336-4 (екінші бөлігінде), 519-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Судьялар, істің қайда қаралуға жататындығына қарамастан, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа, әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтарды не азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен), арнаулы құқығынан айыру, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған заттарды өтемін төлеп алып қою не тәркілеу, сондай-ақ құрылыстарды еріксіз бұзу, белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

3. Жоғарғы Соттың, облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары сот талқылауы барысында анықталған процеске қатысушы адамның тарапынан осы Кодекстің 513-бабында көзделген сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істерді қарайды.

Ескерту. 541-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.28 N 398, 2003.06.03 N 428, 2003.07.02 N 451, 2003.07.03 N 464, 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.12.05 N 506, 2004.05.06 N 551, 2004.07.06 N 572, 2004.12.09 N 10, 2005.04.13 N 40 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 181 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 220 (2007.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.06.29 N 270, 2007.07.06 N 276, 2007.07.21 N 299, 2007.07.21 N 307, 2007.07.21 N 308, 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04

№ 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 59-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.25 № 113-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 № 115-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 № 176-IV, 2009.07.10 № 177-IV, 2009.07.10 № 178-IV, 2009.07.11 № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.16. № 186-IV, 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.09 № 197-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-б. қараңыз. 2009.11.13 жарияланды), 2009.12.04 № 215-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 № 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.08 № 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV, 2010.04.29 № 272-IV, 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 № 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 № 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.10.06 № 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 № 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 № 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.02.10 № 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.04.18 № 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 № 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 № 505-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.06 N 529-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 33-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2013 № 111-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 126-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 N 166-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **542-бап.**

Ескерту. 542-бап алынып тасталды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

#### **543-бап. Ішкі істер органдары (полиция)**

1. Ішкі істер органдары осы Кодекстің 131, 131-1, 144, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 165, 175 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері, автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 247, 277, 281-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 330-1 (бірінші бөлігінде), 328-1, 328-2 (бірінші бөлігінде), 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-2 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 341 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 357-7 (бірінші бөлігінде), 364, 369 (бірінші бөлігінде), 370 (бірінші бөлігінде), 371 (бірінші бөлігінде), 377, 378, 379, 380 (бірінші бөлігінде), 380-1, 387, 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 440, 441, 443 (төртінші бөлігінде), 446, 447-1 (екінші бөлігінде), 447-3, 459, 461 (бірінші-үшінші, төртінші-сегізінші бөліктерінде), 461-1, 462, 463 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 463-1, 463-2, 463-3 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде)-463-8, 464, 464-1 (үшінші бөлігінде), 464-2 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 464-3 (бірінші, бесінші – жетінші бөліктерінде), 465 (бірінші бөлігінде), 466 (бірінші бөлігінде), 467-1, 468 (үшінші бөлігінде), 469 (бірінші бөлігінде), 470, 471 (үшінші, он екінші және он үшінші бөліктерінде), 472, 473 (бірінші және екінші бөліктерінде), 474, 475, 476, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 478, 480, 481 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 482, 485-487, 490, 500 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Ішкі істер органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мыналар құқылы:

1) осы Кодекстің ішкі істер органдарының қарауына жататын барлық баптары бойынша, - ішкі істер органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары;

2) осы Кодекстің 131, 131-1, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 328-2 (бірінші бөлігінде), 330-1 (бірінші бөлігінде), 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 377, 380 (бірінші бөлігінде), 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдары қалалық, аудандық бөлімшелерінің бастықтары;

3) осы Кодекстің 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 330-1 (бірінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 389, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 396 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 440, 441, 446, 459, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 480, 485 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдары жол бөлімшелерінің жол пункттерінің бастықтары;

4) осы Кодекстің 131, 131-1, 281-1, 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 311, 330-1 (бірінші бөлігінде), 333 (бірінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 377, 387, 463 (бірінші бөлігінде), 470, 473, 476-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторлары;

5) осы Кодекстің 330-1 (бірінші бөлігінде), 333 (бірінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 338 (екінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдары патрульдік учаскелерінің бастықтары;

6) осы Кодекстің 461 (үшінші және сегізінші бөліктерінде), 461-1 (екінші бөлігінде), 462 (төртінші бөлігінде), 463 (төртінші бөлігінде), 463-1 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 463-2 (төртінші бөлігінде), 463-3 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 463-4 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 463-5 (үшінші бөлігінде), 463-6 (екінші бөлігінде), 463-7 (екінші бөлігінде), 463-8 (екінші бөлігінде), 464 (екінші бөлігінде), 464-1 (үшінші бөлігінде), 464-2 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 464-3 (бірінші, бесінші – жетінші бөліктерінде), 467-1 (екінші бөлігінде), 468 (үшінші бөлігінде), 470 (екінші, төртінші және бесінші

бөліктерінде), 471 (үшінші және он үшінші бөліктерінде), 472, 474, 475, 485-487-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары жол полициясы комитетінің төрағасы, басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;

7) осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері және автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 247, 447-1 (екінші бөлігінде), 447-3, 461 (бірінші, екінші, төртінші-жетінші бөліктерінде), 461-1 (бірінші бөлігінде), 462 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463 (бірінші бөлігінде), 463-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463-2 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463-3 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463-4 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463-5 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463-6 (бірінші бөлігінде), 463-7 (бірінші бөлігінде), 463-8 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде), 465 (бірінші бөлігінде), 466 (бірінші бөлігінде), 467-1 (бірінші бөлігінде), 469 (бірінші бөлігінде), 470 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 471 (он екінші бөлігінде), 473 (бірінші және екінші бөліктерінде), 476, 485 (бірінші бөлігінде) (жеке тұлғаларға қатысты)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - арнаулы атағы бар жол полициясының қызметкерлері;

8) осы Кодекстің 281-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 311, 330-1 (бірінші бөлігінде), 387-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдарының табиғат қорғау және мал дәрігерлік полициялары бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;

9) осы Кодекстің 330-1 (бірінші бөлігінде), 333 (екінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары.

10) **Алынып тасталды - ҚР 2007.03.26 N 240 Заңымен.**

11) 298-1 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 330-1 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары полициясының балық қорларына қылмысты қол сұғушылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;

12) осы Кодекстің 377, 380 (бірінші бөлігінде), 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдарының көші-қон полициясы басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;

13) осы Кодекстің 394-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық

бұзушылықтар үшін – көші-қон полициясының арнаулы атақтары бар қызметкерлері.

Ескерту. 543-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 428, 2003.12.05 N 506, 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.03.26 N 240, 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 176-IV, 2009.07.10 N 180-IV, 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.29 № 272-IV, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.12.2013 № 153-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **544-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары**

Ескерту. 544-бап алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **544-1-бап. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган**

1. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган: осы Кодекстің 231 (бірінші бөлігінде), 249, 277, 284, 312, 313, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 460-баптарында көзделген өрт қауіпсіздігі саласындағы;

221-1 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы;

осы Кодекстің 504-бабында көзделген азаматтық қорғаныс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.



2. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан өрт қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға – елуге дейінгі, заңды тұлғаларға бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі, лауазымды адамдарға – төрт жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

3. Алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 32-тарау 544-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **544-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган**

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 89, 175 (екінші бөлігінде) (қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің иелері жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 220, 221 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 221-1 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қ а р а й д ы ;

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның атынан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға – екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға – бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 32-тарау 544-2-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**545-бап. <\*>**

Ескерту. 545-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 Заңымен.

**546-бап.**

Ескерту. 546-бап алынып тасталды - ҚР 2003.12.05 N 506 Заңымен.

**547-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган**

Ескерту. 547-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде) (әуе көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 443 (осы баптың бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, азаматтық авиацияға жатпайтын аэродромдарда немесе осындай аэродромдар аумақтарында жасалған бұзушылық туралы істерді қоспағанда, бесінші бөлігінде), 444, 446 (бірінші бөлігінде), 446-2, 447 (бірінші бөлігінде), 459, 460, 479 (әуе көлігінде бұзушылық жасағаны үшін), 480 (екінші бөлігінде), 482-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға м ы н а л а р қ ұ қ ы л ы :

соған уәкілетті лауазымды адамдар (411, 444, 446 (бірінші бөлігі), 459, 460-баптар, азаматтық авиация қызметі саласында бұзушылық жасағаны үшін).

Ескерту. 547-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 428, 2003.07.03 N 464, 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2010.07.15 N 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**548-бап. Көлік бақылау органдары**

1. Көлік бақылау органдары осы Кодекстің 246 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 439, 440, 440-1, 441, 447, 447-1 (бірінші бөлігінде), 447-2, 447-4, 447-5, 447-6, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 454 (төртінші бөлігінде), 455, 456, 457, 458, 458-1, 458-2, 459, 460 (әуе кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 461 (6-1 бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде, екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479 - 480 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481, 483, 483-1, 486 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық т у р а л ы і с т е р д і қ а р а й д ы .

2. Көлік бақылау органдары атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы

істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

осы Кодекстің көлік бақылау органдарының қарауына жатқызылған барлық баптары бойынша - көлік бақылау органының басшысы мен оның орынбасарлары, аумақтық көлік бақылау органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары;

357-2 (бірінші бөлігінде), 440, 440-1, 441, 447, 447-1 (бірінші бөлігінде), 447-2, 447-4, 447-5, 452, 454 (төртінші бөлігінде), 455, 456, 459-460 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 461 (6-1-бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде, екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479-480 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481, 483, 483-1, 486 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - көліктік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды адамдары құқылы.

3. Осы баптың екінші бөлігінің үшінші абзацында көрсетілген лауазымды адамдар салатын айыппұл мөлшері жиырма айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Ескерту. 548-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерістер енгізілді - 2007.07.27 N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.12.28 N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 N 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2013 № 112-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **548-1-бап. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдары**

1. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдары осы Кодекстің 219-1, 219-2, 219-3, 219-4, 219-5, 219-7, 219-8 (бірінші бөлігі), 219-10-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдарының аумақтық бөлімшелерінің басшылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту. 548-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен

### **549-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті орган**

1. Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде) (темір жол көлігімен, теңіз және ішкі су көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 441, 443 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 444, 446 (бірінші бөлігінде), 450, 451 (екінші бөлігінде), 452, 453 (бірінші бөлігінде), 455 (үшінші бөлігінде), 457 (өздерінің қадағалауындағы шағын кемелер мен олардың тұруына арналған құрылыстар базалары бөлігінде), 459, 460, 481 (теңіз және әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтар бөлігінде), 488-489-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаға қолдануға:

Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның, олардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 549-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.01.07 N 372, 2003.06.03 N 428, 2003.07.03 N 464, 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.07.15 N 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **549-1-бап. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган**

1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 357-2 (бірінші бөлігінде), 492 (бірінші бөлігінде), 494 (бірінші бөлігінде), 494-1 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 495, 496 (бірінші бөлігінде), 497-1, 497-2, 497-3-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаға қолдануға:

1) ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары;

2) ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары құқылы.

Ескерту. 549-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 178-IV,



1. Заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, бағалау қызметін реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 357-2 (бірінші бөлігінде)-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мыналар құқылы:

1) осы Кодекстің 357-2-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, - заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, бағалау қызметін реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы, оның орынбасарлары;

2) Алынып тасталды - ҚР 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 551-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **551-2-бап. Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган**

1. Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 525 – 527-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және әкімшілік жазалар қолдану туралы көрсетілген істерді қарауды атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдарының (аумақтық органдар) басшылары мен олардың орынбасарлары жүзеге асырады.

Ескерту. 32-тарау 551-2-баппен толықтырылды - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **552-бап. Көші-қон жөніндегі органдар**

1. Көші-қон жөніндегі органдар (өз құзыреті шегінде) осы Кодекстің 399-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасының көші-қон жөніндегі органының басшысы, облыстық, Астана және Алматы қалалық және соған теңестірілген көші-қон жөніндегі органының бастығы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді

қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

Ескерту. 552-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.03.02 N 131, 2007.07.06 N 276, 2009.12.04 N 217-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**553-бап. Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган**

Ескерту. 553-бап алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**553-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган**

Ескерту. 553-1-бап алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**554-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 123 ( екінші бөлігінде), 175 (шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық тұрғыдан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын адамдар жасаған құқық бұзушылықтар бойынша екінші бөлігінде), 220 (бірінші бөлігінде), 240, 240-1, 241 – 246 (бірінші бөлігінде), 247 – 250, 261, 264, 265, 270 – 272, 275 (екінші бөлігінде), 276, 291, 294, 296, 301, 302 (бірінші бөлігінде), 303 (бірінші бөлігінде) , 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 306-1 ( бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 306-3 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қ о л д а н у ғ а :

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік экологиялық инспекторлары және мемлекеттік экологиялық аға инспекторлары - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі м ө л ш е р і н д е а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторлары - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға - жетпіске дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық аға инспекторлары - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі, лауазымды адамдарға – үш жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - бес жүзге дейінгі мөлшерінде



а й ы п п ұ л

с а л у ғ а ;

облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік экологиялық бас инспекторлары - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға - бір жүз елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүргізілген операция сомасынан не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасынан пайызбен көрсетілген айыппұл с а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық бас инспекторы және оның орынбасары - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға - бір жүз елуге дейінгі, заңды тұлғаларға екі мыңға дейінгі мөлшерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүргізілген операция сомасынан не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасынан пайызбен көрсетілген айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 554-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), өзгерістер енгізілді - 2007.01.09 N 213, 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

### **554-1-бап. Жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган**

1. Жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 123 (бірінші бөлігінде), 259-274, 275 (бірінші бөлігінде), 301, 302 (бірінші, екінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік ж а з а л а р қ о л д а н у ғ а :

жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі аумақтық аға мемлекеттік инспекторлар мен аумақтық мемлекеттік инспекторлар - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - он беске дейінгі, заңды тұлғаларға - жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекторлары, жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі аумақтық бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас инспекторлары - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы мен оның орынбасарлары - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға  
қ ұ қ ы л ы .

**Ескерту. 554-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

#### **554-2-бап. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган**

1. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 147-11 (бірінші – алтыншы, сегізінші бөліктерінде), 357-2 (бірінші бөлігінде) – баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган ведомствосының лауазымды адамдары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік  
ж а з а қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

**Ескерту. Кодекс 554-2-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **555-бап. Кеден органдары**

**Ескерту. 555-бап алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **556-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары осы  
К о д е к с т і ң :

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдары жүргізушілеріне (әскери қызметшілерге және жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге) қатысты 461 (бірінші – үшінші, төртінші – сегізінші бөліктерінде), 461-1, 462, 463, 463-1, 463-2, 463-3 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 463-4, 463-5, 463-6, 463-7, 463-8, 464, 466 (бірінші бөлігінде), 468 ( үшінші бөлігінде), 470, 471 (үшінші, он екінші және он үшінші бөліктерінде), 472 , 473 (бірінші және екінші бөліктерінде), 474, 475 (бірінші және екінші бөліктерінде), 476, 477 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 483;

2) 503, 505 – 512-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға :

1) осы Кодекстің 503, 505 – 512-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін – жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары;

2) осы Кодекстің 476-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын басқаратын адамдарға) ескерту түрінде – белгіленген тәртіппен әскери автомобиль полициясының штаттағы және штаттан тыс инспекторлары болып тағайындалған әскери полицияның лауазымды адамдары құқылы.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдары жүргізушілері – әскери қызметшілер мен жиындарға шақырылған әскери міндеттілер жасаған, сол үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен әкімшілік жаза ретінде айыппұл көзделген бұзушылықтар туралы материалдарды әскери полиция кінәлілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысы бойынша жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті командирлерге (бастықтарға) береді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдары жүргізушілері – әскери қызметшілер мен жиындарға шақырылған әскери міндеттілер жасаған, сол үшін көлік құралын басқару құқығынан айыру не әкімшілік қамақ түрінде әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін бұзушылықтар туралы хаттамаларды әскери полиция сотқа жіберу үшін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп белгілеген тәртіппен береді.

Әскери қызметшілер мен жиындарға шақырылған әскери міндеттілерден басқа, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдары жүргізушілері жасаған, сол үшін айыппұл, көлік құралын басқару құқығынан айыру, әкімшілік қамақ түрінде әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін бұзушылықтар туралы хаттамаларды әскери полиция қарау не сотқа жіберу үшін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп белгілеген тәртіппен береді.

**Ескерту. 556-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**557-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар**

1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 89, 140 (бірінші бөлігінде), 161 (бірінші бөлігінде), 164, 220, 221, 236, 239, 240, 242, 244, 248, 249, 261, 270, 272, 275, 276, 277 (екінші бөлігінде), 281-1, 294, 304 (бірінші бөлігінде), 310, 323 (бірінші бөлігінде), 333, 357-2 (бірінші бөлігінде), 387, 477 (бірінші, екінші бөліктерінде), 494 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитариялық дәрігері мен оның орынбасарлары, облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары, көліктегі мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлер мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

**Ескерту. 557-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2009.07.10. N 180-IV , 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**557-1-бап. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік орган**

1. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері осы Кодекстің 324-бабының бірінші бөлігінде, 357-2-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді өз құзыреті шегінде қарайды.

2. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік органның басшысы, оның орынбасарлары, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

**Ескерту. 557-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.05.06. N 551 , өзгерту енгізілді - 2009.07.16. N 186-IV Заңдарымен.**

**557-2-бап. Медициналық қызмет көрсетулер саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган**

1. Медициналық қызмет көрсетулер саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде осы Кодекстің 85 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері), 85-1 (бірінші бөлігі), 85-2 (бірінші бөлігі), 322 (бірінші және екінші бөліктері), 325 - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Медициналық қызмет көрсетулер саласындағы бақылау жөніндегі

мемлекеттік органның басшысы және оның аумақтық бөлімшелерінің басшылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

**Ескерту. 557-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.16. N 186-IV Заңдарымен.**

**558-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медициналық қызметтері**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медициналық қызметтері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалалары мен оқу орталықтарының аумақтарында орналасқан объектілерде және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне ведомстволық бағынысты объектілерде санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы қағидаларды бұзу туралы осы Кодекстің 323-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

**Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**559-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган**

1. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары осы Кодекстің 310-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Осы Кодекстің 310-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

- 1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы мен оның орынбасарлары;
- 2) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар;
- 3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары және олардың орынбасарлары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары;

5) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары және олардың орынбасарлары, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары құқылы.

3. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) өткізу орындарында – жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізу кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін;

2) теміржол, су және әуе көлігінде, жолдарда және мал айдайтын күре жолдарда – Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ мал айдау кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін;

3) мемлекеттік шекарада – Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау бөлігінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін айыппұлды сол жерде алады.

**Ескерту. 559-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **559-1-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары осы Кодекстің 310-1-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы, Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторлары және олардың орынбасарлары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

**Ескерту. Кодекс 559-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 N 540-IV (**

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **560-бап. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган**

1. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган мен оның жергілікті жерлердегі органдары осы Кодекстің 307-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза ла р қ о л д а н у ғ а :

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар, өсімдік карантині жөніндегі облыстық және қалалық қызметтердің мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктер карантині жөніндегі қалалық, аудандық қызметтердің, шекаралық пункттер мен бекеттердің мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 560-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **560-1-бап. Астық нарығын реттеу саласындағы уәкілетті орган**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Астық нарығын реттеу саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары осы Кодекстің 186, 309-1 (екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде), 357 -2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы

істерді

қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға аумақтық органдардың бастықтары мен олардың орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 560-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.12.05 N 506, өзгерту енгізілді - 2006.01.20 N 123, 2007.07.21 N 299, 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 229-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **560-2-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган**

1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері осы Кодекстің 220, 294, 309-3, 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексенге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 560-2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **561-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдар**



Бірінші бөлікке 01.01.2015 бастап өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 11.04.2014 N 189-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

1. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдар осы Кодекстің 121, 124 (екінші бөлігінде), 276, 277, 278 (екінші бөлігінде), 279-281, 281-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік ж а з а л а р қ о л д а н у ғ а :

Суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор және оның орынбасарлары, суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі бас мемлекеттік бассейндік (аумақтық) инспекторлары және олардың орынбасарлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпыс беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпысқа дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 561-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

#### **562-бап. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар**

1. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар осы Кодекстің 121, 125, 126, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-297, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 299, 300, 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы

істерді

қарайды.

2. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы органдардың атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза  
қолдануға:

1) осы Кодекстің 121, 125, 126, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-297, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 299, 300, 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - Қазақстан Республикасының орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдары мен олардың аумақтық органдарының лауазымды адамдары;

2) осы Кодекстің 121, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-291, 294, 296, 297, 298 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің басшылары, басшыларының орынбасарлары;

2-1) осы Кодекстің 121, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-291, 294, 296, 297, 298 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - облыстық атқарушы органдардың орман және аңшылық шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамдары;

3) осы Кодекстің 121, 126, 250, 252, 283 (екінші бөлігінде), 284 (үшінші бөлігінде), 285 (екінші бөлігінде), 286 (екінші бөлігінде), 287 (төртінші бөлігінде), 289 (төртінші бөлігінде), 290 (екінші бөлігінде), 291 (екінші бөлігінде), 294 (екінші бөлігінде), 296-1, 297, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтары күзет қызметінің басшылары, басшыларының орынбасарлары, бастықтары құқылы.

Ескерту. 562-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , өзгерту енгізілді - 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **563-бап. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

1. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 120, 256, 257, 258-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау

жөніндегі уәкілетті органы осы Кодекстің 118, 121, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза  
қолдануға :

1) Қазақстан Республикасының жерді пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл  
салуға ;

3) жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүзге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

**Ескерту. 563-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **563-1-бап. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган**

1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 134-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы.

**Ескерту. 563-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы N 48 Заңымен.**

### **563-2-бап. Геодезия және картография саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

1. Геодезия және картография саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 121 (екінші бөлігінде), 258-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 32-тарау 563-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 36-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жана редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**564-бап. <\*>**

Ескерту. 564-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 Заңымен.

**565-бап. Монополияға қарсы орган**

1. Монополияға қарсы орган осы Кодекстің 147-1 (бірінші бөлігінде), 147-2, 147-3, 147-4, 163-5-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Монополияға қарсы органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту. 565-бап жана редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - 2008.12.25 N 113-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**565-1-бап. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

1-бөлікке өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2017.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган осы Кодекстің 147-5, 147-6 ( бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 147-7, 147-8, 147-9, 186, 357-2 ( бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық

бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту. 565-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**565-2-бап. Мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган**

Ескерту. 562-2-бап алып тасталды - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**566-бап. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

1. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 161 (бірінші бөлігінде), 164, 219-9, 317 (бірінші бөлігінде), 317-4 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 496 (бірінші бөлігінде) – баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ облыстар мен қалалардың мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары мен олардың орынбасарлары әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

Ескерту. 566-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506, 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28. N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**567-бап. Ауылшаруашылық техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті орган**

1. Ауылшаруашылық техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 461-бабының (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде) (тракторлар, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс

машиналары жүргізушілерінің жасаған құқық бұзушылығы бөлігінде), ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, өзге де өздігінен жүретін машиналар мен жабдықтарды тіркеу жөніндегі қадағалаушы уәкілетті органдарға қатысты бөлігінде 470, 474, 475, 483-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Ауылшаруашылық техникасын тіркеу жөніндегі аудандық және облыстық уәкілетті органдардың инженер-инспекторлары ауылшаруашылық техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті органның атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

**Ескерту. 567-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 . N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**567-1-бап. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган**

**Ескерту. 567-1-бап алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**568-бап. Объектілерді салу сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдар**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Объектілерді салу сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 230, 231 (бірінші бөлігінде), 234, 235 (бірінші бөлігінде), 235-1 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 236, 237-2, 238, 239, 278 (екінші бөлігінде), 291, 357-2 (бірінші бөлігінде), 387, 499-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы және оның орынбасарлары, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары құқылы.

**Ескерту. 568-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.12.05 N 506, 2005.10.21 N 80, өзгеріс енгізілді - 2006.01.10 N 116(2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.20 N 123(2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.21 N 307, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі),**

2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**568-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган**

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 231, 236 және 239-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 32-тарау 568-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**569-бап. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган**

1. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 381, 381-2, 382, 383, 384 және 384-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға құқылы.

Ескерту. 569-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

**570-бап. Салық қызметі органдары**

Ескерту. 570-бап алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**570-1-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет осы Кодекстің 358-1, 359, 360 және 361-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы мен оның орынбасарлары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша, Қазақстан Республикасы астанасының, өңіраралық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің арнаулы бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

Ескерту. 570-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.07.12 N 240 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **570-2-бап. Мемлекеттік кіріс органдары**

1. Мемлекеттік кіріс органдары осы Кодекстің 88 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 88-1 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 140 (бірінші бөлігінде), 141, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 161-1, 161-2, 163 (бірінші, екінші, бесінші және он екінші бөліктерінде), 164, 166, 169-1, 176 (бірінші бөлігінде), 205, 205-1, 205-2, 206, 206-1, 207, 208, 210, 211, 213 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 215, 216, 217, 218, 218-1, 219, 357-2 (бірінші бөлігінде), 358, 358-1, 360, 400, 401, 402, 403, 404, 405 (екінші және үшінші бөліктерінде), 406, 407, 409-1, 411, 412, 425, 431, 434, 434-1, 435, 438, 438-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік кіріс органдары, осы тармақта аталған әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалса, осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде), 220, 240 (бірінші бөлігінде), 247, 294 (бірінші бөлігінде), 323 (бірінші бөлігінде), 447 (екінші және үшінші бөліктерінде), 447-1 (бірінші бөлігінде), 447-2, 447-3, 460 (автомобиль көлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша), 461 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 6-1 және сегізінші бөліктерінде), 463 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 467-1, 470 (үшінші бөлігінде), 477 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

3. Мемлекеттік кіріс органының басшысы мен оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

Ескерту. 32-тарау 570-2-баппен толықтырылды - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **571-бап. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары осы Кодекстің 176 (екінші бөлігінде), 177, 178, 179-2, 184-2, 186, 204, 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) ( а л ы п т а с т а л д ы )

2) осы Кодекстің 176 (екінші бөлігінде), 177, 178, 179-2, 184-2, 186, 204, 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін -



мемлекеттік қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы мен оның орынбасарлары, аумақтық органдардың басшылары; аудиторлық қызмет саласындағы реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның басшысы құқылы.

3) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

Ескерту. 571-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , 2005.10.21. N 80 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.05.05. N 139 , 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 315 , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.20. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**571-1-бап.** Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган

1. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 167, 167-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, аумақтық бөлімшелердің басшылары құқылы.

Ескерту. 571-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 304 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 131-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**571-2-бап.** Банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган

Ескерту. 571-2-бап алып тасталды - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**572-бап.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің органдары

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің органдары осы Кодекстің 166-1, 168, 168-2 (төртінші, тоғызыншы және оныншы бөліктерінде), 168-6, 168-7, 169, 169-2, 172-2 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 180, 182, 188 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 188-1, 218, 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында, сондай-ақ жиналуы олардың құзыретіне кіретін алғашқы статистикалық деректер бөлігінде 381-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның орынбасарлары, аумақтық филиалдардың басшылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді

қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі органдарының, сондай-ақ оның әкімшілік құқық бұзушылық жасалғандығы туралы хаттама жасауға құқығы бар қызметкерлерінің өкілеттіктері осы Кодекске сәйкес айқындалады.

Ескерту. 572-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.03.28 N 398, 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **573-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган**

1. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 88 (бірінші, 1-1, 1-2, 2-1, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 158-1, 158-2, 167-1 (бірінші бөлігінде), 168-2 (бірінші - үшінші, бесінші - егізінші, он бірінші және он екінші бөліктерінде), 168-4, 170, 170-1, 171, 172, 172-1, 172-2 (үшінші – алтыншы бөліктерінде), 173 (бірінші, үшінші – бесінші, жетінші - он бесінші бөліктерінде), 174, 175 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 175-1, 175-2, 179-3, 191, 193, 194, 194-1, 195, 195-1, 196, 196-1, 197-1, 199, 201, 201-1, 218, 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қаруға және әкімшілік айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 573-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **574-бап. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау органдары**

1. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау органдары осы Кодекстің 88 (екінші бөлігінде), 88-1 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау органдарының

басшылары, олардың орынбасарлары, аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің бастықтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 574-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.03.13 . N 394 , 2003.12.05. N 506 , 2004.04.08. N 542 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.27. N 315 , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**574-1-бап. <\*>**

Ескерту. 574-1-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.07.10. N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен .

### **575-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі осы Кодекстің 298 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің атынан әкімшілік жаза қолдануға:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басшысы мен оның орынбасарлары, арнайы бірлестіктердің басшылары және олардың орынбасарлары жеке тұлғаларға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі, заңды тұлғаларға екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

шекара отрядтарының бастықтары, шекаралық бақылаудың әскери бөлімдерінің, әскери теңіз бөлімдерінің командирлері мен олардың орынбасарлары жеке тұлғаларға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) Қазақстан Республикасы континенттік қайраңының минералдық немесе жанды ресурстарын шетелдіктерге немесе шетелдік заңды тұлғаларға не шет мемлекеттерге заңсыз бергені үшін;

Қазақстан Республикасы шекара қызметінің басшысы мен оның орынбасарлары, арнайы бірлестіктердің басшылары мен олардың орынбасарлары

- айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;  
Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі міндеттерді атқаратын шекара корабльдердің (катерлерінің) командирлері - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

2) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

Ескерту. 575-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 ( 2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.03.02. N 131, 2007.07.27. N 314 ( 2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **576-бап. Мемлекеттік құпияларды қорғау органдары**

1. Мемлекеттік құпияларды қорғау органдары осы Кодекстің 357-2 (бірінші бөлігінде), 385, 386 (бірінші, екінші бөліктерінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға:

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органның басқарма бастығы мен оның орынбасары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті бастығы мен оның орынбасары лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы мен оның орынбасарлары лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, жеке тұлғаларға жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

Ескерту. 576-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 Заңдарымен.

### **576-1-бап. Акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Бірінші бөлікке енгізілген өзгеріс 01.01.2015 дейін қолданыста болады - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен.

1. Акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар 163 (бірінші, екінші, бесінші және он екінші бөліктерінде), 213 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 357-2-бапта (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік

жазалар қолдануға акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органның басшылары (орынбасарлары) құқылы.

**Ескерту. 576-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506, өзгерту енгізілді - 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**576-2-бап. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары**

**Ескерту. Алып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**576-3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары**

**Ескерту. Алып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**576-4-бап. Жергілікті атқарушы органдар**

1. Облыстың жергілікті атқарушы органы осы Кодекстің 173 (екінші және алтыншы бөліктерінде) (өзара сақтандыру қоғамдарының өсімдік шаруашылығында жасаған құқық бұзушылықтары бөлігінде), 175 (екінші бөлігінде) (өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 309-1 (бесінші, алтыншы, тоғызыншы, оныншы бөліктерінде), 309-2 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 309-4 (бірінші – жетінші бөліктерінде), 310 (бірінші бөліктің 2) тармақшасын (ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі ұйымдарда жасалған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 3) және 5) тармақшаларын, жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда), 311-2, 311-3, 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Кодекстің 173 (екінші және алтыншы бөліктерінде) (өзара сақтандыру қоғамдарының өсімдік шаруашылығында жасаған құқық бұзушылықтары бөлігінде), 175 (екінші бөлігінде) (өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 309-1 (бесінші, алтыншы, тоғызыншы бөліктерінде), 309-2 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 309-4 (бірінші – жетінші бөліктерінде), 310 (бірінші бөліктің 2) тармақшасын (ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі ұйымдарда жасалған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 3) және 5) тармақшаларын, жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда), 311-2, 311-3, 357-2 (бірінші бөлігінде)-

баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі және оның орынбасарлары құқылы.

4. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері осы Кодекстің 165, 300, 310 (бірінші бөліктің 2) тармақшасын (ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі ұйымдарда жасалған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 3) және 5) тармақшаларын, жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда), 311, 311-2, 311-3 және 387-баптарында көзделген, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

5. Осы Кодекстің 310-бабында (бірінші бөліктің 2) тармақшасын (ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі ұйымдарда жасалған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 3) және 5) тармақшаларын, жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда) көзделген құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жазалар қолдануға жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігері және оның орынбасарлары;

2) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігері және оның орынбасарлары да құқылы.

Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде өткізу орындарында – жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өткізу кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін айыппұлды сол жерде ала алады.

**Ескерту. 576-4-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **576-5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті орган**

1. Білім беру саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 311-1 (бірінші-алтыншы бөліктер), 357-2 (бірінші бөлік) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға білім беру саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары, білім беру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 576-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **576-6-бап. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган**

1. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде) (туроператорлар мен турагенттер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 357-2-баптарында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 576-6-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.05 N 59-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **576-7-бап. Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган**

1. Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган 357-2-бапта (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту. 576-7-бабымен толықтырылды - ҚР 2009.05.04. N 157-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **576-8-бап. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган**

1. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 204-1-бабында, 357-2-бабында (бірінші бөлігі) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның басшысы не оның міндетін атқарушы адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту. 32-тарау 576-8-баппен толықтырылды - ҚР 2009.05.04. N 156-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08 жарияланды) Заңымен.

#### **576-9-бап. Биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті орган**

1. Биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті орган 147-10-бапта (бірінші, үшінші, сегізінші бөліктерінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті орган басшысы және оның орынбасарлары;

2) биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 32-тарау 576-9-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.15 № 352-IV ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **576-10-бап. Биоотын айналымы саласындағы уәкілетті орган**

1. Биоотын айналымы саласындағы уәкілетті орган 147-10-бапта (тоғызыншы бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік ж а з а л а р қ о л д а н у ғ а :

1) биоотын айналымы саласындағы уәкілетті орган басшысы және оның о р ы н б а с а р л а р ы ;

2) биоотын айналымы саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.

Ескерту. 32-тарау 576-10-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.15 № 352-IV ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **4-бөлім. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ**

#### **33-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **577-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің міндеттері**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің міндеттері әрбір істің мән-жайын дер кезінде, жан-жақты, толық және объективті анықтау, оны осы Кодекске сәйкес шешу, шығарылған қаулының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау болып табылады.

##### **578-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің тәртібі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судьялар мен органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу тәртібі осы Кодекспен айқындалады.

2. Қылмыстық немесе азаматтық істерді қарау процесінде соттың әкімшілік жазалар қолдану тәртібі осы Кодекстің ережелерімен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес айқындалады.

##### **579-бап. Өтініш жасау**



1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушы адамдардың, сол істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) міндетті түрде қарауына жататын өтініш мәлімдеуге құқығы бар.

2. Өтініш жазбаша түрде мәлімденеді және дереу қаралуға тиіс.

3. Өтінішті қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім ұйғарым түрінде шығарылады.

### **580-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар**

1. Төмендегі мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс қысқартылуға жатады:

1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғаларының болмауы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы, соның ішінде әкімшілік жауапқа тарту үшін жеке адамның құқық бұзушылық жасаған кезде осы Кодексте көзделген жасқа толмауы немесе құқыққа қарсы әрекет жасаған жеке адамның ақыл-есінің дұрыс болмауы;

3) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылуы;

4) егер әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның жекелеген ережелерін немесе әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралау соған байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылуға жататын өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп тануы;

5) әкімшілік жауапқа тарту мерзімінің өтуі;

6) әкімшілік жауапқа тартылатын адам жөнінде сол факт бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы судьяның, органның (лауазымды адамның) қаулысының не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қысқартылуы туралы күші жойылмаған қаулының болуы, сондай-ақ нақ сол факт бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулының болуы;

7) ісі жүргізіліп отырған жеке адамның қайтыс болуы;

8) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен бағдарламалық қамтамасыз етуде техникалық қателер туындаған жағдайда салық төлеушінің салықтық міндеттемелерді салық есептілігі нысанын электрондық түрде ұсыну бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде орындамауына әкеліп соғуы;

9) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда;

10) осы Кодекстің 710-1-бабында белгіленген тәртіппен әкімшілік

айыппұлдың төленгенін растайтын құжаттардың болуы;

11) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның заңда белгіленген тәртіппен адам саудасына байланысты қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша жәбірленуші болып танылуы.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша және зиян келтіру заңды болып табылғанда немесе осы Кодекстің 5-тарауына сәйкес әкімшілік жауаптылық жоққа шығарылатын мән-жайларда жасалған ретте қысқартылады.

**Ескерту. 580-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **581-бап. Әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу осы Кодексте көзделген тәртіппен, 67, 68-баптарда көзделген жағдайларда, сондай-ақ әрекетте қылмыстық заңдарда көзделген қылмыс құрамының белгілері болуына байланысты материал прокурорға, алдын ала тергеу немесе анықтау органына берілген жағдайда қысқартылуы мүмкін.

### **582-бап. Прокурорлық қадағалау**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу процесінде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуын жоғары дәрежеде қадағалауды мемлекет атынан тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.

### **583-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуде прокурордың заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тексеру нәтижелері бойынша прокурор:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға сотқа, өзге де уәкілетті органға немесе оның лауазымды адамына наразылық келтіруге;

2) уәкілетті лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқау беруге;

3) уәкілетті органдардан өздерінің бақылауындағы немесе өзіне бағынысты

ұйымдарда тексеру жүргізуді талап етуге;

4) заңда белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қысқартуға;

5) әкімшілік жаза туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға;

6) әкімшілік ұстауға заңсыз таратылған адамды босату туралы қаулы шығаруға;

7) өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің міндеттерін орындауға байланысты жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын жағдайларда қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шаралардың алып тасталуы туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығаруға құқылы.

2. Прокурордың осы баптың бірінші бөлігінің 6) және 7) тармақшаларында аталған актілері дереу орындалуға тиіс. Прокурордың аталған актілерінің орындалуын кідіртуге кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленгендей жауапты болады.

## **34-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУГЕ**

### **ҚАТЫСУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **584-бап. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам**

1. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, іс қаралғанда ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге, егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашының қызметін пайдалануға; іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс жөніндегі қаулыға шағымдануға, одан үзінді алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне осы Кодексте берілген өзге де іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен қаралады. Аталған адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген ретте ғана іс оның өзі болмаған жағдайда қаралуы мүмкін.

3. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған не жасалуы әкімшілік қамауға алу, сондай-ақ шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкімшілік шығарып жіберу немесе адамға берілген арнайы құқықтан (көлік құралдарын басқару құқығын қоспағанда) айыру түріндегі әкімшілік жазаға әкеп соқтыратын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауапқа тартылып отырған адамның қатысуы міндетті.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде аталған адамдар іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда, бұл адамды мәжбүрлеп алып келу іске асырылуы мүмкін.

Алып келу туралы сот ұйғарымын сот приставы немесе ішкі істер органдары; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның (лауазымды адамның) ұйғарымын ішкі істер органдары (полиция) орындайды.

5. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан кәмелетке толмаған адам, талқылануы оған теріс әсер етуі мүмкін істің мән-жайын қарау кезінде уақытша шығарыла тұруы мүмкін.

Ескерту. Осы Кодексте тиісінше хабарлау (хабардар ету) деп оның тікелей өзіне немесе онымен бірге тұрып жатқан кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолы қойылып, тапсырылғаны туралы жөнелтушіге қайтарылуы тиіс тапсырыстық хатпен, жеделхатпен табыс етілген хабарлама танылады. Заңды тұлғаға жіберілген хабарлама өзінің тегін, аты-жөні мен лауазымын көрсетіп, қолы қойылған заңды тұлғаның басшысына немесе қызметкеріне табыс етіледі.

Салық органы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеушілер ретінде тіркелген тұлғаларға электрондық тәсілмен жіберілген хабарлама (хабардар ету) да осы Кодексте тиісінше хабарлау (хабардар ету) деп танылады.

Ескерту. 584-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 314 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **585-бап. Жәбірленуші**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтан тән жарақатын алған, мүлдіктік немесе моральдық жағынан зақым келтірілген жеке немесе заңды тұлға жәбірленуші б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Жәбірленуші істің барлық материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, өкіл ұстауға,

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдануға, өзіне осы Кодекспен берілген өзге де іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушінің қатысуымен қаралады. Ол адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген ретте ғана іс оның өзі болмағанда қаралуы мүмкін.

4. Жәбірленушіден осы Кодекстің 594-бабында көзделген тәртіппен куә ретінде жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші заңды тұлға болса, куә ретінде оның өкілінен жауап алынуы мүмкін.

**Ескерту. 585-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **586-бап. Жеке адамның заңды өкілдері**

1. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан жеке адамның немесе кәмелетке толмаған не тән саулығына немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айрылған жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады.

2. Жеке адамның ата-анасы, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары және қорғаншысы немесе асыраушысы болып отырған өзге де адамдар оның заңды өкілдері болып табылады.

3. Жеке адамның заңды өкілдері болып табылатын адамдардың туысқандық байланыстары немесе тиісті өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құжаттармен куәландырылады.

4. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан жеке адамның заңды өкілі әкімшілік жауапқа тартылушы адамды әкімшілік ұстау кезінен немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі.

5. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан жеке адамның және жәбірленушінің заңды өкілдерінің өздері өкіл болып отырған адамдарға қатысты осы Кодексте көзделген құқықтары болады және сондай міндеттерді өз мойнына алады.

6. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралған кезде оның заңды өкілінің қатысуы міндетті. Кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі келуден жалтарған жағдайда оған ішкі істер органының (полицияның) алып келуі қолданылуы мүмкін.

### **587-бап. Заңды тұлғаның өкілдері**

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан немесе жәбірленуші болып табылатын заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды оның өкілдері жүзеге асырады.

2. Заңды тұлғаның атынан іс-әрекет жасайтын заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы заңды тұлғаның заңды өкілі болып табылады. Заңды тұлғаның заңды өкілінің өкілеттіктері оның қызметтік жағдайын куәландыратын құжаттармен расталады.

Заңды тұлғаның мүддесін білдіретін өзге де тұлғалар тапсырма бойынша өкілдер болып табылады, олардың өкілеттіктері заңды тұлғаның атқарушы органы заңды тұлғаның атынан беретін және атқарушы органның басшысы қол қоятын сенімхатта айқындалады.

3. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан заңды тұлға және жәбірленуші өкілдерінің өздері өкілдері болып отырған тұлғаларға қатысты осы Кодексте көзделген құқықтары болады және міндеттерді өз мойнына алады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан заңды тұлға өкілінің қатысуымен қаралады. Аталған адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған жағдайларда ғана, егер одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтінішхат түспесе, іс оның өзі болмаған кезінде қаралуы мүмкін.

5. Жасалуы әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты тәркілеу немесе ақысын төлеп алып қою не әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу түріндегі әкімшілік жазаға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауаптылыққа тартылатын заңды тұлға өкілінің қатысуы міндетті.

6. Заңды тұлғаның өкілі істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда аталған адамға істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде ішкі істер органының (полицияның) алып келуі қолданылуы мүмкін.

**Ескерту. 587-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **588-бап. Қорғаушы**

1. Қорғаушы - әкімшілік жауапқа тартылушы адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам.

2. Қорғаушы ретінде адвокаттар, әкімшілік жауапқа тартылушы адамның

жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері жіберіледі. Егер заңда белгіленген тәртіппен өзара қатынас негізінде Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында көзделсе, шетелдік адвокаттар іске қорғаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

3. Қорғаушы әкімшілік жауапқа тартылушы адамды әкімшілік ұстау кезінен немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап іске қатысуға араластырылады.

4. Егер бірінің мүдделері екіншісінің мүдделеріне қайшы келсе, әкімшілік жауапқа тартылатын екі адамға бір адамды қорғаушы етуге болмайды.

5. Адвокаттың әкімшілік жауапқа тартылушы адамды өз мойнына алған қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ.

**Ескерту. 588-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **589-бап. Қорғаушының міндетті түрде қатысуы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге мынадай жағдайларда, егер:

- 1) әкімшілік жауапқа тартылушы адам бұл жөнінде өтініш жасаса;
- 2) әкімшілік жауапқа тартылушы адам дене немесе психикалық кемістіктері салдарынан өзін қорғау құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын болса;
- 3) әкімшілік жауапқа тартылушы адам іс жүргізіліп отырған тілді білмесе;
- 4) істің материалдарында әкімшілік жауапқа тартылушы адамға медициналық сипатта мәжбүрлеу шаралары белгіленуі мүмкін деп пайымдайтын деректер болса;

5) әкімшілік жауапқа тартылушы адам кәмелетке толмаған болса, қорғаушының қатысуы міндетті. .V106465

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар болған жағдайда қорғаушыны әкімшілік жауапкершілікке тартылатын тұлғаның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа тұлғалар шақырмаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, бұл туралы олар қаулы шығарады. Қаулы орындау үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі және алынған кезінен бастап жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде орындалуға жатады.

**Ескерту. 589-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506; 03.07.2013 N 123-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**590-бап. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу**

1. Қорғаушыны, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам, оның өкілдері, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тапсыруымен немесе келісуімен басқа да адамдар шақырады. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам қорғау үшін бірнеше қорғаушы шақыруға құқылы.

2. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның өтінуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) қорғаушының қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Таңдалған немесе тағайындалған қорғаушының қатысуы мүмкін болмаған жағдайларда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға жиырма төрт сағат ішінде басқа қорғаушы шақыруды ұсынуға немесе адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушы тағайындауға шаралар қолдануға құқылы. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруға ұсыныс айтуға құқығы жоқ.

4. Әкімшілік ұстау жағдайында, егер өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам таңдаған қорғаушының үш сағат ішінде келуі мүмкін болмаса, өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) басқа қорғаушы шақыруды ұсынады, ал одан бас тартылған жағдайда адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушыны тағайындауға шаралар қолданады.

5. Адвокаттың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) оған негіздер болған жағдайда өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізілетін тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден босатуға міндетті. Бұл жағдайда еңбекке ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

6. Осы Кодекстің 589-бабының екінші бөлігінде көзделген, адвокат іс бойынша іс жүргізуге тағайындау арқылы қатысқан жағдайда да адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Адвокат қорғаушы ретінде адвокаттың куәлігін және нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсетуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуға жіберіледі. Осы Кодекстің 588-бабының екінші



бөлігінде аталған басқа да адамдар қорғаушы ретінде олардың іске қатысу құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлігін, сондай-ақ осы Кодекстің 586-бабының үшінші бөлігінде және 587-бабының үшінші бөлігінде аталған құжаттарды) тапсырады.

Ескерту. 590-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 123-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **591-бап. Қорғаушыдан бас тарту**

1. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам іс жүргізудің кез келген кезінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы, бұл оның өзін қорғауды өз бетінше жүзеге асыру ниетін білдіреді. Заң көмегіне ақы төлеуге қаражаты жоқтығын сылтау етіп қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша түрде ресімделеді.

2. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тартуы оны бұдан былай қорғаушыны іске қатысуға жіберу туралы өтініш жасау құқығынан айырмайды. Қорғаушының іске кірісуі сол уақытқа дейін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқпайды.

### **592-бап. Қорғаушының өкілеттігі**

1. Қорғаушы істің барлық материалдарымен танысуға; істі қарауға қатысуға; дәлелдемелер табыс етуге, өтініш мәлімдеуге және қарсылық білдіруге; істерді қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) рұқсатымен істің қаралу процесінде жауап берушіге сұрақтар қоюға; іс жүргізуді қамтамасыз етуге қолданылатын шаралар және іс бойынша қаулы жөнінде шағымдануға; өзіне заңмен берілген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Қорғаушының: қорғалушының мүдделеріне қарсы қандай да болсын іс-әрекеттер жасауға және оның өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіруге; қорғалушының көзқарасына қарамастан, оның әкімшілік құқық бұзушылыққа қатыстылығын және оны жасауға кінәлілігін тануға, қорғалушының жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге; қорғалушының берген шағымы мен өтінішін қайтарып алуға; заң көмегін сұрау мен оның жүзеге асырылуына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етуге құқы жоқ.

### **593-бап. Жәбірленушінің өкілі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу кезінде заң жүзінде құқығы бар адвокаттар мен өзге де адамдар жәбірленушінің заңды мүдделерін білдіретін өкіл бола алады.

2. Жәбірленуші өкілдерінің өздері өкіл болып отырған жеке және заңды тұлғалармен осы Кодексте көзделген шекте іс жүргізу құқықтары бірдей болады.

3. Өкілдің өзі өкілі болып отырған адамның мүдделеріне қайшы қандай да бір іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

4. Жәбірленушінің ісіне жеке қатысы оны осы іс бойынша өкіл алу құқығынан айырмайды.

### **594-бап. Куә**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша куә ретінде, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардан хабардар болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы мүмкін.

2. Куә: өзіне, жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына қарсы айғақ беруден бас тартуға, өз айғақтарының тиісті хаттамаға енгізілуінің дұрыстығы жөнінде мәлімдеме және ескерту жасауға; істі қарау кезінде ана тілінде сөйлеуге; аудармашының көмегін тегін пайдалануға құқылы.

3. Куә әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыртуы бойынша келуге, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайдың бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап қайтаруға, өзі берген айғақтардың тиісті хаттамаға енгізілуінің дұрыстығын өзі қол қойып куәландыруға міндетті.

4. Куәға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) айғақтар беруден жалтарғаны немесе одан бас тартқаны, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін әкімшілік жауапкершілігі туралы және сотта осы әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі.

5. Куә әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыртуы бойынша келуден жалтарған жағдайда судьяның, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде оны ішкі істер органдары (полиция) алып келуі мүмкін.

6. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған куәға сауал қою кезінде педагогтің немесе психологтың қатысуы міндетті. Қажет болған жағдайда сауал қою осындай куәның заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

**Ескерту. 594-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.28 . N 24 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **595-бап. Куәгер**

1. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, істің қорытындысына мүдделі емес, өзі қатысып тұрған кездегі іс-әрекеттерді толық және дұрыс ұғынуға қабілетті кәмелетке толған адам куәгер ретінде тартылады.

2. Куәгердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуы жеке адамды тексеріп қарау, көлік құралын, заттарды тексеріп қарау, жеке адамда

болған құжаттар мен заттарды алып қою, заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайлар мен мүлікті қарап шығу, заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлікті алып қою туралы хаттамаларда көрсетіледі.

3. Куәгер әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан лауазымды адамның шақыруы бойынша келуге, осы істің жүргізілуіне қатысуға және өзінің қатысуымен жасалған іс-әрекеттердің жүзеге асырылу фактілерін, олардың мазмұны мен нәтижелерін тиісті хаттамаға өзі қол қойып куәландыруға м і н д е т т і .

4. Куәгердің жасалған іс-әрекеттер жөнінде хаттамаға енгізілуге тиісті мәлімдемелер мен ескертпелер жасауға құқығы бар.

5. Қажет болған жағдайда куәгерден осы Кодекстің 594-бабында көзделген тәртіппен куә ретінде жауап алынуы мүмкін.

### **596-бап. Маман**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге маман ретінде қатысуға дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға, сондай-ақ техникалық құралдарды пайдалануға жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар және машықтанған, істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәметке толған адамды тағайындауға болады.

2. Маман: өзінің шақырылу мақсатын білуге; егер тиісінше арнаулы білімі мен машығы болмаса, іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; өзінің қатысуымен жасалатын, іс жүргізу әрекетіне қатысты істің материалдарымен танысуға; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттеріне қатысушыларға сұрақтар қоюға; салыстырма зерттеулерді қоспағанда, іс жүргізу әрекеттері шеңберінде іс жүргізу әрекеттері хаттамасының бір бөлігі болып табылатын хаттамада не ресми құжатта істің барысы мен нәтижелері көрсетілген іс материалдарына зерттеу жүргізуге; өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттің барысы мен нәтижелері көрсетілуінің толық және дұрыс екендігі жөнінде хаттамаға енгізілуі қажетті мәлімдемелер мен ескертпелер жасауға құқылы.

3. Маман: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге; арнаулы білімін, машығын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға; өзі жасаған әрекеттер бойынша түсінік беруге; аталған әрекеттердің жасалу фактісін, олардың мазмұны мен нәтижелерін өзі қол қойып куәландыруға м і н д е т т і .

**Ескерту. 596-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.04 . N 151 Заңымен.**

### **597-бап. Сарапшы**

1. Арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін. Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;  
2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;

3) заң талаптарына сәйкес біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

2. Сарапшы: сараптама нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға; қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды өзіне беру туралы өтінішті мәлімдеуге; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін органның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге қатысуға және оларға қатысушы адамдарға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаларға енгізілуге тиісті ескертпелер жасауға; сот сараптамасын тағайындаған судьяның, органның (лауазымды адамның) келісімі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, азаматтық іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы ұйғарымда қамтылған мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыдан бас тартуды мәлімдеуге; сараптама жүргізу кезінде соттың және іс жүргізуге қатысушы өзге де адамдардың өзінің құқықтарына нұқсан келтіретін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға; сараптама жүргізу кезінде шеккен шығыстарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

3. Сарапшы: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге; өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге; өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге; осы Кодекстің 611-бабының он үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда, қорытынды беруден бас тартуға және қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (лауазымды адамға) жіберуге; жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге; зерттеліп жатқан объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге; істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сот сараптамасын жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

4. Сарапшы сотта көрінеу жалған қорытынды бергені үшін заңда көзделген

қылмыстық

жауаптылықта

болады.

5. Сот сараптамасы органының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің сипатына қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан және сотта көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

**Ескерту. 597-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **598-бап. Аудармашы**

1. Білімі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу кезінде қажет болатын тілдерді білетін (мылқаудың немесе саңыраудың ыммен көрсететін белгілерін түсінетін), істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәмелетке толған адам аудармашы болып тағайындалады.

2. Аудармашыны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) тағайындайды.

3. Аудармашы: егер өзінің аударма үшін қажетті білімі болмаса, іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; аударма жасау кезінде қатысушы адамдарға аударманы нақтылау үшін сұрақтар қоюға; өзі жүргізілуіне қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен танысуға және аударманың хатқа түсірілуінің толық және дұрыс екендігі жөнінде хаттамаға енгізілуі керек болатын ескертпелер жасауға құқылы.

4. Аудармашы: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге және өзіне тапсырылған аударманы толық және дәл жасауға; тиісті хаттамада аударманың дұрыстығын өзі қол қойып куәландыруға міндетті.

5. Аудармашыға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде көрінеу жалған аударма жасағаны үшін әкімшілік жауапты болатынын және сотта осы әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жауапты болатынын ескертеді.

6. Осы баптың ережелері мылқаудың немесе саңыраудың ыммен көрсететін белгілерін түсінетін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуға тартылған адамға қолданылады.

### **599-бап. Прокурор**

1. Прокурор осы Кодекстің 583-бабында көзделген өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуға құқылы. Бұл орайда прокурор дәлелдемелер табыс етеді және оларды тексеруге қатысады; істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп отырған адамға қатысты, оның кінәлілігі туралы, сондай-ақ істің қаралу процесінде туындайтын басқа да мәселелер жөнінде өз

пікірін баяндайды; істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) заңның ережелерін қолдану және әкімшілік жаза қолдану не одан босату туралы ұсыныс а й т а д ы .

2. Прокурор кәметке толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралатын орны мен уақыты, сондай-ақ әкімшілік қамауға алуға әкеп соғатын құқық бұзушылық туралы хабардар етіледі. Ол болмаған кезде, мұндай іс тек істің қаралатын орны мен уақыты туралы прокурорға дер кезінде хабарланғандығы туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген жағдайда ғана қаралуы мүмкін.

### **600-бап. Іс жүргізу міндеттерін орындамағаны үшін жауаптылық**

1. Куәнің, маманның, сарапшының және аудармашының осы Кодекстің 594, 596, 597, 598-баптарында көзделген іс жүргізу міндеттерін орындамауы осы Кодекстің 515, 516, 517-баптарында белгіленген әкімшілік жауаптылыққа әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған іс-әрекеттер жасалған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, іс бойынша қаулыға шағымды немесе наразылықты қарау кезінде іс бойынша қаулыға шағымды немесе наразылықты қарау хаттамасына тиісті жазба енгізіледі.

3. Айыппұл салу туралы қаулы шығарылады.

### **601-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар**

1. Адамдар белгілі бір істі қозғау үшін негіз болған бұзушылыққа орай ережелердің сақталуын қадағалайтын және бақылайтын мемлекеттік органдардың қызметкерлері болып табылса немесе олар бұған дейін осы істі қарауға өзге қатысушылар ретінде әрекет етсе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қорғаушы және өкіл ретінде қатысуға жіберілмейді.

2. Сарапшы мен аудармашы, егер: олардың біліксіз екені анықталса; олар әкімшілік жауаптылыққа тартылып жатқан адаммен, жәбірленушімен, олардың өкілдерімен, қорғаушысымен, өкілімен, осы істі жүргізіп жатқан прокурормен, судьямен, алқалы органның мүшесімен немесе лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса не, егер олар бұрын осы істі жүргізуге өзге қатысушылар ретінде әрекет етсе, сол сияқты, егер бұл адамдарды осы іске жеке өз басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп есептеуге негіздер болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуға жіберілмейді.

3. Адамның іске сарапшы ретінде алдыңғы қатысуы, оның қатысуымен жүргізілген сараптамадан кейін ол қайта тағайындалатын жағдайларда, оған сараптама жүргізуді тапсыруды болдырмайтын мән-жай болып табылады.

Ескерту. 601-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **602-бап. Іс жүргізуге қатысуына жол берілмейтін адамдарды қатыстырудан бас тарту**

1. Қорғаушының, өкілдің, прокурордың, сарапшының және аудармашының әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін болдырмайтын, осы Кодекстің 601-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде аталған адамдарды қатыстырудан бас тартылуға тиіс.

2. Өздігінен бас тарту немесе бас тарту туралы арыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяға, органға (лауазымды адамға) б е р і л е д і .

3. Өздігінен бас тарту немесе бас тарту туралы арыз берілген күнінен бастап ү ш кү н м е р з і м д е қ а р а л а д ы .

4. Судья, орган (лауазымды адам) өздігінен бас тарту немесе бас тарту туралы арызды қарап, арызды қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

#### **603-бап. Жәбірленуші, куә, сарапшы, маман, аудармашы немесе куәгер шығындарының орнын толтыру**

1. Жәбірленушінің, куәнің, сарапшының, маманның және аудармашының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты шеккен шығындарының, соның ішінде: аталған адамдардың тұрған немесе болып жатқан жеріне бару және кері қайту жолының жүріп-тұру құнының, ал бұл басқа жерлерде болумен байланысты жағдайларда - тұрғын үй-жайды жалдау, сондай-ақ тәуліктік шығын құнының орны азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен толтырылады.

2. Жәбірленуші, куә, сарапшы, маман және аудармашы ретінде шақырылатын адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан және қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты олардың жұмыс орындарында болмаған кездегі орташа табысы белгіленген тәртіппен сақталады.

3. Сарапшының, маман мен аудармашының еңбегіне заңдарда белгіленген тәртіппен ақы төленеді.

### **35-тарау. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ**

#### **604-бап. Дәлелдемелер**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья немесе орган (лауазымды адам) осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық

бұзушылық оқиғасының болғанын немесе болмағанын, әкімшілік жауапқа тартылатын жеке адамның кінәлілігін анықтайтын кез келген нақты деректер, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін мәні бар өзге де мән-жайлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

2. Бұл деректер: әкімшілік жауапқа тартылатын тұлғаның түсініктемелерімен; жәбірленушінің, куәнің айғақтарымен; сарапшының қорытындыларымен; заттай дәлелдемелермен; сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшем құралдарының және аспаптарының көрсеткіштерімен; өзге де құжаттармен; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалармен және осы Кодексте көзделген хаттамалармен анықталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды дәлелдемелер ретінде қарау кезінде сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшем құралдарының және аспаптарының деректері пайдаланылуы мүмкін.

3. Егер нақты деректер процеске қатысушылардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе қысым жасау жолымен алынса немесе процестің өзге де ережелерін бұза отырып алынған нақты деректердің дұрыстығына ықпал етіп немесе ықпал етуі мүмкін болып, соның ішінде:

1) зорлық жасап, қорқытып, алдап, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттер қ о л д а н ы п ;

2) процеске қатысушы адамға өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты түсіндірмеу, толық емес немесе қате түсіндіру салдарынан оны шатастыруды п а й д а л а н ы п ;

3) осы істі жүргізуді жүзеге асыруға құқы жоқ адамның іс жүргізу іс-әрекетін ж а с а у ы н а б а й л а н ы с т ы ;

4) қарсылық білдірілген адамның іс жүргізу іс-әрекетіне қатысуына б а й л а н ы с т ы ;

5) іс жүргізу іс-әрекетінің тәртібін бұзып;

6) белгісіз көзден ;

7) дәлелдеу барысында осы заманғы ғылыми білімдерге қайшы келетін әдістерді қолданып, осы Кодекстің талаптарын бұза отырып алынса, дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды деп танылуға тиіс.

3. Нақты деректерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол беруге болмайтындығын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан сот немесе орган (лауазымды адам) өз бастамашылығымен немесе процеске қатысушылардың өтініштері бойынша анықтайды.

4. Заңды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ деп танылады және тиісті бұзушылық пен оған жол берген адамдардың кінәлілігі фактісін қоспағанда оларды іс бойынша шешімнің негізіне алуға, сондай-ақ іс бойынша кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдалануға болмайды.



Ескерту. 604-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

**605-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелденуге тиіс мән-жайлар**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша мыналар дәлелденуге тиіс:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуы;
- 2) құқыққа қайшы әрекет жасаған, сол үшін осы Кодексте әкімшілік жауаптылық көзделген адам;
- 3) жеке адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі;
- 4) әкімшілік жауаптылықты жұмсартатын немесе ауырлататын мән-жайлар;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықтан келген залалдың сипаты мен мөлшері;
- 6) әкімшілік жауаптылықтан босатуға алып келетін мән-жайлар;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар.

**606-бап. Әкімшілік жауапқа тартылатын адамның түсініктемесі, жәбірленушінің және куәнің жауаптары**

1. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемесі, жәбірленушінің және куәнің айғақтары аталған адамдардың ауызша немесе жазбаша нысанда хабарлаған, іске қатысы бар мәліметтері болып табылады.

2. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемесі, жәбірленушінің және куәнің айғақтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы хаттамада жазылады, қажет болған жағдайда - жауап алу хаттамасымен ресімделіп, іске тігіледі.

**607-бап. Дәлелдеу міндеті және дәлелдемелер табыс ету**

1. Процеске қатысушылар дәлелдемелер табыс етеді.

2. Дәлелдемелерді тараптар және әкімшілік іс жүргізуге басқа да қатысушылар табыс ете алады.

3. Егер табыс етілген дәлелдемелер жеткіліксіз болса, істі қарап жатқан сот немесе орган процеске қатысушыларға қосымша дәлелдемелер табыс етуге не оларды өз бастамашылығымен жинауға ұсыныс жасауы мүмкін.

Ескерту. 607-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 Заңымен.

**608-бап. Дәлелдеуден босатудың негіздері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықты қарауға уәкілетті сот, орган (лауазымды адам) жалпыға бірдей белгілі деп таныған мән-жайлар дәлелдеуді қажет етпейді.

2. Азаматтық іс бойынша соттың күшіне енген шешімімен немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы өзге іс бойынша соттың қаулысымен анықталған

мән-жайлар, нақ сол адамдар қатысқан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы басқа істерді қараған кезде дәлелдеуді қажет етпейді.

3. Егер тиісті құқықтық рәсім шеңберінде керісінше жағдайлар анықталмаса, мына мән-жайлар дәлелдемелерсіз анықталған болып есептеледі:

1) осы заманғы ғылымда, техникада, өнерде, қолөнерінде жалпыға бірдей қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;

2) адамның заңды білуі;

3) адамның өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;

4) олардың болуын растайтын құжатын табыс етпеген және арнаулы даярлықтан өткен немесе білім алған оқу орнын немесе басқа мекемені көрсетпеген адамның арнаулы даярлығының немесе білімінің жоқтығы.

### **609-бап. Дәлелдемелермен қамтамасыз ету**

1. Өздеріне қажетті дәлелдемелерді табыс ету мүмкін болмайды деп немесе қиынға түседі деп қауіптенуге негізі бар тараптар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан судьяға, органға (лауазымды адамға) осы дәлелдемелермен қамтамасыз ету туралы өтініш жасай алады.

2. Дәлелдемелермен қамтамасыз ету ұйымдардан, олардың іске қатысуына қарамастан, құжаттар, мәліметтер және қорытындылар табыс етуді, сараптама жүргізуді, болған жерді тексеріп, қарауды талап ету жолымен және өзге де әдістермен жүргізіледі.

### **610-бап. Дәлелдемелермен қамтамасыз ету туралы арыз**

1. Дәлелдемелермен қамтамасыз ету туралы арызда қамтамасыз етілуі қажет дәлелдемелер; растау үшін бұл дәлелдемелерді қажет ететін мән-жайлар; арыз берушіні қамтамасыз ету туралы өтініш жасауға итермелеген себептер, сондай-ақ бұл дәлелдемелерді қажет етіп отырған іс көрсетілуге тиіс.

2. Арыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) беріледі.

### **611-бап. Сараптама тағайындау және жүргізу**

1. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізетін іс материалдарын зерттеуі нәтижесінде алынуы мүмкін болған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) сот сараптамасын тағайындайды.

2. Істе ведомстволық инспекциялардың түгендеу, тексеру актілерінің, қорытындыларының, сондай-ақ мамандардың іс жүргізу әрекеттері барысында атқарған зерттеулерінің нәтижелері бойынша жасалған ресми құжаттарының болуы нақ сол мәселелер бойынша сараптама жүргізу мүмкіндіктерін жоққа шығармайды.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамашылығымен

сараптама тағайындай алады.

4. Сараптама жүргізу сараптама органдарының қызметкерлеріне не осы Кодекстің 597-бабының талаптарын қанағаттандыратын өзге адамдарға тапсырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тараптар ұсынған адамдардың арасынан біреуіне тапсырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақыруы туралы судьяның, лауазымды адамның талабы аталған адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) судьяның, лауазымды адамның аты-жөні, соттың, органның атауы;
- 2) сараптаманың тағайындалған уақыты, орны;
- 3) сараптама тағайындаудың негізі;
- 4) сарапшының аты-жөні немесе сараптама жүргізілуге тиіс сараптама органының атауы;
- 5) сарапшының алдына қойылған мәселелер;
- 6) сарапшының билігіне берілетін материалдардың тізбесі.

6. Күрделі сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін бір мамандықтағы кемінде екі сарапшы жүргізетін комиссиялық сараптама тағайындалуы мүмкін.

7. Егер іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауға білімнің әртүрлі салалары негізінде зерттеулер жүргізу қажет болса, әртүрлі мамандықтағы өз құзыреті шегінде жүргізетін кешенді сараптама тағайындалады.

8. Сараптама тағайындау туралы ұйғарымды орындау үшін жібергенге дейін сот сараптамасын тағайындаған орган (лауазымды адам) өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізілетін адамды және жәбірленушіні онымен таныстыруға, оларға:

- сарапшыдан бас тарту және сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтініш мәлімдеу;
- өздері атаған адамдарды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшы ретінде тағайындау туралы, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтініш жасау;
- сарапшының алдына қосымша мәселелер қою туралы немесе қойылған мәселелерді нақтылау туралы өтініш жасау;
- сараптама жүргізуге кедергі келтіретін жағдайларды қоспағанда, сот сараптамасын тағайындаған органның (лауазымды адамның) рұқсатымен сараптама жүргізу кезінде қатысу, сарапшыға түсініктемелер беру;
- сот сараптамасын тағайындаған органға (лауазымды адамға) келіп түскеннен кейін сарапшының қорытындысымен не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламамен танысу, өз ескертпелерін ұсыну, қосымша немесе

қайталама сараптама тағайындау, жаңа сараптамалар тағайындау туралы өтініштер мәлімдеу құқықтарын түсіндіруге міндетті.

Жәбірленушілерге сараптама олардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі. Егер осы адамдар кәмелетке толмаса немесе сот оларды әрекетке қабілетсіз деп таныса, сараптама жүргізуге жазбаша келісімді олардың заңды өкілдері береді.

9. Сарапшы (сарапшылар) өздерінің атынан сараптама жүргізу нәтижелері бойынша осы Кодекстің 612-бабының талаптарына сәйкес жасаған қорытындыны береді және оны сараптама тағайындаған судьяға, органға (лауазымды адамға) жібереді.

10. Қорытынды жеткілікті дәрежеде айқын немесе толымды болмаған, сондай-ақ алдыңғы зерттеуге байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған жағдайда қосымша сараптама тағайындалуы мүмкін, оны жүргізу нақ сол немесе өзге сарапшыға (сарапшыларға) тапсырылады.

11. Егер сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде негізделмесе не оның қорытындылары күмән туғызса немесе сараптаманы тағайындау және жүргізу туралы іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылса, сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін қайтадан сараптама тағайындалуы мүмкін, оны жүргізу сарапшылар комиссиясына тапсырылады, оған осының алдындағы сараптаманы жүргізген сарапшы (сарапшылар) кірмейді.

12. Судьяның, органның (лауазымды адамның) қосымша және қайтадан сараптама тағайындау туралы ұйғарымы дәлелді болуға тиіс. Сарапшыға (сарапшыларға) қосымша және қайтадан сараптама жүргізу тапсырылған кезде осының алдындағы сараптамалардың нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар табыс етілуге тиіс.

13. Егер сарапшы зерттеу жүргізгенге дейін өзінің алдына қойылған мәселелер өзінің арнаулы білімінің шегінен шығып кететініне не өзіне табыс етілген материалдардың қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екендігіне, оны толықтыру мүмкін болмайтынына, не ғылымның және сараптама практикасының жай-күйі қойылған мәселелерге жауап қайтаруға мүмкіндік бермейтініне көзі жетсе, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жасайды және оны судьяға, органға (лауазымды адамға) жібереді.

**Ескерту. 611-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

### **612-бап. Сарапшының қорытындысы**

1. Сарапшының қорытындысы - арнаулы ғылыми білімді пайдалана отырып жүргізілген іс материалдарын, оның ішінде заттай дәлелдемелер мен үлгілерді зерттеу нәтижелеріне негізделген, оның алдына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін судья, орган (лауазымды адам) қойған мәселелер бойынша жазбаша нысанда ұсынылған қорытындылар. Қорытындыда сарапшының зерттеу

кезінде қолданған әдістері, қойылған сұрақтарға жауаптардың негіздемесі және осы сарапшының бастамасымен анықталған, іс үшін маңызы бар мән-жайлар көрсетіледі.

2. Қорытындыны зерттеулер жүргізгеннен кейін оның нәтижелерін ескере отырып өз атынан сарапшы (сарапшылар) жасайды, оны өз (өздерінің) қолымен және жеке мөрімен куәландырады. Сараптаманы сараптама органы жүргізген жағдайда сарапшының қолы аталған органның мөрімен расталады.

3. Сарапшының қорытындысында: оның ресімделген күні, сараптаманың жүргізілген мерзімдері және орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін судья туралы, орган (лауазымды адам) туралы мәліметтер; сараптама жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сарапшы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс стажы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын қызметі); сотта көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы өзінің ескертілгені туралы сарапшының қолымен куәландырылған белгі; сарапшының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер; сараптама жүргізу кезінде процеске қатысқан қатысушылар және олар берген түсіндірмелер туралы мәліметтер; объектілер; пайдаланылған әдістемелер көрсетіле отырып, жүргізілген зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, сарапшының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер бойынша қорытындылардың негіздемесі мен тұжырымы көрсетілуге тиіс.

4. Егер осы Кодекстің 611-бабының он үшінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар зерттеу барысында анықталса, қорытындыда қойылған мәселелердің бәріне немесе кейбіреуіне жауап беру мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

5. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген тәртіппен куәландырылған, сарапшының қорытындысын көрнекілейтін материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер қоса берілуге тиіс.

6. Сарапшының қорытындысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін сот, орган (лауазымды адам) үшін міндетті болып табылмайды, алайда олардың қорытындымен келіспеуі дәлелді болуға тиіс.

**Ескерту. 612-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

### **612-1-бап. Үлгілерді алу**

1. Судья, егер үлгілерді зерттеудің іс үшін маңызы бар болса, оларды, оның ішінде адамның, жануардың, заттың, нәрсенің қасиеттерін бейнелейтін үлгілерді

а л у ғ а

қ ұ қ ы л ы .

2. Үлгілерге материалдардың, заттардың, шикізаттардың, дайын өнімнің  
с ы н а м а л а р ы да ж а т а д ы .

3. Үлгілерді алу туралы дәлелді ұйғарым шығарылады, онда: үлгілерді  
алатын адам; үлгілер алынуы тиіс адам (ұйым); нақты қандай үлгілер және  
қандай санда алынуы тиіс екені; адам үлгілерді алу үшін қашан және кімге келуі  
тиіс екені; үлгілер алынғаннан кейін олардың қашан және кімге табыс етілуі тиіс  
е к е н і к ө р с е т і л у і қ а ж е т .

4. Үлгілерді судьяның жеке өзі алуы, ал қажет болса, егер бұл әрекет үлгілер  
алынатын жынысы басқа адамды жалаңаштап шешіндірумен байланысты  
болмаса және ерекше кәсіби дағдыны талап етпесе, дәрігердің немесе басқа  
маманның қатысуымен алуы мүмкін. Өзге жағдайларда үлгілерді судьяның  
тапсырмасы бойынша дәрігер немесе басқа маман алуы мүмкін.

5. Үлгілерді алу құқығы судьяда, сарапшыда, дәрігерде немесе басқа маманда  
б о л а д ы .

6. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылатын  
жағдайларда, оны сарапшы жүргізуі мүмкін.

7. Үлгілер тараптардан, сондай-ақ үшінші тұлғалардан алынуы мүмкін.

8. Судья адамды өзіне шақырады, оны, қолхат ала отырып, үлгілерді алғаны  
туралы ұйғарыммен таныстырады, оған және осы іс жүргізу әрекеттеріне  
қатысушы өзге де адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

9. Судьяның жеке өзі немесе маманның қатысуымен қажетті әрекеттерді  
жүргізеді, үлгілерді алады, оларды орайды және мөр басады.

10. Үлгілерді алу нәтижелері іс жүргізу әрекеттерінің (сот отырысының)  
хаттамасында тіркеледі, онда жүргізілу ретінде сақтай отырып, үлгілерді алу  
үшін жасалған әрекеттер, бұл ретте қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа да  
әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері жазылады.

**Ескерту. 612-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.07.04 N 151 Заңымен.**

**612-2-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның,  
сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы**

1. Судья өзінен үлгілер алынуға тиіс адамды, сондай-ақ тиісті тапсырмасы  
бар ұйғарымды дәрігерге немесе басқа маманға жібереді. Ұйғарымда осы іс  
жүргізу әрекетіне барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілуі  
т и і с .

2. Дәрігер немесе басқа маман судьяның тапсырмасы бойынша қажетті  
әрекеттерді жүргізеді және үлгілерді алады. Үлгілер оралады және мөр басылады  
, одан кейін дәрігер немесе басқа маман жасаған ресми құжатпен бірге судьяға  
ж і б е р і л е д і .

3. Сарапшы зерттеу процесінде сынақ үлгілер дайындауы мүмкін, бұл туралы

ол қорытындыда хабарлайды.

4. Судья мұндай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, оны өзі жасайтын хаттамада көрсетеді.

5. Сарапшы зерттеу жүргізгеннен кейін үлгілерді оралған және мөр басылған түрде өзінің қорытындысына қоса тіркейді.

6. Егер үлгілерді судьяның тапсырмасы бойынша маман немесе сарапшы алған болса, онда ол ресми құжат жасап, оған іс жүргізу әрекетіне барлық қатысушылар қол қояды және іс материалдарына қоса тіркеу үшін судьяға беріледі.

7. Алынған үлгілер оралған және мөр басылған түрде хаттамаға қоса тіркеледі.

**Ескерту. 612-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.04. N 151 Заңымен.**

### **612-3-бап. Үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау**

Үлгілерді алу әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуға тиіс. Қатты ауыру сезінуін тудыратын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға үлгілер алынуға тиісті адам жазбаша келісім бергенде ғана, ал егер ол кәмелетке толмаған немесе психикалық аурумен ауыратын болса, оның заңды өкілдерінің келісімімен ғана жол беріледі.

**Ескерту. 612-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.04. N 151 Заңымен.**

### **613-бап. Заттай дәлелдемелер**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заттай дәлелдемелер құқық бұзушылықтың құралы не нысанасы болған, не өзінде оның іздері қалған заттар болып табылады.

2. Қажет болған жағдайларда заттай дәлелдемелер суретке түсіріледі немесе өзге тәсілмен тіркеледі және іске тігіледі, ол жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға немесе осы Кодекспен көзделген өзге хаттамаға жазба жазылады.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін заттай дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті.

**Ескерту. 613-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 . N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **614-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жасалған хаттамаларда жазылған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын нақты деректер болып табылады.

### **615-бап. Құжаттар**

1. Егер ұйымдар, лауазымды адамдар мен жеке тұлғалар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс үшін маңызы болса, құжаттар іс бойынша дәлелдемелер деп танылады.

2. Құжаттар жазбаша да, өзге түрде де тіркелген мәліметтерден тұруы мүмкін. Құжаттарға соның ішінде осы Кодексте көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алынған немесе табыс етілген компьютерлік ақпараттан, фото- және кино түсірілімдерден, дыбыс- және бейне жазылымдарынан тұратын материалдар ж а т у ы м ү м к і н .

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті.

4. Құжаттарда осы Кодекстің 613-бабында аталған белгілер болған жағдайларда олар заттай дәлелдемелер болып табылады.

**Ескерту. 615-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **616-бап. Қосымша мәліметтер талап ету**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктерден істің шешілуіне қажетті қосымша мәліметтер талап етіп алу туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

2. Судьяның, органның (лауазымды адамның) қосымша мәліметтер талап етіп алу туралы ұйғарымында қаралып жатқан істің мәні қысқаша баяндалып, анықтауға жататын мән-жайлар көрсетіледі. Осы ұйғарым жіберіліп отырған сот үшін міндетті болып табылады және белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

3. Талап етіп алынатын мәліметтер талап алынған күнінен бастап үш күн мерзімде, ал әкімшілік қамауға алуға әкеп соғатын құқық бұзушылық жасалған жағдайда кідіріссіз жіберілуге тиіс.

4. Аталған мәліметтерді табыс ету мүмкін болмаған жағдайда ұйым, қоғамдық бірлестік ұйғарым шығарған судьяны, органды (лауазымды адамды) бұл туралы үш күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

### **617-бап. Дәлелдемелерді бағалау**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуді жүзеге асыратын судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам дәлелдемелерді заң мен ар-намысты



басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді өз жиынтығында жан-жақты толық және объективті қарауға негізделген өзінің ішкі сезімі бойынша бағалайды. Ешбір дәлелдеменің алдын ала белгіленген күші болмайды.

2. Әрбір дәлелдеме тиесілілігі, жол берілетіндігі, дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында істің шешілуі үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

3. Егер дәлелдеме іс үшін маңызы бар мән-жайлардың болуы туралы тұжырымды растайтын, жоққа шығаратын немесе оған күмән келтіретін нақты деректер болса, дәлелдеме іске қатысты деп танылады.

4. Егер дәлелдеме Кодексте көзделген тәртіппен алынса, ол жол беруге болатын дәлелдеме деп танылады.

5. Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес екендігі анықталса, ол дұрыс дәлелдеме деп танылады.

6. Егер дәлелденуге тиіс мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз анықтайтын, іске қатысты жол берілетін және дұрыс дәлелдемелердің бәрі жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы істің шешілуі үшін жеткілікті деп танылады.

## **36-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУДІ**

### **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

#### **618-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға сезіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жасау мүмкін болмағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау, істің уақытылы және дұрыс қаралуы мен іс жөнінде қабылданған қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттігі шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шараларды қолдануға құқылы:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу;
- 2) жеке адамды әкімшілік түрде ұстау;
- 3) алып келу;
- 3-1) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу;
- 4) жеке тексеріп шығу және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп шығу;
- 5) құжаттар мен заттарды алып қою;
- 6) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету және

оның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйін куәландыру;  
7) көлік құралын немесе шағын көлемді кемеңі ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу;

8) тексеру;

9) жеке адамның алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйін медициналық куәландыру.

2. Заңды тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

1) заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, сондағы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап шығу;

2) заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды алып қою;

3) заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу немесе алып қою.

3. Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын заңсыз қолданудан келтірген зиян үшін жауап береді.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға осы Кодекстің 633-бабының ережелері бойынша шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 618-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2010.04.29 № 272-IV Заңдарымен.

#### **619-бап. Жеткізу**

1. Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы не қорғау нұсқамасының шығарылуы міндетті болып, оларды сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, хаттама жасау не, егер қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке тұлғаны, заңды тұлғаның өкілін мына жағдайларда:

1) көлік құралдарын пайдалану ережелерін, жүріс тәртібі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі ережелерді, көлікте жүктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді, өрт қауіпсіздігі ережелерін, көлікте санитариялық-гигиеналық және санитариялық эпидемиологияға қарсы ережелерді бұзғанда, егер оның жеке басын куәландыратын құжаттары және ол туралы қажетті деректер хабарлауы мүмкін куәгерлер жоқ болса, сондай-ақ оның көлік құралына деген қажетті құжаттары болмаса, уәкілдік берілген адам ішкі істер органына (полицияға);

1-1) осы Кодекстің 79-1 және 79-5, 79-6-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасалғанда - ішкі істер органдары қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға);

2) орман бұзылғанда немесе аң аулау ережелері, балық аулау және балық қорын қорғау ережелері бұзылғанда және жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы заңдар басқаша түрде бұзылғанда - орман және аң шаруашылығы мемлекеттік және ведомстволық күзетінің қызметкерлері аң аулау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, уәкілдік берілген балық қорғау органдарының уәкілетті лауазымды адамдары, жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуына мемлекеттік және ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын басқа органдардың лауазымды адамдары, қорықтардың және басқа да айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың лауазымды адамдары, сондай-ақ ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлері ішкі істер органдарына (полицияға) немесе жергілікті басқару о р г а н ы н а ;

3) қорғалатын объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылықпен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда - әскерилендірілген күзет қызметкерлері әскерилендірілген күзеттің қызметтік үй-жайына немесе ішкі істер о р г а н ы н а ( п о л и ц и я ғ а ) ;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі, шекара және кеден режимдері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы және кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режим бұзылғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскери қызметшісінің, өзге әскерлер, әскери құралымдар әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбағанда – әскери қызметші, ішкі істер органдарының (полиция) қызметкері немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі міндетті орындайтын басқа жеке тұлға бөлімшеге, әскери бөлімге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, ішкі істер органына (полицияға), жергілікті б а с қ а р у о р г а н ы н а ;

5) кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасалғанда - кеден органының, ішкі істер органының (полицияның) қызметкерлері кеден органының, ішкі істер органының қызметтік үй-жайына (полицияға);

5-1) кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу, кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасалғанда – экономикалық тергеу қызметінің қ ы з м е т к е р л е р і ;

5-2) күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүргізу кезінде құқық бұзушылықтар жасалғанда - Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қ ы з м е т к е р л е р і ;

5-3) белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына

қол сұғатын құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалғанда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері;

б) өзге де әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда прокурордың тиісті тапсырмалары немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға уәкілетті лауазымды адамдар тарапынан тиісті өтініш болған жағдайда - ішкі істер органдары қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді, яғни мәжбүрлеп келтіруді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында, аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында құқық бұзушылық жасалған жағдайда кім екені жергілікті жерде анықталуы мүмкін емес тәртіп бұзушы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында заңсыз әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, тексеру кезінде кімдікі екені анықталуы мүмкін емес кемелер мен әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін, сондай-ақ тәртіп бұзушының кім екенін және ұсталған кемелердің, құқық бұзушылық жасау құралдарының кімдікі екенін анықтау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін Қазақстан Республикасының портына (шетел кемелері - шетел кемелерінің келіп кіруіне ашық Қазақстан Республикасы порттарының біріне) жеткізілуге тиіс.

3. Жеткізу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Жеткізу туралы хаттама жасалады не әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік ұстау туралы хаттамаға тиісті жазба жазылады.

Адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін оны көзделген мерзімде жеткізуді жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде өтініш беруші органның (лауазымды адамның) атына жеткізілмеу себептері көрсетіліп, жазбаша хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 619-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 240, 2002.08.09. N 346, 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.12.04 N 215-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**620-бап. Әкімшілік ұстау**

Әкімшілік ұстауды, яғни жеке адамды жеке бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыруды:

1) ұсақ бұзақылық, ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында құқық бұзушылықтар жасаған, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адам, әскери қызметші қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі өз міндеттерін орындау кезінде олардың заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбаған, сондай-ақ сотты сыйламаушылық танытқан, шетел валютасымен және төлем құжаттарымен заңсыз операциялар жасаған, тауарларды немесе өзге де заттарды заңсыз сатқан, еркін сатылуына тыйым салынған немесе шек қойылған тауарлармен заңсыз сауда жасаған, авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын сатқан, жалға берген және өзге де жолмен заңсыз пайдаланған, тіркелмей немесе лицензия алмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішіп немесе қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық әдепті қорлайтын мас күйде жүрген кезде ішкі істер органдары (полиция) қызметкеріне немесе өзге де уәкілетті лауазымды адамға бағынбаған, өрт қауіпсіздігі мен жол қозғалысы ережелері, аң аулау, балық аулау және балық қорларын қорғау ережелері бұзылған және жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдар басқаша бұзылған, жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі бұзылған, қызметіне тыйым салынған бірлестіктер құру жөнінде іс-әрекеттер жасалған және оларға белсенді қатысқан, төтенше жағдай кезінде режим бұзылған және құқықтық тәртіпті бұзуға арандататын іс-әрекеттер жасалған, қаруды алып жүру мен сақтау ережелері бұзылған, нысанды киім мен айырым белгілері заңсыз киіліп, тағылған, бөлімнен өз бетімен кеткен жағдайда, сондай-ақ шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу тәртібін бұзған кезінде - ішкі істер органдары (полиция);

2) төтенше жағдай режимі бұзылған жағдайда және төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға арандататын іс-әрекеттер жасалғанда - төтенше жағдай жарияланған жердің комендатурасы мен әскери сақшылар;

2-1) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі бұзылған немесе терроризмге қарсы операцияның жариялануына байланысты белгіленген талаптар орындалмаған кезде - терроризмге қарсы операцияға белгіленген құзыреті шегінде қатысатын лауазымды адамдар;

3) Мемлекеттік шекара режимі, шекара режимі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режим бұзылған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз алып өткен, Қазақстан

Республикасының континенттік қайраңының, аумақтық суларының (теңізінің) және ішкі суларының минералдық және тірі ресурстарын заңсыз берген, әскери қызметшінің Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі өз міндетін орындауға байланысты заңды өкіміне немесе талабына бағынбаған жағдайда – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

4) күзетілетін объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылыққа байланысты құқық бұзушылық жасалған жағдайда – күзетілетін объект орналасқан жердегі аға әскери қызметші, ішкі істер органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері, әскерилендірілген күзеттің лауазымды а д а м ы ;

5) балық қорғау органдары, аң аулау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен орман және аң шаруашылығы органдары сақталуын бақылауды жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда - о с ы о р г а н д а р ;

6) көлік бақылау органдары сақталуын бақылауды жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда - о с ы о р г а н д а р ;

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының көлік құралдары жүргізушілері немесе оларды басқаратын басқа да адамдар жол жүрісі қағидаларын бұзған жағдайда – әскери полицияның лауазымды адамдары ;

8) табиғат қорғау заңдары бұзылған жағдайда - қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды, қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары;

9) кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу, кеден ісі салаларында құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес – мемлекеттік кіріс органдарының лауазымды адамдары ;

9-1) белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды а д а м д а р ы ;

10) Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында, аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында рұқсат етілген қызметті регламенттейтін лицензия шарттарының бұзылуына байланысты континенттік қайраңда, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған, ресурстық немесе теңізде ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидалары бұзылған, қалдықтар мен басқа да материалдарды көму қағидалары бұзылған, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын, аумақтық

суларын (теңізін) және ішкі суларын қорғау органдары лауазымды адамдарының кемені тоқтату жөніндегі заңды талаптары орындалмаған немесе оның жүзеге асырылуына кедергі жасалған жағдайда – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі органдардың, балық аулау жөніндегі республикалық органның лауазымды адамдары ;

11) алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) егер құқық бұзушылық күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүргізу кезінде жасалса - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің лауазымды адамдары;

13) сот отырысы кезінде залда, сондай-ақ атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындату барысында құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату туралы талаптар орындалмаған жағдайда - сот приставтары жүзеге асыра алады.

Ескерту. 620-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 240, 2003.07.03 N 464, 2003.12.05 N 506, 2004.12.09 N 10, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.06.22 N 147, 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 176-IV, 2009.07.10 N 179-IV, 2009.12.04 N 215-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV, 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **621-бап. Әкімшілік ұстаудың тәртібі**

1. Әкімшілік ұстау жөнінде хаттама жасалады. Хаттамада оның жасалған күні, уақыты және орны; хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; ұсталған адамның кім екені туралы мәліметтер; ұсталған уақыты, орны және негізі көрсетіледі. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам мен ұсталған адам қол қояды. Ұсталған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы хаттамада жазылады. Ұстау туралы хаттаманың көшірмесі әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамға тапсырылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның қайда екендігі туралы туыстары, жұмыс немесе оқу орнының

әкімшілігі, сондай-ақ қорғаушысы хабардар етіледі. Кәмелетке толмаған адамның ұсталуы туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға міндетті түрде хабарланады.

**Ескерту. 621-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

### **622-бап. Әкімшілік ұстау мерзімдері**

1. Әкімшілік ұстау осы Кодекстің 618-бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және үш сағаттан ұзақ б о л м а у ы к е р е к .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимін, шекара және кеден режимдерін немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы және кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өту бекетіндегі режимді бұзғаны туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы, аумақтық суларындағы (теңіздегі) және ішкі суларындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам - қажет болған жағдайларда жеке басын анықтау үшін және құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін бұл туралы ұсталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарланып, қырық сегіз сағатқа дейін ұсталуы мүмкін. Төтенше жағдай жарияланған жерде коменданттық сағат енгізілуіне байланысты белгіленген тәртіпті бұзуға жол берген адамдарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери сақшылар коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал қолдарында құжаттары жоқтарды - олардың кім екенін анықтағанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа ұстай алады.

3. Әкімшілік айып шараларының бірі ретінде әкімшілік қамауға алынатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа әкімшілік ұстауға тартылуы мүмкін.

4. Әкімшілік ұстау мерзімі осы Кодекстің 619-бабына сәйкес жеке адам жеткізілген кезден, ал мас адамға, - медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі.

**Ескерту. 622-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **623-бап. Мерзімді есептеу**

1. Осы Кодексте белгіленген мерзімдер сағатпен, тәулікпен, айлармен және жылдармен е с е п т е л е д і .

2. Мерзімді есептеу кезінде мерзім басталатын сағат пен тәулік есепке алынбайды. Бұл ереженің ұстау кезіндегі мерзімді есептеуге қатысы жоқ.



3. Мерзімді есептеу кезінде оған жұмыстан тыс уақыт та қосылады.

4. Мерзім тәулікпен есептелген кезде мерзім алғашқы тәуліктің нөл сағатынан кейін есептеліп, мерзімнің соңғы тәулігінің жиырма төрт сағатында аяқталады.

5. Мерзім айлармен немесе жылдармен есептелген кезде мерзім соңғы айдың тиісті күнінде аяқталады, ал егер бұл айда тиісті күн жоқ болса, мерзім осы айдың соңғы күні аяқталады. Әкімшілік ұстау мен әкімшілік қамауға алу кезінде мерзімді есептеу жағдайларын қоспағанда, егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің соңғы күні болып есептеледі.

#### **624-бап. Әкімшілік ұстауға тартылған адамдарды ұстау орны мен тәртібі**

1. Әкімшілік ұстауға тартылған адамдар арнайы осыған бөлінген, санитария талаптарына сәйкес келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігін болдырмайтын үй-жайларда ұсталады.

2. Әкімшілік ұстауға тартылған адамдарды ұстаудың талаптарын, ондай адамдарды тамақтандыру нормасы мен оларға медициналық қызмет көрсету тәртібін атқарушы билік органдары белгілейді.

3. Өздеріне қатысты әкімшілік ұстау қолданылған кәмелетке толмағандар ересек адамдардан бөлек ұсталады.

#### **625-бап. Алып келу**

1. Осы Кодекстің 618-бабында көзделген жағдайларда, өздеріне қатысты әкімшілік іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаны не заңды тұлғаның өкілін, әкімшілік жауаптылыққа тартылушы кәмелетке толмаған адамның заңды өкілін алып келу жүргізіледі.

2. Алып келуді қаржы полициясы органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде ішкі істер және қаржы полициясы органдары жүргізеді.

**Ескерту. 625-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **625-1-бап. Жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу**

1. Жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу белгілі бір тұрғылықты орны және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға қатысты, оның іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың және қылмыстың белгілері

болмаған және оның жеке басын анықтаудың өзге тәсілдері мүмкін болмаған кезде жеке профилактика шарасы болып табылады.

2. Жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуді сот санкциясымен ішкі істер органдары қолданады және адамды ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінде отыз тәулікке дейінгі мерзімде уақытша оқшаулаудан тұрады.

3. Жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуді қолданудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінен босатудың негіздері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

**Ескерту. Кодекс 625-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.**

### **626-бап. Адамның жеке басын тексеру және оның қолындағы заттарды тексеру**

1. Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру қажет болған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не нысанасын табу мақсатында жүргізіледі.

2. Жеке басын тексеруді осы Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді.

3. Жеке басын тексеруді тексерілушімен бір жыныстағы адам және осы жыныстас екі куәгердің қатысуымен жүргізе алады.

4. Жеке адамның қолындағы заттарды (қол жүгін, теңдеме жүкті, аң және балық аулау құралдарын, олжалаған өнімі мен өзге де заттарды) тексеріп қарауды, яғни олардың құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді осы Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген, оған уәкілетті лауазымды адамдар осы заттарды меншіктенуші немесе иеленуші адамның қатысуымен және екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

5. Жеке адамның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге заттар бар деуге негіз болған ерекше жағдайларда жеке басын тексеру, заттарын тексеру бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланып, куәларсыз жүргізілуі мүмкін.

6. Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба жүргізіледі, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қолданылады.

7. Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру жөнінде хаттама жасалады. Адамның жеке басын тексеру жөніндегі хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға, оның заңды өкіліне тапсырылады. Хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, жеке басы тексерілген адам, заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде қарудың түрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, белгілері, оқ-дәрілер саны және түрі, арнайы

жедел іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. Тексеру хаттамасында фото- және кино түсірілімінің, бейнежазбаның, құжаттарды көрсетудің өзге де әдістерінің қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото- және кино түсірілімдерін, бейнежазбаны, заттай дәлелдемелерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолданып, тексеру жүргізу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

9. Адамның жеке басын тексеру, заттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі, куәгерлер қол қояды. Жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда, хаттамаға тиісті жазба жасалады.

**Ескерту. 626-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 . N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **627-бап. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру**

1. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не нысанасын табу мақсатында жүргізіледі.

2. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеруді, яғни құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді екі куәгердің қатысуымен уәкілдік берілген осы Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді.

Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмаған кезде немесе басқа да объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру, яғни құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын зерттеу куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізілуі мүмкін.

3. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру оларды иеленуші адамдардың не оның өкілінің немесе заңды негізде көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жүргізетін адамның қатысуымен жүргізіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, оларға аталған адамдардың қатысуынсыз-ақ тексеру жүргізілуі мүмкін.

4. Қажет болған жағдайларда көлік құралдары мен шағын көлемді кемелерді тексеру кезінде анықталған заттарды көрсету мақсатында фотоға, киноға түсіріліп, бейнежазба жасалады.

5. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру туралы хаттама жасалады. Бұл хаттаманың көшірмесі тексерілген көлік құралдарын, шағын

көлемді кемелерді иеленуші адамға не оның өкіліне немесе заңды негізде көлік құралын, шағын көлемді кемеңі жүргізетін адамға тапсырылады.

6. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тексерілген көлік құралын, шағын көлемді кемеңі иеленуші адамның жеке басы туралы мәліметтер, көлік құралының, шағын көлемді кемеңің тұрпаты, маркасы, үлгісі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

7. Тексеру хаттамасында фото- және кино түсірілімдері, бейнежазба, құжаттарды көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото- және кино түсірілімдерін, бейнежазба, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де құралдарын қолданып, тексеру жүргізу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

8. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кемеңің иесі не оның өкілі қол қояды. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кемеңің иесі, оның өкілі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

**Ескерту. 627-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі ), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **627-1-бап. Тексеру**

Әкімшілік құқық бұзушылықтың іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттіктері шегінде сол жерді, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды тексеруге құқылы.

**Ескерту. 627-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 10 Заңымен.**

### **627-2-бап. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері**

1. Тексеру, әдетте, қажеттілік туындаған жағдайда дереу жүргізіледі . Тексеру жүргізілгені туралы хаттама толтырылады. Хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, тегі, аты-жөні, тексерілген адам, заттардың түрі, саны, өзге де ұқсас белгілері туралы, соның ішінде қарудың тұрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, белгілері, оқ-дәрілердің, арнайы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың және ақпаратты қорғаудың криптографиялық

құралдарының саны мен түрі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, тексерілген адам, тексерілген заттардың иесі, куәгерлер қол қояды. Тексеруге жатқызылған адам, тексерілген заттар иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған тиісті ж а з б а ж а с а л а д ы .

2. Тірі адамдарды тексеруді осы Кодекстің 620-бабында аталған лауазымды адамдар жүргізеді. Тірі адамдарды тексеруді тексерілушімен жынысы бірдей адам және жынысы осындай екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Тірі адамның заттарын тексеруді, яғни олардың құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді осы Кодекстің 620-бабында аталған, оған уәкілетті лауазымды адамдар осы заттарды меншіктенуші немесе иеленуші адамның қатысуымен және екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Тірі адамда айналадағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге заттар бар деуге негіз болған ерекше жағдайларда оның жеке басын тексеру, заттарын тексеру бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланып, куәгерлерсіз жүргізілуі мүмкін.

3. Осы баптың 2-бөлігінде көрсетілгендерді қоспағанда, орындарды, заттарды , құжаттарды тексеру, куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті байланыс құралдары болмаған кезде немесе басқа объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) тексеру куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі.

4. Қажет болған жағдайда тексеру құқық бұзушының, жәбірленушінің, куәлердің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

5. Табылған іздер мен өзге де материалдық объектілерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырылады. Егер тексеру үшін қосымша уақыт қажет болса немесе табылған затты сол жерде тексеруге елеулі қиындықтар туындайтын болса, объектілер алып қойылуы және буып-түйілген, мөр басылған күйінде, зақым келтірілмей, тексеруге қолайлы жерге жеткізілуі м ү м к і н .

6. Тексеру кезінде барлық табылған және алып қойылған заттар куәгерлерге, басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуге тиіс, ол жөнінде хаттамаға белгі қ о й ы л а д ы .

7. Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға тиіс. Алып қойылған объектілер буып-түйіліп, мөр басылады және уәкілетті лауазымды адам мен куәгерлердің қол қоюы арқылы расталады.

8. Тексеруге қатысушы адамдар олардың пікірінше істің мән-жайын анықтауға септігін тигізуі мүмкін дегеннің бәріне уәкілетті лауазымды адамның

9. Қажет болған жағдайларда тексеру кезінде тексерілетін объектілер өлшенеді, олардың жоспарлары мен сызбалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіріледі және өзге де құралдармен түсіріліп алынады, ол туралы хаттамаға белгі жасалып, оған аталған материалдар қоса тіркеледі.

10. Тексеру хаттамасының көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның өкіліне тапсырылады.

**Ескерту. 627-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **628-бап. Жеке адамның қолындағы заттар мен құжаттарды алып қою**

1. Құқық бұзушылық жасалған жерде не осы Кодекстің 618-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы не нысанасы болып табылатын құжаттар мен заттарды алып қоюды іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға уәкілетті лауазымды адамдар екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырады.

Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмаған кезде немесе басқа да объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) құқық бұзушылық жасалған орында табылған құқық бұзушылық құралдары болатын не осы Кодекстің 618-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде құжаттар мен заттарды алып қою куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізілуі мүмкін.

2. Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның өкіліне тапсырылады не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

3. Құжаттар мен заттарды алып қою туралы хаттамада (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада) алып қойылған құжаттардың түрі мен реквизиттері, алып қойылған заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде алып қойылған қарудың түрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері, оқ-дәрілердің саны мен түрі, арнаулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнаулы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары

туралы мәліметтер болады.

4. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам, куәгерлер қол қояды. Өзінен тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті ж а з б а ж а с а л а д ы .

5. Алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін алып қоюды жүргізген лауазымды адам белгілейтін орындарда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен сақталады.

6. Алып қойылған атыс қаруы мен өзге де қару, сондай-ақ оқ-дәрілер, арнаулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіппен сақталады.

7. Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сатылады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

Жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алып қойылған құжаттар іс бойынша қабылданған қаулы орындалғанға дейін с а қ т а л а д ы .

7-1. Жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулы бойынша алып қойылған жүргізуші куәлігі немесе көлік құралын жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлік, иесі жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтиханды тапсырған жағдайда жүргізушіге қайтарылады.

Жүргізуші емтиханға жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтихан тапсырмаған жағдайда, қаулы шығарған лауазымды адам Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында көзделген шараларды қолданады.

Алып қойылған жүргізуші куәлігінің орнына жүргізушіге уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша уақытша куәлік беріледі.

8. Алып қойылған орден, медаль, Қазақстан Республикасының, Қазақ КСР-інің, КСРО-ның және басқа да мемлекеттердің құрметті атағының омырауға тағатын белгісі олардың заңды иесіне қайтарылады, ал егер ол белгісіз болса, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

Ескерту. 628-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506 , 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**629-бап. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді  
кемені жүргізуден шеттету және мас күйін  
куәландыру**

Ескерту. 629-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені жүргізетін жүргізуші, кеме жүргізуші, ол мас күйде деуге жеткілікті негіздер болса, көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетіліп, мас күйін куәландыруға жатады.

2. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуді, мас күйін куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді, тиісінше, жол полициясы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және көлік бақылау органдарының көлік құралын жүргізуші адам құқық бұзушылық жасаған жағдайда - әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары жүргізеді.

Жол полициясының лауазымды адамдарымен қатар мас күйде деуге жеткілікті негіздер бар жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге полицияның учаскелік инспекторларының, одан басқа бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактісін құжатпен бекітуге және жүргізуші мен көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлерінің құқығы бар.

3. Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Жүргізуші, кеме жүргізуші куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда ол медициналық куәландыруға медициналық мекемеге жіберіледі.

4. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету туралы, мас күйін куәландыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға белгі жасалады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада куәландырудан өткізу үшін көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқарудан шеттетілген күні, уақыты, орны, негіздері көрсетіледі. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның заңды өкіліне тапсырылады.

6. алып тасталды - 2006.01.20. N 123 Заңымен

7. Мас күйін куәландыру актісі тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Ескерту. 629-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.



**630-бап. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді  
кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым  
салу**

Ескерту. 630-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Кодекстің 283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 463 (екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде), 463-4 (үшінші – алтыншы бөліктерінде), 467, 470 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 471 (бірінші, үшінші – он бірінші бөліктерінде), 514 (461-471-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде)-баптарында аталған бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралдарын, кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемені уақытша сақтау үшін оларды арнаулы алаңдарға, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), кемені немесе шағын көлемді кемені пайдалана отырып жеткізу арқылы ұстау себептері жойылғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы;

осы Кодекстің 461 (бірінші, төртінші - сегізінші бөліктерінде), 463-4 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468, 469-баптарында аталған бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралын пайдалануға тыйым салу себептері жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға құқылы.

осы Кодекстің 447-2, 447-4, 463 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде)-баптарында көрсетілген құқық бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам шетелдіктерге немесе шетелдік заңды тұлғаларға тиесілі көлік құралдарын, оларды уақытша сақтау үшін арнайы алаңдарға, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға жеткізу арқылы, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды) пайдалана отырып жеткізу арқылы әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Көлік құралын уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға жеткізу (эвакуациялау) көлік құралдарын жүргізушілер тоқтау немесе тоқтап тұру ережелерін бұзған және өздері сол жерде болмаған жағдайларда, сондай-ақ жүргізушілердің қайда екенін анықтау мүмкін болмаса, олар жолда қараусыз

қалдырған көлік құралдарына қатысты да қолданылуы мүмкін.

2. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені ұстауды, жеткізуді және пайдалануға тыйым салуды жол полициясының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралын жүргізуші адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әскери автомобиль полициясының, өз өкілеттіктері шегінде көлік бақылау органдарының, орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық қорғау органдарының (орман, балық, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарды бұзған кезде) лауазымды адамдары жүргізеді.

3. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы белгіленген нысандағы акт жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

Пайдалануға тыйым салынатын ақауы бар немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе мемлекеттік немесе міндетті техникалық тексеруден өтпеген, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ не жасырын, қолдан жасалған немесе ұлттық стандартқа сай емес нөмірлік белгілері бар көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені пайдалануға тыйым салынады.

4. Ұсталған көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені сақтау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнаулы алаңдарда немесе тұрақтарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 630-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 428 , 2003.07.03 N 464 , 2003.12.05 N 506 , 2004.12.09 N 10 , 2005.10.21 N 80 , 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.24 N 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**631-бап. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру**

1. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді осы Кодекстің 636-бабына сәйкес

заңды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылығы туралы хаттамалар жасауға уәкілетті лауазымды адамдар жүргізеді.

2. Тексеру заңды тұлға өкілінің және екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі.

3. Тексеру жүргізілгені туралы хаттама жасалады. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады.

4. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні, тиісті заңды тұлға туралы, сондай-ақ оның өкілінің не өзге қызметкерінің жеке басы туралы мәліметтер, тексерілген аумақтар мен үй-жайлар, тауарлар мен басқа да заттардың түрлері, саны, өзге де сәйкестік белгілері, құжаттардың түрлері мен деректемелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

5. Тексеру хаттамасында оны жүргізу барысында фото- және кино түсірілімдері, бейнежазбалар, құжаттарды көрсетудің өзге де белгіленген әдістері қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото-, кино түсірілімдерінің, бейнежазбаларды, заттай дәлелдемелерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолдану нәтижесінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса т і р к е л е д і .

6. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, оның өкілі не кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда заңды тұлғаның өзге қызметкері, сондай-ақ куәгерлер қол қояды. Аталған заңды тұлғаның өкілі немесе өзге қызметкері хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда онда тиісті жазба жасалады.

**Ескерту. 631-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **632-бап. Заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлікті алып қою**

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, көлік құралдарына, тауарларға, өзге де мүлікке тексеру жүргізу кезінде табылған әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті, заттарды алып қоюды осы Кодекстің 620-бабында аталған лауазымды адамдар, сондай-ақ осы Кодекстің 177-3, 177-4, 177-5, 317-1-баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар уәкілетті лауазымды адамдар жүзеге асырады. Заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті алып қоюды, сондай-ақ оларды сақтауды ресімдеу осы Кодекстің 628-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 632-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**632-1-бап. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу**

1. Заңды тұлғаға тиесілі әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары не нысанасы болған тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы, оларға билік етуге (ал қажет болған жағдайларда пайдалануға да) тыйым салынғаны туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне хабарлана отырып, аталған тауарлардың, көлік құралдарының және өзге де мүліктің тізімдемесі болып табылады және, егер осы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті алып қою мүмкін болмаған және (немесе) олардың сақталуын алып қоймай қамтамасыз ету мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік тыйым салған лауазымды адам тағайындаған басқа да адамдардың жауапкершілікпен сақтауына берілуі мүмкін.

2. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салуды, тауар, көлік құралы және өзге де мүлік иесі мен екі куәгердің қатысуымен осы Кодекстің 620-бабында, 636-бабының бірінші бөлігінде аталған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу олардың иесінің қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылады.

4. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттама жасалады. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлға туралы және иелігінде тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлкі бар адам туралы мәліметтер, олардың тізімдемесі және бірдейлендіру белгілері көрсетіледі, сондай-ақ фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданып тыйым салуды жүзеге асыру кезінде алынған материалдар хаттамаға қоса тіркеледі.

5. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік қажет болған жағдайларда буып-түйіледі және (немесе) оларға сүргіш салынады.

6. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады.

7. Заңды тұлғаға тиесілі тыйым салынған тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның не тыйым салынған мүлікті сақтауды жүзеге асыратын адамның иеліктен айыруы немесе жасырып қалуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп с о ғ а д ы .

**Ескерту. 632-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506, өзгеріс енгізілді - 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **633-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына шағым беру**

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адам аталған шаралар қолданылғаннан бастап он күн ішінде жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым бере алады.

2. Өзіне қатысты іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісті хаттамалар мен өзге де материалдардың көшірмелері жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің талабы бойынша оған дереу тапсырылады.

3. Шағым жазбаша нысанда беріледі және бес күн мерзімде қаралуға тиіс.

4. Шағым қарау нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданады.

5. Жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға шағым беру аталған шараларды қолдануға сотқа қайталап шағым беру үшін к е д е р г і б о л м а й д ы .

6. Ұйғарымның көшірмесі жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу тапсырылады, ал бұл адамдар болмаған жағдайда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

7. Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген зиянның заңдарда белгіленген ережелерге сәйкес орны толтырылуға тиіс.

Ескерту. 633-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 37-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ҚОЗҒАУ

### 634-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың дәлелдері мен негіздемесі

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға:

1) уәкілетті лауазымды адамның осы баптың 2-1-бөлігінің ережелерін ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тікелей анықтауы;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

4) сертификатталған, арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен автоматты режимде жұмыс істейтін және жолдағы жағдайды фото-, бейнетүсірілім арқылы көлік құралы қозғалысының жылдамдығы мен бағытын, жол жүрісіне басқа да қатысушылардың іс-қимылдарын айқындау арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалуын тіркейтін бақылау аспаптарының көрсеткіштері с е б е п б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіздеме болады.

2-1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізілген тексерудің нәтижесі осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы бөліктің күші «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3, 4-тармақтарында және 12-бабының 3-тармағында көзделген салаларда, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде және салық органдары бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларға қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурор қаулы шығарған

кезден бастап, сондай-ақ судья (сот) сот талқылауы барысында процеске қатысушы адамның тарапынан сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісінің анықталғаны туралы жариялаған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады.

Ескерту. 634-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.29 N 270, 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **635-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

2013.01.01 дейін 635-бабының мәтіні бойынша «сәйкестендіру нөмірі» деген сөздер «салық төлеушінің тіркеу нөмірі» деген сөздер болып есептеледі - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Осы Кодекстің 639-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттаманы оған уәкілетті лауазымды адам ж а с а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні; өзіне қатысты іс қозғалған адам туралы мәліметтер (жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі және күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері); әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні; осы Кодекстің ерекше бөлімінің 2-бөлімінің осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін бабы; егер олар бар болса, куәлардың және жәбірленушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), мекенжайы; өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның не заңды тұлға өкілінің түсініктемесі; егер ол әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және тіркеп жазу кезінде пайдаланылса, метрологиялық салыстырып тексерудің атауы, нөмірі, күні, техникалық құралдың көрсеткіштері; істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ әкімшілік

құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі ж а с а л а д ы .

3-1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан кәмелетке толмаған адамның қорғаушысына немесе заңды өкіліне олардың істі соттылығы бойынша мамандандырылған әкімшілік сотқа, ал тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған әкімшілік сот болмаған кезде – аудандық (қалалық) сотқа беру туралы өтінішхатпен жүгіну қ ұ қ ы ғ ы т ү с і н д і р і л е д і .

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам (адамның өкілі) қол қояды. Жәбірленушілер мен куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайларда хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

5. Тиісті түрде хабарланған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмауы немесе келмеуі туралы белгі қоя отырып, оны толтырған адам қол қояды.

6. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі хаттамаға қол қойып қабылдаудан бас тартқан жағдайда, хаттамаға оны толтырған адам тиісті жазба ж а с а й д ы .

7. Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескертпелер жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту уәждерін баяндауға құқылы, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Бұл адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға т и і с т і ж а з б а ж а с а л а д ы .

8. Осы бөлікте көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін, оның көшірмесі қолхат алынып, өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге дереу тапсырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама осы Кодекстің 634-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген, сондай-ақ осы баптың бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген негіздер бойынша өзіне қатысты іс қозғалған



адам болмаған кезде жасалған жағдайда, ол өзіне қатысты іс қозғалған адамға хабарлана отырып, тапсырыс хатпен почта арқылы жіберіледі.

Ескерту. Жол жүрісінің қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты хаттама жасау кезінде сәйкестендіру нөмірі ол бар болса , к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. 635-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2012.07.05 N 30-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **636-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар лауазымды адамдар**

1. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мыналардың құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар:

1 ) м ы н а л а р д ы ң :

ішкі істер органдарының (79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 83-1, 85-3, 86, 86-1, 87-3 , 87-4, 87-5, 96, 111, 111-1, 112 – 117, 135-1, 136, 136-1, 136-2, 136-3, 141-1, 143, 143-1, 147-1 (екінші бөлігі), 159, 162, 163 (үшінші және төртінші бөліктері), 163-2 , 163-3, 163-4, 203, 234-1, 283 (бірінші және үшінші бөліктері), 298 (екінші және 2 -1-бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 306-2, 314, 317-1 (азаматтық және қызметтік қаруларға және олардың патрондарына, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдардың айналымына байланысты химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 318-321, 324-1, 324-2, 328-2 ( екінші бөлігі), 330, 330-1 (екінші бөлігі), 331, 332, 334 (үшінші бөлігі), 335, 336 (1 -1, үшінші және төртінші бөліктері), 336-1 (үшінші бөлігі), 336-2 (үшінші бөлігі), 336-3 (екінші бөлігі), 336-4 (екінші бөлігі), 338 (бірінші бөлігі), 338-1 (бірінші, екінші, оныншы және он бірінші бөліктері), 339, 340, 341 (екінші бөлігі), 341-1, 344, 354-1, 355-357, 357-1, 357-7 (екінші бөлігі), 362, 362-1, 363, 365, 366, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігі), 370 (екінші бөлігі), 371 (екінші бөлігі), 372, 373, 374 ( бірінші-төртінші бөліктері), 374-1, 380 (екінші бөлігі), 380-2, 388, 390 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері), 394-1, 396 (төртінші бөлігі), 461 (3-1-бөлігі), 463 (екінші, үшінші бөліктері), 463-3 (үшінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 464-2 ( екінші бөлігі), 464-3 (екінші – төртінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 ( екінші бөлігі), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктері), 468-1, 468-2, 469 (екінші және үшінші бөліктері), 471 (бірінші, екінші, төртінші – он бірінші бөліктері), 473 (үшінші бөлігі), 474, 474-1, 474-2, 475, 477 (үшінші бөлігі), 484 (бірінші және екінші бөліктер), 500 (екінші бөлігі), 501, 514 (461-471-баптарда көзделген құқық

бұзушылықтар бөлігінде), 518, 521, 531-баптар);  
азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (314, 355, 356-баптар);  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның (225-1 (газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 226 (үшінші – бесінші бөліктері), 228, 229, 231 (екінші бөлігі), 233, 317-1 (өрт және жарылу қаупі бөлігінде машиналар мен жабдыққа, химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 355, 356-баптар);

жекелеген жерлер комендатураларының (362, 363-баптар);

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі органдарының: әскери полицияның (әскери қызметшілер мен жиындарға шақырылған әскери міндеттілер жасаған құқық бұзушылықтар туралы (461 (3-1-бөлігі), 463-3 (үшінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктері), 468-1, 468-2, 469 (екінші және үшінші бөліктері), 471 (бірінші, төртінші – он бірінші бөліктері), 473 (үшінші бөлігі), 474-1, 475 (үшінші бөлігі), 484 (бірінші бөлігі)-баптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын басқаратын адамдар (әскери қызметшілер мен жиындарға шақырылған әскери міндеттілерден басқа) жасаған барлық жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтар туралы);

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери жол полициясының (арнаулы мемлекеттік органдардың көлік құралдарын жүргізуші адамдар жасаған, осы Кодекстің 461 (3-1-бөлігі), 463-3 (бесінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 467, 468-2, 469, 477 (үшінші бөлігі)-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар туралы);

әскери полиция органдарының (388, 389-1, 512-1 – 512-5-баптар);

су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органның (124 (бірінші бөлігі), 278 (бірінші бөлігі), 356-баптар);

ветеринария саласындағы уәкілетті органның (317-1-бап (ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімдеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша));

орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы органдардың 147-1 (екінші бөлігі), 283 (бірінші, үшінші бөліктері), 298 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 306-2, 356, 357-1-баптар);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның (122, 240-2, 246 (екінші бөлігі), 283 (бірінші бөлігі) (бұл бұзушылықтар орман қорына кірмейтін аумақтарда жасалған кезде), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 306-1 (үшінші бөлігі), 306-3 (екінші және үшінші бөліктері), 317-1 (

химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша),  
3 5 6 - б а п т а р ) ;

жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының (124 (бұл құқық бұзушылықтар санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды бұзу болмаған кезде), 317-1, 356-баптар);

денсаулық сақтау органдарының (87-2, 317-1 (ойыншықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 322 (үшінші және төртінші бөліктері), 324, 326-328-баптар);

мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті органның (81 (бірінші бөлігі),  
8 2 , 1 3 0 - б а п т а р ) ;

туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның (158-3, 356, 357-3-баптар);  
ойын бизнесі саласындағы уәкілетті органның (168-3, 338 (бірінші бөлігі), 338  
- 1 - б а п т а р ) ;

өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі органдардың (308, 317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)-  
б а п т а р ) ;

тұқым шаруашылығы және астық рыногын реттеу саласындағы органдардың  
(3 5 6 (үшінші бөлігі) - бап);

биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органның (147-10-бап (екінші, алтыншы, жетінші, он үшінші (биоотын өндірісі бөлігінде) бөліктері);

биоотын айналымы саласындағы уәкілетті органның (147-10-бап (төртінші, бесінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші (биоотын айналымы бөлігінде)  
, он төртінші бөліктері);

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның (310-1 (1-  
1 және екінші бөліктері), 357-1-баптар);

ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның (317-1 (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын  
б ұ з у ш ы л ы қ б о й ы н ш а ) ;

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының (231 (екінші бөлігі), 232, 233, 235 (екінші бөлігі), 235-1 (төртінші бөлігі), 237, 278 (бірінші бөлігі),  
3 5 6 , 3 5 7 - 1 - б а п т а р ) ;

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Абзац 01.01.2015 дейін қолданыста болады - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен**

санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының (85 (төртінші және бесінші бөліктері), 140 (екінші бөлігі), 161 (төртінші және бесінші бөліктері), 163 (үшінші және төртінші бөліктері), 222 (бірінші бөлігі), 231 (екінші бөлігі), 233, 278 (бірінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 315, 317-1 (тамақ өнімдеріне,

ойыншықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 323 (екінші бөлігі), 324, 326-328, 356, 362, 494 (екінші б ө л і г і ) б а п т а р ;

ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның (317-1 (байланыс құралдарына қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 492 (екінші бөлігі), 494 (екінші бөлігі), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктері), 496 (екінші бөлігі) - баптар);

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның (356, 443 (бесінші бөлігі) және 484 (үшінші бөлігінде, әуе көлігінде бұзушылықтар жасағаны үшін)-баптар) ;

көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның (317-1 (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 356, 357-1, 442, 445-баптар);

көліктік бақылау органдарының (317-1 (көлік саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтар бойынша), 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 453 (екінші бөлігі), 454 (бірінші-үшінші бөліктері), 471 (екінші бөлігі), 484 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)-баптар);

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының (158 (бұл бұзушылықтарды аудиторлар, аудиторлық ұйымдар жасаса), 168-3, 168-5, 168-8, 175 (екінші бөлігі) (бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаса), 176 (үшінші бөлігі), 177, 177-1, 177-2, 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктері), 179-1, 183, 184, 184-1 (үшінші және бесінші бөліктерді қоспағанда), 1 8 5 - б а п т а р ) ;

ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органның (356-бап); қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (158, 167-1 (екінші және үшінші бөліктері), 168-1, 168-3, 184, 184-1 (үшінші және жетінші бөліктері), 190, 192, 200, 202, 356-баптар);

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Абзац 01.01.2015 дейін қолданыста болады - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен**

акцизделетін өнім өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органдардың (163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және он үшінші бөліктері), 213 (төртінші – алтыншы бөліктері), 214, 357-1, 357-2-баптар);

сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің (143-1, 151, 151-1, 206-2, 275-1, 355, 356, 357-3, 514, 514-3, 515, 516, 516-1, 517, 518, 519, 521, 522, 529, 533, 533-1, 534 , 5 3 5 , 5 3 7 - 1 - б а п т а р ) ;

мемлекеттік кіріс органдарының (136-3, 140 (екінші бөлігі), 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 151-1, 154, 154-1, 155, 155-2, 156, 157, 158-4, 159 (үшінші және төртінші бөліктері), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және он

үшінші бөліктері), 179 (бірінші және екінші бөліктері) 179-1, 200, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктері), 214, 275-1, 306-2, 355, 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 357-5, 374 (бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктері), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігі), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 – 430, 433, 514, 515, 516, 516-1, 517, 518, 519, 521, 522, 529-баптар, сондай-ақ 323 (екінші бөлігінде), 357-1, 461 (3-1-бөлігінде)-баптарда көзделген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша);

әділет органдарының (129, 145, 168-3, 175 (екінші бөлігі) (осы бұзушылықтарды жекеше нотариустар жасаған кезде), 353, 354, 354-2, 354-3, 356, 357-4, 357-5, 357-6, 376-баптар);

заңдарға сәйкес лицензиарлар болып табылатын органдардың (140 (екінші бөлігі), 192, 231 (екінші бөлігі), 232, 233, 235 (екінші бөлігі), 237, 302 (үшінші бөлігі), 342 (екінші бөлігі), 342-1 (бесінші бөліктің төртінші, бесінші, алтыншы абзацтары), 343 (бірінші бөлігі), 356, 356-1, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 357-3, 357-5, 477 (үшінші бөлігі)-баптар);

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы абзацқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (147-6 (2-1-бөлігі) 356-баптар);

кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның (153, 356, 357-3-баптар);

техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы органдар мен олардың аумақтық органдарының (161 (төртінші бөлігі), 317 (екінші және үшінші бөліктері), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктері), 338-1 (үшінші, тоғызыншы, оныншы және он екінші бөліктері), 356, 357-1, 496 (екінші бөлігі), 501-баптар);

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы абзац жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2012.07.04 № 25-V (2016.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдарының (127 (бірінші бөлігі), 147-13, 219-8 (екінші және үшінші бөліктері), 223– 225, 225-1 (электр мен жылу желілері жолдарының күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 356, 357-1-баптар);

индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті органның (317-1-бап (машиналар мен жабдықтар, химия өнімі, ойыншықтар қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар бойынша);

сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның (158-бап (бұл

бұзушылықтарды биржалық брокерлер және (немесе) биржалық дилерлер, сондай-ақ тауар биржалары қызметкерлері жасаса), 168-3-бап);

заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, бағалау қызметін реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (157-1, 158 (Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын бұзу бөлігінде), 356, 357-1, 357-4, 376-баптар);

мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның (147-11 (жетінші және тоғызыншы бөліктері), 147-12, 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі)-баптар);

атом энергетикасы жөніндегі органдардың (222, 315, 316, 317-1 (машиналар мен жабдықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)-баптар);

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 303 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 355, 388, 390 (екінші бөлігі), 391 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері)-баптар);

мемлекеттік құпияларды қорғау органдарының (344-бап (үшінші бөлігі) (мемлекеттік құпияларға байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін), 386-бап (үшінші бөлігі));

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (355, 362-1, 388-баптар);

күзету іс-шараларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің (135-1, 136, 160, 220, 323 (екінші бөлігі), 330, 331, 332, 333, 336 (1-1, үшінші және төртінші бөліктері), 355, 356-2, 362-1, 368, 369 (екінші бөлігі), 370, 371 (екінші бөлігі), 373, 388, 463 (1-1-бөлігі), 465, 472, 473, 529-баптар);

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (168-5, 168-8, 176 (үшінші бөлігі), 177-3, 177-4, 177-5, 184-1 (бесінші бөлігі), 309-5 (бірінші бөлігі), 356-баптар);

мемлекеттік еңбек инспекциясы органдарының (87 (бесінші және алтыншы бөліктері), 87-2, 317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 356-баптар);

білім беру саласындағы уәкілетті органның (87-2, 311-1 (жетінші бөлігі), 356, 357-1-баптар);

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (81 (екінші және үшінші бөліктері), 127 (екінші бөлігі), 163-6, 237-1, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктері), 309-2 (төртінші бөлігі), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 309-5 (екінші бөлігі), 342, 342-1 (бірінші, үшінші бөлік, бесінші бөліктің екінші, үшінші абзацтары), 343, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 346–352, 374-1, 375-баптар);

атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның (175-бап (екінші бөлігі) (осы бұзушылықтарды жеке сот орындаушылары жасаған кезде);

медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау органдарының 85 (төртінші және бесінші бөліктері), 85-1 (екінші бөлігі), 85-2 (екінші бөлігі), 322 (бесінші бөлігі) - баптар);

монополияға қарсы органның (147, 147-1 (екінші бөлігі)-баптар; діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (375-бап (екінші, алтыншы және тоғызыншы бөліктері (бұл бұзушылықтарды орталық мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жасаған кезде);

ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органның (230-1, 230-2-баптар);

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының (163-6, 226 (бірінші және екінші бөліктері) 349-баптар);

түзеу мекемелерінің немесе тергеу изоляторларының (367-бап); пошта байланысы саласындағы уәкілетті органның (168-3-бап) уәкілетті лауазымды адамдарының құқығы бар;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (356-бап);

2) сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілдік берген мемлекеттік сот орындаушылары, сот приставтары және соттардың басқа да қызметкерлері (513 – 524, 528 – 531-баптар);

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті қызметкерлері (158, 168-3, 179 (бірінші және екінші бөліктері), 179-1, 183, 187, 188 (екінші бөлігі), 356, 357-1, 357-5-баптар);

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері уәкілдік берген лауазымды адамдар (514-2-бап).

2. Осы Кодекстің 543 - 576-10-баптарында көрсетілген органдардың қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасауға осы органдардың оған уәкілдік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар. Одан басқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасауға:

көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының (175 (екінші бөлігі) (бұл бұзушылықтарды жолаушыларды тасымалдаушылар жасаған кезде), 451 (екінші бөлігі), 452, 453 (екінші және үшінші бөліктері), 454, 455 (үшінші бөлігі), 457, 477 (төртінші бөлігі), 478, 479, 480 (үшінші және төртінші бөліктері), 481 (автомобиль көлігінде және қалалық рельстік көлікте құқық бұзушылықтар жасағаны үшін)-баптарында);

орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті

органдардың мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдарының (121, 125, 126, 250, 252, 282 - 298-1, 299, 302 (екінші және үшінші бөліктері), 304 (бірінші және екінші бөліктері), 305 (бірінші және екінші бөліктері), 306 (бірінші және екінші бөліктері) - баптар);

жануарлар дүниесін қорғау мәселелерімен айналысатын аңшылық және балық аулау шаруашылығы қорықшыларының, директорларының (298, 298-1 (бірінші және екінші бөліктері) - баптар) құқығы бар.

Ескерту. 636-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 240, 2003.03.28 N 398, 2003.06.03 N 428, 2003.07.03 N 464, 2003.07.10 N 483, 2003.12.05 N 506, 2004.05.06 N 551, 2004.07.06 N 572, 2004.12.09 N 10, 2005.04.13 N 40 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.07.08 N 67 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.07.08 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.21 N 80, 2005.11.22 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-2-баптан қараңыз), 2006.01.10 N 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.05.05 N 139, 2006.06.22 N 147, 2006.07.05 N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 181 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.01.09 N 213, 2007.01.12 N 220 (2007.04.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.06 N 276, 2007.07.21 N 299, 2007.07.21 N 307, 2007.07.26. N 311, 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.21 N 304 (2008.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 N 34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 N 59-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.25 N 113-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 115-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.20 N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.05.04 N 156-IV (қолданысқа



енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08 жарияланды), 2009.05.04 N 157-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.04 N 166-IV, 2009.07.10. N 176-IV, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.07.10 N 178-IV, 2009.07.11 N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.16. N 186-IV, 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.09 N 197-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-б. қараңыз. 2009.11.13 жарияланды), 2009.12.04 N 215-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV, 2010.04.29 № 272-IV, 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.12 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 N 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.04.18 N 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 N 465-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.06 N 529-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 533-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.04 № 25-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 33-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 08.01.2013 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР 21.01.2013 N 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.01.2013 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 126-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 04.07.2013 № 127-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 15.01.2014 № 164-V ( алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 17.01.2014 N 166-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 07.03.2014 N 177-V ( алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк жиырма бiр күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Заңдарымен.

### **637-бап. Прокурордың әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iс қозғауы**

1. Прокурор осы Кодекстiң 80-87, 89-110-1, 111-2, 111-3, 151, 158-5, 168-3, 334-1, 342-344, 346-352, 353, 356-1, 356-2, 357-3, 366, 375, 381-1, 388-1, 513, 516-1, 521-1, 531, 537-баптарында көзделген әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iс қозғау жөнiнде қаулы шығарады.

2. Прокурор өзге де әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iс қозғау жөнiнде қаулы шығаруға құқылы.

3. Прокурордың әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iс қозғау жөнiндегi қаулысында осы Кодекстiң 635-бабында көзделген мәлiметтер болуы тиiс.

Ескерту. 637-бапқа өзгерiстер енгiзiлдi - ҚР 2002.08.09 N 346, 2003.03.13 N 394 , 2003.12.05 N 506 , 2004.07.09 N 583 , 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгiзiлдi), 2007.07.21 N 308 , 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгiзiледi), 2011.02.10 N 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 02.07.2013 № 111-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 04.07.2013 № 126-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 206-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **638-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мерзімдері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу фактісі анықталғаннан кейін дереу, «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған монополистік қызметті жүзеге асыру кезінде – тергеу немесе тексеру нәтижелері бойынша тиісті шешім қабылданғаннан кейін, салық салу не бюджет қаражатын пайдалану саласындағы, техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық бойынша – тиісті тексеру аяқталғаннан кейін, ал осы Кодекстің 710-1-бабында айқындалған тәртіппен айыппұл төленбеген жағдайда осы Кодекстің осы бабында белгіленген мерзім өткеннен кейін жасалады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлға жеке басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, ал осы Кодекстің 168, 168-6, 168-7, 169-баптарында, 172-2-бабының (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-бабының ( үшінші және төртінші бөліктерінде), 180, 182, 187, 188, 357-2 (бірінші бөлігі), 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылған кезде, екінші және үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде) және 467-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі материалдарды аумақтық филиалдарға беру кезінде құқық бұзушылық немесе оны жасаған адам табылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде жасалады.

3. Сараптама жүргізу талап етілетін жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптама қорытындысы алынған сәттен бастап бір тәулік ішінде жасалады.

3-1. 240 (бірінші бөлігінде), 250 (бірінші бөлігінде), 261, 265, 304 (екінші бөлігінде)-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшерін белгілеу талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшері белгіленген кезден бастап бір тәулік ішінде жасалады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген талаптар жеке адамның анықталмауына байланысты атқарылмауы мүмкін жағдайларда әкімшілік құқық

бұзушылық туралы хаттама осы бапта белгіленген мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі бойынша жасалады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар бойынша дәлелдеме ретінде сертификатталған, арнайы техникалық бақылау-өлшем құралдарының және аспаптарының деректері пайдаланылған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушы болмағанда да жасалуы мүмкін.

Ескерту. 638-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 240 , 2004.12.09 N 10 , 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.01.09 N 213 , 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **639-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайтын жағдайлар**

1. Ескерту немесе айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде, егер айыппұл бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса және тұлға (жеке тұлға, орган немесе заңды тұлғаны басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлға) құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаса және осы баптың 1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды . Қаржы және сауда саласындағы құқық бұзушылықты қоспағанда, ескерту түріндегі жазаны соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл түрінде жаза қолданылған кезде қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі квитанция беруді соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам ескертудің немесе төлем құжатының екінші данасына қол қою арқылы қолданылған жазаға өзінің келісетінін растайды .

1-1. Осы Кодекстің 539-бабының үшінші бөлігінде, 639-бабының үшінші бөлігінде аталған жағдайларды қоспағанда, жол жүрісі қауіпсіздігі саласында және автомобиль көлігі саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды.

Айыппұл түріндегі жазаны оған уәкілетті лауазымды адам осы Кодекстің 710-бабында белгіленген тәртіппен қолданады және төлетеді алады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелсе, айыппұл арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралының немесе аспабының көрсетулері қоса беріліп, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама түрінде рәсімделеді, бұл туралы көлік құралының меншік иесі (иесі) т и і с і н ш е х а б а р д а р е т і л е д і .

1-2. Істерді мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде, егер тұлға (заңды тұлғаны басқару функцияларын жүзеге асыратын жеке тұлға, орган немесе тұлға) әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаған және жаза қолдануға келіскен, сондай-ақ осы Кодекстің 710-1-бабына сәйкес айыппұл төлеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды.

2. Жеке тұлғалар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы арыз жазған жағдайда осы Кодекстің 80-113-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сот құқық бұзушылық туралы хаттама жасамай-ақ қарайды. Хаттама әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу прокурор қаулысымен қозғалған жағдайларда да және судья (сот) тікелей сот талқылауы барысында осы Кодекстің 541-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісін анықтаған кезде жасалмайды.

3. Егер адам осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде белгіленген тәртіппен қолданылатын жазаға дау айтса не әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жерде айыппұл төлеуге мүмкіндігі болмаса, осы Кодекстің 618-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданыла отырып, осы Кодекстің 635-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

**Ескерту. 639-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20 N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді), 2007.06.29 N 270 , 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **640-бап. Хаттаманы (прокурордың қаулысын) істі қарау үшін жіберу**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (прокурордың қаулысы) қарау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілдік берілген судьяға, органға (лауазымды адамға) жасалған кезден бастап үш тәулік ішінде ж і б е р і л е д і .

2. Жасағаны үшін жауаптылығы әкімшілік қамауға алуды қолдануға әкеп соғуы мүмкін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (прокурордың қаулысы) ол жасалғаннан кейін дереу судьяға жіберіледі.

3. Хаттаманы құқығы жоқ адам жасаған, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген жағдайларда, сондай-ақ осы Кодекстің 646-бабының 4) тармақшасында көзделген өзге де жағдайларда хаттаманың және басқа материалдардың кемшіліктері оларды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судья, орган (лауазымды адам) алған күннен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде жойылады. Түзетілген хаттама және істің басқа материалдары оларға енгізілген өзгерістерімен қоса әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судьяға, органға (лауазымды адамға) кемшіліктері жойылған күннен бастап бір тәулік ішінде қайта жіберіледі.

**Ескерту. 640-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 Заңымен.**

#### **641-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді істі қарауға бергенге дейін қысқарту**

Осы Кодекстің 580, 581-баптарында көзделген мән-жайлардың тым болмаса біреуі болған жағдайда істі жүргізіп жатқан лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қысқарту жөнінде қаулы шығарады.

### **38-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ**

#### **642-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын орын**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын лауазымды адамның (уәкілетті мемлекеттік органның) орналасқан жері бойынша қаралады.

2. Осы Кодекстің 246, 247, 447, 447-1, 447-3, 461-487-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер көлік құралдары, кемелер, соның ішінде шағын көлемді кемелер есепке алынған жер бойынша немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша да қаралуы мүмкін.

3. Осы Кодекстің 295, 296, 298, 298-1, 335 және 336-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер олар жасалған жер бойынша немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралуы мүмкін.

4. Кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе ата-аналарын

ауыстыратын адамдардың әкімшілік құқық бұзушылығы туралы істер өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралады.

**Ескерту. 642-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506 , 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **643-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға әзірлеу**

1. Судья, алқалы орган мүшесі, лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға әзірлеу кезінде мына мәселелерді:

- 1) бұл істі қарау өзінің құзыретіне жататынын;
- 2) бұл істі судьяның, алқалы орган мүшесінің, лауазымды адамның қарау мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың болуын;
- 3) осы Кодексте көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен басқа хаттамалардың дұрыс жасалғанын, сондай-ақ істің өзге де материалдарының дұрыс ресімделгенін;
- 4) іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың, сондай-ақ адамды әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуын;
- 5) өтінішхаттардың, оның ішінде кәмелетке толмаған адам қатысатын істер бойынша істі кәмелетке толмаған адамның тұрғылықты жеріндегі сотқа қарату туралы өтінішхаттардың және қарсылық білдірулердің болуын;
- 6) осы Кодекстің 584-588-баптарында аталған адамдарға іс қаралатын орын мен уақыт туралы хабарланғанын анықтайды.

2. Осы баптың бірінші бөлігі 1), 3) және 6) тармақшаларының талаптары осы Кодекстің 541-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қаралған сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істерге қолданылмайды.

**Ескерту. 643-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.29. N 270; 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **644-бап. Судьяның, алқалы орган мүшесінің, лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам, егер ол адам:

- 1) жауаптылыққа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың өкілдерінің, қорғаушының туысы болса;
- 2) істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса, бұл істі қарай алмайды.



Ескерту. 644-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**645-бап. Судьяның, алқалы орган мүшесінің, лауазымды адамның өздігінен бас тартуы және олардан бас тарту**

1. Осы Кодекстің 644-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам өзінің бас тартатыны туралы мәлімдеуге міндетті.

2. Осы Кодекстің 644-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде, өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке тұлғаның заңды өкілдері мен заңды тұлғаның өкілдері, қорғаушы, прокурор судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы.

3. Өздігінен бас тарту, олардан бас тарту туралы мәлімдеме тиісті соттың төрағасына, алқалы органның басшысына, жоғары тұрған лауазымды адамға беріледі.

4. Өздігінен бас тарту, олардан бас тарту туралы мәлімдемені соттың төрағасы, алқалы орган, жоғары тұрған лауазымды адам ол түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарайды.

5. Өздігінен бас тарту, олардан бас тарту туралы мәлімдемені қарау нәтижелері бойынша мәлімдемені қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

Ескерту. 644-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**646-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде судья, орган (лауазымды адам) қабылдайтын шешім**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде судья, орган (лауазымды адам) мынадай шешім қабылдайды:

1) істі қарайтын уақыт пен орын тағайындау туралы;  
2) іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды сұрап алдыру туралы. Қажет болған жағдайда судья сараптама тағайындауға да құқылы;

3) істі қарауды кейінге қалдыру туралы;

4) құқығы жоқ адамдар хаттама жасаған және істің басқа материалдарын ресімдеген, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген не тапсырылған материалдар толық болмаған, істі қарау кезінде оны толықтыру мүмкін емес жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы

хаттаманы және істің басқа материалдарын хаттама жасаған органға (лауазымды адамға) кері қайтару туралы;

5) егер бұл істі қарау өзінің құзыретіне жатпаса не судьядан, лауазымды адамнан бас тарту туралы ұйғарым шығарылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын ведомстволық бағыныстылық бойынша қарауға беру туралы;

6) осы Кодекстің 642-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарауға беру туралы;

7) осы Кодекстің 580-581-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде іс жүргізуді қысқарту туралы.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің 1)-6) тармақшаларында көзделген шешімдер ұйғарым түрінде шығарылады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көзделген шешім қаулы түрінде шығарылады.

3-1. Судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) іс жүргізуде бір адамға қатысты қозғалған екі немесе одан да көп істер барын анықтай отырып, осы істерді бірге қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы.

4. Осы Кодекстің 584-бабының төртінші бөлігінде, 586-бабының алтыншы бөлігінде және 594-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда жауаптылыққа тартылып отырған адамның, оның өкілінің, куәнің дәлелсіз себептермен келмей қалуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қайта қарауға әзірлеу кезінде істі қарайтын судья, орган (лауазымды адам) аталған адамдарды алып келу туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

**Ескерту. 646-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **647-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мерзімдері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқықты судья, орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын алған күннен бастап он бес күн мерзімде қаралады.

1-1. Сот талқылауы барысында анықталған процеске қатысушы адамның тарапынан сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі туралы істі судья (сот) соттың бірінші, апелляциялық немесе қадағалау инстанциясындағы тікелей осы отырысында қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушылардан өтініштер түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істің қаралу мерзімін істі қараушы судья, орган (лауазымды адам)

ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспайтын, ал, салық міндеттемесін орындауға байланысты істер бойынша, шағым беру мерзімінің кезеңіне ұзартуы мүмкін.

3. Жасалуы әкімшілік қамауға, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеліп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен істің басқа материалдары алынған күні, ал әкімшілік ұстауға ұшыраған адам жөнінде - ол ұсталған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей қаралады.

**Ескерту. 647-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506 , 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.06.29. N 270 Заңдарымен.**

### **648-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау тәртібі**

1. Алқалы орган отырысында төрағалық етуші судья немесе лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

1) істі кім қарайтынын, қандай іс қаралғалы жатқанын, кім және осы Кодекстің қай бабы негізінде жауапқа тартылып отырғанын хабарлайды;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылып отырған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне к ө з ж е т к і з е д і ;

3) іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке тұлғаның заңды өкілдерінің немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының өкілеттіктерін т е к с е р е д і ;

4) іс жүргізуге қатысушылардың келмей қалу себептерін анықтайды және аталған адамдар жоқта іс қарау туралы не іс қарауды кейінге қалдыру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

5) қажет болған жағдайларда іс қарау кезінде қатысуы міндетті адамды алып келу туралы ұйғарым шығарады, аудармашы тағайындайды;

6) іс қарауға қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін т ү с і н д і р е д і ;

7) мәлімделген бас тартуларды және өтініш жасауларды шешеді;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған жағдайда - өзге де материалдарды оқып береді;

9) іс қарауды кейінге қалдыру туралы: егер іс қараушы судьяның не лауазымды адамның, сондай-ақ алқалы орган мүшесінің өздігінен бас тартуы немесе одан бас тарту істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, бас тарту мәлімделуіне; егер қорғаушыдан, уәкілетті өкілден, сарапшыдан немесе аудармашыдан бас тарту істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, аталған бас тартуға; істі қарауға қатысушы адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдар сұрап алу қажеттігіне байланысты, сондай-ақ осы Кодекстің 56-

бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ұйғарым шығарады. Қажет болған жағдайда судья (лауазымды адам) сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады ;

10) осы Кодекстің 646-бабында көзделген жағдайларда істі мәні бойынша қарауға беру туралы ұйғарым шығарады.

1-1. Төрағалық етуші тікелей сот талқылауы барысында процеске қатысушы адамның тарапынан сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісін анықтап, факті туралы жариялай отырып, осы баптың бірінші бөлігі 2), 4), 8) және 10) тармақшаларының талаптарын сақтамастан, кінәлі адамға осы Кодекстің 513-бабында көзделген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы.

Процеске қатысушы адамның тарапынан тікелей сот талқылауы барысында сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісін анықтау осы сот отырысының хаттамасында тіркеледі .

2. Алқалы органның отырысында төрағалық етуші судья немесе лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кірісіп, іс бойынша өздеріне қатысты іс жүргізіліп жатқан жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілінің түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысатын басқа адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдемелерді зерттейді, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысын тыңдайды .

3. Қажет болған жағдайларда осы Кодексте көзделген басқа да іс жүргізу іс-әрекеттері жүзеге асырылады.

**Ескерту. 648-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.03.02. N 131, 2007.06.29. N 270, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **649-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде анықтауға жататын мән-жайлар**

Судья, орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанын, осы адамның соны жасауға кінәлілігін, оның ол әкімшілік жауаптылыққа жататынын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың болуын, мүліктік залал келтірілгенін анықтауға, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

### **650-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шешімдердің түрлері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, судья, орган (лауазымды адам) мына қаулылардың бірін шығарады:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы;
- 2) іс жүргізуді қысқарту туралы;

3) істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзге түрде немесе мөлшерде жаза қолдануға құқылы судьяның, органның (лауазымды адамның) қарауына беру туралы, сондай-ақ осы Кодекстің 642-бабында көзделген жағдайларда істі көлік құралы (кеме, соның ішінде шағын көлемді кеме) есепте тұрған жер бойынша қарауға беру туралы;

4) (алып тасталды - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).

1-1. Көлік құралын жүргізушіні жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтиханды тапсыруға жіберген кезде жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілген адамға беріледі.

1-2. Өзіне қатысты іс қаралған адамның іс-әрекеттерінде осы Кодекстің басқа бабында немесе 2-бөлімі ерекше бөлімінің бабының бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, сот құқық бұзушылықтың саралануын заңның онша қатаң емес әкімшілік жаза көздейтін бабына немесе бабының бөлігіне өзгертуге құқылы.

2. Іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы:

1) осы Кодекстің 580-бабында көзделген іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болған;

2) осы Кодекстің 581-бабында көзделген әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған;

3) осы Кодекстің 35-бабына сәйкес адамды тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдарын тиісті органдарға беретін жағдайларда шығарылады.

Ескерту. 650-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

### **651-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда:

1) қаулыны шығарған судьяның, лауазымды адамның лауазымы, аты-жөні, алқалы органның атауы мен құрамы;

2) істің қаралған күні мен орны;

3) өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен реквизиттері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды

тұлғалар үшін - атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу нөмірі және тіркелген күні, сәйкестендіру нөмірі және банк реквизиттері;

3-1) қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі;

4) осы Кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы;

5) істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар;

6) іс бойынша шешім;

7) қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі;

8) айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімі көрсетілуге тиіс.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы дәлелді болуы тиіс

Егер судья әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде кінәлінің мүліктік залалды өтеуі туралы мәселені бір мезгілде шешсе, қаулыда өтеуге жататын залалдың мөлшері, оны өтеу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру туралы шешім шығарылған кезде, Қазақстан Республикасының аумағынан шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның сол мерзім ішінде кетуі тиіс ақылға қонымды мерзім көрсетіледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда жеке адамда болған алынып қойылған заттар мен құжаттар туралы, заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлік туралы мәселелер шешілуге тиіс, бұл кезде:

1) әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралдары не нысанасы болған және әкімшілік жауапқа тартылған жеке адамға немесе заңды тұлғаға тиесілі заттар осы Кодекстің 2-бөлімінің Ерекше бөлімі нормаларының санкцияларында көзделген жағдайларда тәркіленеді не тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады, қалған жағдайларда тиесілі адамына қайтарылады;

2) айналысына тыйым салынған заттар тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады;

3) құнды емес және пайдаланыла алмайтын заттар жойылуға жатады, ал мүдделі адамдар өтініш жасаған жағдайларда оларға берілуі мүмкін;

4) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар істе оның бүкіл сақталу мерзімі ішінде қалады не мүдделі адамдарға беріледі.

4. Алқалы органның қаулысы отырысқа қатысқан алқалы орган мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарған судья, алқалы органның отырысында төрағалық еткен лауазымды адам қол

Қ О Я Д Ы .

Ескерту. 651-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2006.01.20 N 123 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізілді), 2006.06.22 N 147, 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 314 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 № 467-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

**652-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыны хабарлау және қаулының көшірмесін тапсыру**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы іс қаралып біткен соң дереу хабарланады.

2. Өздеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (лауазымды адамға) қаулының көшірмесі ол хабарланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады және (немесе) жіберіледі. Әкімшілік қамаққа алу туралы қаулы шығарылған жағдайда қаулының көшірмесі дереу прокурорға жіберіледі.

3. Ұйым атыс қаруын, сондай-ақ оқ-дәріні қызметтік міндеттерін орындауына байланысты сеніп берген немесе уақытша пайдалануға берген адам жөнінде осы Кодекстің 332 және 369-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының көшірмесі тиісті ұйымға жіберіледі.

Ескерту. 652-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05. N 506, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**653-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша ұйғарым**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша ұйғарымда, шағым беру мерзімі мен тәртібін қоспағанда, осы Кодекстің 651-бабының бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.

**654-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы**

**ұсыныс**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған кезде, сондай-ақ әкімшілік заңнаманы бұзушылық болған кезде судья жеке қаулы шығарады, ал орган (лауазымды адам) тиісті ұйымға және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізеді.

2. Ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдар жеке қаулыны және ұсынысты оны алған күннен бастап бір ай ішінде қарауға және ұсыныс енгізген судьяға, органға (лауазымды адамға) қолданылған шаралар туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Ескерту. 654-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.12.05. N 506 Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

## **39-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢДЫ КҮШНЕ ЕНБЕГЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУ**

### **655-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым беру, наразылық келтіру құқығы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға осы Кодекстің 584-588-баптарында аталған адамдар шағым бере алады, сондай-ақ прокурор на р а з ы л ы қ к е л т і р е а л а д ы .

2. Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот судьяларының әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым берілуі, наразылық б і л д і р і л у і м ү м к і н .

2-1. Судья (сот) сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі туралы іс бойынша осы Кодекстің 648-бабы 1-1-бөлігінің тәртібімен шығарған қаулыға жоғары тұрған инстанциядағы сотқа шағым берілуі, наразылық келтірілуі мүмкін. Ж о ғ а р ғ ы С о т а л қ а с ы н ы ң с о т қ а құрметтемеушілік білдіру фактісі туралы іс бойынша сот отырысында шығарған қаулысы қ а й т а қ а р а л у ғ а ж а т п а й д ы .

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша орган (лауазымды адам) шығарған қаулыға жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе орган (лауазымды адам) тұрған жер бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотқа шағым беріліп, наразылық келтірілуі м ү м к і н .

Ескерту. 655-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09 N 346 , 2003.07.02 N 451 , 2007.06.29 N 270 , 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.



**656-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым беру, наразылық келтіру тәртібі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым іс бойынша қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жіберіледі, олар шағым, наразылық түскен күннен бастап үш күн мерзім ішінде оларды істің бүкіл материалдарымен тиісті сотқа, жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) жіберуге міндетті.

1-1. Сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі туралы іс бойынша қаулыға осы Кодекстің 655-бабының 2-1-бөлігіне сәйкес шағым берілген, наразылық келтірілген жағдайда, сот отырысы хаттамасынан фактінің анықталуы бөлігіндегі көшірмені сот қаулыға қоса тіркейді.

2. Шағымды, наразылықты қарауға уәкілетті сотқа, жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) шағым берілуі, наразылық келтірілуі мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша орган (лауазымды адам) шығарған қаулыға тікелей сотқа шағым беру тәртібі азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленеді.

3. Судьяның әкімшілік қамауға алу түрінде жаза қолдану туралы қаулысына шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа шағым, наразылық алынған күні жолдануға тиіс.

4. Егер шағымды, наразылықты қарау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым берілген, наразылық келтірілген судьяның құзыретіне жатпайтын болса, шағым, наразылық ведомстволық бағыныстылық бойынша жіберіледі.

**Ескерту. 656-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.29 . N 270 Заңымен.**

**657-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым беру, наразылық келтіру мерзімі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап он күн ішінде, ал егер осы Кодекстің 584-588-баптарында аталған адамдар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап берілуі мүмкін.

Салықтық тексеру нәтижелері бойынша анықталған, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салық міндеттемесінің немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттемелердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты шығарылған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық

қаулы көшірмесі тапсырылған немесе алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның арызы бойынша шағымды қарауға құқылы сот, орган (лауазымды адам) бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.

**Ескерту. 657-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **658-бап. Шағымның (наразылықтың) мазмұны**

1. Шағым (наразылық) жазбаша түрде беріледі және онда:

1) шағым беріліп отырған соттың, жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) атауы;

2) шағым немесе наразылық берушінің аты-жөні (заңды тұлғаның дәл атауы), тұрақты тұрғылықты жері немесе орналасқан жері (пошталық мекен-жайы);

3) құқықтық актісіне немесе әрекетіне наразылық беріліп отырған органның немесе мекеменің атауы не лауазымды адамның тегі мен лауазымы;

4) шағым беріліп немесе наразылық келтіріліп отырған құқықтық актінің немесе іс-әрекеттің мазмұны, сондай-ақ шағым немесе наразылық беруші құқықтық акт немесе іс-әрекеттер өзінің құқықтары мен бостандықтарын бұзды деп есептейтін себептер;

5) шағым немесе наразылық беруші айқын тұжырымдаған өтініш көрсетілуге тиіс.

2. Шағымға немесе наразылыққа оны беруші қол қояды. Заңды тұлға атынан берілетін шағымға оның өкілі немесе осыған уәкілеттік берілген басқа адам қол қояды.

3. Егер шағым немесе наразылық басқа адамның мүддесі үшін берілсе, онда мүддесін көздеп шағым немесе наразылық беріліп отырған адамның атын және тегін, тұрақты тұрғылықты жерін немесе орналасқан жерін (пошталық мекен-жайын) көрсету қажет. Шағымға өкілеттікті растайтын құжат қоса тіркеледі.

4. Шағым немесе наразылық екі дана етіп беріліп, орган, мекеме немесе лауазымды адам шығарған шағым беріліп немесе наразылық келтіріліп отырған құқықтық акт, сондай-ақ шағымда немесе наразылықта негіздеуге дәлелге келтірілген өзге де құжаттар қоса тіркеледі.

**Ескерту. 658-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**659-бап. Шағым берілуіне немесе наразылық келтірілуіне байланысты қаулының орындалуын тоқтата тұру**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде әкімшілік жаза қолданылған жағдайларды қоспағанда, белгіленген мерзімде шағым беру әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын шағым қаралғанға дейін тоқтата тұрады.

2. Прокурордың әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын олардың заңдылығын тексеру кезінде тоқтата тұруға, уәкілетті лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) қосымша тексеру жүргізуге жазбаша нұсқау беруге құқығы бар. Тексеру нәтижелері бойынша прокурор тиісті органға қаулының күшін жою немесе оны өзгерту туралы наразылық енгізеді немесе қаулының орындалуын тоқтата тұрудың күшін жояды.

3. Прокурордың наразылық келтіруі қаулының орындалуын наразылық қаралғанға дейін тоқтата тұрады.

### **660-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарау мерзімдері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық олар келіп түскен күннен бастап он күн мерзімде қаралуға тиіс.

2. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыға берілген шағым, наразылық, егер жауапқа тартылған адам әкімшілік қамауға алуды өтеп жатса, шағым немесе наразылық берілген кезден бастап бір тәулік ішінде қаралуға тиіс.

### **661-бап. Судьяның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулысына шағымды, наразылықты судьяның жеке-дара қарауы**

Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот судьясының әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулысына шағымды, наразылықты жоғары тұрған соттың судьясы жеке-дара қарайды.

Сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі туралы іс бойынша соттың қаулысына судья (сот) осы Кодекстің 648-бабының 1-1-бөлігінде көзделген тәртіппен шығарған шағымды, наразылықты жоғары тұрған соттың судьясы жеке-дара қарайды, ал осындай қаулыны апелляциялық немесе қадағалаушы сот инстанциялары шығарған жағдайда, жоғары тұрған инстанциядағы сот алқасы қарайды.

**Ескерту. 656-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.06.29. N 270 , өзгерту енгізілді - 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **662-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға әзірлеу**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға әзірлеу кезінде судья, жоғары тұрған орган, лауазымды адам :

- 1) іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың бар-жоғын анықтайды;
- 2) өтініштерді шешеді, қосымша материалдарды сұрап алады, шағымды, наразылықты қарау үшін қатысуы қажет деп танылған адамдарды шақырады; қажет болған жағдайда судья сараптама тағайындайды;
- 3) егер шағымды, наразылықты қарау өзінің құзыретіне жатпаса, оларды бүкіл материалдарымен қоса ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді.

### **663-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарау**

1. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға кіріскенде:

- 1) шағымды, наразылықты кім қарайтынын, қандай шағым, наразылық қаралуға тиіс екенін, шағымды, наразылықты кім бергенін хабарлайды;
- 2) іс бойынша өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ шағымды, наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған адамдардың келгеніне көз жеткізеді;
- 3) жеке немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының және өкілдің өкілеттігін тексереді;
- 4) іс жүргізуге қатысушылардың келмей қалу себептерін анықтайды және олар жоқта шағымды, наразылықты қарау туралы не шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;
- 5) шағымды, наразылықты қарауға қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

б) мәлімделген қарсылық білдірулерді және өтініштерді шешеді;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты, ал қажет болған жағдайда өзге де материалдарды жариялайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарау кезінде істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша шығарылған қаулының заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) шағым, наразылық дәлелдерімен байланып қалмайды және істі толық көлемінде тексереді, бұл орайда ол жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдемелерді зерттеуге құқылы.

3. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) шақырылған адамдардың келмей қалуына, іс бойынша қосымша материалдар сұратылуына, сараптама тағайындауға байланысты және бұл шағымды, наразылықты толық, жан-жақты әрі объективті қарау үшін қажет болған басқа жағдайларда шағымның, наразылықтың қаралуын кейінге қалдыруға құқылы.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген ережелер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша судья (судья) шығарған қаулыға шағымдарды, наразылықтарды жоғары тұрған соттың судьясы (жоғары тұрған

инстанциядағы сот) қараған жағдайда да қолданылады. Әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарған қаулыға шағымдарды, наразылықтарды соттың қарау тәртібі азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленеді.

5. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым сотқа және жоғары тұрған лауазымды адамға бір мезгілде келіп түссе, шағымды сот қ а р а й д ы .

**Ескерту. 663-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.06.29. N 270, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**664-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі шешім**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарап, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) мына шешімдердің бірін:

1) қаулыны өзгертпей, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырмай қалдыру т у р а л ы ;

2) қаулыны өзгерту туралы;

3) осы Кодекстің 68 және 580, 581-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ қаулы шығарылғанда негізге алынған мән-жайлар дәлелденбеген кезде қаулының күшін жою және істі қысқарту туралы;

4) іс бойынша қаулының күшін жойып, жаңа қаулы шығару туралы;

5) егер шағымды, наразылықты қарау кезінде қаулыны құқығы жоқ судья, орган (лауазымды адам) шығарғаны анықталса, қаулының күшін жойып, істі ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға жіберу туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

2. Шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша шешім іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөнінде ұйғарым түрінде шығарылады. Осы баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген жағдайда іс бойынша шығарылған ұйғарымда, сондай-ақ қаулыда осы Кодекстің 651-бабының бірінші бөлігінде аталған мәліметтер болуға тиіс.

3. Жоғары тұрған сот судьясының, мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот судьясының, төрағасының қаулысына шағым, наразылық бойынша ұйғарымы, сондай-ақ судьяның осы баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген жағдайда шығарылған қаулысы түпкілікті болып табылады және осы Кодекстің 40-тарауында көзделген тәртіппен наразылық келтірілуі мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөнінде жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) ұйғарымына азаматтық іс

жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым берілуі, наразылық келтірілуі мүмкін.

Ескерту. 664-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02 N 451 , 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**665-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жою немесе оны өзгерту негіздері**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жоюға немесе өзгертуге және қаулы шығаруға:

1) судьяның, органның (лауазымды адамның) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда баяндалған істің нақты мән-жайлары туралы тұжырымдарының шағымды, наразылықты қарау кезінде зерттелген дәлелдемелерге сай келмеуі;

2) әкімшілік жауаптылық туралы заңды дұрыс қолданбау;

3) осы Кодекстің іс жүргізу нормаларының елеулі түрде бұзылуы;

4) қаулымен қолданылған әкімшілік жазаның жасалған құқық бұзушылық сипатына, кінәлінің жеке басына немесе заңды тұлғаның мүліктік жағдайына сай келмеуі негіздемелер болып табылады.

**666-бап. Судьяның, органның (лауазымды адамның) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда баяндалған істің нақты мән-жайлары туралы тұжырымдарының шағымды, наразылықты қарау кезінде зерттелген дәлелдемелерге сай келмеуі**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда баяндалған істің нақты мән-жайлары туралы тұжырымдар шағымды, наразылықты қарау кезінде зерттелген дәлелдемелерге сай келмейтінін анықтап, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) бұл қаулының күшін толық немесе ішінара жояды және шағымды, наразылықты қарау нәтижелеріне сәйкес жаңа қаулы шығарады.

2. Жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) шағымды, наразылықты қарау процесінде зерттелген дәлелдемелерді бағалай келіп, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулымен анықталмаған немесе қаулы шығарған судья, орган (лауазымды адам) назарға алмаған фактілерді дәлелденді деп тануға құқылы.

**667-бап. Әкімшілік жауаптылық туралы заңды дұрыс қолданбау**

1. Мыналар әкімшілік жауаптылық туралы заңды дұрыс қолданбау болып табылады :

1) осы Кодекстің 1-бөлімінің және 2-бөлімі Жалпы бөлімінің талаптарын бұзу ;

2) осы Кодекстің 2-бөлімі Ерекше бөлімінің қолданылуға жататын бабынан немесе бабының бөлігінен басқасын қолдану;

3) осы Кодекстің 2-бөлімі Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында көзделгеннен неғұрлым қатаң әкімшілік жаза қолдану.

2. Жасалған әрекетке шағымды, наразылықты қарау нәтижесінде берілген заңдық бағаны дұрыс емес деп танып, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) құқық бұзушылықтың жіктелуін заңның онша қатаң емес әкімшілік жаза көзделетін бабына өзгертуге құқылы.

3. Жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша неғұрлым қатаң әкімшілік жаза көзделетін заңды қолдануға немесе жәбірленуші (прокурор) осы негіздер бойынша шағым (наразылық) берген жағдайда ғана неғұрлым қатаң әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

### **668-бап. Осы Кодекстің іс жүргізу нормаларының едәуір бұзылуы**

1. Іс жүргізу және оны қарау кезінде осы Кодекс принциптерінің және іске қатысушы адамдардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды тарылту, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу рәсімдерін сақтамау немесе істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге өзге жолмен кедергі келтіру арқылы заңды және негізделген қаулы шығаруға ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін өзге де жалпы ережелерінің бұзылуы осы Кодекстің іс жүргізу нормаларының едәуір бұзылуы деп танылады.

2. Іс жүргізудің біржақтылығы немесе толық еместігі іс үшін маңызы болуы мүмкін жол берілетін дәлелдемелерді зерттеуден қате шығарып тастаудың немесе дәлелдемелерді зерттеуден негізсіз бас тартудың; міндетті түрде зерттеуге жататын дәлелдемелерді зерттемеудің нәтижесі болған кезде қаулының күші жойылуға тиіс.

### **3 . Е г е р :**

1) осы Кодекстің 577, 580, 581-баптарында көзделген негіздер болған жағдайда іс жүргізу қысқартылмаған болса;

2) қаулыны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті емес судья, орган (лауазымды адам) шығарса;

3) іс қатысуы заң бойынша міндетті болып табылатын қорғаушының қатысуынсыз қаралса немесе өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушы алу құқығы өзге де жолмен бұзылса;

4) өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамның ана тілін немесе өзі білетін тілді және аудармашы қызметін пайдалану құқығы бұзылса;

5) өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамға істің мән-жайлары туралы түсініктеме беру құқығы берілмесе;

6) қаулыға осы Кодекстің 651-бабының бесінші бөлігінде аталған адамдардан қайсы біреуінің қолы қойылмаса, қаулының барлық жағдайда күші жойылуға т и і с .

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде осы баптың үшінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген іс жүргізу нормаларының бұзылуына жол берілгендігін анықтаған соң жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс бойынша қаулының күшін жояды және іс жүргізуді қ ы с қ а р т а д ы .

5. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде іс жүргізу нормаларының қандай да болсын өзгеше едәуір бұзылуына жол берілген болса, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс қарауды жүргізе отырып, бұл орайда жол берілген құқық бұзушылықты жоюға шаралар қолданады, сонан соң тиісті мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот судьясының, төмен тұрған органның (лауазымды адамның) қаулысының күшін жояды және іс қараудың нәтижелерін ескере отырып, жаңа қаулы шығарады.

**Ескерту. 668-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02 N 451 , 2003.12.05 N 506 , 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**669-бап. Қаулымен қолданылған әкімшілік жазаның жасалған құқық бұзушылық сипатына, кінәлінің жеке басына немесе заңды тұлғаның мүліктік қаржы жағдайына сай келмеуі**

1. Қаулымен қолданылған әкімшілік жазаны оның тым қатаңдығы салдарынан әділ емес, жасалған құқық бұзушылық сипатына, кінәлінің жеке басына немесе заңды тұлғаның мүліктік жағдайына сай келмейді деп танып, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) әкімшілік жаза қолданудың жалпы ережелерін басшылыққа ала отырып, жазаны ж ұ м с а р т а д ы .

2. Жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) кінәліге (заңды тұлғаға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулымен белгіленген неғұрлым қатаң жаза қолдануы мүмкін, бірақ оны осы негіз бойынша прокурор наразылық келтірген немесе жәбірленуші шағым берген жағдайда қолданады.



**670-бап. Іс жүргізуді қысқарту туралы қаулының күшін жою немесе оны өзгерту**

1. Жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс жүргізуді қысқартудың негізсіздігіне жәбірленушінің шағымы бойынша не прокурордың наразылығы бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығара отырып, іс жүргізуді қысқарту туралы қаулының күшін жоюы мүмкін.

2. Іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы өзі жөнінде іс жүргізу қысқартылған адамның шағымы бойынша қысқарту негіздемесі бөлігінде өзгертілуі мүмкін.

**671-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарымды жария ету**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарым ол шығарылғаннан кейін дереу жария етіледі.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарымның көшірмесі ол шығарылғаннан кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде іс бойынша өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, өзі шағым берген жағдайда немесе оның өтініші бойынша жәбірленушіге, наразылық келтірген прокурорға тапсырылады немесе жіберіледі.

3. Әкімшілік қамауға алу туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарым қаулыны орындаушы органның (лауазымды адамның), сондай-ақ өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның назарына ұйғарым шығарылған күні жеткізіледі.

Ескерту. 671-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**40-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢДЫ КҮШНЕ ЕНГЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ШАҒЫМДАРДЫ, НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ ҚАРАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙҒАРЫМДАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУ**

**672-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі ұйғарымдарды қайта қараудың ерекше тәртібі**

1. Осы Кодекстің 674-бабының бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдардың наразылығы бойынша, мамандандырылған аудандық және оған

теңестірілген әкімшілік соттар және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар судьяларының шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша күшіне енген қаулылары, мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттар және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттардың судьяларының, аудандық және оған теңестірілген соттар төрағаларының қаулыларына шағым, наразылық бойынша аудандық және оған теңестірілген соттар төрағаларының, жоғары тұрған соттар судьяларының ұйғарымдары, сондай-ақ осы Кодекстің 664-бабының бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген жағдайда судьялар (аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары) шығарған қаулылар сот тәртібімен қайта қаралуы мүмкін. Сондай-ақ судья (сот) осы Кодекстің 648-бабының 1-1-бөлігінде көзделген тәртіппен шығарған сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулылар, Жоғарғы Сот алқасының қаулыларын қоспағанда, сот тәртібімен қайта қаралуы мүмкін. Соттың әкімшілік жауапқа тартылған адамның не өзі жөнінде әкімшілік іс жүргізу тоқтатылған адамның жағдайын нашарлататын жағына қарай қайта қарауына соттың немесе уәкілетті мемлекеттік органның қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде жол беріледі.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттың заңды күшіне енген қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп таныған жағдайда, осы Кодекстің 674-бабының бірінші және екінші бөліктерінде аталған тұлғалардың наразылығы бойынша қайта қаралады.

Ескерту. 672-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09 N 346 , 2003.07.02 N 451 , 2007.06.29 N 270 , 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**673-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі ұйғарымдарды қайта қарауға құқықты соттар**

Осы Кодекстің 672-бабында аталған заңды күшіне енген қаулыларды және ұйғарымдарды облыстық және оларға теңестірілген соттардың алқалары, ал осы Кодекстің 672-бабында көрсетілген сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істер бойынша қаулыларды жоғары тұрған инстанциядағы сот алқасы

Ескерту. 673-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.29  
. N 270 Заңымен.

**674-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша  
қаулыларға және оларға шағымдарды,  
наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі  
ұйғарымдарға наразылық келтіру**

1. Осы Кодекстің 672-бабында аталған заңды күшіне енген қаулыларға және ұйғарымдарға наразылық келтіру құқығы Бас Прокурорға, оның орынбасарларына, облыстардың прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарларына берілген.

2. Осы Кодекстің 672-бабында аталған заңды күшіне енген қаулыларды және ұйғарымдарды қайта қарау туралы өтініштер жасауға әкімшілік жауапқа тартылған адамның, жәбірленушінің, аталған адамдардың қорғаушыларының, заңды өкілдері мен өкілдерінің құқығы бар.

Ескерту. 674-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09  
. N 346 Заңымен.

**675-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының  
орындалуын тоқтата тұру**

1. Осы Кодекстің 674-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдардың осы Кодекстің 674-бабында аталған, заңды күшіне енген қаулыларға және ұйғарымдарға наразылық келтіруі бұл қаулылардың, ұйғарымдардың орындалуын тоқтата тұрады.

2. Осы Кодекстің 674-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдардың судья шығарған әкімшілік қамауға алу туралы қаулыға наразылық келтіруі бұл қаулының орындалуын тоқтата тұрмайды.

**676-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер  
бойынша заңды күшіне енген қаулыларды  
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында  
қайта қарау**

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және оның орынбасарларының наразылығы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Алқасы заңды күшіне енген әкімшілік құқық бұзушылық туралы кез келген іс бойынша қаулының, сол сияқты қаулыға шағымды, наразылықты қарау нәтижелері жөніндегі ұйғарымның (қаулының) заңдылығы мен негізділігін тексеруге және қабылданған шешімді қайта қарауға құқылы.

Ескерту. 676-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09  
. N 346 Заңымен.

**41-тарау. АҚТАУ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТІ ҚАРАУҒА УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ (ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ) ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ**

**677-бап. Әкімшілік жауапқа тартылған адамның кінәсіздігін тану жолымен ақтау**

1. Өзіне қатысты судьяның, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) осы Кодекстің 580-бабы бірінші бөлігінің 1) – 7) және 11) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша істі тоқтату туралы қаулысы шығарылған адам кінәсіз деп есептеледі және оның Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарына қандай да болсын шектеулер қоюға болмайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамды ақтау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттері нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеу жөнінде заңда көзделген шаралардың бәрін қолдануға тиіс.

**Ескерту. 677-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 127-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**678-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) кінәсіне қарамастан, заңсыз әкімшілік ұстау, әкімшілік қамау, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану нәтижесінде адамға келтірілген зиян республикалық бюджеттен толық көлемінде өтеледі.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтетуге:

- 1) осы Кодекстің 584-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдардың;
- 2) егер іс бойынша іс жүргізу әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болуына қарамастан басталса немесе олар анықталған кезден бастап тоқтатылмаса, өздеріне қатысты іс бойынша іс жүргізу басталмауға тиіс, ал басталғаны осы Кодекстің 580-бабы

бірінші бөлігінің 1) – 7) және 11) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға жататын адамдардың құқығы бар.

3. Жеке тұлға қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіру құқығы оның мұрагерлеріне көшеді.

4. Егер іс жүргізу барысында адамның ерікті түрде өзіне-өзі айып тағу жолымен шындықты анықтауға кедергі келтіргені, сөйтіп осы баптың бірінші бөлігінде аталған зардаптардың тууына ықпал еткені дәлелденсе, оның зияны өтеуге жатпайды.

5. Осы баптың ережелері нақ бұл баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған мән-жайлар болмаған кезде адамға қолданылған әкімшілік жазаның және басқа да әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларының күші жойылған немесе ескіру мерзімінің өтуіне, әкімшілік жауаптылықты жоятын немесе әкімшілік жазаны жұмсартатын заңның қабылдануына байланысты өзгерген жағдайларға қолданылмайды.

**Ескерту. 678-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді); 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **679-бап. Өтеуге жататын зиян**

Осы Кодекстің 678-бабында аталған адамдардың мүліктік зиянды толық көлемінде өтеуге, моральдық зиян салдарын жойғызуға және барлық жоғалтқан немесе нұқсан келтірілген құқықтарын қалпына келтіруге құқығы бар.

#### **680-бап. Зиянды өтеттіру құқығын тану**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) адамды толық немесе ішінара ақтау туралы шешім қабылдап, олардың кейін зиянды өтеттіру құқығын тануға тиіс. Істі қысқарту туралы, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулының көшірмесі мүдделі адамға тапсырылады не поштамен жіберіледі. Сонымен бірге оған зиянды өтеу тәртібі түсіндірілген хабарлама жіберіледі. Зиян өтеміне құқығы бар өлген адам мұрагерлерінің, туыстарының немесе асырауындағылардың тұрғылықты жері туралы мәліметтер болмаған жағдайда олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) жүгінген күннен бастап бес күннен кешіктірмей оларға хабарлама жіберіледі.

#### **681-бап. Мүліктік зиянды өтеу**

1. Осы Кодекстің 678-бабында аталған адамдарға келтірілген мүліктік зиян:

1) олар айырылған жалақының, зейнетақының, жәрдемақының, өзге де қаражаттар мен табыстардың;

2) судья қаулысының негізінде заңсыз тәркіленген немесе өтемсіз алып қойылған мүліктің; мүлікті қайтару мүмкін болмаған жағдайда оның құны

қ а й т а р ы л а д ы ;

3) істі шешуге уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз қаулысын орындау үшін салынған айыппұлдардың; іс жүргізу шығындары мен әрекеттерге байланысты төлеген өзге де сомаларының;

4) адамның заң көмегін көрсету үшін төлеген сомаларының;

5) әкімшілік жауапқа заңсыз тарту нәтижесінде келтірілген өзге де шығындарының өтелуін қамтиды.

2. Іс жүргізумен байланысты осы Кодекстің 584-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдарды әкімшілік қамауды атқару орындарында ұстауға жұмсалған сомаларды, іс жүргізу шығындарын, сол сияқты осы адамдардың әкімшілік қамауды атқару кезінде қайсы бір жұмыстарды орындағаны үшін тапқан табысын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянның өтемін төлеуге жататын сомадан шегеріп тастауға болмайды.

3. Осы Кодекстің 678-бабының екінші және үшінші бөліктерінде аталған адамдар осы Кодекстің 652-бабында аталған құжаттардың көшірмесін зиянын өтеу тәртібі туралы хабарламамен бірге алған кезде істі қысқарту, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) мүліктік зиянын өтеу туралы талап қойып жүгінуге құқылы. Егер істі жоғары тұрған орган (лауазымды адам) немесе сот қысқартса, зиянды өтеу туралы талап заңсыз қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) жіберіледі. Егер судья қараған істі жоғары тұрған сот қысқартса, зиянды өтеу туралы талап заңсыз қаулы шығарған судьяға жіберіледі. Кәметке толмаған адам ақталған жағдайда зиянды өтеу туралы талапты оның заңды өкілі мәлімдей а л а д ы .

4. Арыз түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей осы баптың үшінші бөлігінде аталған орган (лауазымды адам) қажет болған жағдайларда қаржы органдарынан және әлеуметтік қамсыздандыру органдарынан есебін сұрап ала отырып, зиянның мөлшерін анықтайды, сонан соң инфляцияны ескере отырып, осы зиянды өтеуге төлем жасау туралы қаулы шығарады. Егер істі сот қысқартса, аталған іс-әрекетті істі қараған судья жүргізеді.

5. Елтаңбалы мөрмен куәландырылған қаулының көшірмесі төлем жасауға міндетті органдарға ұсыну үшін адамға тапсырылады немесе жолданады. Төлем тәртібі заңмен белгіленеді.

### **682-бап. Моральдық зиянның зардаптарын жою**

1. Адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган (лауазымды адам) келтірілген зиян үшін одан ресми кешірім сұрауға міндетті.

2. Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай өтемақы туралы талап-арыздар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылады.

3. Егер адам әкімшілік жауапқа заңсыз тартылса, ал бұл туралы мәліметтер баспасөзде жарияланып, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда - оның туыстарының немесе прокурордың талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бір ай ішінде бұл туралы қажетті х а б а р л а м а ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

4. Осы Кодекстің 678-бабында аталған адамдардың талап етуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) өздерінің заңсыз шешімдерінің күші жойылғаны туралы екі апта мерзімде олардың жұмыс, оқу орнына, тұрғылықты жеріне жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

#### **683-бап. Талаптар қою мерзімдері**

1. Мүліктік зиянды өтеуге ақшалай төлем жасау туралы талаптарды осы Кодекстің 678-бабында аталған адамдар осындай төлемдер жасау туралы қаулыны алған кезден бастап бір жыл ішінде қоя алады.

2. Өзге құқықтарды қалпына келтіру туралы талаптар құқықтарды қалпына келтіру тәртібі түсіндірілетін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде қ о й ы л у ы м ү м к і н .

3. Дәлелді себептермен бұл мерзімдерді өткізіп алған жағдайда оларды мүдделі адамдардың арызы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) қалпына келтіре алады.

#### **684-бап. Заңды тұлғалардың зиянын өтеу**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттерімен заңды тұлғаларға келтірілген зиянды толық көлемінде және осы тарауда белгіленген мерзімде мемлекет өтейді.

#### **685-бап. Құқықтарды талап-арыз тәртібімен қалпына келтіру**

Егер ақтау немесе зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылмаса не адам қабылданған шешіммен келіспесе, оның азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## **42-тарау. АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ҚОРҒАНЫШЫ БАР АДАМДАРДЫҢ ІСТЕРІ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **686-бап. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының әкімшілік жауаптылығы**

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын Қазақстан Республикасы Парламенті тиісті Палатасының келісімінсіз өз өкілеттігі мерзімі ішінде алып келуге, сот тәртібімен қолданатын әкімшілік жаза шараларына т а р т у ғ а б о л м а й д ы .

2. Депутатты сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға, алып келуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына немесе Мәжілісіне тиісінше ұсыныс енгізеді. Ұсыныс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында, сондай-ақ депутатты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға келісім берсе, іс бойынша одан әрі іс жүргізу осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы алып келуге келісім берсе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің бұл шарасын депутатқа қолдану туралы мәселе осы Кодексте белгіленген т ә р т і п п е н ш е ш і л е д і .

5. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға келісім бермесе, іс жүргізу осы негізбен қысқартылуға тиіс.

6. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы алып келуге келісім бермесе, депутатқа осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің өзге шаралары қолданылуы м ү м к і н .

7. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сот тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қараудың заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры жүзеге асырады.

#### **687-бап. Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттардың әкімшілік жауаптылығы**

1. Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттарды олардың тіркелген күнінен бастап, сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін Орталық сайлау комиссиясының келісімінсіз алып келуге, оларға сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жаза шараларына тартуға болмайды.

2. Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттарды әкімшілік жауапқа тарту туралы ұсынысты Орталық сайлау комиссиясына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында Қазақстан Республикасының Бас п р о к у р о р ы е н г і з е д і .



3. Бас прокурор Орталық сайлау комиссиясының шешімін алғаннан кейін істі одан әрі жүргізу осы Кодекстің 643-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**688-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының немесе мүшелерінің әкімшілік жауаптылығы**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз алып келуге, сот тәртібімен қолданатын әкімшілік жаза шараларына т а р т у ғ а б о л м а й д ы .

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға, алып келуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасының Парламентіне тиісті ұсыныс енгізеді. Ұсыныс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені ш е ш е р а л д ы н д а е н г і з і л е д і .

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімін алғаннан кейін істі одан әрі жүргізу осы Кодекстің 643-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**689-бап. Судьяның әкімшілік жауаптылығы**

1. Судьяны Қазақстан Республикасы Президентінің Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген келісімінсіз не Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз қамауға алуға, тұтқындауға, алып келуге, сот тәртібімен қолданатын әкімшілік жаза шараларына тартуға б о л м а й д ы .

2. Судьяны сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға, алып келуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыныс енгізеді. Ұсыныс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында, судьяны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені ш е ш е р а л д ы н д а е н г і з і л е д і .

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасы

Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шешімін алғаннан кейін істі одан әрі жүргізу осы Кодекстің 643-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**690-бап. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының  
әкімшілік жауаптылығы**

1. Қазақстан Республикасының Бас прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз алып келуге, сот тәртібімен қолданатын әкімшілік жаза шараларына тартуға болмайды.

2. Қазақстан Республикасының Бас прокурорын сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауапқа тартуға, алып келуге келісім алу үшін Бас прокурордың бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыныс енгізеді. Ұсыныс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында, Бас прокурорды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шешімін алғаннан кейін істі одан әрі жүргізу осы Кодекстің 643-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокурорына қатысты сот тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың заңдылығын қадағалауды оның бірінші орынбасары жүзеге асырады.

**691-бап. Судьяның Қазақстан Республикасы Парламентінің  
депутаты не Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе  
мүшелеріне, судьяға, Қазақстан Республикасының  
Бас прокурорына қатысты әкімшілік құқық  
бұзушылық туралы істі қарауы**

1. Істі қарау әкімшілік жауаптылықтан артықшылықтары мен қорғанышы бар адамдардың істерін жүргізу ерекшеліктерімен қоса, жалпы ережелер бойынша жүргізіледі.

2. Егер істі судья қарағанға дейін Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 4-тармағында, 71-бабының 5-тармағында, 79-бабының 2-тармағында, 83-бабының 3-тармағында аталған мемлекеттік органдар алып келуге келісім беруден бас тартылған болса немесе мұндай келісім сұралмаса, судья осы Кодекстің 686-бабының екінші бөлігіне сәйкес белгіленген тәртіппен алып келуге келісім беру туралы ұсыным жасап, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің

Төрағасына немесе мүшелеріне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде алып келуді қолдануға құқылы.

**692-бап. Әкімшілік жауаптылықтан дипломатиялық қорғанышы бар адамдар**

1. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес сот тәртібімен әкімшілік жауаптылықтан қорғанышты Қазақстан Республикасында мына адамдар пайдаланады:

1) шет мемлекеттер дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, осы өкілдіктердің дипломатиялық қызметкер мүшелері және егер олар өздерімен бірге тұрып жатса және Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса, о л а р д ы ң о т б а с ы м ү ш е л е р і ;

2) егер бұл қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса немесе Қазақстанда тұрақты тұрмаса, өзара келісім негізінде дипломатиялық өкілдіктердің қызмет көрсетуші қызметінің қызметкерлері мен олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері, консулдықтардың басшылары және, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, олардың қызмет міндеттерін атқару кезінде жасаған әрекеттеріне қатысты консулдың басқа да лауазымды а д а м д а р ы ;

3) егер бұл қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса немесе Қазақстанда тұрақты тұрмаса, өзара келісім негізінде дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық қызмет қызметкерлері және олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері;

4) дипломатиялық курьерлер;

5) шет мемлекеттердің басшылары мен өкілдері, парламенттік және үкіметтік делегациялардың мүшелері және, өзара келісім негізінде, - Қазақстанға халықаралық келіссөздерге, халықаралық конференцияларға және кеңестерге қатысуға немесе басқа да ресми тапсырмалармен келетін шет мемлекеттер делегацияларының қызметкерлері не осындай мақсаттармен Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтіп бара жатқандар және егер отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса, аталған адамдарға еріп жүрген о т б а с ы м ү ш е л е р і ;

6) Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан халықаралық ұйымдардағы шет мемлекеттер өкілдіктерінің басшылары, мүшелері және қызметкерлері, осы ұйымдардың лауазымды адамдары халықаралық шарттар немесе жалпы танылған халықаралық ғұрыптар негізінде;

7) Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтіп бара жатқан үшінші бір елдегі шет мемлекеттер дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары,

дипломатиялық өкілдіктің қызметкер мүшелері және аталған адамдарға еріп жүрген немесе оларға қосылу немесе өз еліне қайту үшін бөлек бара жатқан  
о т б а с ы м ү ш е л е р і ;

8) Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар

2. Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 4)-7) тармақшаларында аталған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар шет мемлекет қорғаныш беруден бас тартқан жағдайда ғана сот тәртібімен әкімшілік жауапқа тартылуы мүмкін. Мұндай бас тарту туралы мәселе Қазақстан Республикасы Бас прокурорының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы дипломатиялық жолмен шешіледі. Аталған адамдарға қорғаныш беруден тиісті шет мемлекеттің бас тартуы болмаған кезде оларға қатысты әкімшілік іс жүргізу қозғала алмайды, ал қозғалғаны қысқартылуға тиіс.

3. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, осы баптың бірінші бөлігінің ережелері осы баптың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында аталған адамдарға қолданылмайды, бұған сол адамдар жасаған құқық бұзушылық олардың өз қызмет міндеттерін атқарумен байланысты болған және Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталмаған жағдайлар қосылмайды.

**693-бап. Дипломатиялық қорғанышты пайдаланатын адамдарды тексеру, әкімшілік ұстау және алып келу**

Осы Кодекстің 692-бабының бірінші бөлігінің 1), 4)-7) тармақшаларында тізіп келтірілген адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге де адамдар жеке басына ешкім тиіспеушілікті пайдаланады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін олардың жеке басын тексеруге, ұстауға немесе алып келуге болмайды. Олардың жанында болған заттарға да тексеру жүргізуге болмайды.

**694-бап. Айғақ беруден дипломатиялық қорғаныш**

1. Осы Кодекстің 692-бабының бірінші бөлігінің 1), 3)-6) тармақшаларында тізіп келтірілген адамдардың, сондай-ақ өзге де адамдардың Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес куә, жәбірленуші ретінде айғақ беруіне болмайды, ал мұндай айғақ беруге келіскен жағдайда бұл үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судьяға, органға (лауазымды адамға) келуге міндетті емес. Сұрау үшін аталған адамдарға тапсырылған шақыруда олардың келмегені үшін мәжбүрлеу шараларымен қорқыту болмауға  
т и і с .

2. Егер бұл адамдар әкімшілік іс жүргізу барысында жәбірленушілер, куәлар

ретінде айғақ беріп, ал істі қарауға келмей қалса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судья, орган (лауазымды адам) олардың айғақтарын оқып б е р е а л а д ы .

3. Осы Кодекстің 692-бабының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған адамдар өздерінің қызмет міндеттерін атқарумен байланысты мәселелерден басқа , куәлар және жәбірленушілер ретінде айғақ беруден бас тарта алмайды. Консулдық лауазымды адамдар куәгерлік айғақ беруден бас тартқан жағдайда оларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қамтамасыз ету шараларын қолдануға болмайды.

4. Дипломатиялық қорғанышты пайдаланатын адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судьяға, органға (лауазымды адамға) өздерінің қызмет міндеттерін атқаруға қатысты хат-хабарды және басқа да құжаттарды табыс етуге міндетті емес.

#### **695-бап. Үй-жайлардың және құжаттардың дипломатиялық қорғанышы**

1. Дипломатиялық өкілдік басшысының резиденциясы, дипломатиялық өкілдік орналасқан үй-жай, дипломатиялық қызмет мүшелерінің және олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайлары, олардағы мүлік және жүріс-тұрыс құралдары ешкім тиіспейтін болып табылады. Бұл үй-жайларға кіруді, оларды қарауды, сондай-ақ жүріс-тұрыс құралдарын тексеруді дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оның орнындағы адамның келісімімен ғана жүргізуге б о л а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген қорғаныш өзара келісім негізінде, егер бұл қызметкер мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса, дипломатиялық өкілдік қызметкеріне қызмет көрсетуші қызметкерлердің және олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайларына да қолданылады.

3. Консулдық орналасқан үй-жай және консулдық басшысының резиденциясы өзара келісім негізінде ешкімнің тиіспеушілігін пайдаланады. Бұл үй-жайларға кіру, оларды қарау тек тиісті шет мемлекеттің консулдығы немесе дипломатиялық өкілдігі басшыларының өтінішімен немесе олардың келісуімен ғ а н а о р ы н а л у ы м ү м к і н .

4. Дипломатиялық өкілдіктердің және консулдықтардың мұрағаттары, ресми алысқан жазбалары және басқа да құжаттары ешкім тиіспейтін болып табылады. Оларды дипломатиялық өкілдік, консулдық басшысының келісімінсіз қарауға және алып қоюға болмайды. Дипломатиялық пошта ашылмауға және к і д і р т і л м е у г е т и і с .

5. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде аталған үй-жайларға кіруге, оларға тексеру жүргізуге, сондай-ақ осы баптың төртінші бөлігінде

аталған құжаттарды тексеруге және алуға дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтар басшыларының келісімін прокурор Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы сұрайды.

6. Аталған жағдайларда тексеру прокурордың және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

## **5-бөлім. ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ**

### **43-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **696-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының заңды күшіне енуі**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін;

2) шағым, наразылық бойынша ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу, сондай-ақ осы Кодекстің 664-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін заңды күшіне енеді.

#### **697-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының міндеттілігі**

1. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, жеке тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

2. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы ол заңды күшіне енген сәттен бастап орындалуға жатады.

3. Арнаулы құқықтан айыру және әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар олар шығарылған сәттен бастап орындалуға жатады.

**Ескерту. 697-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.20 . N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.**

#### **698-бап. Қаулыны орындауға жолдау**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға жолдау қаулыны шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жүктеледі. Қаулы оны орындайтын уәкілетті органға (лауазымды адамға) ол заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі. Арнаулы құқықтан айыру және әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар оларды орындайтын уәкілетті органдарға олар шығарылғаннан кейін дереу жіберіледі.

### **699-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау**

1. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны осы Кодексте белгіленген тәртіппен уәкілетті органдар орындайды.

2. Бір адам жөнінде әкімшілік жаза қолдану туралы бірнеше қаулы шығарылған жағдайда әр қаулы дербес орындалады.

3. Адамның әкімшілік жазадан жалтаруы ол жазаны заңдарға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

### **700-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға байланысты мәселелерді шешу**

1. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған органға (лауазымды адамға) осы қаулыны орындаумен байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

2. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын кейінге қалдыру, созу, тоқтата тұру немесе қысқарту, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамға салынған айыппұлды оның ата-анасынан немесе олардың орнындағы адамдардан өндіріп алу туралы мәселелерді қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) тиісті мәселені шешу үшін негіз пайда болған күннен бастап үш күн мерзімде қарайды.

3. Осы баптың екінші бөлігінде аталған мәселелердің шешілуіне мүдделі адамдарға олардың қаралатын орны мен уақыты хабарланады. Бұл орайда мүдделі адамдардың дәлелді себептерсіз келмей қалуы тиісті мәселелерді шешу үшін кедергі болмайды. Әкімшілік қамауды өтеуден жалтару туралы мәселені қарау кезінде әкімшілік қамауға алынған адамның қатысуы міндетті болып табылады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде аталған мәселелер бойынша шешім қаулы түрінде қабылданады.

5. Жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне өздеріне қатысты шығарылған қаулының көшірмесі дереу, сондай-ақ өзінің өтініші бойынша жәбірленушіге оның қолхатымен тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі, бұл туралы істе тиісті жазба жасалады.

5-1. **Алынып тасталды - ҚР 2009.07.10. N 174-IV Заңымен.**

**Ескерту. 700-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09. N 10 , 2009.07.10. N 174-IV, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **701-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын кейінге қалдыру және созу**

Әкімшілік қамау, арнаулы құқықтан айыру немесе айыппұл салу (әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл өндіріп алуды қоспағанда) түрінде

әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын заңда белгіленген мерзімде мүмкін етпейтін мән-жайлар болған кезде қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның арызы бойынша қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейін қалдыра алады. Әкімшілік жауапқа тартылған адамның материалдық жағдайын ескере отырып, қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) айыппұл төлеуді үш айға дейінгі мерзімге созуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының екінші бағытына қатысушы тұлғаға салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, мұндай тұлғаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған мемлекеттік кіріс органы мұндай тұлғаның айыппұл түрінде 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім шығарған күн аралығында жиналып қалған салық берешегіне қатысты өз қаулысының орындалу мерзімін осындай шешімде көрсетілген мерзімге кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.

Екінші деңгейдегі банкке және (немесе) бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын ұйымға қайта құрылымдау жүргізу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар болған кезде, олардың өтініштері бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны судья, қаулыны шығарған орган (лауазымды адам) екінші деңгейдегі банкке және (немесе) бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын ұйымға қайта құрылымдауды тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін кейінге қалдыруы мүмкін.

**Ескерту. 701-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.09 № 288-IV (2010.06.19 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **702-бап. Әкімшілік жазаның орындалуынан босату**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) :

1) әкімшілік жауаптылық белгіленетін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылған;

2) егер әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің немесе әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралау соған байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылуға жататын өзге де нормативтік құқықтық актінің оларды Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп тануы салдарынан күші жойылған;



3) әкімшілік жауапқа тартылған адам қайтыс болған немесе ол заңда белгіленген тәртіппен өлді деп хабарланған;

4) осы Кодекстің 703-бабында белгіленген салық салу саласында әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудың ескіру мерзімі өткен жағдайларда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын қысқартып, әкімшілік жазадан босатады;

5) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын қысқартып, әкімшілік жазадан босатады.

**Ескерту. 702-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.09 № 288-IV (2010.06.19 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **703-бап. Салық салу саласында әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудың ескіруі**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Салық салу саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, егер ол заңды күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, орындауға жатпайды.

2. Қаулының орындалуы осы Кодекстің 659-бабына сәйкес тоқтатыла тұрған жағдайда ескіру мерзімінің өтуі шағым немесе наразылық қаралғанға дейін тоқтатыла тұрады.

3. Егер әкімшілік жауапқа тартылған адам оны орындаудан жалтарса, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Бұл жағдайда ескіру мерзімін есептеу ол адам табылған күннен бастап қайта жалғастырылады.

4. Осы Кодекстің 701-бабына сәйкес қаулының орындалуы кейінге қалдырылған жағдайда ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі біткенге дейін тоқтатыла тұрады, ал қаулының орындалуы созылған кезде ескіру мерзімінің өтуі ұзарту мерзіміне ұзартылады.

**Ескерту. 703-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.12.05 N 506, 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **704-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау жөнінде іс жүргізудің аяқталуы**

1. Жаза толық жүргізілген қаулыны орындаған орган әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны жүргізілген жаза туралы белгі соғып, қаулыны шығарған

судьяға, органға (лауазымды адамға) қайтарады.

2. Орындау жүргізілмеген немесе орындау толық жүргізілмеген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған, хаттама жасаған органға (лауазымды адамға) қайтарылады.

**Ескерту. 704-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **705-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға байланысты әрекеттерге шағым жасау**

1. Әкімшілік жауапқа тартылған адам, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату жөніндегі әрекеттер жүзеге асырылатын күннен бастап он күн ішінде қаулыны шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) **шағым берем алады.**

2. Шағым жазбаша түрде беріледі және бес күн мерзімде қаралуға тиіс.

3. Шағым берген адамға оның қаралатын орны мен уақыты туралы хабарланады. Бұл орайда шағым берген адамның келмей қалуы оның қаралуына **кедергі болмайды.**

4. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

5. Ұйғарымның көшірмесі әкімшілік жауапқа тартылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу тапсырылады, ал аталған адамдар болмаған жағдайларда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап үш күн мерзімде **жіберіледі.**

6. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату жөніндегі лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген ережелерге сәйкес өтелуге тиіс.

**Ескерту. 705-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **44-тарау. ӘКІМШІЛІК ЖАЗАНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ОРЫНДАУ**

### **ТӘРТІБІ**

**706-бап. Ескерту жасау туралы қаулының орындалуы**

Ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны осы Кодекстің 652-бабына сәйкес қаулының көшірмесін тапсыру немесе жіберу жолымен қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) орындайды.

**707-бап. Айыппұл салу туралы қаулыны өз еркімен орындау**

1. Айыппұлды әкімшілік жауапқа тартылған адам қаулының заңды күшіне енген күнінен бастап отыз күннен кешіктірмей төлеуге тиіс.

Айыппұлды осы Кодекстің 701-бабында көзделген кейінге қалдыру жағдайында әкімшілік жауапқа тартылған адам кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап төлеуге тиіс.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұлды жеке немесе заңды тұлға, айыппұл салу туралы қаулыны шығарған, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама берген судьяға немесе органға (лауазымды адамға) жазбаша нысанда кейіннен хабарлай отырып, белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке енгізеді немесе аударады.

Ескерту. 707-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2011.07.21 № 467-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**708-бап. Жеке тұлғаға, дара кәсіпкерге, жекеше нотариусқа, жеке сот орындаушысына және адвокатқа айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алып тасталды - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) жауаптылыққа тартылған адамның жалақысынан немесе өзге де табыстарынан айыппұл сомасын мәжбүрлеу тәртібімен ұстап қалу үшін ол жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, стипендия алатын ұйымның әкімшілігіне жібереді. Айыппұл алты айдан аспайтын мерзімде ұсталады. Айыппұлды өндіріп алу кезектілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

3. Жауапқа тартылған адам жұмыстан шығып кеткен не оның жалақысынан немесе өзге де табыстарынан айыппұл ұстау мүмкін болмаған жағдайларда, ұйымның әкімшілігі жұмыстан босаған немесе жазаны орындауға мүмкіндік бермеуге әкеп соғатын оқиға болған күннен бастап он күн мерзімде, жауапқа тартылған адамның жаңа жұмыс орнын (егер ол белгілі болса), айыппұлды өндіріп алудың мүмкін еместігі себептерін көрсетіп, сондай-ақ ұстау жүргізілгені (егер ол жүргізілсе) туралы белгі соғылған қаулыны айыппұл салу туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама шығарған сотқа, уәкілетті органға

қ а й т а р а д ы .

4. Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемесе немесе айыппұлды жалақысынан немесе басқа да себептер бойынша өзге де табыстарынан өндіріп алу мүмкін болмаса, айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы сот, қаулы шығарған уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін  
с о т о р ы н д а у ш ы с ы н а ж і б е р е д і .

5. Мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға қатысты салық салу саласындағы өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу туралы қаулыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс органдары орындайды.

Ескерту. 708-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.07.04 N 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **709-бап. Заңды тұлғаға айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату**

1. Айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, Қазақстан Республикасының ақша төлемі және аударымы және атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғаның банктік шотынан оның келісімінсіз ақша алу үшін  
о р ы н д а у ш ы с ы н а ж і б е р е д і .

Мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ салық салу саласындағы өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу туралы қаулыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс  
о р г а н д а р ы о р ы н д а й д ы .

2. Банк немесе банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асыратын ұйым айыппұл сомасын белгіленген тәртіппен бюджетке аударуға міндетті.

3. Заңды тұлғаның шоттарында ақша болмаған жағдайда сот орындаушысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес борышкерге тиесілі басқа  
м ү л і к т е н ө н д і р і п а л а д ы .

Ескерту. 709-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **709-1-бап. Айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындатуға жіберудің тәртібі**

1. Айыппұл салу туралы қаулы сот орындаушыларына айыппұл салу туралы қаулыны ерікті түрде орындау мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн і ш і н д е ж і б е р і л е д і .

Айыппұл салу туралы қаулы немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама сот орындаушысына жіберілген кезде оған айыппұл сомасының мемлекет кірісіне түспегені туралы мәліметтер қоса беріледі.

2. Осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып мәжбүрлеп орындатуға жіберілген айыппұл салу туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама әкімшілік жазаны қолданған мемлекеттік органға қайтарылады.

3. Айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы әкімшілік жаза қолданған органға қайтару олардың кемшіліктерін жоя отырып, қайтадан мәжбүрлеп орындатуға жіберу үшін кедергі болмайды.

Ескерту. 709-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.20. N 123 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.21 № 467-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **710-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде алынатын айыппұл салу туралы қаулыны орындау**

1. Жеке адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жерде айыппұл алу үшін оған қатаң қаржылық есеп беру құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіртек беріледі. Түбіртекте берілген күні, жаза қолданған лауазымды адамның қызметі, аты-жөні, әкімшілік жауапқа тартылған адамның кім екені туралы мәліметтер, осы Кодекстің аталған құқық бұзушылық үшін жауапкершілігі көзделетін бабы, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орын мен уақыт, салынған әкімшілік айыппұлдың сомасы көрсетіледі. Түбіртекке жаза қолданған лауазымды адам, ал түбіршікке жаза қолданған лауазымды адам мен әкімшілік жауапқа тартылған адам қол қояды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл төленбеген жағдайда іс жүргізу осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **710-1-бап. Әкімшілік жазалардың жекелеген түрлерін орындау тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органы жіберген (тапсырған) мемлекеттік кіріс органына келу туралы алынған хабарлама және (немесе) хабарлау негізінде құқық бұзушылықты жасау фактісін мойындаған және айыппұлды төлеумен келіскен адам хабарлама және (немесе) хабарлау алынған (тапсырылған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде айыппұлды төлейді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар сонымен қатар олардың берілген күні, жаза қолданған лауазымды тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні туралы мәліметтерді, әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға, осы Кодекстің осы құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін бабы, әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу уақыты мен орны, әкімшілік айыппұлдың сомасы, айыппұлды төлеу үшін деректемелер туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 710-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **711-бап. Айыппұл салу туралы қаулының орындалуы бойынша іс жүргізудің аяқталуы**

Айыппұл салу туралы айыппұл жазасы толық жүргізілген қаулы оның орындалғаны туралы белгі қойылып, қаулыны шығарған органға (лауазымды адамға) қайтарылады.

### **712-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алу туралы қаулының орындалуы**

1. Судьяның әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою туралы қаулысын заңдарда көзделген тәртіппен сот орындаушысы, ал судьяның қару мен жауынгерлік оқ-дәріні, арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды және ақпарат қорғаудың криптографиялық құралдарын өтемін төлеп алып қою туралы қаулысын ішкі істер органы орындайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған өтемін төлеп алынған затты сату заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Өтемін төлеп алынған затты сатудан түскен сома осы Кодекстің 49-бабына сәйкес бұрынғы меншік иесіне алып қойылған затты сату жөніндегі шығындар шегеріліп беріледі.

Ескерту. 712-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 . N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**713-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасаудың құралы не нысанасы болған затты тәркілеу туралы қаулының орындалуы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықты жасау салдарынан алынған кірістерді ( дивидендтерді), ақша мен бағалы қағаздарды тәркілеу туралы судьяның қаулысын заңдарда көзделген тәртіппен - сот орындаушысы, ал қаруды, жауынгерлік оқ-дәріні, арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар мен ақпарат қорғаудың криптографиялық құралдарын және есірткі заттарын тәркілеуді ішкі істер органы орындайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған тәркіленген затты сату немесе одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 713-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.06.22 . N 147 , 2007.07.27. N 314 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі ) Заңдарымен.

**714-бап. Арнаулы құқықтан айыру туралы қаулыны орындайтын органдар**

1. Тракторларды, өздігінен жүретін машиналарды, техниканың басқа да түрлерін қоспағанда, судьяның көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру туралы қаулыны ішкі істер органдарының лауазымды адамдары орындайды.

2. Судьяның тракторды, өздігінен жүретін машинаны немесе техниканың басқа да түрлерін жүргізу құқығынан айыру туралы қаулысын өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің техникалық жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары орындайды.

3. Судьяның кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығынан айыру туралы қаулысын кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалану ережелерін сақтауға мемлекеттік қадағалау жасауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары орындайды.

4. Судьяның радиоэлектронды және жоғары жиіліктегі құралдарды пайдалану құқығынан айыру туралы қаулысын байланысқа мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары орындайды.

5. Судьяның аң аулау құқығынан айыру туралы қаулысын аң аулау ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары орындайды.

6. Соттың қаруды алып жүру және сақтау құқығынан айыру туралы қаулысын ішкі істер органдарының лауазымды адамдары орындайды.

### **715-бап. Арнаулы құқықтан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

1. Көлік құралдарын, кемелерді немесе техниканың өзге де түрлерін жүргізу құқығынан айыру туралы қаулыны орындау, егер жүргізуші, кеме жүргізушісі немесе тракторшы-машинист (тракторшы) көлік құралдарының, кемелердің (соның ішінде шағын көлемді кемелердің) және басқа да техниканың барлық түрлерін жүргізу құқығынан айырылған болса, тиісті жүргізуші куәлігін, кемелерді (соның ішінде шағын көлемді кемелерді) жүргізуге құқық беретін куәлікті немесе тракторшы-машинист (тракторшы) куәлігін алып қою арқылы жүргізіледі.

2. Егер жүргізуші, кеме жүргізушісі немесе тракторшы-машинист (тракторшы) көлік құралдарының, кемелердің (соның ішінде шағын көлемді кемелердің), немесе өзге де техниканың барлық түрлерін жүргізу құқығынан айырылмаған болса, жүргізуші куәлігінде шағын көлемді кемемені жүргізу құқығына куәлікте немесе тракторшы-машинист (тракторшы) куәлігінде оның көлік құралдарының, шағын көлемді кемелердің, өздігінен жүретін құрылғылардың қай түрлерін жүргізу құқығынан айырылғаны атап көрсетіледі.

3. Көлік құралдарын немесе кеме жүргізу құқығына куәлікті алып қою тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

4. Көлік құралдарын, кемемені жүргізу құқығынан не тракторды немесе өзге де өздігінен жүретін машинаны басқару құқығынан айырылған жүргізуші (кеме жүргізушісі) немесе тракторшы-машинист (тракторшы) жүргізуші куәлігін, кеме жүргізу құқығына куәлікті немесе тракторшы-машинист (тракторшы) куәлігін беруден жалтарған жағдайда ішкі істер органдары, кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалану ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар, сондай-ақ өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техниканың техникалық жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар белгіленген тәртіппен жүргізуші куәлігін, кеме жүргізу құқығына куәлікті немесе тракторшы-машинист (тракторшы) куәлігін алып қояды.

5. Әкімшілік жазаның осы түрі қолданылған адамға арнаулы құқығынан айыру мерзімі өткеннен кейін алынған құжаттар белгіленген тәртіппен қайтарылады.



**716-бап. Аң аулау құқығынан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

1. Аң аулау құқығынан айыру туралы қаулы аң аулау билетін алып қою арқылы орындалады.

2. Аң аулау құқығынан айырылған адам аң аулау билетін беруден жалтарған жағдайда аң аулау ережелерін сақтауға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың аң аулау билетін алып қоюы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**717-бап. Радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалану құқығынан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

1. Радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалану құқығынан айыру туралы қаулыны орындау радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалануға арнаулы рұқсатты алып қою арқылы жүргізіледі.

2. Радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалану құқығынан айырылған адам радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалануға арнаулы рұқсатты тапсырудан жалтарған жағдайда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға арнаулы рұқсатты алып қоюды жүзеге асырады.

3. Радиоэлектронды құралдарды немесе жоғары жиіліктегі құрылғыларды пайдалануға арнаулы рұқсатты алу тәртібін ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

**Ескерту. 717-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.05 . N 506, 2006.01.20. N 123 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.**

**718-бап. Қаруды алып жүру және сақтау құқығынан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

Қаруды алып жүру және сақтау құқығынан айыру туралы қаулының орындалуын ішкі істер органдары заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті куәлік пен қаруды алып қою арқылы жүзеге асырады.

**719-бап. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не олардың белгілі бір қызмет түріне қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулыны орындау**

Жеке кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне оның

қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулы осы Кодексте және лицензиялау туралы заңдарда белгіленген тәртіппен орындалады.

**720-бап. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне олардың қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулыны орындайтын органдар**

Жеке кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне оның қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулыны лицензия, арнаулы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) берген органдардың лауазымды адамдары орындайды.

**721-бап. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне олардың қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулыны орындау тәртібі**

1. Жеке кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру туралы қаулы лицензияны, арнаулы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) алып қою арқылы орындалады.

2. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға лицензияны, арнаулы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) тапсырудан жалтарған жағдайда лицензияны, арнаулы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) берген орган лицензияны, арнаулы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) алып қою немесе белгілі бір қызмет түріне олардың қолданылуын тоқтата тұру жөнінде заңдарда көзделген шараларды қолданады.

**722-бап. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне олардың қолданылуын тоқтата тұру мерзімдерін есептеу**

1. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру не белгілі бір қызмет түріне олардың қолданылуын тоқтата тұру мерзімі лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру (қолданылуын тоқтата тұру) туралы қаулы заңды күшіне енген күннен бастап е с е п т е л е д і .

2. Белгілі бір қызмет түрімен айналысуға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру мерзімі біткеннен кейін сол әкімшілік жазалау шарасы қолданылған адам заңдарда белгіленген тәртіппен лицензия а л а д ы .

Белгілі бір қызмет түрімен айналысуға лицензияның, арнаулы рұқсаттың, біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуын тоқтата тұру мерзімі біткеннен кейін, сол әкімшілік жазалау шарасы қолданылған адамға одан белгіленген

тәртіппен алып қойылған лицензия, арнаулы рұқсат, біліктілік аттестаты (қуәлігі) қ а й т а р ы л а д ы .

3. Лицензияның, арнаулы рұқсаттың, біліктілік аттестатының (қуәлігінің) қолданылуы әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыда аталған күннен бастап және сонда көрсетілген мерзімге тоқтатыла тұрады.

**723-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы қаулыны орындау**

1. Заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны судья шығарады және оны шешімнің заңды күшіне енуі бойынша заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе жеке кәсіпкер жедел орындауға тиіс.

2. Еңбек шарттары бойынша есеп айырысуды, өз қызметі нәтижесінде келтірілген шығындардың орнын толтыруды және айыппұлдарды төлеуді қоспағанда, заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру кезеңінде олардың банктік салымдарды пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады. Қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұру кезеңінде оған бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, митингілер, демонстрациялар және басқа да көпшілікке арналған шараларды өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Егер қызметін тоқтата тұру белгіленген мерзім ішінде қоғамдық бірлестік тәртіп бұзушылықты жойса, қаулыда аталған мерзім біткеннен кейін қоғамдық бірлестік өз қызметін қайта жалғастырады.

3. Заңды тұлға құрылтайшысының (басқарушы органының, лауазымды адамының) немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу түріндегі судья қолданған әкімшілік жаза өз еркімен орындалмаған жағдайда қаулы уәкілетті органның атқарушылық іс жүргізу тәртібімен орындалады.

**724-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы қаулыны орындау тәртібі**

1. Уәкілетті лауазымды адам ұйымдардың, жекелеген өндірістердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұрады, үйлерді, ғимараттарды, жекелеген үй-жайларды, қоймаларды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға т ы й ы м с а л а д ы .

2. Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын орган заңды тұлғаның қызметіне тыйым салу (оны тарату) туралы шешімді алған соң, заңдарда көзделген қызметке тыйым салу (оны тарату) тәртібінің сақталуын тексереді және он күн ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылғанын тіркейді, бұл туралы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға хабарланады.

**Ескерту. 724-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

### **725-бап. Құрылысты мәжбүрлеп бұзу туралы қаулыны орындау**

1. Соттың салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу туралы қаулысын өзі жөнінде осы әкімшілік жаза шығарылған адам орындайды.

2. Салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу түрінде сот қолданған әкімшілік жаза өз еркімен орындалмаған жағдайда қаулыны уәкілетті орган атқарушылық іс жүргізу тәртібімен орындайды.

### **726-бап. Құрылысты мәжбүрлеп бұзу туралы қаулыны орындау жөніндегі шығындар**

Салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу заң бұзушының есебінен жүзеге асырылады.

### **727-бап. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны орындау**

1. Судьяның қамауға алу туралы қаулысын заңдарда белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары және әскери полиция органдары орындайды.

2. Әкімшілік қамауға алынған адамдар ішкі істер органдары белгілейтін орындарда күзетпен ұсталады. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны орындау кезінде қамауға алынушылар жеке тексеруден өткізіледі.

Әскери қызметшілер әкімшілік қамауды гауптвахталарда өтейді.

3. Әкімшілік ұстау мерзімі әкімшілік қамауға алу мерзіміне есептеледі.

4. Әкімшілік қамауға алу мерзімін өтеу заңдарда белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 727-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 177-IV Заңымен.**

### **728-бап. Әкімшілік қамауға алуды өтеуден жалтарудың зардаптары**

1. Егер әкімшілік қамауға алынған адам әкімшілік қамауға алу мерзімі біткенге дейін оны өтейтін орынды өз бетімен тастап кетсе, судьяның қаулысымен қамауда болған мерзімі қамауға алу мерзіміне толық немесе ішінара есептелмеуі мүмкін. Бұл орайда судья әкімшілік қамауға алудың өтелу мерзімінің басталуын қайта белгілейді.

2. Әкімшілік қамауға алудың жалпы мерзімін отыз тәуліктен асыруға болмайды.

### **729-бап. Қаулының мүліктік зиянды өтеу бөлігінде орындалуы**

Осы Кодекстің 64-бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиісті мүліктік зиянды өтеу бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы заңдарда белгіленген тәртіппен орындалады.

### **730-бап. Қазақстан Республикасынан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны жүзеге асыратын органдар**

Қазақстан Республикасынан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны:

1) осы Кодекстің 391-бабының екінші бөлігінде және 391-1-бабының үшінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

2) осы Кодекстің 102-3, 374 (алтыншы бөлігі), 375 (үшінші, жетінші бөліктері), 380 (екінші бөлігі), 380-2 (екінші бөлігі), 394 (төртінші бөлігі), 396 (төртінші бөлігі) -баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде ішкі істер о р г а н д а р ы о р ы н д а й д ы .

Ескерту. 730-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.06 N 276, 2007.12.19 N 11 ( ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.10.11 № 484-IV ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**731-бап. Қазақстан Республикасынан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау**

1. Қазақстан Республикасынан шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды аумағына аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекет өкіметінің өкіліне ресми беру не Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі арқылы жүргізіледі.

2. Егер шығарып жіберілетін адамды шет мемлекет өкіліне беру Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен шартында көзделмеген болса, шығарып жіберу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айқындайтын орында жүзеге асырылады.

3. Егер шығарып жіберу Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен шартында көзделсе, шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекетінен шығарып жіберу туралы аумағына (аумағы арқылы) аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекеттің өкіметі хабардар етіледі.

4. Әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау екіжақты немесе біржақты акт түрінде ресімделеді.

Ескерту. 731-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**732-бап. Жол жүрісі ережелерін білуді тексеру туралы қаулыны орындау**

Жол жүрісі ережелерін білуді тексеру туралы қаулыны заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жол полициясының органдары орындайды.

**733-бап. Қаулыны медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бөлігінде орындау тәртібі**

Қаулыны медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бөлігінде денсаулық сақтау органдарының мамандандырылған мекемелері заңдарда белгіленген тәртіппен орындайды.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*